



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



«І.ЖАНСУГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ
НАО «ЖЕТЫСУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ И.ЖАНСУГУРОВА»
«ZHETYSU UNIVERSITY NAMED AFTER ILYAS ZHANSUGUROV»



**«ЖАНСУГІРОВ ТАҒЫЛЫМЫ»
атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік
конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
Республиканской научно-практической
конференции
«ЖАНСУГУРОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

**MATERIALS
of the Republican scientific-practical conference
«ZHANSUGUROV READINGS»**

Талдықорған - 2025 - Талдықорған

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**«І. ЖАНСУГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ
НАО «ЖЕТЫСУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ И. ЖАНСУГУРОВА»
«ZHETYSU UNIVERSITY NAMED AFTER ILYAS ZHANSUGUROV»**

«ЖАНСУГІРОВ ТАҒЫЛЫМЫ»
атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
Республиканской научно-практической конференции
«ЖАНСУГУРОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»

MATERIALS
of the Republican scientific-practical conference
«ZHANSUGUROV READINGS»

Талдықорған, 2025

УДК 001
ББК 72
Ж27

Редакция алқасы: Е.А. Бурибаев (бас редактор), А.С. Бахтаулова (бас редактордың орынбасары), Л.Н. Карашолакова, М.К. Абайдельданова, Е.О. Буланов, М.М.Имангазинов

Редакционная коллегия: Е.А. Бурибаев (главный редактор), А.С. Бахтаулова (заместитель главного редактора), Л.Н. Карашолакова, М.К. Абайдельданова, Е.О.Буланов, М.М. Имангазинов

Editorial colleague: Ye. Buribayev (editor-in-chief), A. Bakhtaulova (deputy of editor-in-chief), L. Karasholakova, M. Abaideldanova, Ye. Bulanov, M. Imangazinov

«ЖАНСҮГІРОВ ТАҒЫЛЫМЫ» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Талдықорған, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2025. – 215 б.

Ж27 *Материалы Республиканской научно-практической конференции*
«ЖАНСУГУРОВСКИЕ ЧТЕНИЯ» – Талдықорған, Жетысуский университет им. И. Жансугурова, 2025. – 215 с.

Materials of the Republican scientific-practical conference **«ZHANSUGUROV READINGS»** – Taldykorgan, Zhetysu University named after I.Zhansugurov, 2025. – 215 p.

ISBN 978-601-216-997-3

Ғылыми жинаққа республиканың жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтарының ғалымдарының баяндамалары енгізілген. Жинақ материалдары докторанттарға, магистранттарға, студенттерге және ғылыми жұмыспен айналысатын оқырмандарға арналған.

В научный сборник включены доклады ученых высших учебных заведений и научно-исследовательских центров республики. Материалы сборника предназначены для докторантов, магистрантов, студентов и читателей, занимающихся научной работой.

The scientific collection includes reports by scientists from higher educational institutions and research centers of the republic. The materials of the collection are intended for doctoral students, master's students, students and readers engaged in scientific work.

УДК 001
ББК 72

ISBN 978-601-216-997-3

© І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2025
© Өндірістік цех, 2025

**I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры,
заң ғылымдарының докторы, профессор
Е.А. Бурибаевтың**

АЛҒЫ СӨЗІ

Қадірлі қонақтар, әріптестер мен студент жастар!

**Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Жансүгіров тағылымы» атты
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қош келдіңіздер!**

Конференция Жетісу өңірінде туып-өскен қазақтың аса танымал суреткер қаламгері Ілияс Жансүгіровтің артына қалдырған мол әдеби мұраларын зерделеудің жаңа бағыт-бағдарын қарастыру және қайталанбас талантқа тағзым ету аясында өтуде.

Шоқан, Ыбырай, Абай, Махамбет сынды ірі тұлғаларды сыйға тартқан адуынды күш жаңа дәуірде қазақ топырағынан *«жүрегімнің айнасын шаң басқанда, орамалым осы өлең бетін сүртер»*, - деп жырлап өткен Ілияс Жансүгіровтей аса ірі рухани құбылысты тудырды.

Ғасыр мен ғасыр, қоғам мен қоғам алмасқан күрделі кезеңде өмір сүрген ұлы ақын, жазушы, фольклорист, публицист, драматург, аудармашы, Жетісу тарихын зерттеуші, ірі мемлекет және қоғам қайраткері Ілияс Жансүгіров - күрмеуі мол күрделі кезеңде ғұмыр кешкен, заманның шытырманға толы шындығын талғамның таразысына салып, санасының тезімен саралауға ұмтылған, сол сапарда ұлы Абай айтқандай, *«соқтықпалы, соқпақсыз»* жолдан өткен, қазақ ұлтының алдындағы батпандай ауыр міндеттерді азаматтық парасатымен, рухани-мәдени жан дүниесімен сезініп, осы жолда өмірін қиған ұлттық тұлға.

Оның топ жара шыққан «Құлагері» талмай шабар бәйгесінің символына айналса, «Арынды Ақсуы» - адуын, асқақ ерліктің суреті. Екеуі де - ғажап, мәңгілік ұғымдар. Бірі тұлпар тұяғының төскейдегі дүбірі, бірі асау дарияның ұланғайыр айдыны мен түйдек толқындары.

Қоғам мен қоғам, заман мен заман, адам мен адам арпалысқан төңкерісті дәуірдің зауалын, рухани тәуелділікке ұшыраған қазақ елінің жандүние бостандығы жолындағы жанталасқан күресін басынан кешкен ақынның әрбір күнгі тіршілігінің өзі – бүгінгі біздер үшін де, келер толқын үшін де үлкен тағылым.

Қадірменді қауым! Дана халқымызда *«Толқын атар көлі бар жер мәңгі, Жоқтап алар елі бар ер мәңгі»* деген ұлағатты сөз бар. Ендеше бүгінгі конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

ӘОЖ 541.124

ХОРМЕН ДЫБЫС ЖӘНЕ СӨЗДЕРДІҢ ИНТОНАЦИЯСЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС ЖАСАУ ӘДІСТЕРІ

Акхожин С.А., Онгарбаева С.С.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.
sabitovna2018@mail.ru, akhozhins@gmail.com

Бұл мақалада хорды ұйымдастырудағы дыбыс үндестігінің негізгі әдістері, үн тазалығы жақсы дамыған білімгерлер кез-келген әуендерді лезде қағып алып орындайды. Осы орайда үн тазалығының жас өспірімдер бойында қалыптастырудың маңызы зор. Демек, дем алу мен шығару, атаканың түрлері, дыбыс жүргізу мәнері, тізбекті дем алу, осының барлығы үн тазалығын дұрыс жолға қоюдың бірден-бір негізгі әдіс тәсілдері.

Кілт сөздер: Хор, орындаушылық шеберлік, дем алу, хор үйірмесі, ұжымдық тәрбие, музыка тыңдау, музыкалық психология.

В данной статье рассматриваются основные приемы звуковой гармонии в организации хора. Учащиеся с хорошо развитой ясностью голоса могут моментально петь любые мелодии. В связи с этим очень важно формировать чистоту голоса у молодежи. Поэтому вдох и выдох, виды атаки, манера проведения звука, цепное дыхание — все это единственные основные приемы исправления вокальной чистоты.

Ключевые слова: Хор, исполнительское мастерство, дыхание, хоровой кружок, коллективное воспитание, слушание музыки, музыкальная психология

This article covers the basic methods of sound harmony in the organization of the choir. Students with well-developed vocal clarity can sing any tunes instantly. In this regard, it is very important to form the purity of voice in young people. Therefore, inhalation and exhalation, types of attack, the manner of conducting sound, chain breathing, all these are the only basic methods of correcting vocal purity.

Key words: Chorus, performing skills, breathing, choral circle, collective education, listening to music, musical psychology

Қазіргі кезең педагогикасында жалпы музыкалық білім берудің мақсаты оқушылардың музыкалық мәдениетін жалпы рухани мәдениетінің бөлігі қалыптастыру және дамыту қарастырылады. Музыка тілі - басқа өнер саласымен салыстырғанда күрделі тіл.

Оқушылардың музыкалық мәдениеті деген ұғым өте кең және ол әртүрлі түрленуі мүмкін. Мысалы Д.Б. Кабалевский ол ұғымның мазмұнына бірінші орынға: «...музыка тірі, бейне өнері, өмірден туған және өмірмен ажырамастай байланысқан деп қабылдайтын қабілеттілік, - ол «ерекше музыкалық сезім» өзін көңіл – күйіне елітіп алатын және ондағы жақсыны жаманнан ажыратып, музыкалық сипатын есту анықтап, сол музыканың сипаты мен орындалуының сипатының арасында байланысты сезіну қабілеті, ол таныс емес музыканың авторын есту арқылы ажырата әуендік ырғақтары арқылы алу...» Осылайша Д.Б. Кабалевский музыкалық сауаттылық кең мағынада алғандағы мәнін көрсеткен. Онсыз музыкалық мәдениет қалыптаса алмайды. Автордың ойынша балалардың музыкалық шығармашылық жағын да дамыту маңызды. Жалпы музыкалық білім берудің осы келтірілген қағидасымен шындалып отандық педагог – музыканттар түгелдей келіседі. Алайда өздерінің оқыту қағидалары автор музыкалық білім берудің белгілі бір жақтарын бөліп алып толығырақ қарастырады. [1]

«Музыка» пәнінің мақсаты білім алушылардың музыкалық мәдениетін тәрбие берудің азаматтық тұлғасын, көркемдік талғамы мен шығармашылық қабілетін қалыптастырып алған білімдерін сабақта және өмірде пайдалана білуіне негізделген. Психология және педагогикада

шығармашылық, іс – әрекеттік көзқарас аясында көптеген жағдайлардың салдар логикасында іс – әрекет процесі ретінде, әрекеттің амал – тәсілі, әрекеттің нәтижесі ретінде сарапталады (И.В. Страхов, Ю.Б. Боров, С.Х. Рапппорт және т.б.). Психолог Л.С. Выготский шығармашылықты «қоршаған ортаның шығармашылық әрекетпен жасаған қайсібір заты болсын, адамның ойымен, сезімімен құрылған нәрсе болсын, әйтеуір бір жаңа нәрсені жасайтын іс – әрекет ретінде қарастырады». С.Л. Рубинштейн болса, шығармашылықтың адамның тарихи даму барысындағы ғылым мен өнерде жаңа бір ерекше нәрсені жасайтын әрекеті ретінде анықтайды. О.К. Тихомиров шығармашылық әрекетінде мақсатты болжамға аса мән береді. Я.А. Пономарёвтың пікірінше шығармашылық деген дамыту, жаңа құрылымның, жаңа іс – әрекет тәсілдерінің пайда болуы. [2]

Педагогикалық технологиялар көп түрлі болуына қарамастан, олардың іске асырудың екі ғана жолы бар. Біріншісі – теориялық негізде орындалуы (В.Б. Беспалько, В.К. Дьяченко және т.б.), екіншісі – тәжірибемен жүзеге асуы (Е.Н. Ильин, В.Ф. Шаталов, және т.б.).

Болашақ музыка мұғалімі кәсіби қызметінде музыка сабағын өткізуімен қатар «әр сынып – хор» - деген қағиданы ұстанып, әр сынып оқушыларына хормен ән айтқызып, мектеп хорын ұйымдастырып, оған жетекші дирижер болады. Сол себепті, студентке хордың, хор дирижерлау өнерінің тарихынан бастап оны меңгеруге қажетті техникалық және орындаушылық әдіс – тәсілдерді үйрете отырып, оның музыкалық деңгейін өсіру бағытының қалыптастырылуы қамтылады.

Хор дирижерлау музыкалық пәндер жиынтығында негізгі пәндердің бірі болып саналып, бұл пәнді барлық студенттер 4 жыл бойы өтеді. Хор дирижерлау пәні әр студентпен жеке – дара сабақ түрінде жүргізілетіндіктен студентке білім берумен қатар, оның мінез – құлқын зерттеп, тәрбиелеуге қажетті жағдай туғызады.

Студенттер контингентінің музыкалық дайындығының деңгейі әртүрлі болғандықтан оқу жоспары әр студентке жеке құрастырылып, онда оның музыкалық қабілеті, тапсырманы меңгері дәрежесі мен жеке басының ерекшеліктері есепке алынады.

Оқу жоспарында негізгі оқу материалы (түрлі және әртүрлі формадағы шағын көлемді хор шығармалары), дағдыларды қалыптастыратын жаттығулар және мектеп әндері қамтылады. Сонымен қатар, күнделікті жұмыста, студенттің өзбетінше шығармаларды талдап үйренуі, партитураны оқи отырып ойнауға және музыкалық әдебиеттермен танысуы талап етіледі [3].

Аспаптың үні адам дауысынан (хордан) әлдеқайда қатты болатынын ескеріп, шығарманы сүйемелдеу кезінде дыбыс күшін үнемі қадағалап отыру шарт. Мысалы, жоғары регистр дыбысты қаттырақ шығарып, ал төменгі регистрде керісінше ақырынырақ ойнаған жөн. Сонымен қатар, оқытушы аудиторияда тек аспапта сүйемелдеуші ғана емес ол әрі жетекші әрі хор басқарушы қызметін де атқаратынын естен шығармауы керек. Ол бір мезгілде аспапта ойнап, хормен әндетіп немесе бас изеу арқылы хордың басталуымен аяқталуын тыныс алатын жерлерін көрсетіп отырады. Бұған қоса шығарманың сөздері анық, тыңдаушыларға түсінікті болуын, шығарманың мәнерлі әрі өз бабында көркем орындалуын әрдайым қадағалайды. Ол үшін өзі де әнді сезіммен беріле орындап, оқушыларды ойнауымен, әдемі дауысымен, нақтылы дирижерлік қимылдармен еліктіріп отырғаны жөн.

Рас, бұл тұста басты мәселе музыкалық репертуар таңдауға келіп тіреледі. Таңдалған шығарма көпшілікті қызықтырмауы мүмкін. Сондықтан, орындағанда шығарманың барынша көркем, тыңдаушыға эстетикалық әсер ететіндей қуатты болғаны жөн. Екіншіден, шығарма оны орындайтын хор ұжымына лайықталып қайта өңделуі шарт. Сол кезде шығарманың барынша көркем, әрі ыңғайлы орындалуы назарда ұсталады. Осыдан барып өзге көркемдік талаптарға көшуге болады.

Жалпы хор дегеніміз не? Реті келген соң бұл мәселеге де тоқтала кетелік. Біз әдетте хор деп көп адамның бір мезгілде ән салуын айтамыз. Осы дұрыс па? Әрине, жоқ. Хор дегеніміз унисондық түрде ән салу емес, көп дауыстардың бір – бірімен өріле отырып үндесуі. Яғни, хор дегеніміз – ән салудың көп дауысты жүйесі, әнді көркемдеп айтудың құралы. Келешекте осыны мықтап ескергеніміз жөн. Сонда барып хорға деген көзқарас та өзгере бермек.[4]

Хор жетекшісі орындаушыларға батыл тік қарап, бет – пішіні ашық, мимикалық қозғалыстарды шығарады.

Шығарманың мазмұнына сай (мысалы: қаспен, көзбен, иек, баспен көрсету) пайдаланып қолдана білуі керек. Қолдың қимыл – қозғалыстары біркелкі тез, бірақ аса қатты құлашталмай үнемді дәл және нақты болуы талап етіледі. Дирижер орындалатын музыка шығармасының партитурасын жатқа біліп, бір дауысты екі, үш, төрт дауысты хорды басқарғанда оның әр дауысын жақсы естіп, қате дыбыстарды түзеп, оларды жеке орындап көрсете білуі керек. Оның ерні дикциялық жағынан жаттыққан, ешбір дыбыссыз – сөйлей алатын қалыпқа дағдыланған, есту сезімі жақсы жетілген, дамыған дәрежеде болуы өте маңызды.

Әнші үшін тыныс алу органдарының денсаулығы мен гигиеналық нормаларға сәйкес келетін дұрыс тыныс алуды игеру қаншалықты маңызды екендігі айқын. Мұндай тыныс әншінің дауыстық органдардың денсаулығын ғана емес, сонымен қатар жүйке жүйесі мен дененің денсаулығын да қамтамасыз етеді. Сондықтан, белгілі бір әншілік тыныс алу туралы мәселені шешпес бұрын, жалпы тыныс алу гигиенасын атап өту керек. Тыныс алу, дем алу және дем шығару, мұрын арқылы жасалу қажет.

Егер мұрын арқылы тыныс алу оның қуысының қандай да бір ауруына байланысты қиын болса, ларингологпен кеңесу керек. Қарқынды бұлшықет кернеулерімен, мысалы, ауыр физикалық жұмыс, жүгіру, күрес және басқа спорт түрлерімен, сондай-ақ ән айту кезінде кейде мұрын арқылы тыныс алу қиынға соғады. Мұндай жағдайларда ауыз арқылы тыныс алу қажет. Тыныс алу өкпеге жеткілікті мөлшерде ауа ағынын қамтамасыз етуі керек, осылайша организм өзіне қажетті оттегін алады. Тыныштықта тұрған адамның өкпесі арқылы минутына 6-8 литр ауа өтеді, ал үлкен физикалық кернеу кезінде минутына 100 литрден асады. Сондықтан, физикалық күш жұмсау кезінде артериялық қандағы оттегінің мөлшері азаймауы үшін тыныс алу міндетті. Мұны, ең алдымен, ауыр физикалық жұмыстарды орындайтындар, сондай-ақ спортшылар ескеруі керек.

Әншілер, әсіресе тәжірибесіз әншілер, арнайы жаттығулармен тыныс алуды дамытып, күшейтіп, тыныс алу жаттығуларын жасауы керек. Дамыған шартты рефлексстер болашақта физикалық кернеу, күш жұмсау кезінде тыныс алу органдарына түсетін үлкен жүктемені оңай жеңуге мүмкіндік береді. Тыныс алу жаттығуларының көптеген нұсқалары бар. Әнші үшін іштің және диафрагманың бұлшықеттерін күшейтетін гимнастиканы ұсынуға болады, яғни денеге арналған барлық жаттығулар қозғалыс амплитудасының жоғарылауымен және қолдың немесе аяқтың қимылымен, отыру немесе тұру кезінде. Ән айту кезінде тыныс алудың өзіндік ерекшеліктері бар. Ән айту кезінде қандай дем алған дұрыс – ауыз арқылы немесе мұрын арқылы ма деген дискуссия ұзақ талқыланды. Гигиеналық тұрғыдан, жоғарыда айтылғандай, мұрын арқылы дем алған жөн.

Бұл сонымен қатар мұрын қуысында арнайы рецепторлар болғандықтан ұсынылады, соның арқасында мұрын арқылы тыныс алу кезінде бронхиолалардың рефлекторлық кеңеюі жүреді. Бірақ вокалдық тәжірибеде ауыз арқылы тыныс алу қажет. Фонация процесінде мұрын арқылы жылдам тыныс алу мүмкін емес, егер олар қолданылса, бұл теріс құбылыстарға әкеледі – дауыс жүргізу (голосоведение) бұзылады және қиын болады.

Санитарлық нормаларға сәйкес келмейтін жағдайларда ән айту (декорациядан шыққан шаң, сахнаның суық ауасы, суық мезгілде ашық ауада өнер көрсету және т.б.) әншіден оның тыныс алу жолдарының сыртқы тітіркенулерге қатысты тұрақтылығын талап етеді.

Мұндай тұрақтылықты арнайы шынықтыру арқылы (закаливание) ғана алуға болады. Өткеннің вокал өнерінің ең жақсы өкілдері тыныс алу кезінде фонация үшін алынған ауа мөлшері минималды болуы керек деген қорытындыға келді, бірақ бұл ауа кез-келген ұзақтықтың вокалды фразасына жеткілікті болатындай жақсы сақталуы керек. Мұндай қорытынды іс жүзінде толығымен расталады және физиологиялық негіздемесі бар. Көлденең жолақты тыныс алу бұлшықеттері тыныс алу актісінде үлкен рөл атқарады.

Бірақ оның дұрыс жұмысы, трахея мен бронхтың тегіс бұлшықеттерінің жұмысымен үйлескенде ғана дұрыс тыныс алу және дем шығару қамтамасыз етілуі мүмкін. Минималды тыныс алу пайдалы, өйткені ол жолақты тыныс алу бұлшықеттерін жақсы жаттықтырады, өкпенің артық ауамен жүктелуіне жол бермейді және осылайша кеуде, іш, трахеяның тегіс бұлшықеттері, бронхтар мен вокальды бұлшықеттердің қалыпты үйлестірілуіне ықпал етеді [5].

Бұл жағдайда әншілік тыныс алуды ең жақсы реттеуге қол жеткізу оңай. Бұл жағдайда бірінші, екінші ретті шартты рефлексстер жасалады. Мысалы, тыныс алу бұлшықеттерінің кернеу сезімі белгілі бір сападағы дауыс дыбысын қабылдаумен байланысты. Жақсы дамыған шартты рефлексстер болашақта ең аз тыныс алуды сәтті қолдануға мүмкіндік береді.

Мысалға, іс тәжірибе кезінде білімгерлер өздері мағынасын жақсы түсінетін және әуендерінің әдемі әндерін бар ниеттерімен орындады. Мысалы: М. Егінбаевтің «Алтын ордам туған жер», И. Нүсіпбаевтің «Жас дәуірдің түлегіміз» және Н. Тілендиевтің «Өз елім», Ә. Бейсеуовтің «Армандастар» т.б. әндерінің мағыналарын олардан сұрағанда, білімгерлер бұл ән өздеріне арналғандықтарын, олардың жадырап, жайнап өтіп жатқан өмірлері туралы екенін айқын айтып беріп отырады. Ал, екінші әнде Отанды қорғау туралы екенін айтады.

«Той бастар», «Туған жер туралы толғау», «Қазақстан қыран дала», «Достық» т.б. әндерді білімгерлерге үйрету барысында үн тазалықтарын қалыптастыру негізгі міндет болып табылады. Үн тазалығын қалыптастыру - бұл естілген әуенді дыбыстау мүшелері арқылы сол қалпында дұрыс орындалуы.

Үн тазалығы жақсы дамыған білімгерлер кез-келген әуендерді лезде қағып алып орындайды. Осы орайда үн тазалығының жас өспірімдер бойында қалыптастырудың маңызы зор екенін көріп отырмыз. Демек, бастапқыда айтылып кеткен, дем алу мен шығару, атаканың түрлері, дыбыс жүргізу мәнері, тізбекті дем алу, осының барлығы үн тазалығын дұрыс жолға қоюдың бірден-бір негізгі әдіс тәсілдері.

Үн тазалығына дикция мен орфоэпия, шығарманы көркемді түрде орындау т.б. мәселелер сырт қалмауы керек. Қорыта айтатын болсақ, жоғарыда айтып кеткен ережелерді сақтай отырып, әндерді білімгерлерге орындатсақ, ол шығармалардың үлкен тәрбие берері сөзсіз.

Әр балаға жеке тұлға ретінде қарап, өзіне тән санасы еркі, өзіндік әрекет жасай алатын ортасы бар екенін ескере отырып, оқушының білімге, ғылымға деген ынтасын арттыру, ақыл – ой қабілетін, диалектикалық дүниетанымын, өмірлік мақсат – мүддесін айқындауға, жеке басының қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға көмектесу жасөспірімдердің үздіксіз оқу – тәрбие процесінің ғана жемісі болып табылады.

Қорыта айтқанда. Біз алдымен жеке тұлғаның әлеуметтік, құзіреттілігін, шығармашылығын дамытуымыз керек. Сол арқылы ұжымдық зерттеуге қол жеткізіп, яғни оқушының өзін – өзі басқарудағы әлеуеті артуы сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ахметова М. Ән өнері және уақыт. Алматы Өнер, 2009ж
2. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары, Алматы 2012ж.
3. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі, Алматы 2016ж.
4. Певческий голос и методика его постановки МУЗГИЗ, М. / Органов П., 2015
5. Сеченов И.М. Рефлексы головного мозга /— изд. Академии наук, 2017

ӘОЖ 535.442

ОПТИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ ФИЗИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДА БАҚЫЛАУ

Ақан Ж.М., Елюбаева А.Е.

Студенттер, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Ғылыми жетекші: PhD Мамбаева А.Ш.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Zhanelakan8@gmail.com

Бұл мақалада оптикалық құбылыстардың физикалық тұрғыдан бақылаудың негізгі аспектілері қарастырылған. Оптикалық құбылыстарды физикалық тұрғыда бақылау арқылы жарықтың табиғатын және оның түрлі ортада қалай өзара әрекеттесетіні зерттелген. Бізді айнала қоршаған ортадағы оптикалық құбылыстардың маңыздылығы да қарастырылған. Жарықтың толқындық және корпускулярлық табиғаты, оптикалық құбылыстардың теориялық негіздері және олардың тәжірибелік бақылау әдістері туралы түсінік берілген. Бұл мақалда оптикалық құбылыстардың физикалық тұрғыдан зерттелуінің ғылым мен техникадағы маңызды ролін айқындалған. Сонымен қатар оптикалық құбылыстар саласындағы соңғы маңызды бірқатар жаңалықтар мен жетістіктер қарастырылған.

Кілт сөздер: оптикалық құбылыс, бақылау әдістері, физика, оптика, корпускулярлық жарық, толқындық жарық, техника.

В данной статье рассматриваются основные аспекты физического наблюдения оптических явлений. Исследуется природа света и его взаимодействие с различными средами посредством изучения оптических явлений. Также анализируется важность оптических явлений в окружающей среде. Описываются волновая и корпускулярная природа света, теоретические основы оптических явлений, методы их экспериментального наблюдения. В статье подчеркивается значимость изучения оптических явлений для науки и техники, а также рассматриваются последние важные открытия и достижения в этой области.

Ключевые слова: оптических явления, методы наблюдения, физика, оптика, корпускулярный свет, волновой свет, техника.

This article examines the key aspects of the physical observation of optical phenomena. The nature of light and its interaction with different media are studied through the analysis of optical phenomena. The importance of optical phenomena in the surrounding environment is also discussed. The wave and corpuscular nature of light, the theoretical foundations of optical phenomena, and methods of their experimental observation are described. The article highlights the significance of studying optical phenomena in science and technology, as well as reviews recent important discoveries and advancements in this field.

Key words: optical phenomena, observation methods, physics, optics, corpuscular light, wave light, technology.

Кіріспе

Оптикалық құбылыстарды зерттеу арқылы біз жарықтың толқындық қасиеттері мен табиғатын түсініп қана қоймай, сонымен қатар жарықтың түрлі ортада таралуы, оның объектілермен өзара әрекеттесуі, сондай-ақ жарықтық сәулелердің түрлі бағытта таралуы туралы жаңа білімдер аламыз. Бұл ғылыми саланың дамуы заманауи технологиялар мен құрылғыларды жасауға мүмкіндік береді, соның ішінде оптикалық жүйелер, лазерлер, микроскоптар, телескоптар және басқа да аса маңызды құралдар бар [1].

Осылайша, оптикалық құбылыстарды зерттеу ғылым мен техниканың дамуына үлкен ықпал еткен маңызды бағыт болып табылады.

Физика ғылымы саласында кеңінен тараған оптика жарықтың таралуы, оның әртүрлі орталарда сәуле шығару, сыну, шағылу, дифракция, интерференция, поляризация сияқты құбылыстарды зерттейтін физиканың бір саласы. Оптикалық құбылыстарды физикалық тұрғыдан бақылау-бұл табиғаттағы жарықтың мінез құлқын түсіну, оның әсерін зерттеу, жаңа технологияларды жасау үшін қажетті қадам болып табылады. Бүгінгі таңда оптикалық құбылыстардың әртүрлі бағыттары ғылыми және инженерлік салаларда кеңінен қолданысқа ие. Сонымен қатар қоршаған орта үшін де оптикалық құбылыстардың маңызы зор [2].

Оптикалық құбылыстар бойынша соңғы жаңалықтар:

Оптикалық құбылыстар саласында соңғы жылдары бірқатар маңызды жаңалықтар мен жетістіктер байқалады. Ғалымдар жарықтың табиғатын тереңірек түсіну және жаңа оптикалық технологияларды дамыту бағытында үздіксіз зерттеулер жүргізуде [3]. Ғалымдар жарықтың бұрын белгісіз болған жаңа күйін ашты. Бұл күйде жарықтың ерекше қасиеттері байқалады, оларды болашақта ақпарат тасымалдау және өңдеу саласында қолдануға болады. Жарықтың кванттық қасиеттерін пайдалану арқылы есептеу процестерін басқаруға мүмкіндік беретін жаңа әдістер әзірленді. Бұл жаңалық кванттық есептеу саласында төңкеріс жасауға қабілетті және ақпараттық технологиялардың болашағына үлкен әсер етуі мүмкін. Ғалымдар жарықтың биологиялық жүйелерге әсерін зерттеу арқылы жаңа терапевтік әдістерді дамытуда. Мысалы, жарықтың белгілі бір толқын ұзындығының көмегімен жасушалардың қалпына келу процесін ынталандыру мүмкіндігі анықталды. Жарықтың нейрондармен өзара әрекеттесуін зерттеу арқылы оптикалық нейроинтерфейстерді дамытуда үлкен қадамдар жасалды. Бұл технология мидың белсенділігін бақылау және нейропротездерді жетілдіру үшін қолданылуы мүмкін. Ғалымдар атмосфералық кедергілерді жеңу үшін жаңа лазерлік байланыс жүйелерін әзірлеуде. Бұл жүйелер жоғары жылдамдықты деректерді тасымалдауға мүмкіндік береді және ғарыштық байланыс саласында революция жасауға қабілетті [4].

Бұл жаңалықтар оптика және жарық физикасы саласындағы зерттеулердің қарқынды дамып келе жатқанын және олардың технологиялық прогресс пен медициналық қосымшаларға үлкен әсер ететінін көрсетеді.

Қытайда жаңа инновациялық оптика телескопы орнатылған. 2024 жылы Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданына жаңа 1,9 метрлік оптикалық телескоп іске қосылды. Бұл телескоп оптикалық жүйелер арқылы ғарыш объектілерін бақылайды. Ол жұлдыздар, галактикалар мен басқа да астрономиялық денелерден келетін жарықты жинап, жоғары дәлдіктегі суреттер алуға мүмкіндік береді. Телескоптың негізгі компоненттері-линзалар немесе айналар, жарық детекторлары және компьютерлік жүйелер, олар алынған деректерді талдап, бейнелерді жақсартады. Ылғалдығы аз болса ұзақты бақылайды және айқын бейнелер ала аламыз. Ортаның ылғалдылығына байланысты сыну көрсеткіштігі, өзгереді. Яғни оптикада, өткір телескоп жасауда линзаға жеткен жарыққа қоршаған ортаның әсері көп. Осы мәселені қарастырсақ, келешекте елімізге жаңа құрылғы енгізуге болады. Мысалы: үлкен қашықтықтан бақылай алатын сапалы астрономиялық телескоп.

Оптикалық құбылыстардың физикалық негіздері. Жарықтың табиғаты.

Жарықтың табиғаты туралы екі негізгі теориясы бар: корпускулярлық теория және толқындық теория. Корпускулярлық теория бойынша жарық-бұл өте кішкентай бөлшектердің ағыны, яғни фотондар. Толқындық теория жарықты электромагниттік теория ретінде қарастырады. Заманауи физикада жарықтың екі қасиеті де белгілі бір жағдайларда байқалады. Қазіргі ғылымда жарықтың екі жақты табиғаты- корпускулярлы және толқындық қасиеттері бірігіп қарастырылады [5].

Жарықтың таралуы вакуумде, сондай-ақ әртүрлі ортада жүре алады. Вакуумде жарықтың таралу жылдамдығы $c=3 \times 10^8$ м/с, ал басқа орталарда ол ортадағы сыну көрсеткішіне байланысты өзгереді. Жарықтың таралу жылдамдығы мен сыну құбылыстары оптикада негізгі зерттеу тақырыптарының бірі болып табылады.

Оптикалық құбылыстардың түрлері. Сыну және шағылу.

Сыну және шағылу- жарықтың әртүрлі орталардан өтуі немесе шағылуы нәтижесінде пайда болатын құбылыстар. Сыну құбылысы жарықтың бір ортадан екінші бір ортаға өтуі кезінде жарық жылдамдығының өзгеруіне байланысты пайда болады. Шағылу кезінде жарық толқындары бетке соқтығысып, бір бөлігі кері қайтады [6].

Кесте 1 – Оптикалық материалдардың сыну көрсеткіштері

Материал	Сыну көрсеткіші (n)
Ауа	1.0003
Су	1.33
Шыны	1.5
Алмаз	2.42





Диаграмма 1 – Оптикалық материалдардың сыну көрсеткіштері

Дифракция бұл жарықтың кедергілерді немесе тесік арқылы өтуі кезінде толқындық қасиеттерінің өзгеруі. Бұл құбылыс жарықтың бөлшектердің шетіне немесе ашық жерлер арқылы өткенде пайда болады. Дифракция жарықтың толқындық табиғатының айқын көрініс болып табылады. Интерференцияекі немесе бірнеше жарық толқындарының қосылып, бір-бірін күшейтуі немесе әлсіретуі кезінде байқалатын құбылыс. Бұл құбылыс жарықтың толқындық табиғатының таңы бір дәлелі болып табылады. Интерференция құбылысы екі жарық көзінің өзара әсерінен пайда болады. Поляризация - бұл жарықтың тербелістерінің белгілі бір бағытта шектелуі. Табиғи жарықта тербелістер барлық бағыттарда жүреді, бірақ поляризаторлар арқылы жарықтың тербелістерін тек бір бағытта ғана жсауға болады [7].

Оптикалық құбылыстарды бақылау. Лабораториялық бақылаулар.

Оптикалық құбылыстарды зерттеу үшін түрлі лабораториялық құрылғылар пайдаланылады. Мысалы, сыну заның зерттеу үшіе призмалар мен линзалар қолданса, интерференция мен дифракция құбылыстарын зерттеу үшін арнайы жарық көздері мен экрандар қолданылады. Сондай-ақ поляризаторлар мен анализаторлар арқылы бақылауға болады. Жарық көздері оптикалық құбылыстарды зерттеудің маңызды бөлігі болып табылады. Олар монохроматты немесе кең спектрлі болуы мүмкін. Монохроматты жарық көздері үшін лазерлер кеңінен қолданылады, өйткені олар өте біртекті эәне тар спектрлі жарық шығарады,бұл бақылауды жеңілдетеді. Оптикалық құбылыстарды бақылау үшін өлшеу құралдары пайдаланылады. 1-суретте оптикалық дисперсия бойынша зертханалық жұмыстар жүргізілді.



Сурет 1 – Зертханалық жұмыс

Мысалы, интерференция мен дифракция құбылыстарды өлшеу үшін спектрометрлер, фотодатчиктер, осциллографтар қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, қазіргі заманғы технологиялар, мысалы, компьютерлің модельдеу мен сандық анализ, оптикалық құбылыстарды зерттеуді жеңілдетеді.

Кесте 2 – Оптикалық бақылау

Тәжірибе объектісі	Көрінген түстер	Пайда болуының себебі	Сыну бұрышы (градус)
Компакт-диск	Қызыл, жасыл, көк	Дифракция нәтижесінде жарықтың жіктелуінің нәтижесінде пайда болды.	35-40
Шыны ыдыстағы су	Қызыл, қызғылт сары, сары, жасыл, көк, күлгін.	Жарықтың суда сынуы және дисперсия нәтижесінде пайда болды.	40-45

Бұл зертханалық жұмыста жарықтың дисперсия құбылысын бақылау және оның себептерін түсіндіру болды. Зертханалық жұмысқа қажетті құрал-жабдықтар олар:

Компакт-диск (CD немесе DVD). Шыны стақан (су толтырылған). Шырақ (немесе жарық көзі). Сірiңке немесе тұтатқыш.

Зертханалық жұмыстан бiз дисперсия ақ жарықтың әртүрлi түстерге жіктелуiн, құбылыс жарықтың сыну көрсеткішiн толқын ұзындығына тәуелдi болуына байланысты пайда болатынын бiлдiк. CD дискісі мен судың беті дифракция және сыну әсерінен жарықтың спектрін айқындауға мүмкіндік береді екен.

Қорытынды

Оптикалық құбылыстарды физикалық тұрғыдан бақылау дегеніміз - бұл табиғаттағы жарықтың негізгі қасиеттерін зерттеуге және түсінуге мүмкіндік береді. Бұл құбылыстарды бақылау арқылы жаңа технологияларды дамытуға жол ашылады. Оптикалық құбылыстарды зерттеу үшін түрлі лабораториялық құрылғылар пайдаланылады. Мысалы, сыну занын зерттеу үшін призмалар мен линзалар қолданса, интерференция мен дифракция құбылыстарын зерттеу үшін арнайы жарық көздері мен экрандар қолданылады. Сондай-ақ поляризаторлар мен анализаторлар арқылы бақылауға болады. Оптикалық құбылыстарды физикалық тұрғыда бақылау - бұл жарықтың табиғатын зерттеу мен оның түрлі ортада

калай әрекет ететінін түсінудің маңызды құралы. Шағылу, сыну, интерференция, дифракция, поляризация және спектрлік қасиеттер сияқты құбылыстарды зерттеу арқылы біз табиғаттың терең заңдылықтарын түсіне аламыз. Бұл зерттеулер тек теориялық тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ, инженерлік, медициналық және басқа да салаларда практикалық қолданыс тапқан. Сондықтан оптика саласында жасалған ғылыми жетістіктер адам өмірін жақсарту үшін кеңінен қолданылуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Пятов А.Ф. «Физика оптики», М.: Физматлит, 2004.-272б.
2. Савальев Е.А. «Оптика», Санкт-Петербург: Лань, 2008.-320б.
3. Наурызбаев А.Ш. «Қазіргі физика негіздері», Алматы: Қазақ университеті, 2015.-215б.
4. Садыков С.В. «Оптика және жарық толқындары», Алматы: Қазақ университеті.
5. Жақсылықов Қ.Т. «Жарықтың физикасы және оптика». Алматы Қазақ университеті.
6. Физика.(2010). Оптика. Алматы: Мектеп.
7. Жұманов Ә.С. (2012). «Қазіргі физика негіздері: оптика және жарықтың теориясы». Алматы: Қазақ университеті.

ӘОЖ 81-114

ІЛІЯС ЖАНСҮГІРОВТІҢ «КҮЙ» ПОЭМАСЫ - ӨНЕРДІҢ ТЕРЕҢ РУХАНИ МӘНІН АРҚАУ ЕТКЕН КӨРКЕМ ТУЫНДЫ

Асқар А., Асқар Ж.

Студенттер, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. Турысбекова А.Е.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Бұл мақалада Ілияс Жансүгіровтің «Күй» поэмасының көркемдік және рухани мәні қарастырылады. Шығармада күй өнері ұлттық болмыстың, тарихи жадтың және рухани тереңдіктің көрінісі ретінде бейнеленеді. Поэма арқылы ақын өнердің адам жан дүниесіне әсер ететін рухани күш екенін айқындайды. Сонымен қатар, күй мен поэзияның бірлігін көрсете отырып, Жансүгіров ұлттық әдебиетте ерекше көркемдік деңгейге көтерілген туындыны дүниеге әкеледі. Мақалада ғалымдардың поэмаға берген бағалары негізінде шығарманың әдебиеттегі орны мен маңызы айқындалады.

Кілт сөздер: «Күй» поэмасы, көркемдік мән, рухани мән, күй өнері, ұлттық менталитет

В статье рассматривается художественный и духовный смысл поэмы Ильяса Жансугурова «Кюй». В произведении искусство кюя рассматривается как отражение национальной идентичности, исторической памяти и духовной глубины. В своем стихотворении поэт показывает, что искусство — это духовная сила, влияющая на душу человека. В то же время, демонстрируя единство кюя и поэзии, Жансугуров создает произведение, поднявшееся на уникальный художественный уровень в национальной литературе. В статье определяются место и значение произведения в литературе на основе оценок поэмы учеными.

Ключевые слова: художественная ценность, духовная ценность, национальный менталитет

The article examines the artistic and spiritual meaning of Ilyas Zhansugurov's poem "Kui". In the work, Kui's art is seen as a reflection of national identity, historical memory and spiritual depth. In his poem, the poet shows that art is a spiritual force that affects the human soul. At the same time, demonstrating the unity of kuya and poetry, Zhansugurov creates a work that has risen to a unique artistic level in national literature. The article defines the place and significance of the work in literature based on the assessments of the poem by scientists.

Key words: artistic value, spiritual value, national mentality.

Ілияс Жансүгіров - қазақ әдебиетінде айрықша танымал тұлға, жаңашыл ақын, жазушы, драматург және әдебиет зерттеушісі. XX ғасырдың 20-40 жылдары ол қазақ әдебиетінде маңызды орын алып, ерекше ықпал еткен. Оның шығармаларында қазақтың ұлттық ерекшеліктері, мәдениеті және өнері терең сезіліп, айқын көрінеді. Ілияс Жансүгіровтің поэзиясы мен прозасы халықтың тұрмысын, тарихын және менталитетін кеңінен танытады.

«Күйші» поэмасы қазақ әдебиетінде маңызды орын алатын шығармалардың бірі. Поэманың басты тақырыбы — күйші, қазақтың дәстүрлі музыкалық мәдениетінің өкілі, оның өнері мен өмірі. Ілияс Жансүгіров бұл шығармасында күйші арқылы қазақтың ұлттық музыкасы мен өнерін терең зерттеп, осы саладағы маңызды мәселелерді қозғайды. Поэманың ішінде күйші тұлғасының трагедиялық бейнесі айқын көрсетіледі. Ақын күйшінің өміріндегі қуаныш пен қайғы, махаббат пен өнер арасындағы күресті жан-жақты ашады. «Күйші» поэмасы тек музыкалық өнерді ғана емес, сонымен қатар адамның рухани әлемін, оның ішкі жан дүниесіндегі күрестерін де суреттейді.

«Күйші» поэмасында басты кейіпкер — күйші, қазақтың халық музыкасына терең бойлаған, бірақ өмірінде көптеген қиындықтар мен қайғы-қасіреттерді басынан өткерген тұлға. Ол өзінің қоңыр күйін шығаруға тырысып, тыңдаушыларына күй арқылы терең мәні бар сезімдер мен ойларды жеткізуді қалайды. Алайда, оның ішкі жан дүниесінде ұзақ жылдар бойы жинақталған қасіреттер мен қоғамдағы әділетсіздіктер оны өз өнерін бағалайтын қоғаммен үйлесім табуға кедергі келтіреді.

Поэмадың негізгі мазмұны — күйшінің өнер мен өмір арасындағы күресі, оның шығармашылық жолындағы қиындықтар мен жеңістерінің көрінісі. Ақын осы шығармасында күй мен музыка арқылы адамның рухани тереңдігін ғана емес, сонымен қатар оның әлеуметтік және моральдық жауапкершілігін де көрсетуге ұмтылады.

«Күйші» поэмасы терең философиялық мағынаға ие. Ілияс Жансүгіров күйші бейнесі арқылы тек өнердің мәнін ғана емес, адам өмірінің терең мағыналарын, оның болмысын да зерттейді. Ақынның пікірінше, өнер — адамның өмірінде маңызды бағыттардың бірі, ол қоғамның рухани дамуына ықпал етеді. Өнер арқылы адам өзінің ішкі әлемін ашып, өзін таниды. Күйші өнері арқылы адам табиғатпен, қоғаммен және өз ішкі дүниесімен үйлесімділік орнатуға ұмтылады. Алайда оның өмірі мен өнері арасында үнемі қарама-қайшылықтар туындайды. Бұл күйші образын бейнелеу арқылы Ілияс Жансүгіров өнер мен қоғам, қайғы мен қуаныш арасындағы күресті көрсетеді. Ілияс Жансүгіров күйші бейнесі арқылы қазақтың музыкалық дәстүрлерін, халықтың рухани әлемін, оның тарихын, мәдениетін және осы дәстүрдің болашақтағы тағдырын көрсетуге ұмтылады. Күй — адамның жан дүниесінің айнасы, оның болмысын сыртқа шығарған бейнесі. Бұл поэма арқылы Жансүгіров күй өнерінің мәңгілік рухын, тарихи және мәдени маңызын жырлап, оны поэзия арқылы асқақтата көрсетеді. «Күй» поэмасы — қазақ халқының күй өнері мен күйші бейнесін өзек еткен көркем шығарма [1].

Күйші үшін күй — тек әуен емес, өз болмысын, өмірдің мағынасын ұғынуға бастайтын рухани жол. Домбыра үнімен ол тек өзін ғана емес, айналасындағы әлемді де жан-жақты танып, рухани тұрғыдан тереңірек түсінуге тырысады. Шығарманың негізгі идеясы — күйдің адам жанын терең толқытып, оны биіктікке жетелейтін ерекше қуат екенін көрсету. Күй тарту барысында күйшінің ішкі әлемі өзгеріске түсіп, күй оның жанын тазартатын, өмірге басқа қырынан қарауға мүмкіндік беретін рухани тазару құралына айналады. Сонымен бірге, күйдің адамның өміріндегі орны мен оның рухани қуатын арттырудағы рөлі де ерекше мәнге ие. Поэмада қазақ халқының мәдениеті мен өнеріне деген терең құрмет айқын аңғарылады. Күй өнері — ұлттық болмыстың айнасы, рухани дүниенің көрінісі ретінде бейнеленеді. Жансүгіровтің «Күй» поэмасында кеңістік пен уақыт, жан ізденісі мен терең сезімдер тоғысады. Бұл туындының негізгі түпкі мақсаты — күй арқылы қазақ халқының рухани мәдениетін ұлықтау, күйдің музыкалық аспап қана емес, адамның жан-дүниесін терең танып, ішкі әлемін ашуға қабілетті күш екенін көрсету [2].

Поэмада күй халықтың жан дүниесін жеткізетін рухани құрал ретінде бейнеленсе, өнер — еркіндік пен әділеттің, ұлттық рухтың жарқын көрінісі. Ал домбыра — үнсіз болса да, шынайы сезімдердің жаршысы, терең сырды жеткізуші құрал ретінде суреттеледі.

Ілияс Жансүгіровтің «Күй» поэмасы — қазақ әдебиетіндегі рухани тереңдігімен, көркемдік шеберлігімен ерекшеленетін шоқтығы биік туындылардың бірі. Бұл шығармада күй өнері тек музыкалық әуен ретінде емес, ұлттың тарихын бойына сіңірген рухани феномен ретінде бейнеленеді.

Ол домбыра арқылы өзінің ішкі жан дүниесін, жүрек тербелісін, халықтың мұңын, арман-тілегін жеткізеді. Домбыра шанағынан төгілген күй — өткен мен бүгіннің арасын жалғап тұрған рухани көпір іспетті. Ақын күйші бейнесі арқылы ұлттық болмыстың мәнін, қазақ халқының тағдырлы жолын, ерлік пен ерлік, азаттық пен отарлық арасындағы тартысты бейнелейді.

І. Жансүгіровтың «Күй» поэмасы туралы Тұрсын Сыдықтың «Ілияс Жансүгіров және дәстүр жалғастығы» атты еңбегінде: «Жансүгіров күйді поэзия тілімен өрнектей

отырып, оны тарихи, мәдени әрі рухани код ретінде көрсетеді. Ол бұл туындыда дәстүр мен жаңашылдықты сәтті үйлестіріп, фольклорлық негізді көркемдік жаңалықпен тоғыстырған. Бұл поэма — халқымыздың жады мен болмысын жаңғыртатын, рухани тереңдігі мол туынды» десе, Зейнолла Қабдоловтың «Күй мен поэзияның рухани тұтастығы» туралы пікірі де поэманың ерекшелігін дәл басады. Ғалымның айтуынша, «Күй» — сөз күйге, күй сөзге айналған шығарма. Бұл — поэзия мен музыка өнерінің тұтасып, үйлесім табуы арқылы туған көркем шедевр. Ол Жансүгіровтің күйді тек музыкалық емес, рухани, тарихи және мәдени код ретінде беруін ерекше атап өтеді. Ғалымның пайымдауынша, бұл поэма — қазақ халқының ерлік пен ездік, азаттық пен бодандық арасындағы күресін өнер тілімен жеткізген көркем эпос.

Қорыта айтқанда, Ілияс Жансүгіровтің «Күй» поэмасы — ұлттық рух пен өнердің өзара үйлесім тапқан көркем үлгісі ретінде қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. Ақын бұл туындысында күйді жай ғана музыкалық аспаптың үні емес, халықтың тарихи жады мен рухани әлемін жеткізетін қуатты символ ретінде суреттейді. Зерттеуші ғалымдардың тұжырымдары да бұл поэманың идеялық тереңдігі мен көркемдік маңызын айқындап, оның әдебиетке қосқан зор үлесін нақтылай түседі [3].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сыздық Т. Ілияс Жансүгіров және дәстүр жалғастығы. - Алматы: Ғылым, 1998.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: Санат, 2002.
3. Жансүгіров І. Күй. - Алматы: Жазушы, 1980.

ӘОЖ 378

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНА БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНЫҢ ӘСЕРІ

Аринова Г.Қ.

Магистрант, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.
Ғылыми жетекші: п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) Бакраденова А.Б.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.
altyn.bakradenova@mail.ru

Бұл зерттеу білім беру ортасының бастауыш мектеп оқушыларының жеке тұлғалық дамуына әсерін қарастыруға арналған. Зерттеу жұмысы барысында білім беру ортасының баланың әлеуметтік, эмоционалдық және танымдық дамуына қосқан үлесі жан-жақты талданды. Алынған нәтижелер тұлғаны дамытуға оқыту ортасының маңыздылығын, сондай-ақ, оның әлеуметтік дағдылар мен эмоционалдық тұрақтылықты дамытуға елеулі әсерін растады. Зерттеу сонымен қатар қолайлы білім беру ортасының балалардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға оң әсер ететінін дәлелдеді. Қорытындылар педагогикалық тәжірибе шеңберінде білім беру ортасын оқушылардың қажеттіліктеріне бейімдеудің маңыздылығын көрсетеді.

Кілт сөздер: білім беру ортасы, жеке даму, кіші мектеп, әлеуметтік дағдылар, эмоционалдық тұрақтылық, балалар психологиясы, педагогикалық процесс, әлеуметтік бейімделу.

Данное исследование посвящено изучению влияния образовательной среды на личностное развитие детей младшего школьного возраста. В ходе работы был всесторонне проанализирован вклад образовательной среды в социальное, эмоциональное и когнитивное развитие ребенка. Полученные результаты подтвердили важность среды обучения в формировании личности, а также ее значительное влияние на развитие социальных навыков и эмоциональной устойчивости. Исследование также доказало, что благоприятные условия образовательной среды оказывают положительное воздействие на формирование личностных качеств у детей. Выводы подчеркивают важность адаптации образовательной среды к индивидуальным потребностям учащихся в рамках педагогической практики.

Ключевые слова: образовательная среда, личностное развитие, младшая школа, социальные навыки, эмоциональная устойчивость, детская психология, педагогический процесс, социальная адаптация.

This research is dedicated to studying the impact of the educational environment on the personal development of young schoolchildren. The study comprehensively analyzes the contribution of the educational environment to the social, emotional, and cognitive development of children. The results confirmed the importance of the learning environment in shaping personality, as well as its significant impact on the development of social skills and emotional resilience. The research also demonstrated that favorable conditions in the educational environment have a positive effect on the formation of personal qualities in children. The conclusions emphasize the importance of adapting the educational environment to the individual needs of students within the framework of pedagogical practice.

Key words: educational environment, personal development, primary school, social skills, emotional resilience, child psychology, pedagogical process, social adaptation.

Кіріспе

Мемлекеттің әлеуметтік және саяси дамуындағы өзгерістер оқу-тәрбиемен айналысатын мекемелердің жұмысын жаңа арнаға бұруда. Қоғамдағы техникалық даму заманына қарай жаңа

адам тәрбиелеуге әкеліп отыр. Тұлғаның болмысқа, жаратылысқа байланысты болуы туралы, немесе барлық адам тұлға болып қалыптасуы мүмкін еместігі бірнеше отандық еңбектерде еңбектерде сөз етіледі [4,5,6,]. Тұлғалық даму дегеніміз – өзіндік айтар ойы бар, интеллектуалды дамыған адам деңгейіне көтерілу. Жеке тұлғаға тән қасиет – ақыл, ес арқылы айналасындағы құбылыстарды, яғни өмірді өзінің сана-сезімімен танып білуге бейім тұруы. Қазіргі оқытудағы мақсат – баланы болашақта өмірдегі оқиғаларды дұрыс қабылдай алатын, өзін әр жағдаятта өзіндік ерік-жігермен ұстай алатын жеке дара тұлғалық деңгейге жеткізе тәрбиелей оқыту. Мұндай оқыту оңтайлы білім беру ортасын қажет етеді. Сондықтан бастауыш мектеп жасындағы балалардың тұлғалық дамуы қазіргі заманғы білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі, әрі көкейтесті мәселе болып табылады.

Негізгі бөлім

Бүгіндері білім беру ортасының тұлғаның қалыптасуына әсеріне арналған зерттеулерге қажеттілік артуда, өйткені бұл кезең – баланың болашақ өмірі мен әлеуметтік бейімделуіне тікелей әсер ететін кезең. Халық ойымен айтқанда, «Баланы жастан...» тәрбиелеу, яғни педагогикада бастауыш сыныптан өзін-өзі бақылай білуіне, әртүрлі ортада өзін қолайлы ұстай алатындай психологиялық ерік-жігер қабілеттеріне дағдыландыру керек. Тұлға дегеніміз – ішкі сезімнің, сырттан туындаған әсерді іштей қорытындылап, өздігінен түйіндеуден бойға жинақталған сипат, көрініс. Бастауыш мектепте бала тұлға болуға отбасында, оқу орындарында бейімделе бастайды. Ұлы Абай айтқандай, «заманына қарай адамы» қалыптасады. Тұлғаны тәрбиелеуде алдымен бастапқы білім беру орындары: бастауыш мектеп, қосымша білім беру ұйымдары, өнер-білім үйірмелері, пәндік орталықтар.

Шетел және бірнеше орыс ғалымдарының еңбектеріне сүйене жазылған монографиялық еңбекте адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік ететіні, өмір сүріп отырған қоғамның, ұжымның, ұлттың, рудың мүшесі ретінде жеке басының ақыл-ойымен, мінез-құлқымен ерекшеленетіні сарапталған [1].

«Білім беру ортасы мұғалім мен оқушының байланысы болған кезде пайда болады, нәтижесінде, олар осы ортаны пән ретінде және бірлескен қызмет ресурсы ретінде жобалап, құра бастайды. Сонымен, білім беру ортасы (немесе білім беру ортасы) деп біз жеке тұлғаның берілген үлгі бойынша қалыптасуының әсерлері мен шарттарының жүйесін, сондай-ақ оның дамуы үшін әлеуметтік және кеңістіктік-объективті ортада болатын мүмкіндіктерді түсінеміз» деген тұжырымдаманы негізге алып, біздің тарапымыздан педагогикалық тәжірибелік зерттеулер жүргізілді [2].

Жалпы педагогикалық теорияларға негізделген бұл эксперименттік зерттеу білім беру ортасының нақты әлеуметтік және психологиялық аспектілерін талдауға бағытталды. Мазмұнында балалардың әлеуметтік, эмоционалдық және когнитивтік дамуын айқындайтын негізгі факторлар қарастырылады.

Экспериментті ұйымдастыру. Бастауыш сынып оқушыларының жеке дамуына білім беру ортасының әсерін зерттеу үшін эксперимент ұйымдастыру үш негізгі кезеңді қамтыды: анықтау, қалыптастыру және бақылау.

Зерттеудің өзектілігі: Білім беру ортасының әртүрлі факторларының (танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік) балалардың жеке қасиеттеріне әсер ету тетіктері түсініксіз болып қалуда, бұл неғұрлым терең талдауды талап етеді. Бұл мәселе туралы балалардың дамуына әсерін қарастыратын зерттеулер бар, алайда, олардың көпшілігі жалпы теориялық тәсілдермен шектеледі. Балалар психологиясы мен педагогикасында осы тақырып бойынша нақты ғылыми деректер мен теориялық негіздемелер жоққа тән. Бастауыш мектептегі білім беру ортасының балалардың әлеуметтік және эмоциялық дамуына әсерін айқындай отырып, білім беру процесінің дұрыс бағытын қамтамасыз ететін баланы жекелей тұлға ретінде қалыптастырудағы рөлін зерделеу қажет болып отыр. Өйткені бүгінгі бастауыш мектеп жасындағы балаларға білім беру ортасының рөлі жаңа заман талаптарына сай жеткілікті зерделенбеген.

Зерттеу мақсаты: Педагогикалық-тәжірибелік зерттеуде қойылған мақсат – білім беру ортасының рөліне ерекше назар аудара отырып, балалардың тұлғалық дамуына әсер ететін факторларды талдау. Нақты алғанда, бастауыш мектеп жасындағы балалардың тұлғалық дамуына әсер ететін білім беру ортасының факторларына (танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік) оның осы процестегі орны мен рөлін анықтау мақсатында терең талдау жүргізу.

Зерттеу міндеттері:

1. Оқушылардың жеке дамуының бастапқы деңгейіне диагностика жүргізу және зерттелетін мектеп сыныптарының білім беру ортасының сапасын анықтау.
2. Оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында білім беру ортасына біршама өзгерістер әзірлеу және енгізу.
3. Енгізілген өзгерістердің оқушылардың танымдық белсенділігіне, эмоционалдық жағдайына және әлеуметтік бейімделуіне әсерін бағалау.
4. Балалардың жеке дамуына ықпал ететін білім беру ортасын құру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Эксперименттің негізі және қатысушылары: Эксперимент оқу жылы ішінде жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысында (2-4 сыныптар) жүргізілді. Зерттеуге 80 бала қатысты: 2-4 сынып оқушылары (әр сыныпта шамамен 20-30 баладан); бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істейтін 10 педагог, оқушылардың 60-қа ата-анасы; мектеп психологтары және әкімшілік қызметкерлер.

Зерттеу әдістері: Объективті деректерді алу үшін әдістер кешені қолданылды:

- Оқушылардың, педагогтардың және ата-аналардың білім беру ортасын қабылдауын және балалардың жеке дамуын анықтау мақсатында сауалнама жүргізу;
- Оқушылардың оқу және оқудан тыс іс-әрекеттердегі мінез-құлқын бақылау.
- Балалардың танымдық және эмоционалдық сипаттамаларын тестілеу (оқу мотивациясын, әлеуметтік интеллект, мазасыздық деңгейін диагностикалау әдістері).
- Өзгерістерді енгізгеннен кейін балалардың білім беру ортасында және жеке дамуында болып жатқан өзгерістерді талдауды қамтитын сараптамалық бағалау әдісі.
- Білім беру ортасын ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдерінің тиімділігін бағалауға бағытталған педагогикалық эксперимент.

Зерттеу объектісі – бастауыш мектеп балаларының білім беру ортасындағы оқу қызметі.

Зерттеу болжамы: Заман талаптарына сай жабдықталып, құрылған білім беру ортасын балалардың қажеттіліктеріне бейімдеу, яғни білім беру процесінің әр баланың тұлғалық қасиеттерін дамытуды қамтамасыз ететін құрылғылармен жабдықталуы баланы жекелей тұлға ретінде қалыптастыруды оң нәтижелерге алып келеді.

Зерттеудің ерекшелігі білім беру ортасының балалардың тұлғалық дамуына ықпалын қарастырудың жан-жақты және жүйелі тәсілі болып табылатындығында.

Зерттеу пәні - балалардың тұлғалық дамуына әсер ететін білім беру ортасы.

Эксперименттік зерттеу барысы: Зерттеуде оқушылардың даму деңгейін анықтау үшін сауалнамалар, байқаулар мен сұхбаттар пайдаланылды. Оқушыларға білім беру ортасының сипаттамаларын және оның балалардың тұлғалық дамуына әсерін бағалау үшін контент-талдау қолданылды. Жиналған деректерді жинау үшін арнайы құралдар мен сауалнамалар пайдаланылды, олардың нәтижелері статистикалық әдістермен өңделді. Сауалнамалар бірнеше кезеңде өткізілді, олар балалардың жеке қасиеттері, білім беру ортасы және әлеуметтік жағдайлар туралы сұрақтарды қамтыды. Педагогикалық бақылау білім беру ортасының әсерін бағалау үшін пайдаланылды. Эксперименттер оқу процесінің табиғи жағдайларында жүргізілді. Барлық этикалық нормалар сақталып отырылды. Қатыстырылған оқушылардың жеке басы мен деректері құпия сақталды, балалардың және олардың ата-аналарының келісімімен қатысу ерікті түрде (мұғалімнің келісуімен) жүргізілді.

Қорытынды нәтижелер: Білім беру ортасы бастауыш мектеп жасындағы балалардың тұлғалық дамуына айтарлықтай әсер ететінін көрсетті. Әсіресе, әлеуметтік және эмоциялық дамудағы жақсарулар, балалардың жеке қасиеттері мен әлеуметтік дағдыларындағы оң өзгерістер атап өтілді.

Кесте 1 – Оқушылардың тұлғалық даму көрсеткіштері (пікірлесім нәтижелері)

Тұлғалық даму көрсеткіші	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төменгі деңгей
Эмоционалдық даму деңгейі	75%	20%	5%
Әлеуметтік даму деңгейі	80%	15%	5%




Диаграмма 1 – Білім беру ортасының балалардың әлеуметтік дағдыларына әсері

Жоғарыдағы кестеде білім беру ортасының ерекшеліктеріне байланысты балалардың әлеуметтік дағдыларының даму көрсеткіштері берілген. Қол жеткізген деректеріміз білім беру ортасы мен балалардың жеке басының дамуы арасындағы тікелей байланыс туралы куәландырады. Қолайлы білім беру ортасы өзін-өзі бағалауды арттыруға ықпал етеді, балалардың әлеуметтік бейімделуін жеңілдетеді және эмоциялық орнықтылығын нығайтады, сонымен бірге оқу процесіне қатысушылардың қызығушылық пен ынтаның артқаны атап өтілді.

Талқылау: зерттеулер білім беру ортасы балалардың тұлғалық дамуына, әсіресе әлеуметтік дағдылар мен эмоциялық тұрақтылықты дамытуға елеулі әсер ететінін растайды. Бұл нәтижелер білім беру ортасының қолайлы жағдайлары әлеуметтену процесін оңтайландыруға ықпал етеді, коммуникативтік қабілеттерін жақсартады және өзіне сенімділікті қалыптастырады. Тиімді әдіс-тәсілдермен ұйымдастырылған білім беру ортасы баланың жеке тұлғасының жан-жақты дамуына ықпал етеді деген теориялық негізде зерттеушілердің қорытындыларымен үйлесті. Техникалық құрал-жабдықтардың, қолжетімді дамытушы материалдардың болуы және ата-аналарды экспериментке қатысуға белсенді тарту сияқты факторлар негізгі рөл атқаратыны анықталды. Бақылау арқылы әрбір балаға жеке көзқарастың және оның білім беру процесіндегі психологиялық ерекшеліктерін ескерудің маңыздылығы атап өтілді. Коммуникативтік қарым-қатынас жеке белсенділікті, дербестікті, жауапкершілікті және рефлексияны көрсетуге ықпал ететін жағдайлар жасауға мүмкіндік беретіні расталды. Анықтаушы зерттеу нәтижелері білім беру ортасы бастауыш

мектеп жасындағы балалардың тұлғалық дамуына айтарлықтай әсер ететінін дәлелдеді. Бастауыш мектепте қолайлы орта құру өзіне сенімділік, айналасындағылармен өзара іс-қимыл жасай білу, эмоциялық тұрақтылық және оқуға ынталандыру сияқты тұлғаның оң қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеудің негізгі қорытындылары мынада:

1. Білім беру ортасы балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуына тікелей әсер етеді.
2. Педагогтар мен ата-аналарды білім беру ортасын қалыптастыруға тарту оның оң ықпалын күшейтеді.
3. Білім беру процесін дараландыру балалардың табысты тұлғалық қалыптасуына ықпал етеді.

Ұсынымдар: Жинақталған деректер негізінде мыналарды ұсынуға болады:

1. Педагогтарға: тұлғаны дамытуға бағытталған білім беру ортасын қалыптастыру, әрбір баланың ерекшеліктерін ескеру, белсенді оқыту және психологиялық қолдау әдістерін енгізу.
2. Ата-аналар: білім беру процесіне белсенді қатысу, педагогтармен өзара іс-қимыл жасау, үйде баланың жеке тұлғасының дамуына ықпал ететін жағдайлар жасау.
3. Мектептер мен білім беру ұйымдары: балалардың эмоциялық жайлылығы мен әлеуметтенуіне ықпал ететін инфрақұрылым құру, бастауыш мектепте жеке тұлғаны дамыту бағдарламаларын енгізу.

Жинақтап айтқанда, оқушыларды танымдық, эмоционалдық, әлеуметтік жағынан дамуына ықпал ететін білім беру ортасын тиімді ұйымдастырудың әдіснамалық, теориялық жақтан зерттелуі туралы ізденістер бар болғанмен, әлі толық шешімін таппаған мәселелер баршылық [3,7]. Бұл мақалада ұсынылған тәжірибе жүзіндегі эксперименттік зерттеу қазіргі бастауыш мектеп оқушыларының даму ортасына әлеуметтік бейімделуі төмендеу болу себебін, яғни жаһандану заманының әсерімен балалардың барлық даму кезеңдерінде (2-4 сынып) эмоцияға берілгіштігіне орай туындайтынын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нұргалиева А.Қ. «Тұлғаның құндылық бағытын қалыптастырудың методологиясы, практикасы». Алматы: 1995 жыл
2. Мануилов Ю.С. Білім берудегі орта тәсіл: дис. ... доктор пед. ғылымдар. М., 1997.
3. Абаев Н.Қ. (2021). Педагогикалық зерттеу әдіснамасы. Астана: «Жоғары оқу орындары» Баспа.
4. Ақниетова Б.Ә. (2019). Бастауыш мектептегі тұлғалық даму және әлеуметтік бейімделу проблемалары. Қазақ педагогикасы журналы, 7 (3), 102-113.
5. Жұмаділова Г.К. (2020). Бастауыш мектепте тұлғалық өсуді дамыту проблемалары. Алматы: «Білім» баспасы.
6. Байжанова А.С., Қожахметова М.Е. (2022). Білім беру ортасының балалардың тұлғалық дамуына әсері. Педагогикалық ғылымдар журналы, 13 (2), 45-57.
7. Сабыров С.С. (2018). Балалар психологиясы: Теория және практика. Алматы: «Қазақ университеті» баспасы

ӘОЖ 81-114

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СИПАТТАУ МӘНДІ МӘТІНДЕР ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Ахметова А.

Магистрант, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., оқытушы-дәріскер Сырлыбаева Г.Т.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

ainura_17.04.2024@mail.ru

Мақалада І. Жансүгіровтің шығармаларындағы сипаттау мәнді мәтіндер талданып, оны оқыту әдістемесі қарастырылған. Шығармада автордың көркем сөз өнеріндегі тілдік құралдары мен композициялық әдістері негізінде оқушының танымдық, шығармашылық және эстетикалық дамуындағы рөлі зерттеледі.

Кілт сөздер: сипаттау мәтіні, әдістер, суреттеу, портрет, пейзаж.

В статье анализируются тексты описания из произведений И. Жансугурова и рассматривается методика их преподавания. Исследуется роль художественно-языковых средств автора и композиционных приёмов в познавательном, творческом и эстетическом развитии учащихся.

Ключевые слова: текст-описание, методы, описание, портрет, пейзаж.

The article analyzes descriptive texts in the works of I. Zhansugurov and examines the methodology of teaching them. It explores the role of the author's artistic and linguistic tools, as well as compositional techniques, in the cognitive, creative, and aesthetic development of students.

Key words: descriptive text, methods, description, portrait, landscape.

І. Жансүгіровтің шығармаларында табиғат пен қоғам, адам жаны мен оның ішкі сезімдерін сипаттайтын мәтіндер молынан кездеседі. Олардың әрқайсысы оқырманды терең ойға батырып, сезімдік әрі интеллектуалдық тұрғыдан байытады. Автордың тілдік әдістері, суреттеулерінің нәзік әрі мәнерлі болуы, шығармалардың мазмұнын толықтыра отырып, оқушының эстетикалық әлемін кеңейтеді. Осының нәтижесінде, шығармалардағы сипаттау мәнді мәтіндер оқушыға дүниетанымдық көзқарас пен өмірді терең түсіну мүмкіндігін береді.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде сипаттау мәтініне тән екі басты ерекшелік мыналар деп көрсетіледі:

1. Сын есім сөздер арқылы құрылып, мәтін **қандай?** деген сұраққа жауап беретіндей мазмұнда болуы шарт.

2. Сипаттау мәтінінде көбінесе табиғат көрінісі, адам, аң, құс белгілері анықталады. Сипаттау мәтінінің басқа мәтіндерден ерекшелігі мынадай:

- етістіктері өткен немесе осы шақта қолданылады;
- сипаттама тілі (сын есімдер, үстеулер);
- көңіл-күй етістіктері мен нақты зат есімдер;
- сенсорлық елестетуді қолданады;
- сипаттау үшін салыстыруды қолданады.

Ал оқу сауаттылығына қатысты көмекші оқу құралдарында мәтіндердің түрлерінің ішінен сипаттау мәтінін қалай оңай ажыратуға болады дегенде: «Сипаттау мәтіні бір затты не құбылысты сипаттайды және **қандай? қалай?** деген сұрақтарға жауап береді. Мұндай мәтіндерде пейзаж суреттеледі немесе портретке мінездеме беріледі. Мысалы, мәтінде таулар мен қыраттар, адамның самайына түскен ақ шашы, биязы немесе қырсық мінезі, Астананың Бәйтерегі, Алматының алмасы т.б. туралы айтылса сипаттау мәтінін оп-оңай табуға болады» [1,32 б.].

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде ұсынылып жүрген критерийлерге сәйкес І.Жансүгіровтің прозалық шығармаларынан пейзаж және кейіпкер портретіне негізделген сипаттау мәтіндері өте көптеп кездеседі. Мәселен, «Хан адвокат» фельетонында басты кейіпкер Ырай туралы былай деп сипаттайды: *Ырай қызық кісі. Аузы орақ орады, белі ауырмайды. Көңілі пырақ, шабады, болдырмайды. Сүйетіні мақтан. Бәрмеді, шермеді. Осы Ырайды қалай ұмытарсың?*

Ырай «чудак» кісі.

Сол Ырай қыс ішінде Қызылордаға келіп қайтты. Өзгерген. Өзге түске түскен. Иісі күлімсіген кемболат тысты, битті күні үстінде жоқ, тышқан жағалы пальто; албыр-салбыр кісе жоқ, сыпыра қадаған сыдырғы екі қатар түймелі омырау; қара лақтың терісінен жабасалды тымақ жоқ, жібекше белдеулі, америка фасонды сұрша қалпақ; енем үйінің іркіт сабасындай шалбар жоқ, сып борбай брюка; қонышы құшақ, сасық табанды саптама жоқ, күрең сары итиблет, галош; ессіз қыстаудай аңырайған алқам-салқам омырау жоқ, крахмал жаға, жібек галстук; бурыл жылқының құйрығындай ақтылы-қара сақал, мұрттан қылтанақ жоқ, кемпір ауыз, көк тұқыл иек; Ырай әбден түлеген. Өлі жүні түскен. Өзгерген [2,101 б.].

І. Жансүгіровтің прозалық шығармаларындағы пейзаж бен кейіпкер портретін сипаттау мәтіндерін оқыту барысында бірнеше әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Мысалы:

1. Салыстыру және контраст: Оқушыларға Ырайдың бұрынғы және қазіргі бейнесін салыстыруды ұсыну. Бұл әдіс арқылы кейіпкерлердің өзгерісін, қоғамдағы өзгерістерді көрсетуге болады.

2. Көрнекілік: Ырайдың сипаттамасындағы элементтерді визуализациялау. Оқушыларға кейіпкердің киімдерін, сыртқы келбетін суреттеу немесе сурет салу тапсырмасын беру.

3. Топтық жұмыс: Оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа Ырайдың кейбір сипаттамаларын талқылауды ұсыну. Топтар өз пікірлерін ортаға салып, кейіпкердің ерекшеліктері мен оның қоғамдағы рөлін талдай алады.

4. Сұрақ-жауап: Оқушыларға Ырай туралы сұрақтар қою арқылы олардың шығарманы тереңірек түсінуіне көмектесу. Мысалы, «Ырайдың сыртқы келбеті оның ішкі әлемін қалай көрсетеді?» деген сұрақтар.

5. Жазба жұмыстары: Оқушылардан Ырайдың портретін сипаттайтын шағын эссе немесе шығармашылық жұмыс жазуды ұсыну. Бұл әдіс оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өз ойларын білдіруге көмектеседі.

6. Дебат: Кейіпкердің әрекеттері мен мінез-құлқын талқылау үшін дебат ұйымдастыру. Оқушылар Ырайдың әрекеттерінің дұрыс немесе бұрыс екенін қорғап, өз пікірлерін дәлелдей алады.

7. Рөлдік ойындар: Оқушыларға Ырай мен басқа кейіпкерлердің рөлдерін ойнауды ұсыну арқылы шығарманың атмосферасын сезінуіне мүмкіндік беру.

Осы әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, І.Жансүгіровтің шығармаларын оқыту процесі қызықты әрі тиімді болады.

Ілияс Жансүгіровтің табиғат құбылыстарын сипаттауға арналған «Бадырақ» романынан алынған мына бір үзіндіге зер салайық:

Күн шаңқай түс. Аспан айналған ыстық. Жіңішке тоғаншаның шилеуіт бойына топырлай қонған ығы-жығы ауыл. Сыырдың дегдуге жайып қойған ақ жапасындай үйме-жүйме итарқа, жапыр-жұпыр жаппа. Жұлған тырнадай сорайған күздеулі түйелер шилерге ала бұйдалармен тұқырта байлаулы тұр. Күмісті ертоқымды көш аттары ауыздығын қарш-қарш шайнап, қалмақша байланған. Иттердің тілі қарыстай болып ши түбінде солықтайды. Ауылдың арт жағындағы дөңеске шанышылған қара шашақты қарағай найза көкке тәу етіп тұр. Көлеңкесіз жердегі адам баласын күн ыстығы сарттың шашлығындай пісіреді.

Күн көтеріліп, ай жабылып қалған. Қатпар қабырғалы қоңыр тау жаратылыс сұлулығынан масаттанған төбедей болып төрде жатыр. Жылы жел қоңыр дөңдердегі раң күреңшелерді үріп, үкідей желпілдетеді. Аспанда шөкімдей бұлт жоқ. Әлемді маужыратқан сұлу табиғаттың шарасын кірлетуге дәті жетпегендей, бұлттар бұғып кетіпті. Осы сұлулықтың қожасы күн. Ол болса қызыл тарғыл таудың шоқтығынан жымыиып, жерге нұрын шаша күліп тұр [3,68 б.].

Оқушыларға осы мәтін арқылы олардың оқу сауаттылығын дамыту мақсатында, мәтінмен жұмыс барысында тиімді деп танылатын мынадай тапсырмалар ұсынуға болады:

I. Мәтінді түсініп оқу және мазмұндау мақсатында:

1. Мәтін не туралы? деген сұраққа жауап бере отырып оқушы мәтін мазмұнын қысқаша әңгімелеп, мазмұндап бере алады.

2. Мәтінде ауыл көрінісі қалай сипатталған? Ауыл көрінісін сипаттауға қандай сөздер немесе тіркестер таңдап алынған.

3. Автор табиғат пен күнді қалай сипаттаған?

4. Мәтінді қысқартып шағын жинақталған сипаттау мәтінін құрастыр.

Екінші кезеңдегі тапсырмалар сипаттау мәтініне тән ерекшеліктер негізінде ұсынылады:

II. Мәтіндегі көркемдік элементтерді анықтап, сызба-кестені толтырыңыз.

Кесте 1 – Көркемдік элементтердің сызба-кестесі

Көркемдік тәсіл	Мәтіннен мысал
Метафора	
Эпитет	
Теңеу	

III. Сыни ойлау мен шығармашылық бағытта да тапсырмалар ұсынуға болады.

- I. Жансүгіров күн бейнесін қалай сипаттаған, неге «сұлулықтың қожасы» деп атаған?
- «Аспан айналған ыстық» тұрақты тіркесінің синонимдік қатарын

Г.Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдер сөздігінен» тауып жаз.

- Ауылдағы, қаладағы күн батқан кездегі әдемі құбылысты көз алдыңа елестете отырып сипаттау мәтінін жаз.

IV. Түсініксіз сөздердің мағынасын түсіндіру мақсатында сөздікпен жұмыс жасауға болады. Бұл ретте оқушылар <https://sozdikqor.kz/> сайтына кіріп сөздікпен жұмыс жүргізе отырып төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын жазады:

- Дегду
- Жаппа
- Қалмақша байланған
- Раң күреңшелер
- Үкідей желпілдеу
- Тарғыл

Дәл осы мәтінге қатысты қазіргі оқу үдерісінде тиімді деп танылатын цифрлық, интербелсенді әдістерді қолдана аламыз. Мысалы:

«Образдар картасы» әдісі (немесе Padlet)

Әдісті қолдануымыздағы негізгі мақсат: ұсынылған мәтіндегі ауыл көрінісі, негізгі табиғат құбылыстары туралы оқушының көзқарасын визуалды түрде көрсету.

Әр оқушы Padlet тақтасында ұсынылған бір атауға «күн, ауыл, табиғат т.б.» таңдау жасап оның сипаттамасын жазады, не болмаса иллюстрациямен толықтырады. Мысалы: Күн – әдемілік пен жылулықтың символы.

Күн – сұлулықтың қожасы.

Нәтижесінде: табиғатқа, берілген атауға жеке қасиеттерін ескере отырып сипаттама жаза алады; шығармашылық ойлауы мен сөздік қоры артады.

«Дыбысты мәтін» жасау әдісі

Аталған әдісті мәтінді мәнерлеп оқу, оқыту, тыңдай отырып қабылдау қабілеттерін арттыру мақсатында қолданамыз.

Оқушылар мәтінді топпен бөліп оқиды және жазып алады.

Әр мәтін бөлігіне дыбыстық эффект қосуға болады (мысалы: жел, гуіл, ызың, құстардың сайрауы, судың сылдыры т.б.).

Нәтижесінде оқушының эмоциялық қабылдауы, прагматикалық қабылдауы дамып, мәтінді мәнерлеп, дауыс ырғағын дұрыс қоя отырып оқу қабілеті артады.

Қорыта келгенде, автордың шығармаларын оқыту барысында сипаттау мәнді мәтіндерді қолданудың маңызы зор. І. Жансүгіровтің шығармаларында табиғат пен адамның бірлігі, сезім мен ойдың тығыз байланысы тереңірек ашылады. Мұндай мәтіндерді оқу барысында оқушылардың шығармашылық ойлауы дамып, әдебиетке деген қызығушылықтары артады. Сонымен қатар, шығармалардың көркемдік жағы мен олардағы адамдық құндылықтарды түсіну арқылы оқушылар өздерінің адамгершілік дүниетанымдарын кеңейтеді. Оқушы кез келген табиғат құбылысына, затқа, атауға және олардың қасиеттеріне дұрыс сипаттама жасап, суреттей алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Оқу сауаттылығы. ЖОО-ға дайындыққа арналған оқу құралы // Б.П. Есембеков, А.А. Жұманазаров. – Алматы, 2018. - 268 б.
2. Жансүгіров І. Сатира және фельетондар. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Абзал-Ай, 2019. - 208 б.
3. «Ілиястану» пәнінің хрестоматиясы // Жалпы редакциясының басқарушы Т.Сыдықов. Талдықорған қ., 2014. - 561 б.
4. <https://sozdikqor.kz/>

UDC 800

INVESTIGATING THE LINGUOCULTURAL FEATURES OF ENGLISH BEHAVIORAL NAMES AND THEIR SIGNIFICANCE FOR LANGUAGE INSTRUCTION

A. Arinov

Master's student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty
Scientific Director: PhD, Senior Lecturer of the Philology Department K. Aldasheva
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty
Alisher.arinov.98@mail.ru, Kama_kz89@mail.ru

This article examines the study of character traits in the linguacultural aspect, which allows us to identify the relationship between language, culture and national mentality. The author analyzes the main tasks of linguacultural studies, emphasizing its difference from linguacultural studies, and describes the role of character traits as cultural concepts. The work reveals the influence of culture on the formation and perception of personal qualities, and analyzes national characteristics of characters. Particular attention is paid to the linguistic means of expressing character traits, including vocabulary, phraseological units and idioms in different languages. Examples of lexical units reflecting national specifics are given, and differences in the interpretation of certain qualities in different cultures are considered. Thus, the article demonstrates that the study of character traits in linguacultural studies, contributes to a deeper understanding of cultural values and promotes intercultural dialogue.

Key words: linguocultural studies, character traits, cultural concept, national character, language and culture, intercultural communication, lexical specificity, phraseological units, idioms, mentality, value orientations, linguistic picture of the world, cultural stereotypes.

Бұл мақалада тіл, мәдениет және ұлттық менталитет арасындағы байланысты анықтауға мүмкіндік беретін лингвомәдени аспектідегі мінез ерекшеліктерін зерттеу қарастырылады. Автор лингвомәдени міндеттерді талдап, оның лингвистикалық және аймақтық айырмашылығына тоқталып, мәдени ұғым ретіндегі мінез-құлық қасиеттерінің рөлін сипаттайды. Жұмыста мәдениеттің тұлғалық қасиеттердің қалыптасуы мен қабылдануына ықпал жасалып, ұлттық мінез-құлық қасиеттері де талданады. Әртүрлі тілдердегі лексиканы, фразеологиялық бірліктер мен идиомаларды қоса алғанда, мінез-құлық белгілерін білдіретін тілдік құралдарға ерекше назар аударылады. Ұлттық ерекшелікті көрсететін лексикалық бірліктерге мысалдар келтіріліп, әртүрлі мәдениеттердегі белгілі бір қасиеттерді түсіндірудегі айырмашылықтар қарастырылады. Осылайша, мақала мәдени лингвистикадағы мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеу арқылы мәдени құндылықтарды тереңірек түсінуге және мәдениетаралық диалогты дамытуға ықпал ететінін көрсетеді.

Кілт сөздер: лингвомәдениеттану, мінез-құлық ерекшеліктері, мәдени концепция, ұлттық мінез, тіл мен мәдениет, мәдениетаралық қатынас, лексикалық ерекшелік, фразеологиялық бірліктер, идиомалар, менталитет, құндылық бағдарлар, дүниенің тілдік суреті, мәдени стереотиптер.

В данной статье рассматривается изучение черт характера в лингвокультурологическом аспекте, что позволяет выявить взаимосвязь между языком, культурой и национальным менталитетом. Автор анализирует основные задачи лингвокультурологии и описывает роль черт характера как культурных концептов. В работе раскрывается влияние культуры на формирование и восприятие личностных качеств, а также анализируются национальные особенности характеров. Особое внимание уделяется языковым средствам выражения черт характера, включая лексику,

фразеологизмы и идиомы в различных языках. Приведены примеры лексических единиц, отражающих национальную специфику, и рассмотрены различия в интерпретации определенных качеств в разных культурах. Таким образом, статья демонстрирует, что изучение черт характера в лингвокультурологии способствует более глубокому пониманию культурных ценностей и способствует межкультурному диалогу.

Ключевые слова: лингвокультурология, черты характера, культурный концепт, национальный характер, язык и культура, межкультурная коммуникация, лексическая специфика, фразеологизмы, идиомы, менталитет, ценностные ориентиры, языковая картина мира, культурные стереотипы.

Introduction

The study of character traits in the linguacultural aspect is an important area of modern research, located at the intersection of linguistics, cultural studies and psychology. Human character, being a complex and multifaceted phenomenon, reflects not only the individual characteristics of the personality, but also the cultural, social and historical contexts in which it is formed and manifested. Linguacultural studies, as a science that studies the relationship between language and culture, allows us to reveal how character traits are reflected in linguistic units, phraseological units, proverbs and other elements of the linguistic picture of the world. Analysis of character traits through the prism of linguacultural studies makes it possible to understand how cultural values, traditions and mentality of the people influence the perception and assessment of certain personality traits. For example, such traits as hard work, honesty, courage or cunning can be interpreted differently in different cultures, which is reflected in the language. Thus, the study of character traits in the linguacultural aspect allows not only a deeper understanding of the nature of the human personality, but also the identification of unique features of the national character, enshrined in language and culture.

Main part

1. Definition and main tasks of linguacultural studies as a science

The central triad of linguacultural studies “language -people– culture” is the focus in which the most important problems of this branch of science converge and can be solved. Culture as a correlate of language and national culture should be understood in its historical value, traditions, innovation and novelty. The appeal to language and culture has a centuries-old tradition. [1] V.V.Vorobyov, recognizing the special scientific status of linguacultural studies, believes that in its tasks linguacultural studies is significantly closer to linguacultural studies, but points out a number of its specific features. Linguaculturology is a natural step in the field of philological and other humanities. It is a scientific subject of a kind, bordering between the notions working on culture and philology, and not an issue of language acquisition, as philologicic and cultural studies. The problems of language learning are fluxion. The primary aim of linguaculturology is the interaction of culture and language. The great issues are methodological and philological. The content of linguaculturology, justifying its allocation as an independent direction of knowledge, should have as its subject the national types of existence of social norms, manifesting in the system of language communication, based on the cultural values of a specific historical society.

2. Character traits as a cultural concept

Character traits as a cultural concept are a set of stable qualities, behavioral characteristics, and worldviews that are formed under the influence of culture, traditions, social norms, and values of a particular society. These traits reflect not only the individual characteristics of a person, but also collective ideas about what is considered desirable, acceptable, or unacceptable within a given culture. Character traits as a cultural concept are a set of stable qualities, behavioral characteristics, and worldviews that are formed under the influence of culture, traditions, social norms, and values of a particular society. These traits reflect not only the individual characteristics of a person, but also collective ideas about what is considered desirable, acceptable, or unacceptable within a given culture.

Character traits are often associated with cultural values and norms. For example, some cultures value individualism and independence, while others value collectivism and mutual assistance. In Western cultures, traits such as independence and ambition are often viewed as positive, while in Eastern cultures, modesty and harmony with the group are more valued. Culture shapes expectations about what character traits an “ideal” member of society should have. For example, in some cultures, men are expected to make decisions and being strong, while women be solicitous and gentle. These expectations can vary depending on the historical period, religion, and social structure. Character traits are often associated with cultural stereotypes and archetypes. For example, in Russian culture, there is an archetype of the “broad soul”, which is associated with generosity, emotionality, and openness. Such archetypes can influence how people perceive themselves and others.

3. National character as a subject of cultural comprehension

National character is primarily a cultural phenomenon and acts as a concept expressing the historically formed cultural individuality of a people as an integral historical subject, which reflects its life world and which appears not so much as a certain ensemble of psychological traits, but as a stable complex of cultural dispositions through which the formation and self-realization of an individual as a representative of a corresponding ethnic group occurs. [2]

National character as a subject of cultural comprehension is an important area in the study of culture, since it reflects the specifics of the mentality, values, traditions and behavioral models inherent in a certain nation or ethnic group. This concept is associated with collective self-awareness and identity, which are formed under the influence of historical experience, geographical conditions, religion, language and social institutions. Understanding national character helps to better understand the origins of conflicts, the peculiarities of intercultural interaction and the paths to dialogue between peoples. It contributes to the preservation of cultural heritage and the strengthening of national identity in the context of globalization. [3] Learning about national character is also important for developing tolerance and respect for cultural diversity.

4. Reflection of character traits in language

Reflection of character traits in language is an important aspect of the interaction of culture and communication. Vocabulary describing character traits not only allows people to express their thoughts and feelings, but also reflects the values, norms, and worldview features of a particular society. Let's consider how character traits are manifested in language and what features of vocabulary can be identified.

1) Cultural specificity of vocabulary

Each language has words and expressions that describe character traits that are significant for a given culture.

In Russian, there are words “soul wideness”, “candor”, “audacious”, which reflect the values of emotional openness and generosity.

In Japanese, the word “gam-ba-ru” means perseverance and the desire to do everything possible, which emphasizes the importance of hard work and perseverance in Japanese culture.

In English, the word “independence” reflects the value of self-reliance characteristic of Western cultures.

Some personality traits may be special to a certain culture and probably not have direct variants in other languages.

2) Positive and Negative Traits

Each language has vocabulary that describes both positive and negative personality traits. [4] What is considered positive in certain traditions may be acquired like negative in another:

For example, in Russian the notion of “guile” can have both a positive connotation (the ability to find a way out of difficult situations) and a negative one (deception).

In English, the word “aspiring” usually has a positive connotation, while in some other cultures it can be perceived as a manifestation of selfishness.

Conclusion

Linguacultural studies as a science studies the relationship between language and culture, revealing how cultural values, traditions and worldview are reflected in linguistic forms. One of the key aspects of linguacultural studies is the study of cultural concepts, among which character traits occupy a special place. Character traits, being an important element of national identity, are formed under the influence of historical, social and cultural context and become the subject of cultural understanding. National character as a cultural concept reflects stable features of mentality and behavior inherent in a certain ethnic group. Language becomes a mirror that reflects both positive and negative character traits inherent in representatives of a particular culture.

Thus, the study of character traits as a cultural concept within the framework of linguacultural studies allows for a deeper understanding of the relationship between language, culture and mentality. It helps to identify the features of national character and their reflection in linguistic forms, which is an important step towards intercultural understanding and dialogue.

REFERENCES:

1. Vorobyev, V.V. LINGUOCULTURAL STUDIES: (Theory and Methods). - M.: Publishing House of the Russian University of Friendship of Peoples, 1997. - 331 p.
2. Shvetsova, A.V. National Character as a Subject of Cultural Understanding // Historical Turns of Culture. - M.: Consent, 2018. - p. 333-343.
3. Sabitova, Z.K., LINGUOCULTURAL ASPECTS OF THE STUDY OF THE RELATIONSHIP BETWEEN LANGUAGE AND CULTURE, Kazakh National University Press, Philology series, No. 2 (132). 2011 - p. 20-23.
4. Richard D. Lewis, When Cultures Colide: LEADING ACROSS CULTURES. Nicholas Bruealey International., 2006 – 595 p.

ӘОЖ 342.9.07

ІЛІЯС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ «ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТ ҰҒЫМЫ

Әбіш С.Қ.

Студент, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.
abysevsamat@gmail.com

Бұл мақалада Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасындағы кейіпкерлердің образдарын талдау арқылы лингвистикалық интеллект ұғымын анықтау мақсаты қойылған. Поэманың тілдік құрылымдары мен көркем бейнелерін терең зерттеу нәтижесінде, автордың сөз өнеріндегі ерекше тәсілдері мен символикалық элементтері арқылы Ақанның ішкі әлемі мен психологиялық жағдайы айқындалады.

Кілт сөздер: Лингвистикалық интеллект, шемендік, байланыс, ойлау, мәдениет.

В данной статье поставлена цель определить понятие лингвистического интеллекта путем анализа образов персонажей поэмы Ильяса Жансугурова «Кулагер». В результате углубленного изучения языковых структур и художественных образов поэмы определяется внутренний мир и психологическое состояние Акана через своеобразные приемы и символические элементы авторского словесного искусства.

Ключевые слова: Лингвистический интеллект, ораторское искусство, контакт, мышление, культура.

This article aims to define the concept of linguistic intelligence by analyzing the images of characters in Ilyas Zhansugurov's poem «Kulager». As a result of an in-depth study of the linguistic structures and artistic images of the poem, the inner world and psychological state of akan are revealed through the author's unique approaches and symbolic elements in the art of speech.

Key words: Linguistic intelligence, eloquence, communication, thinking, culture.

Кіріспе

Адам өз өмірінде тіл арқылы ойларын білдіріп, коммуникация орнатады, сондай-ақ өз пікірлерін айқын жеткізу үшін сөздерді қолданады. Осы қабілетті тереңірек түсіну үшін лингвистикалық интеллект ұғымын қарастыру маңызды. «Лингвистикалық интеллект» термині тілдік қабілеттер мен тіл құрылымдарын түсіну және тілмен жұмыс істеу дағдыларын білдіреді. Бұл ұғым алғаш рет танымал психолог Говард Гарднердің «Множественный интеллект» теориясында енгізген. Адамның тілге қатысты қабілеттерін, оның ішінде тіл арқылы ақпаратты қабылдау, өңдеу және жеткізу дағдыларын сипаттайды. «Болашақ жазушылар – бұл лингвистикалық интеллекті еңбектің және мүмкін, генетикалық бейімділіктің арқасында дамыған адамдар» деген пікірді негізге ала отырып, шығармашылық қабілеттер тек табиғи дарынмен ғана емес, сонымен қатар адамның тілмен жұмыс істеуге деген ынта-ықыласы мен үздіксіз еңбектенуімен де байланысты деп тұжырымдаймыз. [1, 180 б.]

Негізгі бөлім

Лингвистикалық интеллектіні талдауымыздың ерекшелігі Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасындағы Ақан серінің бейнесі арқылы айқын көрінеді деп пайымдаймыз. Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасы қазақ әдебиетінің маңызды шығармаларының бірі болып саналады. Жансүгіров бұл поэмада өз кейіпкерлерінің Ақан сері мен оның Құлагерінің бейнесін ғана емес, сонымен бірге «бүкіл ұлттың көзінен бұлбұл ұшқан», отырықшы халық болып азғындыққа ұшыраған және халықты басқа жерлерге қоныстануға мәжбүрлейтін мұнды өзгерістерге ұшыраған айналадағы орын алып жатқан оқиғаларды

суреттейді. Поэма жазу барысында жайлаудың жасыл панорамасы, жайлаудың жаймашуақ еркіндігі, бүгінде қатты қобалжыған адамдардың бір кездегі берекелі сезімін көргендей күй кешуге болады. Ол философиялық тереңдігімен және күрделі сюжеттік құрылымымен ерекшеленеді деген пікірдеміз. Негізінен поэманың сюжеті төмендегідей бастау алады: Бастапқы шумақтарда автор оқырманды Ақан туралы аңызбен таныстырып өтеді, ал шығарманың кейінгі бөлімдерінде лирикалық шегініс жасау арқылы «Қайың ағашын көлеңке етіп отырған қара шалдың» басынан кешкен оқиғаларына көшеді, момақан тау, шипа көл, тыныш алаңқайда қарағай ағашының басында қу бас ілінген ағаштың саясында, ағашты көлеңке етіп отырған бір қара шал бар екендігін баяндайды. Бұл жердегі қара шал деп отырғанымыз-Ақан сері. Бұл бейнеде Ақанның тілдік дағдылары, ойлау жүйесі және моральдық құндылықтары арқылы оның лингвистикалық интеллектісінің көрінісі байқалады. Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасында Ақан серінің бейнесі оның әртүрлі қасиеттері арқылы толық ашылады.

Адамгершілік қасиеті. Ақанның адамгершілік қасиеттері оның тұлғасының маңызды құрамдас бөлігі ретінде көрініс табады. Ақанның адамгершілігі оның рухани тазалығының негізі болып, тұлғалық ерекшеліктерін айқындайды. Ақанның сезімталдығы мен нәзік жүрегі оның рухани тазалығының басты белгісі ретінде көрінеді. «*Сезгір жан, нәзік көңілін азап алып*» деген жолдарда оның ішкі әлемінің сезімталдығы мен қайғысын, ал «*Жабырқап жапан түзді жалғыз кезген*» жолдарында Ақанның өмірдің қиын сәттерінде жалғыздықты және ішкі азабын бастан өткергені көрсетіледі. [2, 9б.] Ақанның адамгершілік қасиеттері оның қоғамға деген көзқарасынан айқын көрінеді. «*Кісі емес көп қатынды үйірлеген*» жолы қоғамдағы моральдық нормаларға қарсы тұрып, өзіндік өмір ұстанымын таңдап, жеке жолын іздегенін білдіреді. Оның жүрегінің нәзіктігі мен сезімталдығы, «*Жүрегін жуықтаса жаралаған*» жолымен ішкі күйзелісін сипаттайды. «*Кір өмір, тікен тұрмыс, улы өсек*» сөздері арқылы қоғамның арамдықтары, өсек пен өтіріктен Ақанның аулақ жүргені және бұл теріс әсерлердің оның рухани әлеміне тигізген жарасы көрсетіледі. Бұл тұстар Ақанның терең адамгершілік қасиеттері мен рухани тазалығын түсіндіреді. «*Кісі емес Ақан төрде билік айтқан*» оның ресми билікке қызықпағанын, қарапайым өмір салтын ұстанғанын көрсетеді. «*Ұры емес, ауыл торып, ел шулатқан*» қоғамда тыныштық пен бейбітшілікті сақтағанын білдіреді. «*Молда емес, мешіт салып, зекет алып*» өлеңі Ақанның дінмен айналыспағанын, оның өмір жолы материалдық көмек пен уағыздан бөлек болғанын көрсетеді. «*Нәжісін дүниенің бойға жаққан*» жолы оның арамдықтардан аулақ болып, адамгершілік құндылықтарды ұстанғанын дәлелдейді. Бұл өлең жолдары Ақан серінің рухани тазалығы мен қоғамдағы орнын оның адамгершілік қасиеттерін көрсетеді деген пікірдеміз. [2, 8-11б.]

Шешендік қасиеті. «*Саңлақ ед шыққан мыңнан, озған жүзден,*» Бұл тұстарда Ақан серінің шешендігі мен терең ақылдылығы айқын көрінеді. Өйткені оның сөздері мен әрекеттері тек ақындық және әншілік қабілеттерін ғана емес, сонымен қатар оның өмірлік көзқарастары мен философиялық ойларын да көрсетеді. «*Алғыр ой, ақын, әнші-көп тоқыған, Елді улап, өлім тілеп жалмаң қаққан*» — Ақанның ақылға бай, білімді және өнерлі адам ретінде сипатталуы оның интеллектуалдық қабілетін, шешендігін оның қоғамдағы әділетсіздіктерге қатысты ашық пікір білдіруі мен шешендік қабілетінің көрінісі ретінде сипатталады. Ол өз ойларын батыл әрі әсерлі жеткізе біледі. [2, 9б.] «*Бұл ем, ес бөлек еді көп сопыдан*» деген жолда Ақанның сопылық жолды ұстануы оның ерекше дүниетанымын және интеллектуалдық еркіндігін айқындайды. Ақан серінің өзіндік жолын ашық әрі шешен түрде білдіруін оның даналығы мен шешендігінің үйлесімі ретінде сипаттайды. Ас ішу кезінде ән тыңдаған халықтың көңіл-күйі бірден аты аңызға айнала бастаған Құлагерге ауысады. Кейбіреулер Құлагер мен Көктұйғынды мақтап, сынап, неше түрлі сөздер айтып, Батыраш пен Ақанның арасына алауыздық өртін тұтандырады. Ақан байлығымен мақтанған Батыраш Ақанның кедейлігін бетіне басып, «*төренің атын ерттеп мінген байғұс ел Қарауыл едің*», -деп кемсітіп, мысқылдап сөйлейді. Ашуға мінген ақын:

«Құлагер Көктұйғынның басы-көзін су ғып озбаса, атым сенікі», -деп ант етті. Бірақ Құлагердей жүйрікті қандай тағдыр күтіп тұрғандығын Сері қайдан білсін? «Ауылым қонған Сырымбет саласына», - деп шырқап салған әнін жалғастыра береді. «Көкжалды қысып кетті ашу, сайтан, Төпсініп ақ отауға келді кіріп,» Батыраштың ашуланшақ, қызба мінезі поэмада көркемдік детальдар арқылы бейнеленеді. Ақын Батыраштың агрессиясын көкжал бейнесі арқылы сипаттайды, бұл оның қатігездігін көрсетеді. Ақанның табандылығы мен ақылдылығы оның адамгершілік және шешендік қасиеттерін көрсетеді. Егер Ақан ашуға бой алдырса, қақтығыс болуы мүмкін еді, бірақ ол сабыр сақтап, ақылмен жауап берді, бұл оның ішкі күшін, рухани тазалығын дәлелдейді деп санаймыз.[2, 9-156.]

Адалдық қасиеті. Ақан серінің адалдық қасиеті оның өміріндегі үш маңызды бағытта нақты көрініс табады: бірінші, ғашығы Ақмарқаға деген адалдығы, екінші, асырап алған шабандоз балаға деген адалдығы, үшінші, сүйікті жылқысы Құлагерге деген адалдығы деп зерделейміз. Біздің пікірімізше, Ақан сері аманатқа қиянат жасамайтын, өзіне деген сенімді сақтайтын тұлға ретінде сипатталады. Бұл оның адамгершілік ұстанымдарын берік екенін көрсетеді. Ақан серінің ғашығы Ақмарқаға деген адалдығы оның «Серінің сүйген жары — Ақмарқасы, Көліндей Көкшетаудың жан қалқасы» деген өлең жолдары арқылы айқын көрінеді. Ақмарқаның әсемдігі мен табиғи сұлулығы Ақан үшін тек сыртқы көрініс ғана емес, оның жүрегінде мәңгілік орын алған ғашықтықтың символына айналғандай, «сол ма екен елден айдап ән салдырған, Жүрегін күнде шауып қыз балтасы»[2, 116] деген жолдарда Ақмарқаның сұлулығының ғана емес, Ақанның ғашығына қосылу мүмкіндігі болмағанын, оның өмір бойы осы сүйіспеншілікті іште сақтап өткенін көрсетеді. Ақанның азап шеккенін және ғашығына қосылмағанын, бірақ оны ешқашан ұмытпай, әндерінде жырлап, сүйіспеншілігін мәңгілік еткенін байқаймыз. «Әйтеуір Құлагерді мініп баптап, Жалғыз жан жапан-түзге кеткен ақтап. Ақ көңіл, асқар жанын алып қашқан, Арамнан, айналадан кірден сақтап.» Жаңағы айтылған «адалдық қасиеті» Құлагердің бейнесінде тікелей көрінеді, өйткені Құлагер Ақанның өмірінде тек жылқы ғана емес, оның жақын серігі әрі отбасы мүшесі ретінде маңызды орын алады. Ақан сері ғашығына қосыла алмағандықтан, Құлагерді баптап, оны мініп, жалғыз өзі табиғатқа кетеді. «Кеуіп қалған қу бас дегеніміз-Құлагер аттың басы. Ақын өзінің кейіпкері Ақанның басы ауған жақта тентіреп, тау-тасты аралап кезіп жүру себебінің әлеуметтік-қоғамдық сырын ашып көрсетеді. [3, 68 б.] Бұл оның ішкі тыныштық пен рухани тазалықты іздеу жолындағы әрекеті. Көкшетау өңірінен Ақанмен бәйгеге бірге еріп келген бала да сипатталады. «Қалың ат, көп баланың арасында, Құшақтап Ақан сүйді баласын да.» «Бұл өзі елдегі бір жетім бала, Ақанға бауыр басқан өкіл бала. Біздің ойымызша, бұл өлең жолдарында Ақан серінің қамқорлығы мен адалдығы көрсетілген. Ол жетім баланы тек тәрбиелеп қана қоймай, оған өмірлік білім мен дағдыларды үйретіп, оны қоғамға бейімдейді. Ақанның бұл әрекеті оның адамгершілік қасиеттерін және адалдыққа деген берік ұстанымын дәлелдейді.

Атбегілік қасиеті. «Әйтеуір Құлагерді мініп баптап, Жалғыз жан жапан-түзге кеткен ақтап. Ақ көңіл, асқар жанын алып қашқан, Арамнан, айналадан кірден сақтап» Бұл өлең жолдары Ақанның атбегілік шеберлігін және Құлагерге деген қамқорлығын көрсетеді. «Құлагерді мініп баптап» тіркесі оның ат баптау шеберлігін дәлелдейді. Ақан Құлагерді жүйрік ат қана емес, оған ерекше қамқорлық көрсететін жан ретінде қарайды. «Ақ көңіл, асқар жанын алып қашқан» деген жолдар Ақанның атбегілік жауапкершілігін және оған деген адалдығын білдіреді деген пікірдеміз. Құлагердің ерекшеліктері Ақанның атбегілік шеберлігін айқын дәлелдейді. Күреңбайдың «Жануар жүйрігі екен жылқы малдың» деген пікірі Жарысқа 1300 жылқы қатысады. Олардың ішінде Құлагер «Құлагер» тарауында белгілі жылқы сыншысы Күреңбайдың көзімен сипатталып, жазылған. Адамдар оған күліп, Ақанды мазақ еткенде, сыншы жылқыны көріп: «Сыншының келіп көрді отыз-қырқы, Күреңбай көріп деді: Жаман сұрқы,» «...Алдынан ұмтылғанда аң құтылмас, Артынан жөнелгенде жетпес жылқы!» – дейді. Құлагердің жылдамдығы мен ерекше қасиеттерін мойындау ретінде

карастырылады. Бұл сөздер Ақанның атбегілік қабілетінің жоғары деңгейде екенін, оның аттың физикалық ерекшеліктерін толықтай түсініп, баптау шеберлігін көрсетеді. Құлагердің «Сом аяқ, быртық бақай, болат тұяқ» сипаттамасы оның күшті әрі мықты қозғалу қасиеттерін білдіреді. Бұл элементтер Ақанның атбегілік шеберлігі мен аттың табиғи ерекшеліктерін үйлесімді түрде пайымдағандығын көрсетеді. *«Жел жақта шаң қаптырма, ұрма, қалқам! Тек қана тізгін қағып жайқа да отыр, Қайтарда тізгініңді тежеп отыр, Тақымды қамшы салмай безеп отыр..»* Ақан сері баласына атбегілік дағдыларын үйретуде сақтық пен сабырлықты алдыңғы орынға қояды. Ол баласына жел жақта шаң қаптырмауды, яғни аттың үстінде ұстамдылық таныту қажеттілігін ескертеді. Бұл атбегілік өнерде мықты бақылау мен төзімділік маңызды екенін көрсетеді. Ақан сері баласына атбегілік дағдыларын үйрете отырып, сақтық пен сабырлықты маңызды деп санайды. Ол баласына тізгінді ұстап, сабырмен жүруді, қажетсіз әрекеттерден аулақ болуды кеңес береді. Осы жерден Ақанның атбегілік қасиеті нақты көрінеді. Негізінен Ақан серінің жүйрікті асқан шеберлікпен тани білуі, жүйрікке баға беруі мүлдем бөлек. Ол Құлагерден жан рахатына таусылмас азық, сұлулық пен сымбаттың көзін табады. Сондықтан да Құлагерді Ақан сияқты адам ерекше әрі қатты бағалай біледі деп санаймыз.

Ділмарлық қасиеті. Ақанның ділмарлық мәні келесідей түсіндіріледі: Біздің көзқарасымыз бойынша, Ақанның ділмарлық мәні *«Ән – азан, әдемі сөз – намаз»* деп сипатталады, бұл оның әні мен сөздерінің рухани құндылыққа ие екенін, моральдық және рухани деңгейге жетуге ықпал ететінін көрсетеді. . Мына шумақта Ақан серінің ақындық қабілеті мен даралығы айқын көрінеді: *«Лермонтов болмағанмен біздің Ақан, Кісі ме ед ақындықтан құр алақан? Ортасын олқы көрген бұл да дара, Имеген иттерге бас сері, дарқан»*. [2, 7.] Бұл шумақта Ақан серінің ақындық қабілеті мен қоғамдағы ерекше орны сипатталады. Ол әділетсіздікке қарсы тұрып, өзінің еркіндігі мен даралығын дәлелдейді. Ақанның ділмарлығы оның терең ой мен рухани тазалығын, сөз арқылы қоғамдағы әділетсіздікті сынау қабілетін нақтылайды деген пікірдеміз. Ақанның *«Алғыр ой, ақын, әнші-көп тоқыған»* деген сипаттамасы оның интеллектуалдық қабілетін, шешендігін және қоғамдағы әділетсіздіктерге қарсы батыл пікір білдіруін көрсетеді. [2, 166.]

Сезімталдық қасиеті. Сезімталдық қасиеті – бұл поэмада Ақанның эмоционалдық жағдайы мен психологиялық ерекшеліктерін айқындайтын аспект деп ойлаймыз. *«Біреудің тіл мен көзі тимесін» - деп Дұға оқып, Ақан жерге түкірінді»*. Бұл жерде Ақан құлагерді байлап далада қалтырып жатқан кезде Құлагеріне ұйымдап көз тимесін деген эмоциясы көрінеді. Ақанның Құлагерін байлап, далада қалдырып кетуі оның тұлғалық сезімталдығын және жануарға деген қамқорлығын білдіреді, себебі ол аттың көз тимеуіне мән береді. Осы бәйгеге қатысушы мың үш жүз жүйрік жылқылардың алдына төрт оза шапқан саңлақ шығады. Кенеттен бір ат көзден мүлдем жоғалып кетті. Батыраштың Көктұйғыны, Айтпақтың Күрең аты, Шорманның Бурылы жылдамдықпен келе жатты, алайда Құлагер көрінбеді. Поэманың «Жалғыз қазық» тарауында Құлагердің арқасына құстай ұшып, Көктұйғынның құйрығын тістеп, тізгінін босатып, қалған жылқыларды шаңына ілестірмей, артына тастап, Көкөзек тоғайында мерт болған бейнесі суреттеледі. Ақанның Құлагердің мезгілсіз қазасына арнап шығарған трагедиялық жоқтау әні, оның суырып салмалық қабілетінің және ішкі сезімінің көрінісі болып табылады. Ілияс Жансүгіров бұл әннің мәтінін шебер пайдаланып, Ақан серінің қайғылы күйін жеткізеді. *Бай, бай* құлагерім деп жырлаған Ақанның осы жолдардағы сезімдері оның терең қайғысын, жан жарасын және сүйікті Құлагерінің қазасынан алған ауыр соққысын көрсетеді. Поэмадағы *«Құшақтап қу басыңды ойбайладым»* деген тұста Ақан өзінің жүйрік атын жоғалтып, одан айырылғанда сезінген рухани азап пен қайғысын ашық білдіреді. Ақанның *«Құшақтап қу далада қалдым жылап»* деген сөздері оның ішкі күйзелісін, жалғыздықты және үмітсіздікті көрсетеді. Ал *«Жазым боп жау қолынан жалғыз атым!»* жолы Ақанның сүйікті атын жоғалту арқылы психологиялық дағдарысқа ұшырағанын білдіреді деп пайымдаймыз. Біздің ойымызша, Құлагердің қазасы Ақанның өміріне терең әсер етіп, оның ішкі дүниесінің күйзелісін,

қайғы-қасіретін айқын көрсетеді. Ақанның «Құлагер, қуанышпен қосып тұрдым, Қоссам да қауіптеніп шошып тұрдым» деген сөздерінде оның Құлагерге деген алаңдаушылығы мен қуанышы аралас екендігі көрінеді. Ол Құлагермен бірге болғанда, қуанышқа бөленгенімен, сонымен қатар оны жоғалту немесе қауіптің туындауы туралы алдын ала сезім білдіреді. [2, 41 б] Қорытындылай келе, Ақанның қасиеттерін зерттеп, оларды сызба түрінде жинақтап ұсынамыз. Ілияс Жансүгіровтың "Құлагер" поэмасындағы Ақан серінің бейнесін талдай отырып, біз лингвистикалық интеллектінің көрінісін аштық.



Сурет 1 – Ақан серінің «лингвистикалық интеллектісін» айқындайтын қасиеттері

Қорытынды

Шын жүйрік Құлагер-Ақан Серінің сұлулық пен әсемдік идеясы болып табылады. Құлагердің өлтірілуі мен ақын мен әншінің шығармашылық мұрасын өлтірумен бірдей болды. Поэмадағы әсемдікті бейнелейтін ақын өлеңінің оптимистік рухы, қараңғылық сіңген нұры мұңнан туған, мәңгілік, халық жүрегінен орын алған «Құлагер» поэмасының туып, таралуында, қанды қол қарақшының озбырлық бейнесі асқан шеберлікпен суреттелген. Үйреніп қалған жануарыннан айырылу – адам үшін өте ауыр қайғы. Ақан үшін Құлагер жай ғана ат емес, ол оның сенімді серігі, досы әрі өмірдің бір бөлшегі болды. Содан кейін Ақанның жылап қайғыға батуы – оның жан дүниесінің қатты күйзелісін, психологиялық ауыртпалығын көрсетеді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келетін болсақ, Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы қазақ поэзиясы жанрында өзіндік көркемдік айшықтары мол өз алдына жеке дара із қалдырған туынды болып табылады. «Құлагер» поэмасындағы басты образ Ақан Серінің адамдық, адамгершілік, сезімталдық, адалдық, шешендік, атбегілік қасиеттері арқылы поэманың лингвистикалық интеллект ұғымы көрінісін нақты айқындадық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Gardner, H. (1983). Frames of mind: The theory of multiple intelligences. New York: Basic Books. 801 б.
2. Жансүгіров І. Құлагер: поэма. Қазақ, орыс, ағылшын тілінде/ І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, 2024. 264 б.
3. Қаратаев М. «Ілияс Жансүгіров». –Алматы, 1961.

ӘОЖ 373.1.

МӘТІНДЕРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС – БАСТАУЫШ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ӘДЕБИ-ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫ БӨЛІГІ

Бакраденова А.Б., Әбілғалимова А.С.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.
altyn.bakradenova@mail.ru, aizhana1993@mail.ru

Бұл мақаланың мақсаты – теориялық қағидалар мен әдістемелік тұжырым-пікірлер негізінде бастауыш сынып оқушыларына әдеби-тілдік білім беруде мәтіндермен жұмыс жасаудың маңызын ашу. Оқушылардың коммуникативті сөйлеуін және шығармашылық белсенділігін дамытуда мәтіндерді тиімді қолдану жолдарын көрсете отыра, мақала авторлары мәтінді оқушылардың өзіндік ойлауын, өзін-өзі танытудың, сөзге араласа білу қабілетінің көрсеткіші әрі нәтижесі деп бағалайды. Аталмыш мақалада бастауыш сынып оқушыларының әдеби-тілдік білім беру үдерісіне коммуникативті дайындығын зерттеу мәселесі мен балалардың әдеби сөйлеу тілін дамыту, коммуникативті дағдылары мен әлеуметтік-мәдени жағдаяттарға бейімделуі туралы сұрақтар қарастырылған.

Кілт сөздер: сөйлеу, сөз өнері, оқушылардың сөйлеу әрекеті, сөйлеу белсенділігі, мәтін, мәтінді оқу және талдау, коммуникативтік дайындық, коммуникативті-бағдарлай талдау, мәтіннің тақырыбы, мәтіннің құрылымы.

Целью данной статьи является раскрытие значения работы с текстом в обеспечении литературного и лингвистического образования учащихся начальных классов на основе теоретических положений и методических выводов. Показывая пути эффективного использования текстов для развития коммуникативной речи и творческой активности учащихся, авторы статьи оценивают текст как показатель и результат самостоятельного мышления, самовыражения и речевой активности учащихся. В статье рассматриваются проблемы изучения коммуникативной готовности учащихся к процессу литературно-языкового образования и вопросы по развитию литературной речи детей, коммуникативных умений и навыков, а также социокультурной адаптации их к социокультурным ситуациям.

Ключевые слова: речь, речевая деятельность учащихся, текст, чтение и анализ текста, коммуникативная подготовка, коммуникативно-ориентированный анализ, тема текста, структура текста.

The purpose of this article is to reveal the importance of working with text in providing literary and linguistic education to primary school students based on theoretical principles and methodological conclusions. Showing ways of effective use of texts for development of communicative speech and creative activity of students, the authors of the article evaluate the text as an indicator and result of independent thinking, self-expression and speech activity of student. The article examines the problems of studying the communicative readiness of students for the process of literary and language education and issues of developing children's literary speech, communicative skills and abilities, as well as their socio-cultural adaptation to socio-cultural situations.

Key words: speech, speech activity of students, text, reading and analysis of text, communicative training, communication-oriented analysis, text theme, text structure.

Кіріспе

Әдебиет – адамзатқа өнеге беретін және бай тіліміздің асыл қорын, әдеби мәтіндерін жинақтаған көркемөнердің бір түрі. Сондықтан да оған А.Байтұрсынов «Сөз өнері» деп ат берген. Бастауыш оқыту сатысында оқытылатын «Әдебиеттік оқу» пәні арқылы оқушылардың рухани дүниесі байиды, туған тілін қадірлеу арқылы туған елін құрметтеуге дейінгі сезімдері тәрбиеленеді. Әдебиет арқылы оқушылардың алдында еліміздің тарихы,

оның ғасырлар қойнауында қалған сөз сандығы ашылады, көркем сөз арқылы балалардың әдеби сөйлеу тілі қалыптасып, дамиды. Бастауыш сынып оқушыларын оқыту үдерісінде сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу олардың бала кезінен кітап оқуға деген ынтасын оятады.

Педагогикалық-психологиялық аспектіде мәтіннің этикалық-адамгершілік мәселелерін талдатып, осы негізде әдеби-тілдік білімді меңгерту, яғни диалогті, монологті мәтіндер бойынша оқушыларды қарым-қатынасқа түсіру, әдеби тіл нормасында өзара сөйлету олардың коммуникаивтік сөйлеу дағдыларын қалыптастырып, сөздік қорын байытады. Бастауыш мектеп оқулықтарындағы мәтіндермен жүргізілетін жұмыстар – оқушылардың өзіндік ойлауын, өзін-өзі танытудың, тілдік қатынасқа түсе білу қабілетінің көрсеткіші әрі нәтижесі. Сыныптағы сөйлеу тілі жоғары, дара тұлғалардың лингвистикалық құралдарды тандап қолданудағы коммуникативті және шығармашылық белсенділігін мәтіндермен байланысты білім беру үрдісінде туғызуға болады. Коммуникативті даярлықты, яғни оқушының қарым-қатынас процесінде басқалармен тиімді және барабар әрекеттесу қабілетін бақылау және оған арнайы эксперименттік зерттеу жүргізу – қазіргі әлеуметтік өзекті мәселе.

Негізгі бөлім

Оқушының әдеби тіл нормасына сәйкес сөзін қалыптастыруда бастауыш мектепте әдеби-лингвистикалық білім берудің маңызы зор. Бұл процестің бір бөлігі ретінде оқушылар сөйлеудің әртүрлі формалары мен жанрларымен (ауызша және жазбаша, ғылыми және көркем әдеби стильдер) танысады, бұл оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Әдебиеттерді оқу, мәтіндерді талдау және сөйлеушінің өз мәлімдемелерін жасауы коммуникативті дағдыларды дамытудың маңызды кезеңдері болып табылады. Әдеби шығармашылық элементтерін қамтитын оқу-тәрбие процесі балаларға өз ойларын құрылымдауға үйренуіне, пікірді логикалық және жүйелі түрде жеткізе алуына көмектеседі.

Мәтіннің лингвостилистикалық және прагмалингвистикалық аспектілерде зерттелуі қазіргі ғылымда баршылық, ал оқушыларға әдеби-тілдік білім беру үдерісінде қарастырылуы туралы арнайы зерттеу жоқтың қасы. Ахмет Байтұрсыновтың: «Мәтін тілдің көркем сөзде, яғни сөз өнерінде атқаратын қызметін жан-жақты танытуға жетелейді. Әріптерді танып, енді оқи бастаған төменгі сынып оқушысына өз ойын айтып жеткізуден басқа, оқығанын жаттап, мазмұндап беру қызықты. Кейінірек оқулықтағы мазмұны терең, тілі көркем мәтіндер оқушының сөйлеу шеберлігін дамытудың көзі» деген қағидасын бала санасына жеткізіп, оқушыға бастауыш сатыдан ана тілінің өмірдегі мәнін түсіндіруіміз керек [1]. Осы пікірдің жалғасы ретінде бүгінгі зерттеулерден Д. Әлкебаеваның: «Мәтін арқылы оқыту оқушының сөйлеуді ұлттық мәдениеттің компоненті ретінде меңгеруінің маңызды факторы – тілдік ортаны қалыптастырады» деген ғылыми-әдістемелік пікірді алуға болады [3]. Оқушыны бастапқы оқыту сатысынан өз тілін қадірлеуге тәрбиелеуді мәтіндердің этикалық-адамгершілік идеясын қабылдап, тілдік ортада ойларымен бөлісулері арқылы жүзеге асыра аламыз. Мұғалімдер, біздің бақылауымыз бойынша, оқулықтың тапсырмаларынан арыла алмай келе жатқандығын байқатып отыр.

Мәтіндердегі диалог, монолог, авторлық суреттеулер әр ұлттың менталитеттік белгісін сақтайды. Мәтін арқылы оқушы бойында ұлттық құндылықтар қалыптасады. Бұл идея қазіргі білім философиясындағы рефлексия бағытымен сабақтасып жатыр. Яғни мәтінмен жұмысты дұрыс ұйымдастыру оқушының өзінің табиғи тілдік ортасы арқылы дамуына жағдай жасайды. Оқушылар бір мәтінді талдау барысында өзара ой бөлісуге, пікір таластыруға, ортақ ой қорытындыларын жасауға үйренеді. Ү.Б. Жексенбаеваның зерттеу еңбегінде: «Мәтін - білімді дара тұлғаға бағдарлап оқытудың ұтымды құралы» [7] деген тұжырым жасалса, осы тақырыпта дайындалған диссертацияда: «Мәтінмен жұмыс оқушының субъект ретінде өзін әр қырынан танытуына мүмкіндік тудырады» – деген нақты баға берілген [4].

Зерттелетін мәселенің негізгі аспектілері әртүрлі типтегі мәтіндермен жұмыс істеу қабілетін қалыптастыруға негіз болатын балалардың мәтіндерді оқуы мен ағымдағы ақпаратты ауызша қабылдау дағдыларын дамыту болып табылады. Әдеби шығармаларды оқу барысында балалар оқығанының мазмұнын түсініп қана қоймай, оны талдауға, қорытынды жасауға, сұрақ қоюға үйренеді. Бұл сыни ойлауды дамытуға және әртүрлі жағдайларда қарым-қатынас дағдыларын жақсартуға көмектеседі. Көркем шығармаларды оқу және талқылау балалардың әртүрлі көзқарастарын бөлісуге мүмкіндік беретін, сыныптастарымен қарым-қатынасты қалыптастырудың өзіндік тәжірибесіне айналады.

Топтық жұмыс, әртүрлі көзқарасты салыстыра қарастыру коммуникативті дайындықты дамыту процесінің ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені олар басқалармен өзара әрекеттесуді, серіктестердің пікірлерін тыңдауды және құрметтеуді қамтиды. Сонымен қатар, процестің маңызды құрамдас бөлігі әртүрлі оқушылардың мәтіндермен және әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту, сондай-ақ білімді практикада қолдану болып табылады. Өз ойларын анық және түсінікті жеткізе білу, дәлелді пікірталас жүргізу, әртүрлі көздерден алынған ақпаратты дұрыс қабылдау және пайдалану – мұның бәрі белсенді және сенімді тұлғаны қалыптастыру үшін үлкен маңызға ие. Әдеби-тілдік білім беру процесінде бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті дайындығын зерттеу балалардың сөйлеу, коммуникативті дағдылары мен әлеуметтік-мәдени бейімделуінің дамуына әсер ететін негізгі компоненттерді анықтауға мүмкіндік береді. Бастауыш мектепте коммуникативтік дайындықты дамыту оқушылардың оқу іс-әрекетінде де, қоғамдық өмірде де болашақта табысқа жетуі үшін шешуші мәнге ие.

Бүгінгі әдістемеде жиі қолданылатын әдіс – сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Өлең жанрларынан «Әдебиеттік оқу» пәнінде лирика түрлері, мысалдар, жыр үзінділері (бесік жыры, өтірік өлең, айтыс), ойын өлеңдер (мадақтама, қаламақ, санамақ т.б.) және халықтық ертегі-аңыздар, балалардың интеллектуалдық дамуына ықпал ететін авторлық әңгімелер, өмірлеріне жақын повесть үзінділері берілген.

Талдау (анализ) – көркем шығарманың тілін зерделей, зерттей қарастырғанда қолданылатын тәсіл. Прозалық шығарманы әр қырынан алып қарастырып, оның қасиет ерекшелігін, жеке бөлек-бөлшектеріне тән өзгеше сипат белгілерді арнайы зерттеп, танып-білу үшін мәтін талдаудың бірнеше жолдары қарастырылады:

1. Көркем мәтінді идеялық мазмұн, тақырыпты баяндау ерекшеліктері тұрғысынан талдау;
2. Сюжеттік, композициялық құрылысы, жанрлық сипаты жағынан талдау;
3. Кейіпкерлердің характерін бейнелеу принциптері тұрғысынан талдау;
4. Сөздік, тілдік құралдарды пайдалану шеберлігі бойынша талдау;
5. Егер поэзиялық шығарма болса, ырғақтық интонациялық өзгешеліктері, әртүрлі шумақ, тармақ, ұйкастарды қолдану тұрғысында талдау.

«Шығарманы осындай бірнеше қырынан зерделей талдағанда жанрлық ерекшеліктердің өзіндік сипат белгілерін аңғаруға мүмкіндік бар. Әрине, шығарманы бөлшектеп, талдап қарастырғанда, оның мағыналық көркемдік бірлік тұтастығынан туатын әсері бір сәт әлсірейді. Оның есесіне шығарманың құрылысындағы көзге түсе қоймайтын сипат белгілері айқын танылады. Ал оларды көре білу, түсінудің шығарманы тұтас қабылдағандағы алатын әсерді толықтырып, байыта түсетіні сөзсіз» деп, Т.М. Әбдікәрімова стилистика ғалымы Б. Шалабайдың топтауын ұсынған [2]. Біздіңше, сезімдік қабылдауы ерекше бастауыш мектеп оқушыларына мәтінді талдатуда бейнелеу құралдарына назар аудартып, 1-ші, 3-ші, 4-ші талдау түрлерін түгел қамту жөн сияқты. Бұл әдіс балаларды ойлауға және сөйлеуге итермелейді, жоғары деңгейде мазмұндауға, шығармашылыққа апарды деп есептейміз.

Тақырыбы бірдей, мазмұндары әр қилы мақал-мәтел, жұмбақтарды талдату өзіндік ой-пікір білдіре алуға машықтандырса, екі мазмұндас мәтінді өздеріне салыстыра талдату арқылы ақындардың бір тақырып жазылған өлеңдерін тілі, көлемі, негізгі ой-түйіні жағынан оқушылардың өзіндік көзқарастары айтылады. Бастауыш сынып оқушыларына

арналған мәтіндерді коммуникативті бағдарлы талдау бағытымен талдау керек. Бұлай талдау мәтіндерді қарым-қатынастағы қызметі, сондай-ақ олардың оқушылардың жас және танымдық ерекшеліктеріне сәйкестігі тұрғысынан қарастыруды талап етеді. Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға, мәтіннің құрылымын, оның мақсаты мен мәнерлеу құралдарын түсінуге бағытталған мұндай талдаудың түрі балалардың әдеби сөйлеу тілін қалыптастыруға өте тиімді болмақ.

Зерттеушілер бастауыш мектеп жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін және жеке қабілеттерін ескере отырып жүргізілетін коммуникативті-бағдарлай талдауда төмендегідей принциптерді ескеруді ұсынады:

1. Коммуникативтік жағдаятты есепке алу:

- Мәтін авторы кім? Ол кімге арналған?

- Мәтіннің мақсаты: хабарлау, әрекетке шақыру, ойланту, мадақтау т.б.

2. Тілдік құралдарын талдау:

- Коммуникативтік мақсатта қолданылған сөздер мен сөз тіркестері;

- Мәтіндегі диалогтер, сұрақтар, үндеулер...

- Мәтін несімен тартымды, қызықты?

3. Мәтіннің құрылымы.

- Қандай бөліктерден тұрады?

- Олардың арасының байланыстары (жалғаулар, қайталамалар, кіріспе және түйін сөздер, ойталқы, мақал-мәтелдер).

Мысалға төмендегі мәтінді талдап көрелік: Бір жарлы шал есекке мініп келе жатты. Балалар есектің бақырғанын естіп: «Неге сен есегінді өлең айтуға үйреттің?» – деп күлді. Сонда шал: «Есегім өлең айтпайды, сендерді – жақсы жолдасын көрген соң, қуанғаннан бақырады», – деді. Бұл сөзді естіген соң, балалар ұялып, жарлы адамға күлгендерін қойды.

- Мәтін авторы: С. Көбеев. Мәтін балаларға арналған. Мақсаты: ойландыру.

- Коммуникативтік мақсатқа жеткізген тіркес пен жағдаят: Неге бақырады? Диалог: Балалардың күлуі, сұрақ қоюы, ұялуы Тартымдылығы: жарлы шалдың сөз таба білуі.

- Құрылымы: 1. Келе жатуы-кіріспесі. 2. Оқиғаның басталуы: есектің бақыруы.

3. Балалар мен шалдың диалогі. 4. Қорытынды бөлігі: Балалардың ұялуы.

Бір қарағанда, мәтінді балаларға күлдіру үшін жазылғандай оқи салуға болады. Бірақ мұғалім бұлай етсе, балаларды ой топшылауға апара алмайды. Сондықтан: «Балалардың күлгені дұрыс па?», «Шал балаларға неге олай жауап берді?», «Сендер солардың орнында болсаңдар қайтер едіңдер?», «Қарияны және балаларды сипаттап, ойларыңды жазыңдар» дегендей сұрақтар қойылып, тапсырма беру оқушыларды өзара сөйлетіп, өзіндік ойталқы шығаруға итермелейді.

Әдебиетті оқыту көркем шығарманы дұрыс оқудан басталады. Оқушыны көркем мәтінді оқу түрлеріне қатысты дағдыландыру керек. Көркем мәтінді оқу түрлерін былайша жіктеп ажыратуға болады:

1) көркем мәтіндегі жазушы ойын мұғалім көмегімен аңғара оқу. Оның мән-мағынасын тұшына, түсіне оқу. Қиын, түсініксіз образды, айшықты сөздерді ұғына оқу, яғни лингвистикалық түсіндірмелі оқу;

2) таңдап оқу. Белгілі мақсатпен қойылған сұрақтарға жауап іздеп, тіл көркемдігін дәлелдеу, портрет, пейзаж, образды табу;

3) іштен оқу немесе өздік оқу. Іштен оқудың оқушыны жеке, өз бетімен жұмыс істеуге баулудағы маңызы ерекше зор. Ойлану, өз бетімен іздену, жауап табу, дербес белсенділігін арттырудағы іштен оқудың атқарар рөлінің ерекше екендігі;

4) рөлге бөліп оқу. Рөлге бөліп оқу таным белсенділігі, қызығушылығын арттыруда, қабілеттерін дамытуда, сабақтың эмоциялық, психологиялық мәнін нәрлендіруде пайдалы;

5) хормен оқу. Оқу техникасын жетілдіру, мәнерлі, айқын оқу, көркем мәтінмен жұмыс істеуге баулу бүкіл сынып оқушыларын көркем оқуға ұйымдастыруда тиімді;

6) ұжымдық оқу. Әсіресе, даралап оқытуда тиімді. Оқу техникасына, мәнерлеп оқуына қарай, оқушыларды топқа бөле отырып, мұғалім ұжымдық оқуды тиімді ұйымдастырса, көркем мәтінді тез меңгертуге ықпал жасайды, мәтінді оқуға деген оқушы ынтасын арттыруға әсер етеді;

7) жұптық оқу. Жұптық оқудың тиімділігі, біріншіден өз беттерімен оқу техникасын жетілдіру дағдыларын дамытады, екіншіден ұқыпты тыңдай білуге, бір-бірінің жұмысына талдау жасай білуге икемдейді;

8) мәнерлеп оқу. Мәнерлеп оқу-әдебиетті оқытудың басты әдістемелерінің бірі [2].

Оқушылармен бірге көркем шығармамен жұмыс істей отырып, оның құрылысына (кіріспе, негізгі, қорытынды) қатысты ойланып барып пікір айтуына ықпал жасалады. Шығарманы оқып біткен мерзімде ауызша, жазбаша сұрақтар арқылы мазмұны айтқызылады, оқушы ұнаған бір эпизодты қысқаша баяндап, бір кейіпкердің іс-әрекетінен мысалдар келтіре отырып, өз пікірін айтады. Жұмысты әрі қарай жазбаша жалғастыру тіпті тиімді. Ең негізгі деген жерлерден үзінділер интербелсенді тақтадан көрсетіліп, «Ол қай оқиғадан алынды? Бұл кімнің сөзі?» немесе «Осындағы оқиғалар қай автордың шығармасын еске түсіреді?» деген сұрақтар төңірегінде ойландыратын проблемалық сұрақтар қоюға болады. Көркем мәтінді талдау шығармашылық жұмыстарды талап етеді. Оқушылардың зейіні, есте сақтау, қабылдау қасиеттеріне қарай мұғалім мәтінді тұтастай емес, осылайша ең негізгі басты мәселелерін ғана мазмұндатып, ондағы суреттеу, сипаттау құралдарын меңгеруді одан әрі жалғастырғаны тиімді болады.

Үзіндіні мазмұндағанда, оқушыларды мүмкіндігінше жазушы тілімен мазмұндатуға икемдеу керек. Оқушыларды әңгімелеу, мазмұндау кезінде мәтінге жиі үңілдіріп, кейбір негізгі мәселелерді мәтінге жуық айту қажеттілігі ескертіледі. Оқулықта: «Мазмұндау – мәтінді оқып, түсініп, мазмұнын айтып беру» деп көрсетілген. Мазмұндау барысында мәтіндегі негізгі ой ашылу керек. Мазмұндаудың бірнеше түрі бар екендігін пән мұғалімі ескеруі тиіс. Атап айтқанда, олар: а) толық мазмұндау, яғни авторлық – мәтінді авторлық нұсқаға мейлінше жақын етіп мазмұндау; ә) қысқаша мазмұндау – мәтіндегі маңызды тұстарды өз сөзімен қысқартып айту; б) шығармашылық мазмұндау – бірінші жақтан айтылған оқиғаны екінші немесе үшінші жақтан өзгертіп баяндау; в) мәтінді сахналау, сөзбен сипаттау, оқиғаның дамуын болжап, өзгертіп, т.б. мазмұндау түрлері бар. Анықтамаларын түсіндіру, әрбір түрін оқушылардың есіне салып, олардың мүмкіндіктерінше мәтінді үйде оқып мазмұндауына бағыт беру мұғалімнен мұқияттылықты қажет етеді. Мәтіннің құрылымына қарай мазмұндау түрлері әрқалай мазмұндалады. Егер мәтіндегі оқиғалар оқушылар өміріне жақын болса, толық мазмұндау, көлемді болса, қысқаша мазмұндауды тапсырып, құрылысы оқушыларды қызықтыратын диалогті мәтіндерді сахналау әдісімен қойылымға дайындау арқылы оқушыларды шығармашылыққа құлшындыруға да болады. Бастауыш сынып оқушыларына арналған мәтіндерді коммуникативті бағдарлы оқытуда мәтіннің қарым-қатынастағы қызметі, сондай-ақ оның оқушылардың жас және танымдық ерекшеліктеріне сәйкестігі тұрғысынан қарастыру қажет.

Сабақ барысында шығарманың мазмұнына талдау жұмысын жүргізгенде, күрделі, түсініксіз сөздерге мұғалім өзі түсінік (коментарий) беріп тұруы керек. Сабақ үдерісіндегі әдеби талдаудың басты мақсаты – оқушылардың өзіндік қабылдауларын, пікірін әдебиеттану ғылымының талабына сай ғылыми арнаға бағыттау.

Сөз – мәтіннің құрылыс материалы. Сөздердің бір-бірімен тіркесуін, өзгеру нормаларын грамматика жасайды. Бастауыш сыныпта оқушылар мәтіннің сөйлемдерден екі не одан да көп сөйлемдерден құралатыны, мәтін құраған сөйлемдер ортақ тақырыппен бірігетіні туралы ережемен танысады.

«Тақырып – мәтінде баяндалатын оқиға мен ойдың түйіні», «Мәтіндегі негізгі ой – автор айтқысы келген басты пікір» делініп зерттеулерде тап басып көрсетілуі, оқушылар мәтіннің құрылымдық бөліктерімен таныстырылуы – барлығы мәтіннің баланы сөйлеу әрекетіне машықтандыру мақсатынан туындаған. Белгілі бір ойдың сөйлемдер тізбегімен

жеткізілетінін ереже арқылы, мәтін бөліктерін, сөйлем байланыстарын сызбадан тапқызу арқылы мәтіннің құрылымдық бөліктеріне оқушылар 2-сыныптың қазақ тілі сабақтарында морфологиялық, синтаксистік тұлғаларды оқытусыз-ақ үйрене бастайды.

Қазақ тілі мен әдебиеттік оқу сабақтарында мәтінмен жұмыс жүргізудің барлық бағыты бүгінгі таңдағы әлемнің озық елдері ұстанып отырған білім жүйесінің жаңа моделі нәтижеге бағдарлай отырып, білім берудің негізгі шарттарымен үндеседі. Мысалы: 4-ші сыныптың аяғына қарай оқушылар кез келген мәтіннің құрылымын сезе біліп, ондағы негізгі ойдың орны кіріспеде ме, жоқ кейіпкер сөзінде ме, мүмкін автордың ойталқысында ма? – осыларды анықтай алуы тиіс. Бастауыш сыныптарда сөйлеуді дамыту «Ана тілін» оқытудан басталып, ретімен, кедір-бұдырсыз, бағдарлама бойынша «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу» сабақтарының оқу үдерісінде жалғастырылады. Әр оқушы коммуникативті тапсырмаларды орындау барысында әдеби, тілдік нормаларды сақтау дағдыларына үйретілсе, заманауи талаптарға сай әдеби-тілдік білім функционалдық сауаттылық деңгейіне жеткізіледі деп ойлаймыз. Ондай коммуникативтік тапсырмалардың үлгілері отандық және ресей ғалымдарының еңбектерінде көрсетілген [4, 5, 6].

Қазіргі пән мұғалімдерінің ана тілі сабақтарын ұйымдастыруды мәтінге негіздеуінің тиімділігі жөніндегі терең білімі оқыту процесін сапалы жүзеге асыруына оң ықпалын тигізері сөзсіз. Озық тәжірибелі мұғалімдердің ой-пікірлері мен жүргізген сабақтарын талдау нәтижесінде, оқыту сапасының деңгейін жоғарылату бір ғана мәтін төңірегінде жаңа идеяларды жүзеге асырудың жолдарын табумен байланысты екендігі анықталды. Мәтін оқушының тілдік, коммуникативтік қабілеттерін жүйелі жетілдірудің тиімді тәсілі екені дәлелденді. Білім сапасы тұжырымдаған конструктивизм бағытының мектеп тәжірибесіне шынайы ендірілуін де қамтамасыз ететін бұл фактордың қажеттілігін пән мұғалімдері де түсіне бастады. Дегенмен, мектеп практикасы мен мұғалімдердің жаңа буын оқулықтарына жасаған талдаулары олардың мәтінмен жұмыстың мәніне әлі де үстірт қарайтынын көрсетіп отыр. Оны мынадай жағдайлар дәлелдейді:

1) Көптеген мұғалімдер оқулықта берілген мәтіннің идеясын, тақырыбын, мазмұнын, ішкі бөліктерінің байланысын танытудан гөрі ондағы грамматикалық объектілерді іздеуге көп көңіл бөледі. Яғни, егер сабақта өтілетін тақырып «Синоним» болса, онда мәтіннен сол синонимдерді тапқызуды ғана басты міндет деп түсінеді.

2) Мәтін бойынша берілген деңгейлік тапсырмалардың мақсаты мен ерекшелігін түсінбеушілік салдарынан оларды оқушылардың мүмкіндігіне қарай саралап берудің орнына барлық балаға бірдей ұсынады да, «тапсырмалар қиын, ауыр» деген уәждерін көлденең тартады.

3) Оқытудың жаңа технологияларын қолдануда да мәтінмен жүргізілетін кешенді жұмыстардан гөрі әртүрлі сипаттағы тапсырмаларды орындатуға ұмтылады да, технологияның тек сыртқы формалық өзгерістен аса алмай қалу фактілері де ұшырасады.

Әрине, бұл жағдайлар барлық мұғалімдерге тән болмаса да, ана тілінің жалпы оқыту жүйесінде жетекші рөл атқаратынына мән бермеу, ана тілінің жеке пәндік қана емес, жалпы пәндік те қызмет атқаратынын түсіне алмау жағдайлары біршама орын алып отыр. Оны ғылыми-зерттеу барысында жүргізген сауалнама қорытындылары дәлелдеп отыр. Зерттеу кезеңінде қазіргі мектеп жүйесіндегі ана тілі мен әдебиетін оқытудың әлемдік тенденцияларына сай келетін басым бағыттарын мұғалімнің түсіну деңгейін айқындау үшін, пән мұғалімдерінің жаңа білім мазмұнын игертудегі ұстанып отырған негізгі принциптерін анықтау үшін таратылған сауалнамада, негізінен, мұғалімдердің қазақ тілінің мемлекеттік нормативтік құжаттарында белгіленген басты ұстанымдарды, пәннің негізгі мақсат-міндеттерін түсіну деңгейін, сабақ барысында жүзеге асыру шарттарын қалай қолданатынын, сонымен қатар сабақта оқытудың жаңа технологиясын пайдалануын, жалпы сабақты ұйымдастыруға кедергі келтіретін факторларды анықтап, негіздей алу іскерліктерін саралау мақсаты қойылған.

Қорытынды

Бастауыш сынып оқушыларының контекстінде коммуникативті дайындық вербальды және вербальды емес дағдыларды, сонымен қатар басқаларды тыңдау және түсіну, өз ойын және сезімін білдіру, әртүрлі қарым-қатынас жағдайында тілді әдеби тілді қолдана білуді қамтуы керек. 3-4 сыныптың «Әдебиеттік оқу» пәніндегі тапсырмаларға назар аударсақ, оқушыларға берілген мәтіндерде көптеген фразеологизмдер, бейнелі тіркестер, шешендік ғибрат сөздер талдаудан тыс қалғандығы байқалады. Бағдарламаларында «Ауыз әдебиеті үлгілері: ертегі, аңыз әңгіме, мифтер, шешендік сөздерді ажырата алуға үйрету» мақсаты қойылған да, шешендік сөздердегі көріктеуіш құралдарды талдату тапсырмалары жеке берілмеген. Дей тұрсақ та, шығармашылықты дамытатын ғылыми жобаларға жол ашылып тұрған кезеңде оқушылар арасынан табиғатынан жырқұмар, түйінді ойлары бар балаларды бейнелі тіркестермен сөйлеуге үйретуде шешендік сөздерді жеке мәтін ретінде талдату артық болмайды, қайта сөзден алдына жан салмайтын дарынды балалар тәрбиелеп шығаруға болады деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы: Санат, 1992–448 бет.
2. Әбдікәрімова Т.М. Бастауыш сыныпта мәтін арқылы тіл дамытудың ғылыми негіздері мен оқыту әдістемесі - А., 2009.
3. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагматилистикасы.– Алматы, 2007.- 456 б.
4. Алифакова Е.М. Формирование коммуникативной компетенции детей дошкольного и младшего школьного возраста средствами театрализованных игр. / дис.канд.-пед.наук. - Волгоград, 2001.
5. Аренова А.Х. Методика развития познавательных навыков внеучебной деятельности школьников. – Алматы, 2003. – 128 с.
6. Рыскұлбекова А.Д. Бастауыш сынып оқушыларына арналған тапсырмалар жиынтығы. Әдістемелік көмекші құрал.
7. Жексенбаева Ү.Б. Компетентностно ориентированное образование в современной школе: Учебно-методическое пособие-Алматы, 2009-190 с.

ӨОЖ 821.512.122

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА КОММУНИКАТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Бақыт А.

Магистрант, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.
anargulbakyt@gmail.com

Бұл мақалада қазақ әдебиеті сабақтарында оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігі мен шығармашылық ойлауын дамыту әдістемесі қарастырылды. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту үшін Блум әдістемесін пайдалануға ерекше көңіл бөлінеді. Зерттеу нәтижелері бұл әдістерді қолдану оқушылардың коммуникативті дағдыларын жетілдіруге және шығармашылық ойлауды дамытуға көмектесетінін көрсетті. Ұсынылып отырған әдістеме оқушылардың лингвистикалық құзыреттілігі мен жалпы дамуы үшін аса қажет талдау, синтездеу және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуға ұмтылатын мұғалімдер үшін тиімді құрал бола алады.

Кілт сөздер: коммуникативтік құзыреттілік, қазақ әдебиеті, қарым-қатынас, дағды.

В данной статье рассматривается методика развития коммуникативной компетентности и творческого мышления учащихся на уроках казахской литературы. Особое внимание уделяется использованию таксономии Блума для развития критического мышления учащихся. Результаты исследования показали, что использование данных методов способствует улучшению коммуникативных навыков учащихся и развитию творческого мышления. Предлагаемая методика может стать эффективным инструментом для преподавателей, стремящихся развить у учащихся аналитические, синтетические и критическое мышление, которые необходимы для их языковой компетенции и общего развития.

Ключевые слова: коммуникативная компетентность, казахская литература, общение, навыки.

This article discusses the methodology for developing communicative competence and creative thinking of students in Kazakh literature lessons. Particular attention is paid to the use of Bloom's taxonomy for developing critical thinking of students. The results of the study showed that the use of these methods helps improve students' communicative skills and develop creative thinking. The proposed methodology can become an effective tool for teachers seeking to develop students' analytical, synthetic and critical thinking, which are necessary for their language competence and overall development.

Key words: communicative competence, Kazakh literature, communication, skills.

Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру қазіргі қызметтің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Қарым-қатынас дағдылары тұлғаның негізгі қасиеті ретінде қоғамда жоғары бағаланады және жұмысқа орналасудың міндетті шарты болып табылады. Қарым-қатынас дағдылары бар адамның қазіргі әлемде айтарлықтай артықшылығы бар, бұл оның табысқа жетуіне және әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді. Бұл тұрғыда қазіргі жағдайда коммуникативтік құзыреттілікті дамыту ерекше маңызды. Қарым-қатынас теориясы қазіргі әлемде сөйлеумен айналысатын барлық ғылымдар арасында ерекше орын алады. «Біз білім берудің таза қолданбалы жағын алып тастағанда, оның гуманистік, тәрбиелік жағы сөзсіз төмендейді. Сондықтан да соңғы жылдары бүкіл әлемде білім беруді ізгілендіруге көп көңіл бөлініп жатқаны кездейсоқ емес» [1,94 б.]. Ұлттық ойлаудың басты ерекшелігі тілінде. Өйткені тіл арқылы ұлт өз болмысын, өмір тіршілігін, дүниеге жалпы көзқарасын бейнелейді. Ұлттық тіл неғұрлым бай болса, дүниені бейнелеу соғұрлым нәрлі, әсерлі, дәл

болады. Сондықтан Н. Елікбаев: «Ұлттық тілдің көмегімен ұлттық ой-сезімді, мінез-құлық пен көңіл-күйді білдіріп, эмоциялық халді жеткізе аламыз», - деген пікір айтады [2,136 б.]. Ана тілі - педагогикалық категория. Бұл туралы Б. Хасанұлы: «Ана тілі оқу-ағарту саласындағы қоғамдық қызметіне сай, тәрбие, оқыту, мамандық игеру, ғылым (педагогика ғылымының өзінің) тілі қызметін атқаруына, пән ретінде оқытылуына байланысты зерттелуі тиіс», - деген талап қояды [3,75 б.].

Қазақ әдебиеті бойынша оқу материалы оқушылардың коммуникативті сауаттылығын дамыту және өз бетінше танымдық белсенділігін арттыру үшін маңызды әлеуетке ие. Бұл мақсаттарға жету үшін оқушыларға білім, білік, дағды жүйесін беріп қана қоймай, олардың коммуникативтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін, әртүрлі ақпараттық ортаға бейімделу қабілетін дамыту қажет. Кез келген ақпараттық ортада еркін бағдарлай алатын жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған оқытудағы жаңа тәсілдер талаптарына сай қазақ әдебиеті сабақтарында оқушылардың коммуникативтік сауаттылығын дамыту, олардың психикалық және танымдық дербестігін белсендіру өзекті мәселе болып отыр.

Зерттеу барысында әр оқушының оқу жұмысына деген қызығушылығын тудыруға, олардың пікірін ынталандыруға және қателесуден немесе қате жауап алудан қорықпай тапсырмаларды орындаудың әртүрлі әдістерін қолдануға, сондай-ақ табиғи өзін-өзі көрсетуге жағдай жасауға көмектесетін оқу әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі әдістері қолданылды.

Оқу үрдісінің тиімділігін арттыру үшін білім берудегі жаңа тәсілдер мен заманауи технологияларды кешенді пайдалану ұсынылады. Оқуға деген қызығушылықты тудыратын маңызды фактор – оқу ақпаратының оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, олардың оқу әрекетін ынталандырады. Оқу материалы оқушылардың эмоционалдық реакциясын тудырып, олардың танымдық процестерін белсендіретіндей етіп берілуі керек. Осы мақсаттарға жету үшін сыныпта оқушылардың ойлауын белсендіруге және сөйлеу дағдыларын дамытуға көмектесетін сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары қолданылады. Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудағы маңызды сәт сыни ойлауды дамыту болып табылады, өйткені бұл ақпаратпен ойластырылған жұмыс істеуге ықпал етеді. Оқу-тәрбие үрдісінің табысты өтуі және оқушылардың коммуникативті мәдениетін қалыптастыру үшін оларды топтық жұмысты ұйымдастыру, ойын және жарыс формалары, өзара тестілеу, мәселелердің шешімін ұжымдық іздеу және бір-біріне көмектесу арқылы ұжымдық іс-әрекетке қосудың маңызы зор. Бұл оқушыларға өз әрекеттерін өздігінен реттеуге мүмкіндік береді. Сонымен, қазақ әдебиеті сабақтарында оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану оқушылардың коммуникативтік сауаттылығын қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар олардың ойлау қабілеттерін, танымдық дербестігін және ақпараттық ортаға бейімделу қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Қазақ әдебиеті сабақтарында коммуникативті әдістерді қолдану оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытуға, сонымен қатар қарым-қатынастың әртүрлі салаларындағы типтік коммуникативті мәселелерді шешуге бағытталған. Бұл мақсатқа жету үшін мұғалім оқушыларға өз ойын еркін жеткізу, басқа адамдардың сөйлеуін ауызша және жазбаша адекватты бағалау дағдыларын қалыптастыру үшін тапсырмалар қоюы қажет. Сондай-ақ өз сөзін бақылау негізінде өз пікірін құрастыру және бағалау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды үнемі толықтыруды ынталандыру және вербальды қарым-қатынас процесінде ой мен сезімді еркін білдіру үшін тілдің грамматикалық құралдарын игеруді қамтамасыз ету маңызды. Лингводидактика, философия, психология, қалай болғанда да, көркем шындықты меңгерудегі «тұлғаның» маңыздылығы туралы айтып, мұндай танымның ерекшеліктерін қабылдау процесінің объективті заңдылықтары арқылы түсіндіреді. Тіл білімі сөйлеу әрекетіне тән нәрсеге қызығушылық танытса, психология сөйлеу әрекетінде адамның кез-келген әрекетіне ортақ нәрсені қарастырады. Сөйлеу – қарым-қатынас жасау, эмоциясын білдіру, ойды білдіру, қоршаған әлемді тану, өз іс-әрекеттерін жоспарлау және т.б. үшін тілді

қолданатын адамның іс-әрекеті 2. Процестің нәтижесі: сөйлеу мәтіндері (ауызша және жазбаша) [4,171 б.]. Сөйлеу дағдысы – «белгілі бір тілдік қауымдастықтың басқа мүшелерімен қарым-қатынас жасау үшін тілді қолданатын сөйлеушінің қызметі; күрделі мазмұнды беру үшін әртүрлі тіл құралдарын қолдану (пайдалану), оның ішінде ақпараттың өзінен басқа, тыңдаушыға жеткізу, оны сөзге тарту» [5,386 б.]. «Сөйлеу – адамның басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудан, оларға ойларын сол немесе басқа тіл арқылы жеткізуден тұратын әрекеті. Сөйлеу - тілді қолдану процесі» [6,349 б.].

Тәжірибе көрсеткендей, қазақ әдебиеті сабақтарында оқытудың коммуникативті әдістерін қолдану оқушылардың коммуникативті құзыреттілігін дамытуға, оларды әртүрлі сөйлеу тапсырмаларына қатыстыруға, сондай-ақ олардың оқу-тәрбие процесіне деген ынтасын дамытуға жағдай жасайды. Бұл тәсілдің ерекше маңыздылығын тәжірибеші мұғалімнің пікірі атап көрсетеді, ол өз міндетін оқушылардың тұлғалық өсуі мен табысты әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау деп біледі. Қазіргі білім берудің негізгі мақсатына жетуге ықпал ететін оқытудың коммуникативті әдістерін қолдану «Коммуникативтік құзыреттілік» термині адамның интеллектуалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жұмыста немесе оқу іс-әрекетінде қарым-қатынас жасау қабілетін қамтиды. Ол қарым-қатынас процесінде тілді тиімді пайдалана білуді қамтиды. Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру сөйлеу ғылымы мен қарым-қатынас саласындағы білім мен дағдыларды меңгеруді, оның ішінде қарым-қатынас процесінде ақпаратты қабылдау (оқу және тыңдау) және ақпаратты шығару (сөйлеу және жазу) қабілетін қамтиды.

Коммуникативтік құзыреттілік – адамның өмірдің барлық салаларындағы практикалық іс-әрекетінің негізі. Сөйлеуді меңгеру маңызды рөл атқарады, өйткені кәсіби және іскерлік байланыстар, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынастар қазіргі адамнан ауызша да, жазбаша да әртүрлі мәлімдемелерді қалыптастырудың әмбебап қабілетін талап етеді. Осылайша, коммуникативтік құзыреттілікті дамыту мектеп оқушыларының қарым-қатынас және сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар көркем шығарманы меңгеру арқылы жеке тұлғаның білім беру мәдениетін байытуға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда сөйлеу мәдениетін қалыптастырудағы маңызды міндеттердің бірі – еркін, дұрыс, адекватты және сәтті ауызша тұжырымдар құра білу, сонымен қатар әртүрлі стильдегі және жанрдағы жазбаша мәтіндер құра білу. «Сөйлеу құзыреттілігі» ұғымдарын ажырата білу маңызды. «Коммуникативтік құзырет» термині қарым-қатынастың мақсаттарына, салаларына және жағдайларына сәйкес қарым-қатынас жасау қабілеті мен дайындығы ретінде түсініледі, ал «коммуникативтік құзыреттілік» коммуникативті іс-әрекеттің табыстылығын қамтамасыз ететін жеке ресурс бола отырып, тұлғаның тұлғааралық қарым-қатынас жасау дағдысының деңгейі ретінде анықталады.

Коммуникативтік құзыреттілікке басқа адамдармен тіл табыса білу, тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеру, кеңістік пен уақытқа бағдарлану, сонымен қатар қарым-қатынаста әртүрлі позициялар мен рөлдерді иелену сияқты бірқатар дағдылар кіреді. Бұқаралық ақпарат құралдарында, көркем әдебиетте және күнделікті қарым-қатынаста тіл мәдениеті деңгейі төмендеген қазіргі жағдайда оқушыларды ауызша және жазбаша қарым-қатынасқа үйретудің маңызы ерекше.

Оқушылардың коммуникативті құзыреттіліктерін ойдағыдай қалыптастыру үшін қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқыту қажет. Бұған білім беру диалогының, баяндамалар мен хабарламалардың, рөлдік және іскерлік ойындардың, пікірталастардың және дебаттардың барлық түрлері, сондай-ақ оқушылардың әртүрлі жағдайларда адекватты қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін әртүрлі санаттағы адамдармен қарым-қатынасты қажет ететін білім беру жобалары мен зерттеулері сияқты ауызша қарым-қатынасқа бағытталған әртүрлі әдістерді қолдану арқылы қол жеткізуге болады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігі мен шығармашылық ойлауын қалыптастыру олардың оқу-тәрбие процесінің маңызды аспектісі болып табылады. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту үшін Блум

әдістемесін пайдалануға ерекше көңіл бөлінеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бұл әдістерді қолдану оқушылардың коммуникативті дағдыларын жетілдіруге және шығармашылық ойлауды дамытуға көмектеседі.

Ұсынылып отырған әдістеме оқушылардың лингвистикалық құзыреттілігі мен жалпы дамуы үшін маңызды болып табылатын талдау, синтездеу және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуға ұмтылатын мұғалімдер үшін тиімді құрал бола алады. Бұл зерттеуде қолданылған әдістеме бірқатар педагогикалық әдістемелерді қамтиды, олардың мақсаты оқушыларда коммуникативті құзыреттілік пен шығармашылық ойлауды дамыту болып табылады. Негізгі тәсілдердің бірі білім беру мақсаттарын когнитивтік күрделіліктің алты деңгейіне жіктейтін Блум таксономиясының иерархиялық моделін пайдалану болып табылады: білім, түсіну, қолдану, талдау, синтез және бағалау. Бұл таксономияны қолдана отырып, мұғалімдер оқушылардың жоғары ретті ойлауын дамытатын әрекеттерді жасай алады. Тағы бір маңызды әдіс – әдеби шығармаларды талқылау. Оқушылардың әртүрлі көркем мәтіндерді талқылауға қатысуы олардың материалды түсінуін жақсартып қана қоймай, өз ойлары мен пікірлерін тиімді жеткізуге ықпал етеді. Бұл тәсіл оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытуға және күрделі мәтіндерді талдау және түсіндіру қабілеттерін арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, мәтінді талдау оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда маңызды рөл атқарады. Мәтіндердің әртүрлі түрлерін талдау арқылы оқушылар негізгі тақырыптарды, құрылымдарды және стильдік элементтерді анықтауды үйренеді, бұл олардың мәтіндерді түсінуі мен түсіндіруін жақсартады. Сонымен қатар, бұл әдіс оқушыларды мәтін мазмұнына сыни тұрғыдан қарап, өз ойлары мен пікірлерін тұжырымдауға итермелейді. Сонымен қатар, әртүрлі тақырыпта пікірталас өткізу оқушылардың коммуникативтік дағдыларын, шығармашылық ойлауын дамытудың тиімді жолы болып табылады. Бұл талқылаулар оқушыларды өз көзқарастарын білдіруге, басқаларды мұқият тыңдауға және сындарлы диалогқа түсуге ынталандырады. Пікірталасқа қатысу оқушылардың тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, өз пікірлерін қорғауға және балама көзқарастарды қарастыруға көмектеседі, бұл олардың сыни ойлауын дамытуға көмектеседі.

Әдеби шығармаларды талқылау оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытуға да көмектеседі. Пікірталасқа қатысу арқылы оқушылар өз ойлары мен пікірлерін тиімді дәлелдеуге, басқаларды белсенді тыңдауға, сындарлы диалогқа түсуге үйренеді. Бұл тәсіл олардың коммуникативті дағдыларын дамытуға және өз ойын ауызша және жазбаша түрде жеткізу қабілеттерін арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, мәтінді талдау оқушылардың мәтіндерді түсіну және түсіндіру дағдыларын жақсартуға көмектеседі. Әртүрлі мәтіндерді талдау арқылы оқушылар негізгі тақырыптарды анықтауға, күрделі идеяларды талдауға және әртүрлі жазу стильдерінің тиімділігін бағалауға үйренеді. Бұл олардың мәтіндерді түсінуін жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар басқа контексттердегі ақпаратты талдау және түсіндіру қабілеттерін жақсартады.

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда сыныптағы пікірталастардың да маңызы зор. Әртүрлі тақырыптардағы пікірталастарға қатысу арқылы оқушылар өз ойларын анық және дәлелді жеткізуге, басқаларды мұқият тыңдауға және балама көзқарастарды қарастыруға үйренеді. Бұл оларға тиімдірек коммуникатор болуға көмектеседі және оларды болашақ академиялық және кәсіби күш-жігерге дайындайды. Сонымен, осы зерттеуде қолданылған әдістеме оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін және шығармашылық ойлауын дамытуда өзінің тиімділігін көрсетті. Әдеби пікірталас, мәтінді талдау және талқылау сияқты педагогикалық әдістерді енгізу оқушылардың жоғары деңгейлі ойлауын дамытуға және коммуникативті дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Бұл дағдылар оқушылардың оқудағы жетістіктері мен жалпы дамуы үшін маңызды және ұсынылған әдістеме өз оқушыларында осы дағдыларды дамытуға ұмтылатын педагогтар үшін құнды құрал болып табылады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарындағы жобалық іс-әрекеттер мәселені

құрастырудан басталып, рефлексияға дейін бірнеше кезеңнен тұрады. Оқушылар топпен жұмыс істейді, жобаның тақырыбын талқылайды, материалды жинайды және құрылымдайды, өнімді жасайды және оны аудиторияға ұсынады. Бұл әдіс оқушылардың тақырып бойынша алған білімдерін тереңдетіп қана қоймай, өз ұстанымын дәлелдей білу, басқалардың пікірін тыңдау және құрметтеу, топпен жұмыс жасау сияқты коммуникативті дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Аитов Н.А., Биекенов К.У. Социология. - Алматы: Қазақ университеті, 2002.-293 стр.
2. Елікбаев Н. Дәуір тынысы: қазақ ұлтының психологиясы: монография. - Қарағанды : ҚР ПМ ҚарЗИ, 2000. - 200 б.
3. Хасанұлы Б. Ана тілі-ата мұра (қазақ тілінің жер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны). - Алматы: Жазушы, 1992. -272 б.
4. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. - 728 б.
5. Қалиев Ғ.Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005 . - 439 б.
6. Философиялық сөздік. Редкол: Р.Н. Нұрғалиев. - Алматы: Қазақ энц. Баспасы, 1996. - 525 б.

УДК 331.453

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ВИДОВ МЕРОПРИЯТИЙ БЕЗОПАСНОСТИ, ПРОВОДИМЫХ НА ПРОИЗВОДСТВАХ

Баннова С.О.

Студент, Жетысуский университет имени И. Жансугурова, г. Талдыкорган

Научный руководитель: подполковник запаса, преподаватель-ассистент

Кульджатаев М.М.

Жетысуский университет имени И. Жансугурова, г. Талдыкорган

bannova500@mail.ru

Статья посвящена ключевым аспектам обеспечения безопасности на производстве, подчеркивая ее важность для защиты здоровья и жизни работников, а также для повышения эффективности и устойчивости бизнеса. В ней анализируются основные виды производственных опасностей и рисков, включая физические, химические, биологические, эргономические и психосоциальные факторы. Особое внимание уделяется методам и инструментам управления производственной безопасностью, таким как оценка рисков, разработка и внедрение систем контроля опасностей, проведение инструктажей и обучение персонала, а также обеспечение средствами индивидуальной и коллективной защиты и организация процедур реагирования на чрезвычайные ситуации. Статья предназначена для руководителей предприятий, специалистов по охране труда и всех работников, заинтересованных в создании безопасных условий труда.

Ключевые слова: безопасность, охрана труда, условия труда, инструктажи.

Мақалада өндірістегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі аспектілері қарастырылады, оның ішінде жұмысшылардың денсаулығы мен өмірін қорғау, сондай-ақ бизнестің тиімділігі мен тұрақтылығын арттырудағы маңыздылығы атап өтіледі. Физикалық, химиялық, биологиялық, эргономикалық және психоәлеуметтік факторларды қамтитын өндірістік қауіптер мен қауіптердің негізгі түрлері талданады. Тәуекелдерді бағалау, қауіпті бақылау жүйелерін әзірлеу және енгізу, қызметкерлерді нұсқау мен оқытумен қамтамасыз ету, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарын пайдалану, сондай-ақ төтенше жағдайларға ден қою рәсімдерін ұйымдастыру сияқты өндірістік қауіпсіздікті басқарудың әдістері мен құралдарына ерекше назар аударылады. Мақала кәсіпорын басшыларына, еңбекті қорғау мамандарына және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға мүдделі барлық қызметкерлерге арналған.

Кілт сөздер: қауіпсіздік, еңбекті қорғау, еңбек жағдайлары, брифингтер.

This article explores the essential elements of workplace safety, highlighting its significance in protecting employee health and lives while also enhancing business efficiency and sustainability. It analyzes the primary types of occupational hazards and risks, including physical, chemical, biological, ergonomic, and psychosocial factors. The article places particular emphasis on industrial safety management methods and tools, such as risk assessment, the development and implementation of hazard control systems, staff training and briefings, the provision of personal and collective protective equipment, and the organization of emergency response procedures. It is aimed at enterprise managers, occupational safety specialists, and all employees interested in fostering safe working environments.

Key words: safety, labor protection, working conditions, briefings.

На каждом предприятии принимаются меры для повышения безопасности труда работников, и на эти цели выделяются значительные средства. На заводах функционирует специальная служба безопасности, подчиняющаяся главному инженеру, которая

разрабатывает мероприятия для обеспечения безопасных условий труда, контролирует соблюдение норм техники безопасности и организует обучение безопасным методам работы для всех новых сотрудников. Также регулярно проводятся мероприятия, направленные на снижение травматизма и предотвращение несчастных случаев. Тем не менее, инциденты могут произойти из-за небрежного отношения работников к средствам безопасности. Чтобы минимизировать риск несчастных случаев, важно ознакомиться с правилами безопасности и строго их соблюдать. Таким образом, задачи по организации труда в области рабочих мест направлены на достижение оптимального сочетания производственного процесса и человеческих факторов.

Контроль за выполнением требований Трудового кодекса Республики Казахстан полностью возлагается на работодателя. Пункт 2 статьи 201 Кодекса регламентирует соблюдение установленных требований по безопасности и охране труда на рабочих местах, а также принятие мер по устранению выявленных нарушений.

Контроль охраны труда (ТБ) на предприятии любого типа включает в себя:

- создание системы управления охраной труда и внедрение в рабочий процесс;
- контроль соблюдения условий труда;
- анализ условий труда;
- оценка рисков и принятие мер по их устранению.

В Республике Казахстан были приняты ключевые нормативные документы, регулирующие использование систем управления охраной труда. К ним относится Государственный стандарт РК СТ 1348-2005 «Системы управления безопасностью и охраной труда».

На разработку и внедрение системы управления охраной труда влияют различные факторы, такие как сфера деятельности организации, её конкретные задачи, производимая продукция и услуги, а также технологические процессы, оборудование и инструменты.

Руководство предприятия обязано создать службу охраны труда или назначить соответствующего специалиста. Работодатель несет ответственность за обеспечение безопасных условий труда и защиту здоровья и жизни всех сотрудников. Эти обязанности регулируются законодательством. Таким образом, руководитель должен:

- утверждение новых Правил охраны труда и техники безопасности и доработка действующих;
- контроль за соблюдением норм и требований Трудового кодекса;
- организация периодических профилактических медицинских осмотров;
- организация страхования сотрудников;
- отчетность и расследование несчастных случаев;
- проведение своевременного обучения, инструктажа и аттестации работников по вопросам охраны труда;
- своевременное обслуживание, исследование, замена и обновление оборудования;
- обеспечение оснащенности каждого работника средствами индивидуальной и коллективной защиты;
- предоставление производственных помещений согласно условиям труда.

Каждая отрасль промышленности следует единой системе управления охраной труда. В связи с этим каждое предприятие должно иметь свои службы, ответственные за охрану труда и технику безопасности. Их главная задача — обеспечить безопасные условия труда на рабочих местах.

Кроме того, их обязанности включают:

- улучшение действующих правил организации охраны труда на предприятии;
- анализ причин травматизма, профессиональных заболеваний и несчастных случаев, а также разработка профилактических мероприятий для их предотвращения;
- проведение проверок, вводных и регулярных инструктажей;
- участие в расследовании несчастных случаев;

- разработка планов по предотвращению несчастных случаев и создание руководств и правил по охране труда на предприятии;

- контроль за выполнением работ по охране труда и обеспечению безопасных условий труда.

Если компания не может организовать полноценный отдел, эти функции может выполнять сторонняя организация. Наша компания предлагает услуги по контролю охраны труда и соблюдению нормативных требований. В перечень наших услуг входят:

- аттестация производственных объектов по условиям труда;
- исследовательский центр;
- тестирование оборудования;
- мониторинг состояния производственного оборудования;
- лабораторно-инструментальные измерения на рабочих местах;
- экспертиза промышленной безопасности.

Главным органом, безусловно, остается государство. Основы, на которых строятся ключевые законы и специализированные отраслевые акты, изложены в Трудовом кодексе. Безопасность труда определяется как состояние защищенности работников, обеспечиваемое комплексом мер, направленных на предотвращение воздействия вредных и опасных производственных факторов в процессе трудовой деятельности.

Любое нарушение установленных норм и правил приводит к дисбалансу всей системы. Даже незначительное отклонение от норм может вызвать повреждение имущества и оборудования, снизить работоспособность и стать причиной более серьезных нарушений. Для предотвращения таких ситуаций необходимы своевременные инструктажи, проверки, а также аттестация работников и рабочих мест.

В 2020 году в результате несчастных случаев на предприятиях и в организациях республики пострадали 1503 человека, или на 5,1% больше, чем за аналогичный период 2019 года (в 2019 году – 1430 человек).

Число пострадавших, погибших на производстве составило 208 человек, что на 15,5% выше показателя 2019 года (в 2019 году – 180 человек).

Высокий уровень травматизма сохраняется в Карагандинской (260 человек раненых), Восточно-Казахстанской (209 человек), Костанайской (140 человек), Павлодарской (112 человек) и Алматинской (110 человек) областях.

При этом число жертв увеличилось в Западном Казахстане (с 61 человека до 74 человек), Караганде (с 189 человек до 260 человек), Костанайской (с 114 человек до 140 человек), Северном Казахстане (с 37 человек до 49 человек), Туркестана (от 59 человек до 82 человек) наблюдались в регионах.

Увеличение смертности произошло в Акмоле (с 13 до 22 человек), Актобе (с 11 до 16 человек), Атырау (с 5 до 10 человек), Восточном Казахстане (с 14 до 23 человек), Караганде (с 31 до 35 человек), Северо-Казахстанской (от 1 до 8 человек), Туркестанской (от 6 до 13 человек), областях и городе Алматы (от 7 до 9 человек).

Наибольшее количество пострадавших в сферах экономики наблюдается на предприятиях горно-металлургического комплекса – 304 человека (20,2%) и в строительной сфере – 175 человек (11,6%).

Результаты государственного контроля показывают, что примерно 28,8% выявленных нарушений трудового законодательства связаны с безопасностью и охраной труда.

К основным нарушениям в этой области относятся:

- отсутствие безопасных условий труда (433 случая или 20,6%);
- недостаток обучения работников по охране труда (255 случаев или 12,1%);
- нехватка средств индивидуальной и коллективной защиты, а также специальной одежды и обуви (129 случаев или 6,1%);
- отсутствие службы охраны труда или назначенного ответственного лица (31 случай или 1,5%).

Эти и другие нарушения со стороны работодателей в области охраны труда стали причиной несчастных случаев на производстве.

Безопасность производственного процесса подразумевает соответствие его требованиям охраны труда, установленным нормативно-технической документацией.

Основные принципы безопасности и охраны труда:

1. Приоритет жизни и здоровья работников над результатами производственной деятельности.

2. Избежание непоправимых последствий негативного воздействия производственных факторов на здоровье и жизнь работников.

3. Установление уникальных требований в области безопасности и охраны труда через разработку и принятие внутренних нормативных актов.

4. Регулирование вопросов безопасности и охраны труда на производстве.

5. Обеспечение согласованных действий в области безопасности и охраны труда между уполномоченными органами, их территориальными подразделениями, а также представителями работодателей и работников.

6. Публичность, полнота и достоверность информации о состоянии безопасности и охраны труда.

7. Участие представителей работников в разработке ведомственных программ по безопасности и охране труда, создании внутренних актов с нормами безопасности и охраны труда, а также контроль за соблюдением законодательства Республики Казахстан в этой области.

Возникновение аварийных ситуаций на производстве: воздействие опасного производственного фактора во время работы. К примерам неудачных ситуаций относятся: падение с высоты, травма, растяжение связок, перелом, ампутация, ампутация различных травмированных частей тела, ожоги, перегрев, воздействие электрического тока, столкновение с транспортными средствами и т.д.

Неудачи могут иметь и другие последствия: микротравмы и даже временную потерю трудоспособности вплоть до смерти. Несчастные случаи классифицируются по причинам, месту и времени следующим образом: несчастные случаи на производстве, несчастные случаи, не связанные с производством, и бытовые травмы.

15.01.2004 с начала процедуры расследования и сообщения о безуспешных случаях в отрасли.

15 января 2004 года началась процедура расследования и сообщения о неудачных случаях в отрасли. Номер 30 «Расследование и отчетность о профессиональных заболеваниях и несчастных случаях на производстве» устанавливает порядок подготовки и сообщения информации о профессиональных заболеваниях и неблагоприятных ситуациях в промышленности.

Процедуры распределяются следующим образом: работодатель и страховщик отвечают за обязательное страхование от профессиональных заболеваний и несчастных случаев на производстве. Страховщик несет ответственность за профессиональные заболевания и несчастные ситуации на производстве. Правила распространяются на граждан Республики Беларусь, иностранных граждан и лиц без гражданства, работающих по контракту, а также на членов фермерских хозяйств. Применение правил профсоюзного расследования травм и отчетности о нарушениях не зависит от принадлежности к профсоюзу, но эти правила отражают его мандат [46].

В случае возникновения аварийных ситуаций в отрасли, перевода сотрудников на другие должности, расследования временной или постоянной утраты трудоспособности, а также получения отчетов по таким случаям, необходимо учитывать следующие обстоятельства:

- происшествия могут происходить на рабочем месте или в любом другом месте как в рабочее, так и в нерабочее время, включая выходные и праздничные дни;

- прибытие на работу или возвращение с работы на транспорте, предоставленном работодателем, или на личном транспорте по предварительной договоренности;

- во время деловых поездок;
- при смене обязанностей;
- при работе по караульно-экспедиционному методу, вахтовым методом и в свободное от работы время на корабле;
- активизация сотрудников в случае аварий и других нештатных ситуаций.

Каждый несчастный случай должен быть немедленно сообщен руководителю пострадавшего или очевидцем. Руководитель несет ответственность за:

- оказание первой помощи и организацию транспортировки пострадавшего в больницу;
- уведомление вышестоящего руководства;
- восстановление рабочего места и состояния оборудования перед началом работы, если это не угрожает жизни и здоровью людей.

Руководители подразделений обязаны сообщать о неблагоприятных ситуациях руководству предприятия или профсоюзу. Организация здравоохранения ежемесячно в течение суток письменно уведомляет страховщиков, работодателей и Министерство труда штата о предоставлении медицинской помощи при производственных травмах.

Срок проверки безопасности не должен превышать трех дней, при этом не учитываются экспертиза, заключение правоохранительных органов и выводы организации здравоохранения.

Основные принципы в области безопасности и охраны труда включают: защиту жизни и здоровья работников; предотвращение негативного воздействия вредной производственной деятельности на здоровье сотрудников; защиту прав работников в трудовых договорах; координацию действий территориальных подразделений и представителей регуляторов; а также обеспечение полноты и достоверности информации о состоянии безопасности и охраны труда. В области управления охраной труда внедрена единая система постановки целей, в частности, программа повышения культуры и совершенствования системы охраны труда и техники безопасности, утверждены новые основные функциональные показатели службы.

Заключен годовой договор на обязательное страхование от несчастных случаев и добровольное медицинское страхование для призывников.

Сотрудники, нарушающие трудовое законодательство, правовые нормы и инструкции по охране труда, а также не исполняющие обязательства по коллективным договорам, трудовые обязанности, приказы органов государственного надзора и ведомственного контроля, подлежат дисциплинарной, административной, материальной или уголовной ответственности.

Регулирование отношений в сфере охраны труда, направленное на обеспечение безопасности в процессе производственной деятельности и защиту жизни и здоровья работников, а также на установление основных принципов политики в области безопасности и охраны труда, является актуальной проблемой современности.

В соответствии с долгосрочной стратегией развития, отрасль нацелена на создание безопасной и здоровой рабочей среды для своих сотрудников. Это требует от компании внедрения нового концептуального подхода в области охраны труда и технической безопасности, учитывающего передовой и международный опыт.

Организация безопасного труда на производстве возложена на административно-технический персонал предприятия. Администрация обязана эффективно организовывать труд рабочих и служащих, создавать условия для повышения производительности, обеспечивать порядок на рабочем месте, строго соблюдать трудовое законодательство и правила охраны труда, а также внимательно учитывать потребности работников и улучшать условия их труда и быта.

Администрация предприятия обязана внедрить современные средства обеспечения безопасности, которые предотвращают производственный травматизм, а также создать санитарно-гигиенические условия, способствующие предотвращению профессиональных

заболеваний среди работников. Она несет ответственность за полное соответствие производственных зданий, сооружений, оборудования и технологических процессов требованиям охраны труда. Эти требования включают правильное использование оборудования и организацию технологических процессов, защиту работников от вредных условий труда, соблюдение санитарно-гигиенических норм в производственных помещениях и на рабочих местах, а также обустройство бытовых помещений и другие аспекты.

Организация работы по охране труда на предприятиях определяется специальными правилами, утверждаемыми министерствами и ведомствами и согласованными с соответствующими профсоюзными органами. Об организации работы по охране труда в целях повышения ответственности всех инженерно-технических работников и должностных лиц за организацию безопасного труда, а также четкого определения круга задач по созданию здоровых и безопасных условий труда каждого из них на рабочих местах, участков, цехов, по организации работы по охране труда должностных лиц - должны быть размещены соответствующие положения об обязанностях и ответственности перед государством.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Охрана труда в машиностроении / Под ред. Да. Юдина Белова, - М: Машиностроение, 1983 - 432 с.
2. СНиП, п-4-79. Естественное и искусственное освещение Стройиздат, 1980-48 гг.
3. Долин П.А. Справочник по технической безопасности. - М.: Гоатомиздат, 1984 - 824 с.
4. Г.Ж. Сапарова. Еңбекті қорғау. 2011 ж.
5. Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің ресми сайты. URL:<https://stat.gov.kz>.
6. Қазақстан Республикасы. Заң. Қазақстан Республикасының 23.11.2015 жылғы No 414-V ҚР Еңбек кодексі (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) – Астана, 2015 ж. – Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2015 ж. – No 22-IV. - 151-бап.
7. «Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы No 1057 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы URL мекенжайы: <http://http://www.enbek.gov.kz/ru/node/343222>.
8. Актерлерді орындау тәртібі «Қауіпті өндірістік объектінің жалпы қауіптілік деңгейін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы No 300 қаулысы // «Казахстанская правда» 04.07.2015 ж. - No 125. (28001).
9. «Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезіндегі жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы N 30 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж. - N 3- 4. - Өнер. 2.
10. Еңбекті қорғау журналының ресми сайты. Қазақстан. URL:<https://e.otruda.mcfr.kz/>.

ӘОЖ 342.9.07

ІЛІЯС ЖАНСУГІРОВ ФЕЛЬЕТОНДАРЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Бегжан Н.

Магистрант, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., оқытушы-дәріскер Сырлыбаева Г.Т.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

bekjannurai711@gmail.com

Аталған мақалада сөз зергері Ілияс Жансүгіровтің фельетондарын оқыту арқылы оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту әдістері сөз болады. Жазушы Ілияс Жансүгіровтің озық ойлы, сыни сықақты фельетондарының бірі де бірегейі «Хан адвокат» шығармасын талдау барысында төрт түрлі инновациялық әдіс көрсетіледі. Фельетон жанрындағы мәтіндерді оқыту барысында оқушылар тек әдеби білім ғана емес, сонымен қатар қазіргі қоғамда қажетті коммуникативтік дағдыларды меңгереді. Бұл оларға болашақта түрлі әлеуметтік жағдайларда тиімді қарым-қатынас жасауға, өз ойын нақты және дәлелді түрде жеткізуге, басқалардың пікірін түсінуге және сыни ойлауға көмектеседі.

Кілт сөздер: коммуникативтік құзыреттілік, фельетон, жасанды интеллект, инновациялық әдістер.

В данной статье рассматриваются методы развития коммуникативной компетентности учащихся через изучение фельетонов мастера слова Ильяса Жансугурова. В процессе анализа одного из самых ярких и сатирических фельетонов писателя – «Хан адвокат» – демонстрируются четыре инновационных метода. Изучая тексты в жанре фельетона, учащиеся получают не только литературные знания, но и осваивают важные коммуникативные навыки, необходимые в современном обществе. Это помогает им в будущем эффективно взаимодействовать в различных социальных ситуациях, ясно и аргументированно выражать свои мысли, понимать чужую точку зрения и развивать критическое мышление.

Ключевые слова: коммуникативная компетентность, фельетон, искусственный интеллект, инновационные методы.

This article explores methods for developing students' communicative competence through the study of feuilletons by the master of words, Ilyas Zhansugurov. During the analysis of one of the writer's most striking and satirical feuilletons, «Khan's Advocate», four innovative methods are demonstrated. By studying texts in the feuilleton genre, students not only acquire literary knowledge but also develop essential communicative skills necessary in modern society. This helps them effectively interact in various social situations, express their thoughts clearly and convincingly, understand others' viewpoints, and enhance their critical thinking.

Key words: communicative competence, feuilleton, artificial intelligence, innovative methods.

Білім беру жүйесі – оқушылардың тұлға болып қалыптасуында елеулі рөл атқарады. Осы мақсатта ол ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды, ғылым мен практика жетістіктерін негізге ала [1] отырып, тұлғаны қоғам өмірінің бөлшегі болуға тәрбиелеп, оның жеке қасиеттерін дамытуға жол ашады. Сондықтан да, ол тек пәндік білім беруді ғана көздемейді, ол оқушылардың түрлі дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Сондай маңызды процестің бірі – оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту. Аталған құзыреттілік бойынша білім беру жүйесінде білім алушылардың өмірлік жағдаяттарда ауызша тілдік қарым-қатынас жүргізу, коммуникация барысында әртүрлі мақсаттар мен тактикаларды іске асыру үшін түрлі тілдік құралдарды пайдалана отырып, әңгімеге бастау болып, диалогтарды қолдай алулары көзделеді [2].

Бұл мақалада қазақ әдебиетінің ұлы суреткері, сөз зергері Ілияс Жансүгіровтің өткір сынның, әлеуметтік сатираның озық үлгісі болып танылатын фельетондары арқылы оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың тиімді әдістері мен тәсілдері қарастырылады. Неге фельетондар? Себебі, фельетон жанрының ерекшеліктері, оның сатиралық және көркемдік құндылықтары оқушылардың сыни ойлау қабілетін, тілдік дағдыларын және шығармашылық деңгейін дамытуға үлкен мүмкіндіктер береді. Фельетондарды оқыту арқылы біз оқушылардың астарлы мағынаны түсінулеріне, әлеуметтік-саяси контекстті талдауларына, тілдік қарым-қатынас орнатуда адам бойында кездесетін қасиеттердің маңызын тануға бағыт көрсете аламыз.

Ілияс Жансүгіровтің озық ойлы, сыни сықақты фельетондарының бірі – «Хан адвокат». Аталған шығарма бюрократияны, саяси мансапқорлықты және қоғамның екіжүзділігін өткір сынға алады. Ырай образы арқылы жазушы қазақ қоғамындағы жалған бедел мен шенеуніктердің халық алдындағы жауапкершілігінің төмендігін көрсетеді [3].

Ендігі кезекте «Хан адвокат» фельетонын оқытуда коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін төмендегідей инновациялық әдістерді және оқушылардың ықтимал жауаптарын ұсынамыз:

- 1) Сюжеттік квест.
- 2) Автормен сұхбат.
- 3) Пікірсайыс.
- 4) Өткен мен бүгін.

1-әдіс. Сюжеттік квест (<https://joyteka.com/100919809>)

Тапсырма: **«Фельетон әлеміне саяхат»** атты квест ойыны. Оқушылар бірнеше квест тапсырмаларынан өтіп, әр кезеңде фельетонға қатысты белгілі бір тапсырмалар орындайды. Барлық тапсырманы дұрыс орындаған топ қана «кілтті» тауып, жеңіске жетеді.

Квест кезеңдері:

1. «Кейіпкерлер галереясы» – фельетон кейіпкерлерінің сипаттамаларын жасау.
2. «Тіл құпиясы» – фельетондағы көркемдік құралдарды табу.
3. «Сатира зертханасы» – фельетондағы сатиралық элементтерді анықтау.
4. «Заманауи көзқарас» – фельетондағы мәселелердің қазіргі өмірмен байланысын талдау.

Оқушылардың ықтимал жауабы:

«Біз квестің барлық кезеңінен өттік. «Кейіпкерлер галереясында» Ырайдың портретін жасадық. Ол – мақтаншақ, өзін «Досанның қамқоршысымын» деп санайтын, бірақ шын мәнінде еш пайдасы жоқ кісі. «Тіл құпиясы» кезеңінде фельетоннан сықақты: «Ырай әбден түлеген. Өлі жүні түскен. Өзгерген» деген метафораны таптық. «Сатира зертханасында» кейіпкердің өз-өзін әшкерелейтін сөздерін анықтадық. «Заманауи көзқарас» кезеңінде жалған патриотизм мәселесінің қазіргі қоғамда да кездесетінін талқыладық.

2-әдіс. Автормен сұхбат

Білім беру процесінде оқушылардың қызығушылықтарын арттыру үшін қазірде көптеген жасанды интеллекттер (ЖИ) қолданылып жүр. ЖИ оқушылар мен автордың тікелей қарым-қатынас орнатуы арқылы олардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуға ықпал ете алады.

Тапсырма: Жасанды интеллект технологиясын қолдана отырып, Ілияс Жансүгіровтің рөлінде оқушылармен диалог құру. «Автор» өз шығармалары туралы әңгімелеп, оқушылармен сұхбаттасады. Сұхбат үлгісі:

І. Жансүгіров: Сәлеметсіздер ме, жас достар! Мен – Ілияс Жансүгіров. «Хан адвокат» фельетонын жазу барысында қандай әлеуметтік мәселелерді көтергім келгенін білгілеріңіз келе ме?

Оқушылар: Иә, білгіміз келеді. Сіз неге дәл «Хан адвокат» деген атауды таңдадыңыз?

І.Жансүгіров: Бұл атауда терең қарама-қайшылық жатыр. «Хан» – ескі заманның, феодализмнің белгісі, ал «адвокат» – жаңа заманның, білімділіктің символы. Осы қарама-қайшылық арқылы қоғамдағы екіжүзділікті көрсеткім келді.

Оқушылардың ықтимал жауабы:

«Біз жасанды интеллект арқылы Ілияс Жансүгіровпен сұхбаттастық. Мен автордан «Неліктен фельетон жанрын таңдадыңыз?», - деп сұрадым. Ол сатира арқылы қоғамдағы кемшіліктерді ашық көрсету тиімдірек екенін айтты. Сонымен қатар, автор Ырай бейнесін нақты бір адамның емес, сол кездегі қоғамдағы жағымсыз құбылыстың жинақталған бейнесі ретінде сомдағанын түсіндірді. Бұл тапсырма фельетонның астарлы мағынасын терең түсінуге көмектесті».

3-әдіс. Пікірсайыс.

Пікірсайыс (пікірталас) — әлемдік практикада кеңінен таралған әдістердің бірі. Пікірсайыстың Карл Попер, АПФ, БПФ, ЛД сынды форматтары бар. Пікірсайыс ережесі бойынша жақтаушылар мен даттаушылар өз пікірлерін дәлелдеп, қарсыластарының кейсін құлатуы тиіс [4]. Пікірсайыс тек өз ойынды айтумен шектелмейді, ол өзгені тыңдай білуге, пікірлерді салыстырып, қажеттісін таңдай білуге бейімдейді.

Тапсырма: «Бұл палата...» форматында пікірсайыс ұйымдастыру. Мысалы: «Бұл палата: Ырай өз кезінде басқаша әрекет етуі керек еді деп есептейді».

Топтардың ықтимал жауабы:

«Біздің топ дебатта Ырайдың өзгеше әрекет етуі керектігін жақтадық. Біз үш негізгі аргумент келтірдік. Біріншіден, Ырай шын мәнінде «Досанға» пайдалы болғысы келсе, бос сөз айтудың орнына нақты істер жасауы керек еді. Екіншіден, ол өз білімін халық игілігіне жұмсауы тиіс еді. Үшіншіден, жалған патриотизмнің орнына шынайы елжандылық танытуы қажет еді. Қарсыластарымыз Ырайдың мінезі қоғамдық орта әсерінен қалыптасқан, сондықтан өзгеруі мүмкін емес еді деп дәлелдеді. Дебат барысында фельетондағы детальдарды тауып, өз ойымызды дәлелдеу үшін мәтіннен мысалдар келтіруге тырыстық».

4-әдіс. Өткен мен бүгін.

Тапсырма: Оқушыларға қазіргі заманғы өзекті тақырыпқа фельетон жазуды ұсыну. Ілияс Жансүгіровтің көркемдік тәсілдерін (ирония, сатира, кейіпкердің өзін-өзі әшкерелеуі) қолдануға бағыттау.

Бұл тапсырма оқушылардың айналасына мән беріп, қоғамдағы адамдардың іс-әрекеттерін бағалауға көмектеседі. Әрі өзара әртүрлі үлгілерді келтіру арқылы бір-бірінің ойымен таныс болады. Мұндай әдіс оқушыға ойын жеткізуде сөзді талғап жұмсаудың қажетін көрсетеді.

Оқушының ықтимал жауабы:

«Мен «Виртуалды патриот» атты фельетон жаздым. Бас кейіпкерім – Бақыт, әлеуметтік желілерде отанды сүйге шақыратын посттар жазады, бірақ нақты өмірде қоғамға пайдалы ештеңе істемейді. Оның «Мен болсам, виртуалды әлемде елімнің намысын қорғап жүрмін» деген сөздерін Ілияс Жансүгіровтің Ырайының «Мен болсам, о дүниеге кетіп барам...» деген сөздеріне ұқсатып жаздым. Әрі ұсынып отырған фельетонымның желісі бойынша Бақытқа өзгелер жағымды-жағымсыз пікірлер жазса да, ол өзін өзгертуге еш тырыспайды. Фельетон жазу барысында кейіпкерді өз сөзі арқылы әшкерелеу тәсілін қолдандым және ирония мен сатираны пайдалануға тырыстым».

Жоғарыда ұсынылған әдістер мен тапсырмалар арқылы оқушылардың келесі коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуға және бағалауға болады:

1. Тілдік құзыреттілік:

- Сөздік қорының байлығы.
- Сөйлеу мәдениеті мен тіл тазалығы.
- Көркем тілдік құралдарды қолдану қабілеті.

2. Дискурстық құзыреттілік:

- Мәтін құрылымын түсіну және талдау қабілеті.
- Логикалық және жүйелі ойлау.
- Өз ойын дәлелді және жүйелі түрде жеткізу.

3. Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік:

- Әдеби шығарманың әлеуметтік-тарихи контекстін түсіну.
- Көркем шығармадағы әлеуметтік мәселелерді анықтау.
- Мәтіндегі мәдени реалийлерді түсіну.

4. Стратегиялық құзыреттілік:

- Коммуникация барысында мақсатқа жету стратегияларын таңдау.
- Диалог жүргізу дағдылары.
- Тыңдау және түсіну қабілеті.

Қорыта келе, Ілияс Жансүгіровтің фельетондары арқылы оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту – қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқу сауаттылығын дамытуда ерекше қажетті мәтін түрлері десек болады. Фельетондардың көркемдік ерекшеліктері, сатиралық сипаты және әлеуметтік мәні оқушылардың сыни ойлау қабілетін, шығармашылық потенциалын және коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Мақалада ұсынылған инновациялық әдістер мен тәсілдер – сюжеттік квест, автормен сұхбат, пікірсайыс, өткен мен бүгін – оқушылардың тілдік, дискурстық, әлеуметтік-мәдени және стратегиялық құзыреттіліктерін кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді. Фельетон жанрындағы мәтіндерді оқыту барысында оқушылар тек әдеби білім ғана емес, сонымен қатар қазіргі қоғамда қажетті коммуникативтік дағдыларды меңгереді. Бұл оларға болашақта түрлі әлеуметтік жағдайларда тиімді қарым-қатынас жасауға, өз ойын нақты және дәлелді түрде жеткізуге, басқалардың пікірін түсінуге және сыни ойлауға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. / Құраст.: Н. Әшімбаева, Қ.Рысбергенова, Ж. Манкеева және т.б. – Алматы, 2011.- 752 б.
2. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031#z306>
3. Жансүгіров І. Құж: Фельетондар мен сықақ әңгімелер. – Алматы: Қайнар, 1995 - 128 б.
4. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009. - 263 б.

ӘОЖ 541.124

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС БАРЫСЫНДАҒЫ МАТАЙ РУЛАРЫНЫҢ РУХАНИ БАСШЫЛАРЫ (І. ЖАНСУГІРОВ ЕҢБЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Буланов Е.О.

Т.ғ.к., оқытушы-дәріскер, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.
erzhan_bulanov@mail.ru

1916 жылы 25 маусымда Николай II патшаның тыл жұмыстарына бұратана халықтардан адам алу туралы жарлығы шықты. Жарлық қазақ халқының жаппай наразылығын тудырып, ол бүкіл Қазақстан аумағын шарпыған ұлт-азаттық көтеріліске ұласты. Соның бір ірі ошағы Жетісу жерінде болды. Ілияс Жансүгіров аталған көтеріліс пен Қарқара-Албан көтерілісі туралы кешенді зерттеу еңбегін жазды.

Мақалада Жетісудағы матай руларының қарулы көтерілісін рухтандырып, қазақ жасақтарының намысын оятқан Бекетбай ақын мен молда Смағұл қажының іс-әрекеттері құлагер ақынның «1916 жыл деректері» атты зерттеу еңбегі негізінде ашып көрсетіледі.

Кілт сөздер: идеология, матай, болыс, ояз, жасауыл.

25 июня 1916 года был издан указ царя Николая II о привлечении коренных народов на тыловые работы. Указ вызвал массовое недовольство казахского народа и перерос в общенациональное освободительное восстание, охватившее всю территорию Казахстана. Одним из крупных очагов восстания стал Жетысуский край. Ильяс Жансугуров написал комплексный исследовательский труд, посвященный этому восстанию и восстанию Каркара-Албан.

В статье на основе исследовательского труда поэта «1916 жыл деректері» показаны действия поэта Бекетбая и мұллы Смағұл-хаджи, которые вдохновили вооружённое восстание матайских родов в Жетысу и пробудили боевой дух казахских повстанцев.

Ключевые слова: идеология, матай, волость, уезд, жандарм.

On June 25, 1916, Tsar Nicholas II issued a decree to mobilize indigenous peoples for rear-line labor. This decree caused widespread discontent among the Kazakh people and escalated into a nationwide liberation uprising that engulfed the entire territory of Kazakhstan. One of the major centers of the uprising was the land of Zhetysu. Ilyas Zhansugurov conducted a comprehensive study dedicated to this uprising and the Karkara-Alban uprising.

The article, based on the research «1916 Zhyl Derektieri» by Kulager-Akyn, reveals the actions of poet Beketbai and mullah Smagul-Khaji, who inspired the armed uprising of the Matai clans in Zhetysu and awakened the spirit of the Kazakh troops.

Key words: ideology, Matai, volost, county, gendarme.

Кіріспе

Идеология – бұл әрбір мемлекеттің тірегі, яғни нақ сол мемлекетте өмір сүріп жатқан халықты бір мақсатқа біріктіруші, жинақтаушы ілім. Ол грек сөзінен шыққан, мағынасы «идея» – ой, пікір, «логос» – сөз, ілім дегенді білдіреді. Осы ұғымнан келіп шыққан «идеолог» сөзі – ол халықтың немесе қоғамдық-саяси топтардың ойын білдіруші, идеялық мүддесін қорғаушы деген мағынада айтылады. Зерттеу мақаламызда құлагер ақын І.Жансүгіровтың зерттеу еңбектерінің негізінде 1916 жылғы патшаның «Маусым жарлығына» байланысты әрі-сәрі күй кешкен Жетісудағы матай руларын рухтандырып, намысын оятқан және қарулы қарсылыққа үндеген Бекетбай ақын мен Смағұл қажының көтерілістің ұйытқысы болғандығын ашып көрсету.

Мәселеге қатысты, яғни Жетісу өңіріндегі ұлт-азаттық көтерілістің тарихы туралы құлагер ақынның кешенді зерттеуі 1920 жылдардың ортасында жарық көрді. 1930-жылдардың басында басталған Алаш зиялыларынан басталған саяси қуғын-сүргін, 1937-38

жж. жаппай етек алып, І. Жансүгіров те соның нақақ құрбаны болды. Оның тарихи тұрғыда жазған зерттеу еңбектері архив қойнауында қалды. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Әбілхан Әбіласан іздеп тауып, араб әліпбиімен жазылған тарихи зерттеулерін кириллицаға аударды және жинақ ретінде жариялады [1]. Жинақ «Жетісу. 1730-1916» деп аталады. Қолжазбаның араб әліпбиімен жазылған түпнұсқасымен ҚР Орталық мемлекеттік архивінен танысуға болады: «Өмірбаяным» [2], «Жетісу өлкесін орыс алуы» [3], «Ұзынағаш соғысы» [4], «Жаркент оязында» [5], «1916 жыл деректері» [6], «Лепсі оязында» [7]. Ел аузынан және архив құжаттарынан жиналған қыруар деректердің ғылыми айналымға шығара алмауының себептері туралы Ә. Әбіласан былай дейді: «... Аталған дүниелер кезекті сәтін күтіп жүргенде жиырмасыншы жылдардың соңғы кезеңіндегі сойқандар, одан отызыншы жылдардың ойраны келіп жетеді. Жинақталған дүниелер ақынның жеке мұрағатында қала береді. Нәубетті сәттерде бұл шығармалардың аман қалуына ақын шапағатын көрген кісілер себепші болған көрінеді. Олар бертінге дейін қызыл саясат тырнағынан алып қалып отырған. Қорғап, сақтай білген. Қып-қызыл «өрттен» аман шыққан бұл тарихи дүниелер – тақырыбы жағынан біртұтас сабақтас, өзектес, нақтылы, деректі еңбектер» [1, 3 б.].».

Талқылау

Ресей империясының Қазақстанды отарлау саясаты ХХ ғасырдың басында шарықтау шегіне жетті. 1731 жылы ресми түрде Кіші жүз ханы Әбілхайырдың бодандыққа алу туралы өтінішінен кейін басталған әскери-казактық отарлау саясаты 1860-жылдардың ортасында аяқталды. Қазақ жері толықтай бағындырылып, 1867-1868 жж. әкімшілік реформасынан кейін орыс шаруаларын жаппай қоныстандыру үрдісі басталды. Оның үстіне 1861 жылы Ресейде басыбайлылық құқықтың жойылуы қазақ жеріне өз бетімен жаппай көшіп келуші орыс мұжықтарының санын арттырды. Әскери-казактық отарлаудан кейін жүзеге асырылған орыс шаруаларын қоныстандыру саясаты 1906-1912 жж. «Столыпиннің аграрлық» реформасынан кейін тіптен күшейді. Нақ сол жылдары Қазақстанға 2 млн. аса орыс шаруалары көшіп келген. Оларға қажетті жер дайындау үшін «Қоныстандыру қоры» құрылып, қазақтың шұрайлы жерлерін тартып алды. Тарихшы Ә.Б. Тұрсынбаевтың зерттеуі бойынша «1906-1915 жж. аралығында Ақмола, Семей, және Торғай-Орал қоныс аудару аудандарында нақты алынған қазақ жерлері 15,8 млн. десятина болған. Оған қоса Жетісу өңірінде – 3,3 млн. десятина, Сырдария округінде – 2,5 млн. десятина жер тартып алынған. Қорытынды цифр – 21 206 118 десятина болды» [8, 61 б.] Алайда, орыс шаруаларына деп алынған көрсетілген жерлерден бөлек орыс-казак әскерлеріне арналған орман, саяжай және басқа қазыналық қажеттерге, қалалар мен темір жолдардың орналасуына деп тартып алынған жерлерді қоса есептегенде тартып алынған жердің жалпы көлемі 45 млн. десятинадан астам болып шығады [9, 599 б.]

«Жығылғанға жұдырық» демекші осы уақытта патша өкіметінің тарапынан рухани тұрғыда отарлау үрдісі қабаттаса жүрді. Оның зардабы да ауыр болатыны түсінікті еді. Себебі, Сібірдегі аз санды ұлттарды қалай отарласа, қазақтарды да дәл солай жоюдың қитұрқы саясаты әріден ойластырылды. Яғни, бұл саясаттың астарында қазақ халқын дінінен, тарихынан, ділінен айыруды көздеді. Осыны түсінген қазақтың оқыған, тоқыған зиялы азаматтары тарих сахнасына шықты және алғашында ағартушылық жұмыстарды қолға алды. Мәселен, өлеңдер, мысалдар, тарихи шығармалар жазу және газет-жұрналдар шығару арқылы халықтың санасын оятуға, білімді игеруге шақырды. Одан кейін барып, саяси күрес түріне ауысып, петиция ұйымдастыру, Мемлекеттік думаға депутат болу, саяси партия құру және т.б. жұмыстарды атқарды. Қалыптасқан қазақ зиялыларының көш басында Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов және М. Дулатов тұрғандығы тарихи шындық, ал соңғысын, яғни М. Дулатовты бостандық, тәуелсіздік үшін күрестің алдыңғы шебінде болған Алаш қозғалысының басты идеологы деп айтсақ қателеспейміз. Оның «Оян, қазақ» атты өлеңдер жинағы соның бір ғана мысалы [10].

XV ғасырда құрылған Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі уақыттан бері халықтың рухын көтеруге мұрындық болған мұндай мысалдарды көптеп кездестіруге болады. Мәселен, Қазтуған, Бұхар, Ақтамберді, Махамбет және т.б.

Сол сияқты әрбір оқиғаның, көтерілістің, ұлт-азаттық қозғалыстардың ортасында нақ осындай тұлғалар тұрады. Зерттеу мақаламызда құлагер ақын І. Жансүгіровтың «1916 жыл деректері» [1, 103-156] деген тарихи зерттеу еңбегін басшылыққа ала отырып, Жетісу өңірінде орын алған 1916 жылғы «Маусым жарлығына» қатысты ел ішіндегі қарулы көтеріліске дем берген, рухани қолдаушылары болған тұлғалар туралы айтылады. «1916 жыл деректері» атты көлемді зерттеу еңбектің «Менің есімдегі» [1, 135-156 бб.] атты бөлімінде нақ осы мәселе құлагер ақын тарапынан тамаша баяндалады. Бірақ, құлагер ақын оқиғаны көзімен көріп, оны баяндап берген куәгердің есім-сойын атап көрсетпейді.

Патшаның «25 маусым жарлығы» шыққан кезде жергілікті қазақтар одан бірден хабардар болған жоқ. Көп жағдайда ұзынқұлақтан естіп жатты. Ол туралы І. Жансүгіров былай деп жазады: «Қазақтан солдат алады-мыс; ол Думада сөз болыпты-мыс; оны «Көк үйлер» біледі-мыс деген ел ішінде ызың бар. Бірақ әлі анықталмаған құры «мыс». Ояз болыстарды бір кезбен жасауыл шығып, дуанға шақырды. Неге шақырғанын жалпақ ел білген жоқ. Ай сайын шақырып, жарлық айтып, елге салық сала беретін. Соның бірі шығар деді де қойысты. Болыстар дуанға барған соң ояз ақ патшаның «жұмысшы жігіт алынады» деген жарлығын жариялапты. Оны ел өзінше алып қашып, «солдат сұрапты» деген суық хабар ел ішіне дүңк ете түсті. Ел тасқаяқтай қағысты. Халықтың төбесінен суық су сорғалатқандай ел құлағы елең ете түсті. Шырт ұйқыдан оқ оятқандай жетіден жетпістегісіне дейін серги кетті. Шаруа, күй-жай, әзіл жайына қалып, әңгіме «солдат алу» қалай? Қайда апарады? Болыстар не айтыпты? Қай ел қалай екен? Түбі не болады?» ... Міне, жұрттың баққаны, айтқаны осы» [1, 136 б.]. Осы мәліметтен 1916 жылғы шілде айындағы Жетісу өңірін мекендеген жалайыр мен найман руларының арасындағы жалпы ахуалды көреміз.

Болыстар орыс билігінің бұйрығын орындауға мәжбүр болса, ал ел арасында беделі бар ақсақалдары бұндай сұмдықты осы күнге дейін жұрттың естімегенін, елдің солдат алудан шошитындығын, толқитындығын алдыға тартып, солдатқа бала бере алмайтындығын айтып, уезд бастықтарының алдына илікпей отырып алады. Ел басына «балапан басына, тұрымтай тұсына» деген пәле төнді. Ел ішінің ұйытқысы бұзылып, ортасы шайқалды. Қытаймен шекараға жақын рулар жаяу-жалпы шұбап, арғы бетке өте бастады. Үшінші бір тобы, яғни Ақсу, Қаратал өзендерінің төменгі ағысына қарай ойға, құмдауыт шалғай жерлерге көшті. Етекке көшкен елдің жағдайы туралы: «... Өздері жаман құты шайқалып, қоныстан ауған ел аршалы, тастақты жолда шулап, шұбырып келеді. Аспаннан «алдасы» бәле тастағандай меңзең, бала-шағасы шулап, шұбап барады. Бір шал торы шолақ байталдың белінде. Балтасын беліне қыстырып, көшінің алдында күшік өңгеріп келеді. Желке шашы бұрқырап жыртық жаулықтан шыққан жалаң аяқ қара қатын «шуу, арамқатқырлап» уық қомдаған, үстіне қазанын салған қара сиырды жетектеп келеді. Оның арқасында бір бала, қолтығында емшектегі баласы. Бұл сиырды үсті шиедей қотыр, балағы жыртылған, қара тұтқыш ескі дабын дамбалдан басқа үстінде лыпасы жоқ 10-11-дегі қыз тау асып, тас басып, ақ сабаумен айдап барады» [1, 137 б.]. Шындығын айтқанда бұл көштің шын сипаты бассауғалап үріккен елдің бара жатқан беті белгісіз еді. Қайда барарын, қайда тұрақтайтынын бір құдайға тапсырған. Олардың құтты қонысы мен мекенінен айырған патша билігі, жергілікті әкімшіліктің қатыгез саясаты және бұйрықты орындағын орыс солдаттарының ойраны еді.

Көтеріліс қарсаңындағы Жетісу өңіріндегі қалыптасқан ахуал шиеленісіп келе жатты. Әрі-сәрі күйдегі және нақты ұйымдастырушысы жоқ халық дағдарып, қайтпек керек, қандай іс-әрекет қылу керек, биліктің айдағанына көніп солдатқа бала береміз бе, әлде қарулы көтеріліске шығып, туған жерімізде шейіт боламыз ба деген сұрақтар тұрды. Өйткені, дәл осы кезде елдің ойы нақты белгіленбеген. Көңілдері ұйқы-тұйқы. Екі оттын ортасында қалған болыстар елдің тауқыметінен шыға алмай, билікке «адам береміз» деп айтып, «қайтеміз» деп көпке айтып, не қыларын біле алмай дал болды.

Нақ сол уақытта төменгі Ақсу өзенінің бойына орыс әскерінен қашып келген Айтжан деген ел ағасы баласына ас беретін болып, ел жиналып, алқа-қотан отырған көпшілікке жасы 70-ке келген матайдың соқыр ақыны Бекетбай қара домбырасымен халқықтың рухын оятқан жырларын айтады:

«Алты ауыз қылып қазақты
Басында орыс ел алды.
Елді орысқа қаратып,
Төре мен сұлтан шен алды.
... Дінімізге қол салды
«Үй бер» деді, үй алды,
Үй артуға түйе алды.
«Ат бер» деді, қап алды.
Елтірі, арқан, ақ кигіз,
Ат кежім, байпақ, текемет,
Салдатқа керек деп алды.
Аяғында мінекей, аузын салды балаңа,
Енді алмаған нең қалды» [1, 140-141 бб.].

Елдің рухын ояту, қарулы күреске шақыру туралы жырын толғаған Бекетбай туралы І. Жансүгіров мынадай сипаттама береді: «Бекетбай кәрі құлақты, ескі сөзді көп білетін сұңғыла соқыр. Ол кешегі Абылайды айтады. Жетісудағы қалмақты Шоңайға (батыр) көшіртеді. Кенесарының Жетісуға келіп, қазақтың орыс пен қытайдың қайсысына қарарын білмей екі жаққа жарылғанын жыр қылады. Орысқа төре тұқымы, сұлтандар мұрындық болып, елді қаратқанын тап басып айтады. Орыстың ел билеу жөнінің, алым алу ретінің көпке түсініксіз зорлыққа сүйенгендігін, жалпы бұқараның ішінен тұнған наразы екендігін айтады. Қилы-қилы заман болып, қарағай басын шортан шалып, қутындаған қу шұнақ, шолақ заманға кез болып тұрғандығын жырлайды» [1, 141 б.]. Осындай жырлары арқылы Бекетбай ақын елдің ойын тербеп, санасын шайқап, қолға қару алып, намысты қолдан бермеуге шақырды.

Ақын өзінің жырлары арқылы не жігіт берерін, не соғысып өлерін, не ақтабан шұбырынды болып, қайда ауа көшерін білмей сандалып тұрған елдің дүр етіп қарулы көтеріліске шығуына түрткі болды.

Бекетбай ақынның арқалы жыры дем берген матай жігіттері Айтжан ауылына арнайы тапсырмамен келген бір жасауыл (жергілікті қазақ ұлтынан жасақталған тәртіп сақшысы) мен екі орыс солдатын аттың бауырына алып, сабап тастайды. Қаруларын тартып алады. Осындай апыр-топырдың ортасына имам Смағұл қажы келеді. Сол кезде көпшілік имамды ортаға алып, болған оқиғаны айтып, ендігі кезекте Асылбек болыстың ауылындағы орысқа шабатындығын айтып келіп, мұның шариғатқа қалай екендігін сұрайды. Оның берген жауабы: «Бұл мұсылманға туған зауал ғой. Алланың бұйрығын тұтпақ – парыз. Пайғамбардың қылғанын қылмақ – сүннет. Әділетті патшаның әмірін тұтпақ – уәжіп. Бірақ орыс патшасы әділеттен тайды. Дінімізге қол салды. Елдегі молдаларға түрікпен қатынасы бар деп қаһарға алды. Аяғында халықтың барлық малын алып болып, енді ауызды адамға салды. Түрік жұрты бүгінде күллі мұсылман дүниесін кәпір тырнағынан азат қылуға соғысып жатыр. Қазақтан алған солдатты соған қарсы айдамақ. Шариғатта діні бір қандас мұсылманға оқ атып, қылыш тартып өлген доңыз өлімінде кетпек. Мұның ақылы – ақ, осы жердің өзінде өлу. Өзінің әділеті кетіп, үкімі бұзылған залым кәпір патшасына қарсы қайрат қылу – өлсе шейіт, өлтірсе – қазі. Не болар дейсің, жұрт жұмылса, ынтымақ сақтаса, орыстың осы күні күші кетіп тұрған кезі. Барлық баурынан сиген еркегі майданда. Қала-қалада қатын-бала, кәрі-құртаңнан басқа әскер жоқ. Ау деп қала-қалаға қолды қойып жіберсе, қазақ алады да қояды – деп шұбар қажы шұбыртып барып тоқтады» [1, 147 б.].

Смағұл қажының бұл сөзі сеңдей соғылысқан қазақтардың рухын бірден көтерді. Олар «Өлсек – шейіт, өлтірсек – қазі екенбіз», - деп барлығы атқа қонады. Сонымен, әр рудан жиналған адам саны мыңнан аса жығылды. Көтерілісшілер орыс әскеріне ғана емес,

биліктің сойылын соққан болыстарға да аяушылық жасамады. Соның бір мысалы орыс солдаттары мен приставты жасырған Асылбек болыстың жұртына келгенде, ол ауылдың үш-төрт кісісін ертіп көптің алдына жылап келеді:

« - Матай-ай! Мен саған не қылдым. Ауылыма ат ойнатып, үрейімізді ұшырдың. Қатындарымыз бала тастап, қазанымыз шағылып, шашылып қалдық. Не қылсаңдар да орысқа біздің ауылдан аулақ апарып қылсаңдаршы. Орысты мен шақырып келгенім жоқ еді», - деп қалтырап жылап тұрды [1, 150 б.]. Көтерілісшілер Асылбек қажының еңіреп жылағанына да, жалынғанына да қарамай оны аттың бауырына алып сабайды. «Ауылыңа орысты сақтап, жан-жаққа шабуылдатып, осы Матайдың тұқымын құртқанда қай жаққа барып жан сақтайсың. Таза Матай, адал кісі болсаң орысыңды қолымызға бер. Өзің біз жаққа шық. Әйтпесе мәймөңкелеген көлгір сөзіңнің насыбайлық нанымы жоқ. Түтініңді түтініңе қосамыз. Шаңырағың шағылады...» [1, 150 б.], - деген қатал талап қояды. Әрине, ел басына күн туған заманда қазақтың қолында бір ғана билік – болыстық билік қолында тұрған ел басқарушылардың солқылдақ саясат ұстануы көтеріліске шыққан халықтың рухын түсіретін еді.

Өйткені, 1867-68 жж. реформадан кейін қазақ жерінде бес сатылы басқару жүйесі енгізілген болатын. Соның жоғарғы үш сатысы – генерал-губернатор (генерал губернаторлықты басқарды), әскери-генерал (облысты басқарды), уездной начальник (уездерді басқарды) орыс әскерілерінің қолына берілсе, екі төменгі билік иерархиясы болыс пен ауыл старшыны лауазымы қазақтардан тағайындалған болатын. Сондықтан халық болыстарға арқа тұтқысы келгенімен олар екі оттың ортасында қалды: халық пен патша әкімшілігінің.

Қорытынды

Солдатқа бала бермейміз деген халықтың наразылығы қарулы көтеріліске ұласты. Жетісу жеріндегі бір ғана матай руының ішіндегі басталған қарулы көтерілістің жаппай сипат алуына жоғарыда аталған жасы келсе де жалыны сөнбеген Бекетбай ақын және молда Смағұл қажының да ықпалы айрықша болғандығына көз жеткіздік. Өйткені, қандай да бір көтеріліс немесе қозғалыстың басшыларынан бөлек, оған қатысушыларды бір мақсатқа жұмылдыратын, намысын оятып, рухын көтеретін негізі идеологтары болатынын тарих өзі көрсетті һәм дәлелдеді. Оған І. Жансүгіровтың «1916 жыл деректері» атты шығармасын қарастыру барысында көз жеткіздік. Яғни, олар патша жарлығына қарсы шыққан Жетісудағы қазақтың матай руларының ойын бір арнаға тоғыстырды, көтерілісшілерді қандай да бір мақсатқа бастайтын идеялық таным-түсінігін анықтап берді һәм жігерлендірді.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Гуманитарлық ғылымдар даму процесіндегі Ілияс Жансүгіров мұрасы: ХХІ ғасыр контекстінде» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 19680053).

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жансүгіров І. Жетісу. 1730-1916. Құрастырушы Әбілхан Әбіласан. – Алматы: Ценные бумаги, 2001. – 178 б.
2. ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 1-іс
3. ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 51-іс
4. ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 51-іс
5. ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 56-іс
6. ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 54-іс
7. ҚР ОМА. 1368-қ., 1 т., 54-іс
8. Турсунбаев А.Б. Из истории крестьянского переселения в Казахстан. – Алма-Ата: Изд-ва АН Каз ССР, 1950. – 102 с.
9. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – 3-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 768 б.
10. Дулатов М. Шығармалары: Өлеңдер, қара сөздер, көсемсөз. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.

ӘОЖ 37.012

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Дукенбаева Р.С.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, №29 орта мектеп-лицей, Талдықорған қ.

Бұл баяндамада оқушылардың оқу сауаттылығын арттырудың тиімді жолдары мен стратегиялары қарастырылады. Оқу сауаттылығы мәтінді түсіну, ақпаратты сыни тұрғыдан талдау және өз ойын жүйелі жеткізе білу қабілеттерінен тұрады. ХХІ ғасырдағы негізгі қажеттіліктердің бірі ретінде оның маңыздылығы айқындалады. Мақалада оқушылардың қызығушылығын ояту үшін оқу мәдениетін қалыптастыру, сыни ойлау дағдыларын дамыту және интерактивті оқу тәсілдерін қолдану ұсынылады. Сонымен қатар, цифрлық құралдар мен онлайн платформаларды қолдану арқылы заманауи технологияларды пайдалану мүмкіндіктері сараланады. Оқуға мотивация берудің түрлі әдістері мен бағалаудың инновациялық тәсілдері де қамтылады.

Осы баяндаманы оқу арқылы мұғалімдер оқыту процесін жандандырып, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға қажетті практикалық кеңестер алып, олардың оқу сауаттылығын дамытуда кешенді әдістерді қолдануға үйренеді.

Кілт сөздер: оқу сауаттылығы, сыни ойлау, интерактивті оқу, цифрлық құралдар, оқу мотивациясы.

В данном докладе рассматриваются эффективные способы и стратегии повышения читательской грамотности учащихся. Читательская грамотность включает в себя способность понимать текст, критически анализировать информацию и систематически выражать свои мысли. Подчеркивается её значимость как одной из основных потребностей ХХІ века.

В докладе предлагается формирование культуры чтения для поднятия интереса учащихся, развитие навыков критического мышления и использование интерактивных методов обучения. Также обсуждаются возможности применения современных технологий с использованием цифровых инструментов и онлайн-платформ. Включены различные методы мотивации к чтению и инновационные подходы к оцениванию.

Изучив этот доклад, учителя смогут получить практические советы по оживлению процесса обучения и повышению интереса учащихся к чтению, а также научатся применять комплексные методы для развития их читательской грамотности.

Ключевые слова: читательская грамотность, критическое мышление, интерактивное обучение, цифровые инструменты, мотивация к чтению.

This report explores effective methods and strategies for enhancing students' reading literacy. Reading literacy encompasses the ability to comprehend text, critically analyze information, and systematically express one's thoughts. Its significance is highlighted as one of the essential needs of the 21st century.

The report suggests fostering a culture of reading to stimulate students' interest, developing critical thinking skills, and employing interactive learning methods. It also discusses the opportunities provided by modern technologies through the use of digital tools and online platforms. Various methods to motivate reading and innovative assessment approaches are included.

By studying this report, educators can gain practical advice on revitalizing the learning process and increasing students' interest in reading, as well as learn to apply comprehensive methods to improve their reading literacy skills.

Key words: eading literacy, critical thinking, interactive learning, digital tools, motivation to read.

Бүгінгі күнде оқу сауаттылығы негізгі білім беру мақсаттарының бірі болып табылады. Ол тек мәтінді оқып, түсінуден ғана емес, ақпаратты сыни тұрғыдан талдау, логикалық ойлай білу және жеке ойларын нақты, жүйелі түрде жеткізе білу қабілетімен де байланысты. Бұл дағдылар кешенді ойлауды дамытады және оқушылардың күнделікті өміріне қажетті шешім қабылдау қабілеттерін арттырады.

Оқу сауаттылығы заманауи әлемдегі ақпарат ағыны мен күрделі мәселелерді шешуде негізгі рөл атқарады. Ол оқушылардың көп ақпарат ішінен маңыздысын іріктеп алу, оны сыни тұрғыдан талдау және өзінің өмірінде қолдану дағдыларын дамытуға ықпал етеді. ХХІ ғасырдың тез өзгеріп тұратын талаптарына сай болу үшін бұл қабілеттер кез келген адамның тұлғалық және кәсіби өсуі үшін аса маңызды.

Оқу уақыты: Әр сыныпта белгілі бір уақытта тек оқуға көңіл бөлу арқылы оқу сауаттылығын дамытуға ықпал ету. Бұл арнайы уақыт бөлу оқушыларға оқу процесіне толықтай кіруге және күрделі мәтіндердің мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Әртүрлі жанрлар: Оқушылардың қызығушылығын оятатын әдебиет, ғылыми-фантастика, тарихи материалдар секілді жанрлар арқылы оқу спектрін кеңейту. Әртүрлі жанрларда оқу оқушылардың көкжиегін кеңейтеді және олардың дүниетанымын байытады.

Оқу мәдениетін қалыптастыру – бұл оқушылардың оқуға деген қызығушылығын оятып, олардың оқу дағдыларын тереңдетуге бағытталған жүйелік процесс. Оқу мәдениеті оқушылардың оқыған материалға саналы түрде қарауға, оны терең түсініп, қажетті ақпаратты тиімді пайдалануға көмектеседі. Аталған бағытты толыққанды жүзеге асыру үшін бірнеше маңызды аспектілер мен тәсілдер қарастырылуы мүмкін:

Түсінікті және қолжетімді оқу

1. Мектеп кітапханасын кеңейту. Оқушылардың қызығушылығын оятатын қызықты және ауқымды кітап қорын құру. Әртүрлі жанрдағы, авторлардағы және деңгейдегі кітаптар балалардың көкжиегін кеңейтіп, оларға өз қызығушылығына сай оқу материалдарын ұсынады. Кітапханалар интерактивті болуы тиіс, сондықтан оқушылардың өздерін қызықтыратын тақырыптармен танысуға мүмкіндік беретін және сол арқылы оқуға деген ынтасын арттыратын шараларды ұйымдастыру маңызды.

2. Оқу бұрыштарын құру. Әр сыныпта оқуға арналған ыңғайлы және қызықты бұрыштардың болуы оқушылардың бос уақыттарын конструктивті түрде өткізуіне ықпал етеді. Мұндай бұрыштарды көркемдеуде оқушылардың өз шығармашылықтарын қосу оларды оқу процесіне тарту мүмкіндігін арттыра түседі.

Оқуға қолайлы ортаны қалыптастыру

3. Оқу уақыты. Сабақ кестесінде күнделікті және апталық арнайы оқу уақыттарын белгілеу. Мысалы, аптаның бір күнін "Оқу күні" деп жариялау және сол күні барлығын сынып деңгейінде белсенді оқу процесіне баулу. Бұл оқушыларға уақытты тиімді пайдаланып, оқу үрдісіне саналы түрде назар аудару дағдыларын қалыптастырады.

4. Оқу дағдыларын талқылау. Оқушылардың оқу дағдыларын жетілдіру мақсатында, қандай әдістер мен тәсілдер арқылы жақсырақ оқуға болатынын талқылайтын сабақтар өткізу. Бұл оларға өз оқу дағдыларын түсінуге және оларды жақсарту жолдарын қарастыруға көмектеседі.

Оқу Әдеттерін Дамыту

5. Оқуды насихаттайтын шаралар. Мектепте "Кітап апталығы" немесе "Оқу фестивалі" сияқты шараларды ұйымдастыру арқылы балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыруға болады. Мұндай шараларда мектеп қауымы әртүрлі тақырыптар бойынша кітаптарды талқылап, пікір алмаса алады.

6. Оқушыларды кітап таңдау процесіне қатыстыру. Оқушыларды мектеп кітапханасына жаңа кітаптарды таңдауға тарту олардың өз пікірлерін білдіру қабілеттерін дамытуға және өз талғамдарына сәйкес кітаптар таңдау арқылы оқуға деген қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік береді.

Оқу Мотивациясын Қамтамасыз Ету

7. Жеке оқу жоспарлары. Оқушылардың қызығушылықтары мен оқу деңгейлеріне сәйкес жеке оқу жоспарларын құру. Мұндай жоспарлар оқушыларға өз оқу мақсаттарын анықтауға және оларды жүйелі түрде жүзеге асыруға көмектеседі.

8. Оқытуда интерактивті және креативті әдістерді қолдану. Оқу процесіне интерактивті элементтерді қосу, мысалы, кітаптар бойынша театрлық сахналар көрсету немесе оқығандарды суреттеп салу, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырады және оларды шығармашылық түрде ойлауға итермелейді.

Оқу мәдениетін қалыптастыру ұзақ мерзімді процесті талап етеді және тұрақтылық пен шығар.шығармашылықты қажет етеді. Мұғалімдер мен ата-аналар бұл жолда оқушыларды қолдап, бірге жұмыс істеп, мотивацияны қолдау арқылы оқу процесін қызықты әрі нәтижелі етуге атсалысуы керек.

Сыни ойлау дағдыларын дамыту. Сыни ойлау дағдыларын дамыту – оқушылардың ақпаратты түсінуін, талдауын және бағалау қабілеттерін жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Сыни ойлау студенттерге күрделі мәселелерді шешуге және негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі. Бұл дағдыларды мектеп қабырғасында қалыптастыру оқушылардың ғана емес, бүкіл қоғамның дамуына әсер етеді. Сыни ойлауды дамыту үшін бірнеше әдістер мен стратегиялар қарастырылады.

Сыни ойлаудың маңызы. Сыни ойлау ақпаратты терең түсінуге көмектеседі. Оқушылар берілген ақпаратты талдап, оны әртүрлі көзқарастардан қарастырып, оның түпнұсқалылығын анықтай алады. Бұл дағды қазіргі ақпараттық қоғамда өте маңызды.

Сыни ойлау стратегиялық ойлауды қажет етеді. Бұл оқушыларға нақты жағдайларда тиімді шешімдер қабылдау қабілетін арттырады. Оқушы мәселені шешу үшін түрлі стратегияларды қарастыра отырып, ең тиімді жолды таңдауға үйренеді.

Сыни ойлаудың негізі – дұрыс сұрақтар қоя білу және сол сұрақтарға жауап беруге тырысу. Мұғалімдер оқушыларды тақырып бойынша терең сұрақтар қоюға шақырып, әрбір сұраққа дәлелді жауап іздеуді талап етеді.

Сұрақ түрлері: "Неге?" және "Қалай?" деген сұрақтардың пайдалы болу себебі – олар ойды тереңдетіп, мәселенің мәнін түсінуге көмектеседі.

Оқушыларды әртүрлі тұжырымдамаларды салыстыруға үйрету. Мәселен, екі түрлі шешім жолын немесе екі түрлі көзқарасты талдап, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау.

Кластерлеу тәсілі: Бұл әдіс арқылы оқушылар белгілі бір тақырыпқа қатысты идеяларды топтап, оларды салыстыру және талдау арқылы мәселенің күрделілігін анықтайды.

Оқушыларға кез келген пікір немесе тезис бойынша дәлелдерді жинауға және осы дәлелдердің қаншалықты маңызды екенін бағалауға үйрету.

Дәлелдер картасы: Бұл әдіс нақты бір мәселені зерттеуде қолданылатын дәлелдер мен контрдәлелдерді анықтауға мүмкіндік береді.

Пікірсайыстар – сыни ойлауды дамыту үшін тиімді әдіс. Онда оқушылар өз пікірлерін дәлелдеп, қарсы пікірлерге жауап беру арқылы өз ойларын нақты және жүйелі түрде жеткізуге үйренеді.

Формалды пікірталас: Оқушылардың топтарын фактілерге сүйене отырып, түрлі көзқарастарды қорғауға шақыру. Бұл әдіс тек қана фактілерді ғана емес, сонымен қатар эмоциялық тұрақтылық пен тез жауап беру қабілеттерін де дамытады.

Сыни ойлауды дамытатын оқыту ортасы оқушыларды өз ойын ашық жеткізуге, тәуекелге баруға және қателіктерден сабақ алуға ынталандыруы тиіс. Мұғалімдер тапқырлық пен эксперименттерді құптап отырса, оқушылар өздерінің оқу процесіне белсенді қатысады.

Үздіксіз кері байланыс. Кері байланыс сыни ойлауды дамыту үшін маңызды элемент болып табылады. Мұғалімдер оқушылардың жетістіктерін ғана емес, олардың қателіктерін де талдап, нәтижелерін жақсарту жолдарын көрсетуі керек.

Интерактивті амалдар арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдыларын қолдау мүмкіндіктері мол. Мысалы, ақыл-сана карталары, венн диаграммалары сияқты құралдар арқылы өз ойларын визуализациялау сындарлы ойлау процесін жеңілдете алады.

Цифрлық платформалар арқылы сабақтардың бір бөлігін онлайн форматта өту – оқушыларға әртүрлі оқу ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл оларға өз бетімен зерттеу жүргізуге және оқытылатын материалдарды тереңірек зерттеуге көмектеседі.

Сыни ойлау дағдыларын дамыту оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашып, білімдерін тереңдетеді. Мұғалімдер бұл дағдыларды дамыта отырып, оқушыларға ақпараттық қоғамда өзіндік орын алуға мүмкіндік береді.

Интерактивті оқыту тәсілдері

Дискуссиялар – оқушыларды белгілі бір тақырып аясында өз пікірлерін білдіруге және талқылауға ынталандыратын үздік әдіс. Олар оқушылардың тыңдау, өз ойларын жеткізу, логикалық дәлелдеу қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі.

Рөлдік ойындар – оқу процесіндегі белгілі бір тақырыпты немесе сценарийді тереңірек түсінуге бағытталған. Оқушыларды рөлдерге бөліп, түрлі жағдайларды талдау арқылы оларды сыни және шығармашылық тұрғыда ойлануға ынталандырады.

Жобалық оқыту – оқушылардың зерттеу жобаларын жасау арқылы өзінің оқу жолын дербес құруға мүмкіндік беретін тәсіл.

Бұл міндет студенттердің *ғаламның принциптерін* терең түсінуін, табиғи ортаның да, адамзат қоғамының да дамуының іргелі заңдылықтарын түсінуін қамтиды. Мұндай түсінік әртүрлі өмірлік жағдайларда жауапты және саналы мінез-құлық үшін берік негіз қалыптастырады. Барлық оқу пәндерін оқып-үйрену барысында оқушылар білімнің интеграциялануына және моральдық жағынан жетілген тұлғаның маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға ықпал ететін негізгі дүниетанымдық ережелерді тұрақты игеруге ұмтылуы керек. Жас ұрпақтың шынайы адамгершілік және рухани тәрбиесі мінез-құлықтың стандартты ережелерін механикалық жаттаумен ғана шектелмейді. Бұл адамның іс-әрекетінің сипатын және қоршаған әлеммен қарым-қатынасын анықтайтын, оны шынымен гуманистік және рухани бай ететін тұрақты моральдық сенімдерді, құндылықтар мен принциптерді қалыптастырудың терең және жан-жақты процесін білдіреді.

Адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда оқулық мазмұны, әдеби шығармалар, сынып сағаттары, ата-анамен байланыс – барлығы кешенді түрде қарастырылуы керек. Мәселен, бастауыштағы қазақ тілі мен әдебиет пәндерінде оқытылатын ертегілер мен аңыздар арқылы балаларға жақсылық пен жамандық, батырлық пен қорқақтық, әділеттілік пен әділетсіздік жайлы терең ұғым беріледі. Мысалы, «Ертөстік» ертегісіндегі басты кейіпкердің батылдығы, достарына деген адалдығы балаларды ерлікке, шынайылыққа баулиды. Мұндай шығармаларды талдау барысында оқушылар тек мәтінді түсініп қана қоймай, өз бойындағы мінез-құлықты салыстырып, өзіндік баға бере бастайды.

Бастауыш білім беру жүйесінде оқушылардың басты орында тұратыны адамгершілік мәселесі, сол себепті бастауыш оқушыларының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, адамгершілік тәрбие беру пән бойынша алған білімдерімен қатар күнделікті оқу үрдісінде тәрбие беру үнемі қатар жүзеге асырылуы қажет.

Бастауыш сынып оқушыларына адамгершілік тәрбие беру тақырыбына қосымша идеялар: Эмоционалды интеллектті дамыту: балалардың эмоцияларын тану, түсіну және басқару, сондай-ақ басқа адамдардың эмоционалды жағдайын түсіну қабілетін дамытуға бағытталған әдістерді білім беру процесіне енгізу. Бұл эмпатия мен саналы мінез-құлықтың қалыптасуына ықпал етеді.

Моральдық нормаларды оқытудың интерактивті әдістерін қолдану: рөлдік ойындарды, пікірталастарды, нақты өмірлік жағдайларды талдауды және этикалық принциптерді белсенді игеру үшін моральдық тандауды модельдеуді қолдану. Адамгершілік әңгімелерді әртүрлі оқу пәндеріне біріктіру: этикалық нормалардың әмбебаптығын көрсете отырып, әдеби шығармалар, тарихи оқиғалар, ғылыми жаңалықтар және тіпті математикалық есептер шеңберіндегі адамгершілік аспектілерді қарастыру.

Мектеп жобалары мен волонтерлік бастамаларды құру: мұқтаж жандарға көмек көрсетуге, қоршаған ортаға қамқорлық жасауға және альтруизм мен қатысу сезімін қалыптастыруға ықпал ететін азаматтық жауапкершілікті көрсетуге бағытталған ұжымдық істерді ұйымдастыру. Ата-аналармен белсенді өзара іс-қимыл: ересектердің жеке үлгісінің маңыздылығын көрсете отырып, отбасы мен мектепте адамгершілік тәрбиесіне бірыңғай

тәсілдерді әзірлеу үшін бірлескен іс-шаралар, семинарлар мен консультациялар өткізу. Мұғалімнің мінез-құлқының жағымды моделін қолдану: мұғалім оқушыларға, әріптестеріне және айналасындағыларға құрметпен қарауды, адалдықты, әділеттілік пен жауапкершілікті көрсете отырып, адамгершіліктің үлгісі болуы керек.

Өнер құралдарын пайдалану: эмоционалды реакцияны қалыптастыру және моральдық құндылықтар туралы ойлауды ынталандыру үшін көркем шығармаларды талдау, моральдық проблемалары бар фильмдер мен театр қойылымдарын қарау.

Медиа мазмұнға қатысты сыни ойлауды дамыту: балаларды әртүрлі көздерден алынған ақпаратты оның моральдық мазмұны мен ықтимал әсері тұрғысынан талдауға үйрету.

Адамгершілік құндылықтарға негізделген мектеп дәстүрлерін құру және қолдау: ұжымшылдық сезімін, өзара көмек пен тарих пен мәдениетті құрметтеуге ықпал ететін іс-шараларды ұйымдастыру.

Адамгершілік тәрбиеге жеке көзқарас: тәрбие жұмысының әдістері мен формаларын таңдау кезінде әр баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру

Біріншіден, біздің мемлекетіміз бен жалпы қоғамымыз тек білімді ғана емес, сонымен бірге олардың іс-әрекеттері мен сыртқы әлеммен қарым-қатынасын анықтайтын үлкен білімі ғана емес, сонымен бірге жоғары моральдық қасиеттері бар терең адамгершілік азаматтарды даярлаудың шұғыл қажеттілігін сезінеді.

Екіншіден, қазіргі ақпараттық кеңістіктегі бала оң және ықтимал теріс зарядты алып жүретін көптеген көп бағытты факторлардың үздіксіз әсерінен дамиды. Бұл ақпараттық ағындар күн сайын әлі қалыптаспаған интеллектке, эмоционалды салаға және баланың қалыптасып келе жатқан моральдық бағдарлар жүйесіне күшті әсер етеді, оларды сүзуге және түсіндіруге ерекше назар аударуды қажет етеді.

Үшіншіден, білім беру және білім беру процесінің өзі адамгершілік тәрбиенің жоғары деңгейінің Автоматты кепілі емес екенін мойындау керек.

Төртіншіден, адамгершілік біліммен қарулану маңызды, өйткені олар бастауыш сынып оқушысын қоғамда қабылданған мінез-құлық нормалары туралы хабардар етіп қана қоймай, сонымен қатар осы нормаларды бұзудың немесе қандай да бір әрекет жасаудың салдары туралы түсінік береді.

Терең қайта жазу: маңызды аспект - бастауыш сынып оқушыларына берік моральдық білім беру өте маңызды, өйткені ол жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен танысумен шектелмейді. Бұл білім балаларда белгіленген нормаларды бұзуға немесе белгілі бір әрекеттерді жасауға әкелетін жағымсыз да, жағымды да сөзсіз салдарлар туралы түсінік қалыптастыратыны өте маңызды. Себеп-салдарлық байланыстар туралы бұл хабардарлық жауапты мінез-құлық пен өзін-өзі бақылау қабілетін дамыту үшін өте маңызды.

Қорытындылай келе, бастауыш мектеп оқушыларының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру – уақыт күттірмейтін маңызды мәселе. Баланың рухани әлемі неғұрлым бай, адами құндылықтарға негізделген болса, болашақ қоғам да соғұрлым әділетті, парасатты әрі мәдениетті болады. Сондықтан әр педагог осы міндеттің өзектілігін сезіне отырып, жас ұрпақтың бойына адамгершілік дәнін еге білуі қажет.

Сондай-ақ, мектеп пен ата-ана арасындағы тығыз байланыс та аса маңызды. Үйде алған тәрбие мектепте жалғасын тауып, мектептегі құндылықтар ата-анамен біріге жүзеге асқанда ғана толыққанды нәтиже болады. Мұғалім мен ата-ана бірлесе отырып, бала бойындағы жағымды қасиеттерді дамытып, теріс әрекеттерге жол бермеу жолдарын қарастыруы қажет.

Қорыта айтқанда, бастауыш мектеп кезеңінде адамгершілік қасиеттерді сіңіру – жас ұрпақтың тұлғалық дамуына салынған берік іргетас. Бұл бағытта мұғалімнің кәсіби шеберлігі, тәрбие беру әдістері, ата-анамен байланысы және ұлттық құндылықтарға негізделген оқу мазмұны маңызды рөл атқарады. «Тәрбие басы – тал бесік» деген халқымыздың даналығы осы кезеңнің маңызын дәл көрсетіп тұр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Баймырза Қ.Қ. Моральдық және этикалық дәстүрлер адамгершілік тәрбиенің бастауы. «Жаһандану дәуіріндегі дәстүрлі отбасылық тәрбие» республикалық ғылыми-практикалық конференция. Қызылорда, 2019, Б- 19-23
2. Қараев Ж.Қ., Кобдикова Ж.У. Технология трехмерной методической системы обучения: сущность и применение. – Алматы, Зерде, 2018г., С– 480.
3. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері \ Таубаева Ш.Т., Мұратбаева Г.А., Жиенбаева С.Н. Издания: Алматы, 2017 .
4. Тәжібаев Т.Б. Т Тұлға психологиясына кіріспе/ Оқу құралы Т.Б. Тәжібаев. - Алматы: "Отан" баспасы, 2023. – Б-184.
5. Марьенко И.С. Нравственное становление личности школьника / И.С.Марьенко. — М.: Просвещение, 1995. С - 331.
6. Сухомлинский В.А. Как воспитать настоящего человека. Педагогическое наследие/ В.А.Сухомлинский — М.: «Педагогика», 1990.
7. Әшкеева Қ.А. Байтұрсыновтың философиялық көзқарасы: филос.ғ.к. авторефераты. – Алматы.- 2003. – Б -17.
8. Бурыкина Т.А. Нравственное воспитание младших школьников средствами изобразительного искусства / Т.А. Бурыкина. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2023. — № 52 (499). — С. 144-145. - URL: <https://moluch.ru/archive/499/109691/>

ӘОЖ 821.512.122

ІЛИЯС ЖАНСУГІРОВТІҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ

Ерған Д.

Студент, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Иманғазин М.М.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

ergandinara@xmail.ru

Бұл мақалада І. Жансүгіровтің қазақ әдебиетіндегі әйелдің бейнесі талданып, әйел образына байланысты прозалық тілмен жазылады, І. Жансүгіровтің зерттеліп бітпеген прозасы талданады.

Кілт сөздер: Әйел бейнесі, проза, Жамал, күң өлімі.

В этой статье анализируется образ женщины в казахской литературе И.Жансугурова и пишутся прозы, связанные с женским образом. Анализируются неизученные прозы И. Жансугурова.

Ключевые слова: Образ женщины, проза, Жамал, смерть рабыни.

This article analyzes the image of a woman in Kazakh literature by I. Zhansugurov and writes prose related to the female image. The unexplored prose of I. Zhansugurov is analyzed.

Key words: The image of a woman, prose, Jamal, the death of a slave.

Қазақтың көшпелі дәуірінде қыздарды, әйелдерді жоғары бағалаған. «Олар – өмір, өмірдің сәні мен салтанаты, ер адамдардың ақылшысы, балалардың тәрбиешісі» - деп қараған. Ата-бабаларымыздың әйелді құрмет тұтқан. Содан болса керек, ұрпақ тәрбиесін әйелге – анаға жүктеген.

Әр халық болашағының бастауы – әйел. Әйелі аз, күтімсіз, қорғансыз халықтың болашағы-бұлдыр. Қазақ әйелдері асқан биязы, парасатты, зиялы, керемет қой. Халқымыз қыз баланы ерекше тәрбиелеп, мәпелеп өсірген. Қазақтың ару қыздары, аяулы аналары аса ерекше құрметке лайық бола біледі, ауыл-аймақпен ғана шектелмей, барша ұлтымыздың үлгі тұтар тұлғаларына айналды.

Халық жазушысы марқұм Мағауия Қажы Сұлтанияұлы «Ару жұлдыздар» журналында жазған «Қыз-аспандағы Әлқор жұлдыздың атауы немесе ең нәзік адамзат» деген мақаласында нәзіктіктің, әдептіліктің, әсемдіктің тұлғасы қыз бала екенін, әйелдің тегін, тектілігін сұлулыққа, қол оңай жете қоймайтын жерде тұрып аспандағы жұлдызға қол созатын қымбатқа, яғни әлқор жұлдызына бағаланған екен. Қандай ғажап теңеу десеңізші! Қазақ әдебиетіндегі «Бақытсыз Жамал», «Қалың мал», «Қамар сұлу» шығармаларындағы басты идея – әйел теңсіздігі.

«Бақытсыз Жамал» романы

Міржакып Дулатұлының роман жанрындағы алғашқы туындыларының бірі. Бұл романда қазақ қоғамындағы ескі мәселе – әйел теңсіздігі және әлеуметтік сауда – саттық мәселесі, бірін-бірі сүйген жастардың махаббат жолын бостандықты аңсауы, автор Жамалды ерекше ақын, ақылды, әдемі образын құрастырды деп дәл басып айта аламыз. «Сәрсенбай үйінде бір жақсы бала бар», - деп айттыруға қызыға бастап және де Жамалдың анасы ақылды, көркем қатын болғанға, «Анасын көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш» деген мақалды да еске тұтып сөйлеуші еді. Жамалдың бейнесін айқындайтын болсақ: Жамал он бес жасқа келді. Сұлулық, ақыл, салтанат – үшеуі бір-біріне муафиқ келіп, Жамал сол елдің қызының алды болды. Бұл айталмыш артықшылығының үстіне Жамал сөзге бек ұста болып, өз ойынан шығарып өлең де жазатын болды. Олай-бұлай қалжыңмен сөйлескен бозбаланы сөйлетпейтін еді. Ел ішінде тілді бозбалалардың көзі түсе бастап, шет елдерге де «Сәрсенбайда бек көркем

бір ақын қыз бар» деген лақап жайыла бастады. Қандай арман – мұн, қандай шерлі сыр, қандай салтанатты сабыр мен төзім. Әңгімені оқи отырып, біздің көз алдымызға ақылды, сұлу Жамалдың нұрлы бейнесі келеді.

«Бақытты Жамал»

Ілияс Жансүгіровтің проза жанрындағы жарияланбаған туындыларының бірі. 1937 жылы «Сталин жолы» басылымының ақпан, наурыз айларындағы нөмірлерінде жарияланған екен. Бұл прозада – Жамал жастайынан жетім қалып, он үш жасында бес қараға бір қатыны өлген шалға сатып жібереді. Бұл қазақ қоғамындағы басты мәселелердің бірі еді.

Қаймақ қабак, қара көз, қара торы әйелдің бетіне оттың қызуымен қан жүгіріп жүгіріп құлпырғандай. Бұл әйел - Жамал. Бұл өзіме тең жас қатын. Мен тегі қатын алмай өтпеймін. Мынау орнықты, отбасының мықты әйелі. Мен мұны алсам – жаным тыныш болар. Бұл әрі қатын, әрі еркек, бұл менің артсам түйем, құшақтасам қатыным. Бұл менің үйімді үй қылар, өзімдіде асырар. Ілияс Жансүгіровтың проза жанрындағы зерттелмеген еңбектерінің бірі. Жамалдың прозадағы бейнесі: Жамал өз ақылын қанша құлағына құйып, қанша сүйрейін десе де қырсау есектей жүрмейді.

Автор Жамалды ақылды, мықты әйел ретінде көрсеткен. Жамал тағдыр тауқыметін көрсе де, жетімдікпен жапа шексе де, өз сүйгеніне қосылған бақытты Жамал екенін аңғарамыз. Бірақ сүйгенімен қосылса да, отбасындағы мәселелермен күрескен қайсарлығынан бақытты болған Жамал бейнесінде ерекшеленеді.

«Күн өлімі» әңгімесі

Ілияс Жансүгіровтің алғашқы туындыларының бірі – «Күн өлімінен» айқын байқалады. Онда төңкеріске дейін күндікте жүрген Алқа атты аяғы ауыр тұрмысы, қайғылы халы бейнеленген. Бұл әңгіменің шынайы, боямсыз болатын себебі, Ілияс Алқаны өз көзімен көріп, әңгімелескендігі туралы дерек бар. Алқа жайында былай деп жазады: «Алқа егде тартақан кісі еді, өңі сіріңке қара. Мінез орнында ерекше қуаныш минуты болмаса, қабағын ашып, ыржиып күлген емес. Бөтен қатындардай не болса соны сөйлеп, өсек-аяңға үйір болмай, тиісті кезекте ғана сөйлейтін. Бұл қасиеті жөнінде әңгімеде де талай айтып өтеді. Егер сөйлесе, тізбегін әңгімелеп, ұзақ-ұзақ сөйлеп кетуші еді. Сөзінің көбі өз басының мұңы болатын. Мұның атының Алқа екенін біздегі үйі аралас кісі білмесе, сырт кісі «Сандыбайдың күңі» дейтін.

Алқа Сандыбайдың ауылы күзгі күзекке қонса, қора күзететін балаларын от басына орап алып, күзгі ұзақ сары таңда қара қиды қалап қойып, түйенің жабуын, қошқардың күйегін, қойшылардың шарығын сырып отырушы еді. Міне, бұл уақытта Алқа апайдың қасына отырып «әңгіме айт» деп жалынғанда, аузымыздың суын құртып, әдемілеп, тәтті-тәтті әңгімелерін ұзақ-ұзақ сөйлеп беретін дейді.

Жазушының өмірінде әңгіменің майын тамызып, нақышына келтіріп айтатын мұндай адамдар аз болмаған. Ілияс сондайлардың талайын тыңдап та, сөйлетіп те көріп, әңгіме желісінің қызықтысын, шұрайлысын көркем шығармаға айналдырып отыратын әдеті осы туындыға түседі. Ілияс бұл әңгімесін «ең алғашқы туындыларымның бірі» десе де, шығарма желісі ширақ, оқиға тартымды жазылған. Әдетте жас қаламгердің алғашқы шығармаларының ішінде көптеген шикіліктері әр жерде көрініп тұрса, бұл әңгіменің бір ерекшелігі бір-бірімен астасып кететін ұтымды, тартымды оқиғаларды сәтті пайдаланып оқырманды бірден баурап алады.

Әңгіме кейіпкері Алқаның бет-бейнесі, мінез ерекшелігін суреттей келе, оны «Сандыбайдың күңі» екендігін бадырайта көрсетеді. Алқаның кейіпін аңғарту үшін күйеуі Қырықбайдың құл болып зорығып өлгенін, балалары Маржан мен Қасеннің әйтеуір өлмеген пенденің күйін кешіп жүргендігін сөз арасында баяндап қойып отырады. Сонда күн мен құлдың аянышты тағдыры көз алдыға келіп, оның балаларының болашағы алаңдата бастайды. Өмір шындығының шынайы суреттері әрі қарай ынтықтыра, шығарма шырайын өрлендіре түседі.

Күң жылайды, күңіреніп зарын айтады. Қасеннің қарасы үзілгенше арттарынан қарап тұрып, қара жерді құшақтап «мен енді айрылдым» деп жылайды. Одан басқа не шара, қолынан не келмек? Міне, содан бері Қасенді көрген жоқ деп жазушы осы әңгіменің бөлігін аяқтайды.

Ия Алқаның маңдайындағы соры екі елі. Қызынан айрылғаны аздай, енді жалғыз қуанышы Қасен азулы екі аяқты арландардың кесірінен көзден таса болмақ?

Ілияс Жансүгіровтің «Күң өлімі» қазақ әйелдерінің аянышты, жалшылық, күндік өмірі туралы жазылған, сюжеттік және композициялық тұтастықты сақтаған, тілі шұрайлы, образдары дараланған шығармасының бірі десек жаңсақ кетпеген болар еді. Автор «Күң өлімі» прозасында әйелдік бейнесін, образын оқырмандарға аша білген.

Қорытынды

Қазақ халқының маңдайына біткен жарық жұлдызы, көркем сөз шебері, ақын Мағжан Жұмабаев былай деген екен:

«Жаратты тәңірі әйелді:
Бастасын деп бар ерді,
Туралық, шындық жолына
Адаспассың, озбассың,
Тура жолдан жазбассың.
Ерсең мұның соңына! ».

Міне, осы өлеңнен-ақ дана халқымыздың әрдайым әйел затын ұлықтап, құрметтей білгенін байқаймыз. Қазіргі уақытта қазақ әдебиетінде әйел тақырыбына бағытталған көркем туындылар аз емес. Нәзік жандарға яғни қыз-балаларға, аналарымызға арнап, қалам тартып жатқан жазушыларымыз қыз – келіншектердің бейнесін әр қырынан сипаттауға тырысып жатады. Бірі жарына адал, отбасының ұйытқысы ретінде бейнелесе, екінші жүрегі елім деп соққан, халқы үшін қасықтай қанын төккен қаһарман әйелдің бейнесін сомдайды.

Сонымен қатар тура жолдан адасып, қателікке бой алдырған қыздардың образдары да жоқ емес. Осындай шығармалар арқылы қазақ әдебиетіндегі әйелдер бейнесін көре аламыз. Сонымен, әйел тақырыбына бағытталған шығармаларға тоқталып өтсек. Мысалы Ілияс Жансүгіровтің «Бақытты Жамал», «Күң өлімі», Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» шығармаларының басты кейіпкерлері: Жамалдың, Алқаның бір әйел образын ашу арқылы өмірдегі бар болмыс бітімімен, өзіндік табиғат тіршілігімен, пенделік қасиеттері арқылы шынайы болмысын бейнелеген. Автор тек осы кейіпкерлерді суреттемеген, барлық қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәселемен, әйел теңсіздігін көтере білген. Осы шығармаларды жазу арқылы әйелдің биік екенін, құрметке лайық, өз таңдаулары болу керек екендігін оқырманға жеткізген.

Қазақ әйелі туралы сөз қозғау әрі оңай, әрі қиын. Өйткені қазақ әйелі дәстүрлі мәдениеттің бесігінде тербеліп, қайнарынан қанып ішкен. Қоғамдағы өз рөлін жазбай танып, әйелдіктен – даналыққа көтерілген халық. Ал қазақ әдебиеті осы даналықтың айқын көрінісі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Иманғазин М. «Ілияс прозасындағы дәуір дидары» Талдықорған баспасы – 2000 ж.
2. Әл-Фараби атындағы ҚҰУ университеті «Қазақ прозасындағы әйел тағдыры» Алматы баспасы – 2012 ж.
3. Дулатұлы М. «Бақытсыз Жамал» Алматы баспасы – 2022 ж.
4. Қыяхметова Ш. «Ілияс Жансүгіровтің жарияланбаған туындылары» Талдықорған баспасы – 2024 ж.

ІЛІЯС ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТАБИҒАТТЫҢ СЫРЛЫ ӘУЕНІ, НӘРЛІ БОЯУЫ

Жандар Ж.

Студент, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. Қожағұлов С.Қ.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

zhansaiazhandar@mail.ru

Мақалада Ілияс Жансүгіровтың шығармаларындағы табиғат лирикасының алатын орны, оның негізгі ерекшеліктері, табиғатты суреттеу тәсілдері, идеялық-тақырыптық бірлігі, пейзаждық бейнелеулер талданады. Ақын психологиялық параллелизм, метафора, кейіптеу әдістерін шебер қолданып, табиғатты адамның көңіл-күйімен астастырады. Ақынның табиғатты жалаң сипаттамай, оны адам өмірімен, көңіл-күйімен сабақтастыра жырлауы, психологиялық параллелизм әдісін қолдануы зерттеуде басты назарға алынады. Жетісу табиғатын асқан шеберлікпен бейнелеген «Жетісу суреттері» топтамасы мен жыл мезгілдерін динамикалық образға айналдырған өлеңдері талданады. Сондай-ақ, Ілиястың Абай дәстүрін жалғастырып, табиғат көріністерін ұлттық рух, қазақы дүниетаным тұрғысынан сипаттауы, поэзиясының көркемдік ерекшеліктері айқындалады. Мақалада ақынның табиғат лирикасы – қазақ халқының рухани құндылықтарын дәріптейтін, көркемдік-эстетикалық мәні зор әдеби мұра екендігі тұжырымдалады.

Кілт сөздер: Жетісу, табиғат, пейзаж, мезгіл, ұлттық болмыс.

В статье анализируется место природы в лирике Ильяса Жансугурова, ее основные особенности, способы изображения природы, идеологическая и тематическая единство, пейзажные образы. Поэт мастерски использует психологический параллелизм, метафору и олицетворение, сочетая природу с настроением человека. В статье уделяется внимание тому, как поэт не просто описывает природу, а связывает ее с жизнью и настроением человека, используя метод психологического параллелизма. Также рассматриваются стихотворения, в которых природа Жетысу изображена с большой мастерством в цикле «Жетісу суреттері», а также динамичные образы времен года. Кроме того, продолжая традиции Абая, Ильяс изображает природу с точки зрения национального духа и казахского мировоззрения, а также акцентируется внимание на художественных особенностях его поэзии. В статье подчеркивается, что лирика поэта о природе является литературным наследием, пропагандирующим духовные ценности казахского народа, с глубоким эстетическим значением.

Ключевые слова: Жетысу, природа, пейзаж, времена года, национальная идентичность.

The article analyzes the role of nature in the lyrical works of Ilyas Zhansugirov, its main features, methods of depicting nature, ideological and thematic unity, and landscape imagery. The poet skillfully uses psychological parallelism, metaphor, and personification, intertwining nature with human emotions. The article focuses on how the poet does not simply describe nature but connects it with human life and emotions using psychological parallelism. The cycle “Images of Zhetysu” is analyzed, where the nature of Zhetysu is depicted with great mastery, as well as the dynamic imagery of the seasons. Furthermore, continuing the traditions of Abai, Ilyas describes nature from the perspective of national spirit and Kazakh worldview, and the artistic features of his poetry are highlighted. The article concludes that the poet’s nature lyricism is a literary heritage that promotes the spiritual values of the Kazakh people and holds deep aesthetic significance.

Key words: Zhetysu, nature, landscape, seasons, national identity.

Табиғат лирикасы – қазақ поэзиясының ажырамас бөлігі. Қазақ халқы ежелден табиғатпен тығыз өмір сүрді. Көшпелі тұрмыс, мал шаруашылығы, жыл мезгілдерінің

ауысуына байланысты көшіп-қону – барлығы табиғатқа жыл маусымдарына байланысты болды. Табиғат – қазақ халқы үшін еркіндіктің символы. Қазақ ақындары табиғат пен поэзияны үндестіре отырып, адамның ішкі жан дүниесін, қоғамның өзгерісін, халықтың тағдырын бейнелеп, табиғатты жанды құбылыс бейнесінде суреттеуде асқан көрегендік пен шеберліктің үлгісін жасады. Қазақ ақындарының табиғатты жырлауы – бұл жай ғана пейзаждық суреттеу емес, ол терең философиялық ойға, ұлттық рухқа, адамның ішкі жан дүниесіне толы поэзия.

Ілияс Жансүгіров – табиғат тақырыбын ерекше тебіреніспен жырлаған классик ақын. Жетісу жерін ерекше сүйіспеншілікпен, асқақ пафоспен жырлаған Ілияс үшін табиғат туып-өскен орта ғана емес, оның шығармашылығына поэтикалық қуат берген, ақындық талантын ұштаған, болмысын қалыптастырған ұлы күш іспеттес. «Шебер тілді, өткір сөзді, жалынды ақынның шалқыған шабытынан туындаған өлеңдерін оқи отырып, Жетісудың кәусар ауасы мен таңғы шығына суарылып алып, даланың сағымына шомылғандай боласыз.» [1,49]

Ілиястың табиғат лирикасы қазақтың тұрмыс салтымен, ұлттық болмысымен біте қайнасып, дала тіршілігінің жанды картинасын көз алдымызға әкеледі. Ақын табиғат көріністері арқылы ұлттық рухты бейнелеуде табиғаттың сұлу келбетін тек суреттеу үшін емес, қазақ халқының мінезін, болмысын ашу үшін қолданады.

Мысалы, «Жел» өлеңіндегі:

Ойда бар,
Білем...
Жақсы жер;
Онда бар,
Білем...
Күн күмбез.
Ойда бар білем...
Бейбіт ел;
Онда бар,
Білем..
Қой мінез.

Ертерек соған жетелік [2,124] - деген өлең жолдары арқылы қазақ елінің еркіндікке ұмтылатын, бейбіт өмір сүйгіш, мінезі жайлы халық екендігін, самал, жанға жайлы жылы желді символдық көркемдік тәсілмен қуатты, еркін күш ретінде бейнелейді. «Жел – кейде қатты, кейде баяу горизонтальды бағытта қозғалып соғатын ауаның ағымы».[3,209] Өлеңде желдің екпінді, асау мінезі байқалады. Ақын желді жылдамдыққа, қозғалысқа, еркіндікке шақырушы күш ретінде сипаттайды. Ал, «Жайлау» өлеңінен қазақ халқының тұрмысын, салт-дәстүрін, табиғатпен біте қайнасқан көшпелі өмірдің сұлулығын, халықтың берекелі де тынымсыз тіршілігін көреміз:

Құлын, тай кісінесіп шіңгір-шіңгір,
Тас бұлақ жайлау мақтар қағып сылдыр.
Тырайып көк жотада қой шетінде,
Мастанған қатық ішіп қойшы құрғыр.
Қарағай қалың отыр қарсы бетте,
Қарашы Қалиман мен Бейсембекке:
Теңселіп, тебісіп тұр алтыбақан
Байлап ап отын жібін әлпеншекке... [4,131]

Өлең жолдарындағы мал шаруашылығы мен жайлаудағы ұлттық сусындар молшылығы, айран, қымыз, құрт секілді тағамдардың құнар қасиетін паш етіп, қарағайлы ормандағы жастардың алтыбақан теуіп, ойын-сауық құруын еркіндіктің, қуаныш пен үйлесімділіктің белгісі ретінде бейнелеп, ұлы даланың өткен күндерінің аңсар символы ретінде суреттейді.

Ақын адамның көңіл-күйін табиғатпен тығыз байланыстыра алып, психологиялық параллелизм тәсілімен кейде сол табиғат құбылысы керісінше лирикалық кейіпкер бойындағы нәзік сезім, көңіл-күйдің өзгерісін жарыстыра жырласа, кейде адам мен табиғат арасындағы ұқсастық байланыстарды кейіптеу әдісімен бейнелейді.

Мысалы, «Жаз-құдаша» өлеңінде:

Жаз-құдаша жарқылдап,
Жер бетіне көк көрпе,
Салды - дағы отырды. [5,59]

Ақын жазды – метафоралық тәсілмен құдашаға балап оның шаттануын, нәзіктігі мен сұлулығын поэтикалық айшықтаулар арқылы паш етеді.

«Қыс» өлеңінде ақын табиғат құбылысын динамикалық образға айналдырып, кейіптеу, теңеу, метафоралық тәсілдермен Абайдағы «кәрі құда» қысты «қожа» кейпінде суреттеу арқылы сатиралық образ жасайды. Ілияс «Жазғасалым», «Қыс», «Жаз», «Біздің жазда», «Жайлауда», «Көктемде» өлеңдерінде Абай дәстүрін жалғастырса, «Жазғы таң», «Қыс», «Мезгіл суреттерінде», балаларға арнаған «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Күз» өлеңдерінде "тілге жеңіл, жүрекке жылы тиер» өлеңдерін жазды. Алғашқы балаларға арналған «Қыста» ақын қыстың бейнесін ауыл тіршілігімен байланыста балалар түсінігіне лайықтап суреттесе, екінші «Қыс» Абай «Қысын» еске түсіреді. Абай қысты алымсақ, сұрамшақ кәрі құда бейнесінде алса, Ілияс қысты ауыруды аңдыған тамақсау, жемқор қожа бейнесінде алады. «Абай кәрі құда - қысты ақ киімді, ақ сақалды деп кейіптесе, Ілияс қыс-қожаның үстіне ақ салма кигізіп, басына ақ шалма орайды. Ілиястың «Қысы» адам бейнесінің көрінуі, киім киісі жағынан Абайдың кәрі құда-қысына ұқсағанымен, Ілияс Абайды сол қалпында қайталамаған. Ілияс бұл өлеңін тікелей Абай әсерімен жазса да, көркемдік бояу нақыштарды өзінше бедерлейді».[6,6] Қыс мезгілінің қаталдығын халықтың дүниетанымымен байланыстыра отырып, қыс мезгілінің қазақ халқы үшін ауыр, тіршілікке сынақ кезеңі екендігіне эмоциялық сипат беріп, «сырты ажарлы, іші жау», суық жүзді, сараң әрі қатал қожа бейнесінде «сырты бүтін, іші түтін» деген мақалына жанастыра сипаттайды.

Сырты ажарлы, іші жау,

Тәрізі жаман тамақсау.
Азығы шөбі аздаға
Еңбексіз жалқау наздарға,
Құлқынды қожа, оңазға. [7,117]

Ілияс Жансүгіров қазақ әдебиетінде жиі қолданылатын теңеулер мен тұрақты сөз тіркестерін жаңаша өңдеумен де ерекшеленеді.

Ілияс табиғатты бірқалыпта тұрмайтын, үнемі өзгерісте болатын тірі организм ретінде адам сезімімен үндестіре отырып, эмоционалды-экспрессивті бейнелейді. Мысалы, Ілияс өлеңдерінде: күн – қуанышты көңіл-күй; бұлттың торлауы – мұң; желдің соғуытолқу; «қараңғы түн» – белгісіздік пен жалғыздықтың символы; жаңбыр бірде шаттық, бірде жылаулы күй; т.б.

Ілияс Жансүгіровтің поэзиясындағы туған жердің табиғатын тамсана жырлаған - «Жетісу суреттері» топтама өлеңдері – ақынның табиғат лирика-сындағы шоқтығы биік бірегей туындылар. Ілияс туған өлкесінің сұлулығын, таулары мен өзендерін, көлдерін, жайлауы мен орман-тоғайларын шынайы перзенттік махаббатпен, асқан бір эстетикалық талғампаздықпен суреттейді. Табиғат көріністерін панорамалық бейнеде жандандырып, оқырманға туған жердің сұлулығын, құнары мен нәрін сезіндіреді. Өлеңнің алғашқы шумақтарынан-ақ Жетісудың керемет табиғаты алдыңнан жамырап шығады. Күркілдек, Көксу, Лепсі, Іле, Шу – бәрі ақынның кіндік қаны тамған жердің ажырамас бөлігі ретінде аталады. «Асқардың аспан сүйген сілекейін» деп, заңғар таулардың биіктігін метафора мен кейіптеу арқылы береді. «Ну тоғай, қоғалы көл, қоңыр құмым» деген жолдарда бір ғана өлкенің алуан түрлі табиғатын көруге болады. «Тау жайлап, қоңыр күзеп, құмды қыстап, ол бір

маң мал өсірген өлкедегі ел» деп онда өмір сүретін халқының дәстүрлі шаруашылығын, көшпелі өмір салтының қыр-сырын табиғат аясындағы тұрмысын, қойшылардың өмірін, аңшылық кәсібін: «Саятта аң аңдыған ол бір мерген, мылтық ап, бүркіт ұстап, қақпан салып» - деп, дала табиғатымен тығыз байланыста ағастыра бейнелейді.

Жетісу – тарихы бай өлке. Ақын туған жерінің тарихи оқиғаларын, еске түсіріп қазақ батырларының жорықтары өткен, ел мен жерді қорғау жолында талай шайқастар болған қасиетті мекен екендігін мақтанышпен толғайды. Жетісу өлкесіндегі жан-жануарлар дүниесіне де ерекше тоқталады. Ол таудағы аңдардың тағылық мінездерін, құстардың әсем әуендері мен қимыл әрекеттерін шебер сипаттайды.

Қиынның жынысында бар деседі,
Сілеусін, ілбіс, аю, бұғы, бұлан.
Кәдімгі қасқыр серек, қарақұлақ,
Шуылдайд шүйебөрі үй артынан. [8,247]

Мұнда Жетісу табиғатының байлығы мен алуан түрлілігі көз алдымызға келеді. Тек қазақ даласында кездесетін ерекше аңдар – сілеусін, ілбіс (қар барысы), бұғы, бұлан сияқты жануарлар аталып өтеді. Бұл Жетісу өңірінің тек географиялық қана емес, зоологиялық, биологиялық тұрғыдан да бай өлке екенін дәлелдейді. Жетісудың фауна-флорасы, өсімдіктер дүниесі, аң-құстары мен өзен-көлдерінің бәрі де ұлттық болмыс пен тұрмыс-тіршіліктің ажырамас бөлшегі ретінде көрініс табады. Балқашқа «бауырымдап еңкілдей ағатын» өзендер, «айдаһардай айдынды күміс көлдер», «бурадай бұлқынған асау Шелек» сынды тіркестер табиғат құбылыстарын көзге көрінетіндей бейнелі етіп сипаттайды. Ілиястың тіл байлығы Жетісудың табиғатын жалаң пейзаж емес, жанды, үнді, сырлы әлемге айналдырады, туған жердің қазақ халқы үшін қадір-қасиетін, рухани әлемін байытар мәнін асқақ толғайды.

Ілияс Жансүгіров табиғат тақырыбында, әсіресе жыл мезгілдеріне ерекше мән беріп, оларды көркемдік шеберлікпен бейнелеген. Оның поэзиясында психологиялық параллелизм маңызды орын алады. Ақын бұл әдіс арқылы жыл мезгілдері мен адамның көңіл-күйін, өмірлік кезеңдерін өзара ұқсастықта бейнелейді. Яғни, жыл мезгілдері мен адамның өмір жолы, жан дүниесі қатар қойылып, бірін-бірі толықтырып тұрады. «Мезгіл суреттері» атты өлеңінде жыл мезгілдерінің әрқайсысы өзіндік бояуымен, ерекше теңеулерімен бейнеленеді. Ілияс жазды өмірдің қуанышқа толы кезімен теңейді. Ол тіршіліктің бастауы болған көктемнің жалғасы, малдың төлдеп, елдің жайлауға көшіп, дала дүбірге толатын мезгілі. Ақын жазды мейрамға, тойға, шаттыққа балайды.

«Жерің анау, жасыл жолақ кілемдей.
Желің мынау, жігіт айтқан өлеңдей.»

Жазғы даланың әр түсті реңктері, желдің ән салғандай әуезді есуі, табиғаттың жанданып, адамдардың көтеріңкі көңіл күйі – бәрі осы өлең жолдарынан айқын сезіледі. Егер жаз – жастық шақ, жігер мен жалын кезеңі болса, күз – есейіп, салмақтылық басқан, өмірдің көктемі мен жазының артта қалған шағы. Бұл – қимастықтың, өткен күндерді аңсаудың, өмірдің күзгі сарғайған жапырақтары секілді өзгеріп бара жатқан сәтінің символы.

«Көлің анау, насыбайлы түкірік,
Күнің мынау, ауылнайдың мөріндей».

Күннің бозғылт тартуы, табиғаттың сүреңсізденуі ел басқарған адамның мөріндей суық, қатал рең береді. Күз – даланың сарғайып, егіннің орылып, малдың қонданатын мезгілі. Бірақ күздің салқын самалы мен табиғаттың жүдеу тартуы адам көңіліне де мұң ұялататынын ақын ерекше суреттейді. Ауыл адамдары үшін бұл – еңбек пен қамдану кезеңі болғанымен, табиғаттың жүдеу тартып, өмірдің қарттық кезеңіне бет алған шағын еске салады.

Қыс – табағаттың қатал сынағы, қазақ даласы үшін ең ауыр мезгіл. Бұл кезеңде табиғат қатыгез мінез танытып, суық жел тұрғызып, қарлы боранмен азаптайды. Ілияс қысты өлімге, мұңға, қасіретке теңейді:

Жерің анау, ақ кебенек, кербіндей,
Желің мынау, ел күңіренген өлімдей .

Жердің ақ көрпеге орануы, боранның азынап соғуы адам жоқтағандай әсер қалдырады, күннің суық, сұрғылт, тұманды күйі қысқы даланың көңілсіздігін көрсетеді. Қыста қазақ халқы малын аман алып қалуға тырысады. Бұл – табиғатпен арпалыс, өмір үшін күрес кезеңі. Ақын осы қаталдықты дәл бейнелеген. Оның өлеңдері табиғаттың сұлулығын ғана емес, оның қатал да күрделі мінезін, адам өмірімен байланысын, көшпелі тұрмыстың тынысын дәл жеткізеді. «Қазақ ортасында өлең өнері ертеден-ақ ерекше орын алды десек, табиғатты жырлау кенже қалған тақырыптардың бірі. Ілияс мұны сезінді де, осы тақырыпқа ерекше ден қойды. Ілиястың табиғат лирикасына орай жазылған қай өлеңін қарасаңыз да, ондағы стил өрнегі, суреткерлік дара тұлғасы айқындалып тұрады» [9,247].

І. Жансүгіров – қазақ поэзиясында көркемдік жаңашылдығымен, бейнелеу құралдарын ерекше үйлестіре қолдануымен танылған ақын. Оның шығармаларында динамикалық образдар, жанды табиғат суреттері, фольклорлық және заманауи стильдің тоғысуы байқалады. Оның тіл байлығы, көркемдік әдістерді қолдану шеберлігі қазақ поэзиясын жаңа деңгейге көтерді. Ілияс Жансүгіровтің суреткерлік шеберлігі табиғаттың мың құбылған бояуын, әсем әуенін, жанды көрінісін толыққанды жеткізе алған. Ілиястың табиғат лирикасы – қазақ даласының айнасы, ұлттық рухтың, мәдениеттің, қазақ болмысының көрінісі. Оның шығармалары қазақ даласының көркемдігін дәріптейтін, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыратын асыл мұра болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қыяхметова Ш. Ілиястану: оқулық. – Талдықорған қ., 2023-196 бет.
2. Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы. І том. Өлеңдер. – «Баянжүрек» баспасы, 2019.
3. Сарбасова Қ. Ілияс Жансүгіров шығармаларының тілі: Монография -Алматы: «Кітап» баспасы, 2019. - 440б.
4. Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы. І том. Өлеңдер. – «Баянжүрек» баспасы, 2019.
5. Жансүгіров Ілияс. Көп томдық шығармалар жинағы. І том. Өлеңдер. – «Баянжүрек» баспасы, 2019.
6. Қожағұлов С. Асыл арқау: Монография. – Талдықорған қ.: ИП «Алтын баспа», 2023.-146 бет.
7. Жансүгіров Ілияс. Көп томдық шығармалар жинағы. І том. Өлеңдер. – «Баянжүрек» баспасы, 2019.
8. Иманғазин М. І. Жансүгіров.-Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 218 бет

УДК 373.1

«РОЛЬ ИДИОМ В РАЗВИТИИ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА»

Женисбек Е.С.

Студент, Павлодарский педагогический университет им. Ә. Марғұлан, г. Павлодар
erkenaz.zhenisbek7@gmail.com

Идиомы играют важную роль в развитии коммуникативных навыков учащихся, способствуя естественности и выразительности речи. Однако их изучение представляет сложность из-за несоответствия значений дословному переводу. В работе рассматриваются методы эффективного обучения идиомам: контекстное изучение, игровые технологии, сторителлинг и сравнительный анализ с родным языком. Применение этих подходов способствует расширению словарного запаса, улучшению беглости речи, восприятию на слух и уверенности в общении. Таким образом, систематическая работа с идиомами повышает уровень владения иностранным языком и развивает межкультурную компетенцию учащихся.

Ключевые слова: Идиомы, коммуникативные навыки, игровые технологии, сторителлинг, межкультурная компетенция.

Идиомалар оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады, олардың сөйлеуін табиғи және мәнерлі етеді. Алайда оларды үйрену сөзбе-сөз аудармамен сәйкес келмеуі себепті қиындық тудырады. Бұл жұмыста идиомаларды тиімді меңгерудің әдістері қарастырылады: контекстік оқыту, ойын технологиялары, сторителлинг және ана тілімен салыстырмалы талдау. Осы тәсілдерді қолдану сөздік қорды кеңейтеді, сөйлеу жылдамдығын арттырады, тыңдау дағдыларын жақсартады және қарым-қатынас сенімділігін күшейтеді. Демек, идиомалармен жүйелі жұмыс жасау шет тілін меңгеру деңгейін арттырып, оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін дамытады.

Кілт сөздер: Идиомалар, коммуникативтік дағдылар, ойын технологиялары, сторителлинг, мәдениетаралық құзыреттілік.

Idioms play a crucial role in developing students' communication skills, making their speech more natural and expressive. However, learning idioms is challenging due to their non-literal meanings. This study explores effective methods for teaching idioms: contextual learning, game-based techniques, storytelling, and comparative analysis with the native language. Applying these approaches helps expand vocabulary, improve fluency, enhance listening comprehension, and boost confidence in communication. Thus, systematic work with idioms enhances students' language proficiency and intercultural competence, making their speech more effective and expressive in a foreign language.

Key words: Idioms, communication skills, game-based learning, storytelling, intercultural competence.

Современное образование ориентировано на интеграцию в мировое образовательное пространство, что требует внедрения новых подходов к обучению иностранным языкам. В этом контексте одной из актуальных проблем обучения иностранному языку является развитие коммуникативных навыков учащихся, позволяющих эффективно взаимодействовать в различных речевых ситуациях [1]. Однако зачастую изучение языка сводится к освоению грамматических структур и базовой лексики, что не всегда обеспечивает естественность и выразительность речи. В этой связи особую сложность вызывает недостаточное владение идиомами, которые являются неотъемлемой частью живого общения. Отсутствие навыков их использования может затруднять понимание устной речи, снижать беглость высказываний и

препятствовать уверенности в общении. Таким образом, возникает необходимость понимания роли идиом и методов работы с ними, способствующих их активному усвоению и применению в речевой практике.

Владение грамматическими структурами и знание лексики важно, но недостаточно для уверенного общения. Одной из особенностей естественной речи являются идиомы – устойчивые выражения, смысл которых не всегда очевиден из значений отдельных слов.

Идиомы широко используются в разговорной речи, литературе, фильмах, песнях, а также в официальной и деловой коммуникации. Их понимание и использование позволяют учащимся воспринимать речь носителей языка более уверенно и выражать свои мысли естественно. Однако, изучение идиом представляет сложность, так как их значение не всегда очевидно, а эквиваленты в родном языке могут отсутствовать.

1. Идиомы как компонент лексической системы иностранного языка.

Прежде всего следует отметить, что идиомы представляют собой важный компонент лексической системы иностранного языка, поскольку они формируют значительную часть повседневной речи и придают высказываниям образность и выразительность. Идиоматические выражения представляют собой особую категорию лексических единиц, характеризующихся устойчивостью состава и смысловой цельностью. Их ключевой особенностью является несводимость значения к сумме значений отдельных компонентов. Например, английская идиома "to kick the bucket" [2], эквивалентная русскому выражению «сыграть в ящик», не может быть интерпретирована дословно, что затрудняет её понимание без предварительного знакомства.

Исследования Лю Д. подтверждают, что идиоматические выражения являются неотъемлемой частью естественной речи и свидетельствуют о высокой степени владения языком [3]. Они широко используются в разговорной практике носителей, художественной литературе, средствах массовой информации и официально-деловом дискурсе. Их освоение способствует не только обогащению словарного запаса, но и более точному выражению мыслей, позволяя избегать громоздких конструкций. Кроме того, идиомы выполняют важную культурологическую функцию, отражая национальную специфику языкового сообщества, его традиции и мировоззрение.

Таким образом, изучение идиом не только расширяет лексический запас учащихся, но и способствует развитию их межкультурной компетенции, что играет важную роль в процессе обучения иностранному языку.

2. Влияние идиом на формирование коммуникативных навыков

Анализируя влияние идиом на коммуникативные навыки, следует отметить их значительную роль в расширении словарного запаса учащихся. Включение идиоматических выражений в активный лексический репертуар способствует не только количественному обогащению речи, но и качественному улучшению владения языком. Освоение таких выражений позволяет учащимся более точно передавать смысловые оттенки, избегая чрезмерно буквального перевода, что, в свою очередь, делает коммуникацию более естественной.

Одним из ключевых аспектов устного общения является способность быстро формулировать мысли без значительных пауз. Использование идиом способствует ускорению речевого процесса, так как они представляют собой готовые речевые конструкции, облегчающие подбор слов и грамматических структур. Таким образом, их активное применение способствует развитию беглости речи и увеличению уверенности в спонтанной коммуникации.

С точки зрения аудирования, идиоматические выражения играют важную роль в понимании аутентичных текстов и живой речи носителей языка. Незнание таких конструкций может привести к затруднениям при восприятии устной информации, особенно в медиаконтенте (в фильмах, подкастах и новостных сюжетах) и диалогах. Включение идиом в учебные материалы, а также регулярная работа с аудиозаписями,

содержащими подобные выражения, способствует развитию навыков восприятия связной речи и повышению уровня языковой интуиции учащихся.

Не менее важным фактором является влияние идиом на уверенность учащихся при взаимодействии с носителями языка [4]. Их активное использование делает речь более выразительной, естественной и динамичной. Это, в свою очередь, снижает языковой барьер и способствует формированию коммуникативной компетенции, позволяя учащимся чувствовать себя комфортнее в различных речевых ситуациях.

3. Методы интеграции идиом в учебный процесс

Одним из наиболее действенных подходов к освоению идиом является их изучение в контексте. Применение аутентичных текстов, видеоматериалов и диалогов, содержащих идиоматические выражения, позволяет учащимся воспринимать их не как отдельные слова, а как полноценные элементы живой речи. Такой метод способствует лучшему пониманию смысла выражений и их естественному усвоению.

С точки зрения педагогической практики, игровые методы являются эффективным инструментом обучения, способствующим повышению мотивации учащихся. Использование карточных игр, квестов, викторин и ролевых ситуаций позволяет сделать процесс изучения идиом более увлекательным, а также способствует их быстрому запоминанию и правильному употреблению в речи.

Особое внимание следует уделить технике сторителлинга, которая предполагает создание учащимися рассказов с включением изучаемых идиом. Этот метод не только закрепляет их значения и контекст использования, но и развивает креативное мышление, побуждая к активному применению нового языкового материала в коммуникации.

Не менее важным методом является сопоставительный анализ идиом в иностранном и родном языках. Такой подход позволяет учащимся выявлять сходства и различия между выражениями, что облегчает их понимание и запоминание. Например, английская идиома "for a rainy day" и её русский аналог «на чёрный день» имеют схожее значение, что помогает быстрее усвоить выражение и понять принципы формирования подобных конструкций в изучаемом языке [5].

В заключении, идиоматические выражения являются важным компонентом лексической системы языка и играют значительную роль в развитии коммуникативной компетенции учащихся. Их изучение способствует расширению словарного запаса, повышению беглости речи, улучшению восприятия на слух и развитию уверенности в общении. Однако освоение идиом требует специальных методик, поскольку их значение не всегда очевидно.

Современные методики преподавания иностранного языка подтверждают, что применение контекстного обучения, игровых технологий, сторителлинга и сравнительного анализа с родным языком позволяет значительно повысить эффективность усвоения идиом. Включение таких выражений в учебный процесс на постоянной основе способствует не только улучшению языковой компетенции учащихся, но и формированию их культурной осведомленности.

На основании вышесказанного можно сделать вывод, что систематическая работа с идиоматическими выражениями позволяет создать прочную основу для успешного общения на иностранном языке, делая речь учащихся более естественной и выразительной.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Закон Республики Казахстан «О науке» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.07.2023) // Собр. законодательства. - 2007. - № 407-IV (18 февраля).
2. Кунин А. В. "Англо-русский фразеологический словарь". Живой язык, 2005. 1224 с.
3. Liu, D. Idioms: Description, Comprehension, Acquisition, and Pedagogy. Routledge, 2020. 254 p.
4. Тер-Минасова С. Г. "Язык и межкультурная коммуникация". Слово, 2016. 352 с. <https://moluch.ru/th/6/archive/107/3723/>

ӘОЖ 821.512.122

I. ЖАНСҮГІРОВТІҢ “КҮЙШІ” ПОЭМАСЫНДАҒЫ МЕТАФОРАЛЫҚ ҚОЛДАНЫСТАР

Жумашева А.

Студент, I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Ғылыми жетекші: магистр, оқытушы-дәріскер Мүлік Д.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Zhumasheva_aiym_05@mail.ru

Мақалада метафораның көркем шығармадағы орны айқындалып, сөз өнеріндегі құбылтудың бір түрі болып табылатын метафораның өзіндік табиғаты ашылды. I. Жансүгіровтің “Күйші” поэмасындағы метафоралық қолданыстар жинақталып, талданды. Қазіргі қазақ әдебиеттануында I. Жансүгіровтің шығармаларын көркемдік тұрғыдан талдау, баға беру өзекті болып табылады. Сондықтан аталған поэмадағы метафораларды табуды, мәнін ашуды міндет етіп алдық.

Кілт сөздер: метафора, көркемдік тәсіл, поэма, ақын, құбылту.

В статье определено место метафоры в художественном произведении, раскрыта своеобразная природа метафоры, являющейся формой вариативности в искусстве слова. Обобщены и проанализированы метафорические употребления в поэме И. Жансугурова “Кюйши”. В современном казахском литературоведении актуальным является художественный анализ, оценка произведений И. Жансугурова. Поэтому мы взяли на себя задачу найти метафоры в данной поэме, раскрыть суть.

Ключевые слова: метафора, художественный подход, поэма, поэт, феномен.

The article defines the place of metaphor in a work of art, reveals the peculiar nature of metaphor, which is a form of variation in the art of words. The metaphorical uses in I. Zhansugurov's poem “Kuishi” are generalized and analyzed. In modern Kazakh literary criticism, the artistic analysis and evaluation of the works of I. Zhansugurov is relevant. Therefore, we took upon ourselves the task of finding metaphors in this poem, to reveal the essence.

Key words: metaphor, artistic approach, poem, poet, verse.

Өнер атаулының ішіндегі ең қадірлісі - сөз өнері. Мұндай ойды З.Қабдолов айтқан. Ал сөз өнерінің ерекшелігі оның көркемдік қуаты. Оған ажарлау, айшықтау, құбылту қызмет етеді. Яғни талант қиялынан туып, қаламынан түрленіп, ажарланып, айшықталып, құбылып шыққан туындының салмағы басым, көркемдік қуаты ерекше әсер етеді. Оқырманына өзгеше күй сыйлайды. Сондай көркемдік тәсілдердің бірегейі, құбылтудың бір түрі - метафора.

Метафораның түпкі мағынасына үнілсек, “грек тілінің —metaphorall – ауыстыру деген сөзімен төркіндес, әдебиетте құбылтудың бір түрі” [1] ретінде қарастырылады. Бұл дүниедегі көзге көрінген құбылыстардың ұқсас белгілерін екінші бір затпен алмастырып, астарлы мәнде пайдаланылуы. Метафораны сөз өнерінде (поэтика, риторика), эстетикада, логикада, философияда, тіл (стилистика, лексикология, психолінгвистика) ғылымдарында қарастырады. Аристотельдің пайымдауынша метафораның ішкі табиғатында жұмбақтылық немесе астарлау мәні бар. Шын мәнінде тілдегі сөздердің табиғаты, сөз мағынасы күрделі құбылыс. Сөз өнерінде құбылтудың түрлері көркем шығарманың көркемдік болмысын, экспрессивтік бояуын жасайтын құрал ретінде қолданылады. Онсыз шығарманың құны төмендейді. Көркем шығарма көркемдік құралдың бір түрі метафора арқылы түрленеді, ажарланады, бейнелі құрал ретінде қолданысқа енеді. Көркем шығарма деген атқа ие болады. А. Байтұрсынұлының

айтар болсақ, «көркем сөз қиял байлығына қарайтын нәрсе.... Көркем сөз дүниені көңілдің түйген, қиялдың меңзеген әлпіне түсіріп айту».

Қазақ әдебиеттану ғылымында метафораның табиғатын ашу А. Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алады. «Сөздің көбін өз мағынасында жұмсамай, өзге мағынада жұмсаймыз. Арасында түк ұқсастық жоқ, екі нәрсенің ететін әсері бірдей болса, біріне қас ғамалды екіншісіне ауыстырып айтамыз.... ұқсастығымен ауыстырып, өз мағынасынан сөзді өзгелеп айту» [2] - дейді. Қ. Жұмалиев метафораны «сыртқы не ішкі бір ұқсастығына қарап, бір нәрсені екінші нәрсеге балау, екі нәрсенің арасына тепе-теңдік белгісін қою» деп анықтаса [3,117], 3. Қабдолов «метафора сөз мәнін түрлендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау, сөйтіп, зерттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту» деп түйіндейді [4, 214].

Ғалымдардың пайымдауынша “сөздерді метафоралау процесінде үш түрлі жағдайды байқауға болады. Алғашқысында сөздің сыртқы белгісі алынады. Мысалы, кілт— есіктің кілті, мәселенің кілті; бастау — бұлақтың бастауы, шығармашылық бастау т. б. Келесіде метафора жасайтын сөздердің семантикасына, ішкі мазмұнына үңілуге тура келеді (түлкі — аң, айлакерлік белгісі; балшық — зат атауы, адам мінезіндегі ынжықтық т. б.). Метафоралаудың соңғы түрінде белгілі бір нышандар мен қасиеттердің келесі топтағы заттар мен құбылыстарға тән екендігі белгілі бола тұра, келесі ұғымдарға сіңісті болып кетеді. Мысалы, ұлиды деп қасқырды айтады, бірақ қаламгерлер еңбектерінде жел ұлиды деп қолданылады. Соған ұқсас өткір сөзі қатты заттарға қатысты болатын (өткір ұстара), бүгінде өткір мәселе тіркесі қолданылып жүр. Метафораның басқа құбылту түрлеріне ұқсас тұстары бар. Мұндайда метафораның анықтамасын және атқаратын троптық қызметін естен шығармаған мақұл” [5, 44].

Метафораны теңеумен шатастырып алатын сәттеріміз де болады, сондықтан екеуін айыра білу, ғылыми тұрғыда тану керек. Метафора — ауырту арқылы жасалған көркемдік мәндегі сөздер. Шығармада суреттелетін дүниені әсерлі етуде не сыртқы сұлбасының, болмаса ішкі қасиеттерінің жуықтығына, баламалылығына қарай орнын ауыстырып қолдану. Мақал-мәтелдерде, фразеологизмдерде, қанатты сөздерде өте жиі ұшырасады. Ғалымдардың бір тобы метафораны екіге бөлген. Алғашқысы жеке адамның сөйлеу шеберлігінен пайда болғанжекелей метафора; екіншісі-жалпыға ортақ, баршасы қолдануға икемді метофоралар.

Дәстүрлі метафоралар қазақ тілді ортада түсінікті, халықтық белгілерге бейім, дүниетанымға тәуелді болады. Дәстүрлі метафора күнделікті ауыз екі сөйлеуде жиі қолданыста болады. Дегенмен оны баршамыз бірдей деңгейде қолданамыз деуге болмас. Ал Б.Х. Хасанов айтқан “индивидуалдық метафора – өмірдің кейбір жағдайларынан берілген субъективті баға, өзіндік тұжырым, бұл метафоралардың авторы болады” [5, 44]. Мәселен біз қарастырғалы отырған “Күйші” поэмасында кездесетін метафоралардың авторы І. Жансүгіров. Бұл метафоралар өзіндегі бар заңдылықтармен қатар дәстүрлі метафоралардың ерекшеліктерін түгел қамтиды. Яғни қайнар көзі дәстүрлі метафора болып қала береді.

Метафора – акын ойының, тілінің және көркемдік қуатының айнасы. Ол қиялға жүгінген жаңа ұғымдарды сипаттау, күрделі мәселелерді түсіндіру, эмоцияны жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Қазіргі таңда көптеген ғалымдардың пікірі Ілиястың ақындық қуатына, ерекшелігіне айрықша тоқтау қажет дегенге саяды. Бұл ақынның сюжет құрудың шебері ғана емес, поэмадағы көркемдік қуаттың арттырудың да саңлағы екендігін аңғартады. Сондықтан біз де Ілияс бабамыздың шығармашылығына, соның ішінде “Күйші” поэмасындағы метафоралардың қолданылу аясын айқындаймыз.

Поэмадағы оқиғалар тізбегін айтпағанда күйші, Хан Кене, Қарашаш, Сапақ, Науан сынды санаулы кейіпкерлерге тікелей қатысты метафоралық қолданыстарды зерделеп

көреміз. “Күн тындап кірмей тұрды ұясына” деп әсерлі шумақтармен оқушысын өзіне тартатын поэмада орталық кейіпкер Күйші” бал тамған бармағынан домбырашы еді. Тек Хан ордасына келіп, күй ырғағына барша ғаламды еліте отырып, өзінің қандай күйге түскенін кейін аңғарды. Алғашында Хан сарайына келіп күй тартқан күйшінің қолындағы “Алтын күрек домбыра” төгілген еді, оқиғаның шарықтау шегіне жеткенде “түйе болып боздап” кетті. Ал поэма кейіпкерлер де сан құбылды.

Орталық кейіпкер Күйші “буынсыз он саусағынан” күй төгілткен даланың ерке ұлы еді. Ағасына дат айтқан Қарашаштың басыбайлы құлы болды, маймылға айналды. Ақын оны “Жүйрік жан, маймыл күйші, сорлы маңдай” [6, 172] - немесе “Бұл менің басы байлы бір маймылым” [6, 185] деп, біресе “Ала өкпе болды. Кетті ол бір бала” [6,184] - дейді. Бірде Қарашаш сұлудың көзімен “Беу жаным, жігіт екен! Бағлан торы!” - деп асқақтатса, [6, 185] бірде “Бұлбұлым, бұл байғұзым, күйшім болды!” деп құбылтады. Күйшінің аузына салып қойған ауыстырулар да күйшінің пешенесіне жазылған пернені дөп басқан. Онда “Рақым қыл торғайыңа торға түскен” [6, 209] немесе “Қой болдым қорасына кіріп келген” [6, 214] деген метафоралар қолданылған. Хан тұқымынан болса да Қарашаштың да ойы сан құбылады. “Бағлан торы” аяқ астынан “Алдымда жігіт емес жылан отыр”[6, 215] деп жыланға айналады.

Хан Кене сол заманның перзенті. Әлі күнге шейін қазақтың соңғы ханы деп баға береміз. Өз халқы ақ киізге отырғызып, хан көтергені тарихи шындық. Ендеше ақынның төмендегі құбылта төгілген әр ауыстыруы орынды. Дұшпанына алынбас қамал болған, халқының құтына айналған ханды Қарашаш сұлудың сөзімен “Қамалым, хан дәнiшпан, Кене - құтым” - деп бағамдаса, “Жолбарыс жымың қағып сылқ-сылқ күлді” [6, 171] “Арқаның арыстаны” [6, 196] “Бөрі отыр бөлтірікке беріп ырық,” - деп, ақырса дұшпанының мысын басатын, жауымен жаралы жолбарыстай аласұра айқасатын, ешкімге бағынғысы келмейтін жігері мен мінезі осыны меңзейді.

Қарашаш - Хан Кененің қарындасы, поэма сюжетінің қоюлана түсуінен себеп болған кейіпкер. Онда Баян мен Жібектің сұлулығы да, Томиристің өжеттілігі мен қайсарлығы да қатар өрілген. Ол күйшінің көзімен “Әйелдің ақ сұңқары , ханзадасы” [6, 171] да бола білді, жүректің түкпірінен орын ала білген аққуы да болды. Ол поэмада “А, білдім, аққу екен қыз пернелі” [6, 179] - деп суреттеледі. Соған қоса ғашықтықтың дертіне шалдығып, домбыраның қос ішегіне сезім ұялатқан күйші үшін Қарашаш “Текті құс, теріс азу, ақиық қыз” да бола алды. Өкініштісі, Әлімқұл ауылында қаһарына мінген қыздың, қолындағы кере құлаш қылышын жалаңдатып, бас алуға дайын тұрған қыздың болмысы күйшінің жан дүниесінің астаң-кестеңін шығарды. Жоғарыдағы сұлулық, қызға тән қылық бірден ғайып болды. Қылығын қаһарына ауыстырған қыздың бейнесі өзгеріп шыға келді. Ол басында “Айдаһар - алдындағы қызға айналса” [6, 174], енді міне сол образға қайта енді. Тіпті, “Қыз емес мынау тұрған қорқау сырттан” немесе “Қыз емес қарсы алдында албасты отыр” [6, 212] деуге мәжбүрледі. Аққуға баланған Қарашаш сұлудың жалмауызға, торайға, аш аюға балама болуы поэмада өзгеше суреттелген. Онда “Қыз емес, жалмауыз ау, аузы қалай?”, “Қанішер! Ханыша емес, жауыз торай,..” [6, 214] “Орнына отырды оның ашулы аю” [6, 215] - деген метафоралық қолданыстар арқылы суреттелген.

Поэмадағы өзге де кейіпкерлер де өзіндік тұлғасын ашатын метафорамен суреттелген. Соның бірі - Науан. Оның батырлық болмысы “Мұзбалақ қаңтардағы қырау қабақ” [6, 194]- деп, мұзбалақпен, қырау қабақпен ауыстырылған. Қызқұмар Әлімқұлдың ерке өскен ұлын Қарашаш сұлудың аузымен итке, албастыға, қоянға ауыстырылуы арқылы оның бойындағы кемшін тұстарын ашып берді. Шын мәнінде Қарашаштың босағасын ұрланып аттауы иттік болса, айыбын өзі келіп мойындамай, әкесінің қолтығының астына тығылуы қоянның тірлігі екенін айғақтайды. Бұл поэманың өн бойында “Сапақ Ит иіскеп, есігімнің ашылғаны” [6, 192], “Мысық боп бұл дауысты жан тындаған” [6, 193], “Дулаттың битті балақ датқасына” [6, 201], “Албасты, қызға келгіш мұңғылыңды!” [6, 198], “Қоянын алдына сап қақпан басқан” [6, 172], “Алып қайт, міне берген ит құрманың” 204 деген

жолдармен құбылтылған. Мысы басым Қарашаш алдына басу айта келіп, аңтарылып қалған билерге де “Би емес, бұзылғанның қуатысың, Тентектің телі менен суатысың... Бәрің де Әлімқұлдың миятысың”! - деген жекіруінде де де ауыстырулар сәтті қолданылған.

Қорыта айтқанда, метафора – көркем туындының мәнін тереңдетіп, мазмұнын байытатын қуатты тәсіл. Метафора Ілияс Жансүгіров поэмаларында өте сәтті қолданылған. Ол ақынның сөздік қорының бай екендігін, ойлау қабілетінің тереңдігін, жаңа мағыналық кеңістіктер ашуда аянбай еңбек еткендігін аңғартады. Ақын шығармашылығында метафораның – эмоционалды-экспрессивті бояу берген, ақынның стильдік ерекшелігін айқындайтын маңызды құралдардың бірі болғандығын көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Метафора>
2. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. - Алматы: “Ел-шежіре”, - 2013. Т 1: - 384 б.
3. Жұмағалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы, 1969, 243 б.
4. Қабдолов З. Таңмамалы шығармалар II том. Алматы, 1983, 456 б.
5. <https://cyberleninka.ru/article/n/metaforaly-ma-yna-s-zdi-beyneli-oldanysy-men-tere-astary>
6. Жансүгіров І. Құлагер: Өлеңдер, аудармалар, поэмалар. - RS Халықаралық Абай клубы, 2012. - 304 бет.

ӘОЖ 9(571) 333.16

МЕКТЕПТЕ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Жұмаділ Қ.Е.

Студент, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Ғылыми жетекші: т.ғ.к. Сантаева К.Т.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.
zhumadilk2005@gmail.com

Мақалада педагогикалық іс-тәжірибеде қолданған инновациялық технологиялардың білім берудегі маңызы және озық технологиялардың қазіргі заманға сай қандай пайдасы бар екені қарастырылады. Бұл білім беру қызметтері нарығында белгілі бір мекеменің бәсекеге қабілеттілігін құруға негіз құрып қана қоймай, сонымен қатар мұғалімнің кәсіби өсу бағытын, оның шығармашылық ізденісін анықтайды және оқушылардың жеке өсуіне ықпал етеді.

Кілт сөздер: білім, инновация, интербелсенді әдістер, АКТ.

В статье рассматривается значение инновационных технологий, используемых в педагогической практике образования, и преимущества передовых технологий в современное время. Это не только закладывает основу конкурентоспособности конкретного учреждения на рынке образовательных услуг, но и определяет направление профессионального роста преподавателя, его творческого поиска, способствует личностному росту обучающихся.

Ключевые слова: знания, инновации, интерактивные методы, ИКТ.

The article discusses the importance of innovative technologies used in pedagogical practice of education and the advantages of advanced technologies in modern times. This not only lays the foundation for the competitiveness of a particular institution in the educational services market, but also determines the direction of professional growth of the teacher, his creative search, and contributes to the personal growth of students.

Key words: knowledge, innovation, interactive methods, ICT.

Кіріспе

XXI ғасырдың басынан бастап білім беру саласы қарқынды өзгерістерге ұшырап, жаңа технологиялар мен цифрлық шешімдерді енгізу үрдісі қарқынды дамып келеді. Дәстүрлі оқыту әдістерінен сыныптастар арасындағы ынтымақтастық пен интерактивтілікті арттыратын, оқушылардың білімге деген қызығушылығын күшейтетін инновациялық технологиялар қазіргі заманның басты талаптарының бірі болып табылады. Бұл мақалада өзімнің мектепте іс-тәжірибеде қолданған инновациялық технологиялар арқылы білім беру, оның артықшылықтары мен кездесетін қиындықтары, сондай-ақ Қазақстандағы қазіргі жағдайы мен болашақтағы даму перспективаларына тоқталамын.

Негізгі бөлім

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі үнемі жаңарып, жетілдіріліп отырады. Біз тарих пәнінің мұғалімі ретінде, сабақ барысында инновациялық технологияларды қолданудың маңыздылығын жақсы түсінеміз. Тарихи оқиғалар кеңістікте және уақыт шеңберінде орын алады, сондықтан оларды түсінудің ең тиімді жолы – визуалды материалдарды қолдану. Оқушылардың назарын аудару үшін біз интерактивті карталар мен уақыт шкалаларын пайдаландық.[1]

Мысалы, Google Maps және TimeGraphics сияқты платформалар оқушыларға тарихи оқиғалардың географиялық орналасуын жақсы түсінуге көмектеседі. Мысалы, тарих сабағында «Ұлы Жібек жолы» тақырыбын өткен кезде оқушылар картаны қолданып, сауда жолдарының бағыттарын көре алады, сондай-ақ әрбір негізгі сауда орталығы туралы қосымша ақпарат ала алады. TimeGraphics платформасы тарихи оқиғалардың хронологиясын түсінуге көмектеседі. Бұл құралды пайдаланып, біз оқушылармен бірге Еуропадағы өнеркәсіптік революция немесе Қазақ хандығының құрылу кезеңдері туралы уақыт шкаласын жасадық.

Бейне және аудиоматериалдар тарихты оқытудың маңызды құралы болып табылады. Кейде тарихи оқиғаларды тек мәтін арқылы түсіндіру қиынға соғады, сондықтан мен оқушыларға TED-Ed, BBC History, National Geographic сияқты платформалардағы деректі фильмдер мен подкасттарды ұсынамыз.

Мысалы, “Екінші дүниежүзілік соғыс” тақырыбында оқушыларға сол кезеңдегі оқиғалар туралы деректі фильм көрсетеміз. Бұл әдіс оқушылардың тақырыпты тереңірек түсінуіне және тарихи оқиғаларды эмоционалды түрде қабылдауына мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары білім беру саласында дербестендірілген оқыту әдістерін дамытуға жол ашты. Адаптивті(бейімделген) оқыту платформалары оқушылардың жеке қабілеттері мен оқу қарқынына сәйкес материалдарды ұсынады, олардың әлсіз тұстарын анықтап, сол бойынша қосымша тапсырмалар береді. Бұл әдіс арқылы оқушылардың оқу процесіне деген мотивациясы артып, білім сапасы жоғарылайды.

Виртуалды шындық (VR) және кеңейтілген шындық (AR) технологиялары оқу материалын жаңа деңгейге көтереді. Оқушылар виртуалды ортада тәжірибелік жұмыстар жүргізіп, ғылыми зерттеулерді тереңірек меңгере алады. Бұл технологиялар әсіресе медицина, инженерия және архитектура салаларында қолданылып, оқушылардың теориялық білімдерін практикамен толықтыруға көмектеседі.

Әр оқушының қабілеті мен оқу қарқынына сәйкес материалды ұсынатын инновациялық технологиялар оқу процесін дербестендіруге мүмкіндік береді. Мұғалімдер жеке қажеттіліктерді ескере отырып, оқу бағдарламаларын бейімдей алады. Осылайша, инновациялық технологиялар адам қызметінің барлық салаларында, соның ішінде білім беруде де қолданылады. Уақыттың өтуі және өмір салтының өзгеруі инновацияның қажеттілігін талап етуде. Кез келген жаңалықты енгізу стихиялық емес, ол жоспарлы, мұқият талданған процесс[2].

Қазіргі уақытта мектеп оқушыларының қажетті ақпаратты тауып, оны өңдеп, белгілі бір қорытынды жасай білуіне көп көңіл бөлінуде. Білім беруде оқытушылардың алдына қойылған мақсат-міндеттердің өзгеруі нәтижесінде инновациялық технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде, оның ішінде тарих пәнінде қолдану қажеттілігі болды.

Мұғалімдердің өздерінде жекешелендіру мүмкіндіктері болуы керек екенін ескеру керек. Бұл олардың өз арасында және аудиториямен қарым-қатынасын қамтамасыз етеді және шеберлік деңгейін аудитория арасында көрсетеді[3].

Қазіргі мектептердің педагогикалық қызметінде инновациялық технологиялардың үлкен арсеналы бар. Оларды оқу процесінде пайдалану мүмкіндігі мұғалімдердің өзгерістерді қабылдауға дайындығына және, әрине, оқу орындарының техникалық қамтамасыз етілуіне байланысты. Көп мектептерде сыныптар интерактивті тақтамен және мультимедиялық қондырғылармен қамтамасыз етілген, мұғалімнің орны интернетке қосылған дербес компьютермен немесе ноутбукпен жабдықталған.

Тәжірибелі мұғалімдер әр күнгі жұмысында өте белсене және интерактивті түрдегі білімді қамтитын инновациялық технологиялар мен қазіргі заманғы оқыту әдістерін қолданады. Белсенді әдістер оқушылардың сабаққа қатысуын, олардың оқу кезіндегі белсенді көзқарасын көздейді. Интерактивті формалар есту және көру арқылы алынған білімді жақсы аңғаруға мүмкіндік береді. Бұл әдістер әр оқушының топтың белгілі бір бөлігі

болып жұмыс істеуге, топ ретінде де білім алуға шақыратын, бірақ сонымен бірге жеке жауапкершілікті көтеруге тырысатын оқытудың топтық формаларына жатады[4].

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар білім беру саласында кеңінен қолданылады. Компьютерлер, планшеттер, интерактивті тақталар және интернет ресурстары арқылы оқушыларға әлемдік ақпаратпен тез танысу мүмкіндігі беріледі. АКТ қолдану оқу процесінің интерактивтілігін арттырып, мұғалім мен оқушы арасындағы байланысты нығайтады.

Мультимедиялық технологиялар – визуалды, аудиовизуалды және анимациялық материалдарды қолдану арқылы білім беруді заманауи форматқа келтірудің бір тәсілі. Бұл әдіс оқушылардың есте сақтау қабілетін күшейтіп, теориялық материалды практикалық мысалдармен толықтырады. Видео дәрістер, презентациялар және анимациялық инфографика арқылы материалды түсіндіру оқушылардың қызығушылығын арттырады[5].

Оқыту үрдісіне ойын элементтерін енгізу геймификация деп аталады. Ойын механикасы мен бәсекелестік атмосферасы оқушыларды белсенділікке ынталандырады, қиын тақырыптарды жеңілдетіп, мотивацияны арттырады. Геймификация әдісі арқылы қиын есептерді шешу, тапсырмаларды орындау және білімді тексеру процестері қызықты әрі тартымды түрде жүргізіледі.

Қорытынды

Сонымен, тарих сабағында инновациялық білім беру технологиялары сан алуан және көп. Біз бұл мақалада мектептегі іс-тәжірибелік практикада тарих сабағында қолданған әдіс-тәсілдерімізді көрсетуге тырыстық. Қазіргі кездегі білім берудің ең бірінші мақсаты – әлемдегі өзгерістерге өте, тез бейімделетін адамды(оқушыны) қалыптастыру. Оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды қолданудағы мұғалімдердің өз тәжірибесі мектептерде тек қана дәстүрлі оқыту әдістерін қолдану арқылы осыған оңай қол жеткізуге болмайтындығын көрсетеді.

Біздің инновациялық технологияларды қолдану тәжірибеміз тарих сабағын дәстүрлі оқыту әдістерінен мүлдем өзгеше деңгейге көтерді. Сандық құралдарды қолдану арқылы оқушылар тек ақпаратты меңгеріп қана қоймай, оны тереңірек түсініп, талдауға үйренеді.

Болашақта біз бұл әдістерді одан әрі жетілдіріп, жаңа технологияларды тарих сабағына енгізуді жалғастырамыз. Себебі, білім беру үдерісі үнемі дамып отыруы тиіс, ал инновациялық технологиялар оқушылардың тарихты жандандырып, оны қызықты әрі қолжетімді түрде меңгеруіне көмектеседі.

Қорыта айтқанда, инновациялық технологияларды тарих сабағында қолдану өте маңызды. Оларды қолдану арқылы сабақтар қызықты да тартымды өтеді. Оқушылар оқудың әртүрлі нәтижелеріне қол жеткізуге мүдделі, бұл осыған орай дами келгенде білім сапасын кеңінен ашады және арттырады деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. «Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар». Алматы, 2014.
2. Әлімов А.Қ. «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер». Астана, 2014.
3. Абдикаримова Г.А. «Бағалаудың өлшемдік технологиялары» Алматы, 2019
4. Жұмағалиев С. (2018). «Білім беруде инновациялық технологиялар: теория және практика». Алматы: «Аспан» баспасы.
5. Мухина С.А., Соловьева А.А. «Современные инновационные технологии обучения»

ӘОЖ 8.81-2

I. ЖАНСУГІРОВТІҢ «РАЙХАН» ДРАМАСЫ ТІЛІНІҢ ГЕНДЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Жұмағалиқызы Н.

Студент, I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Ғылыми жетекші: PhD, оқытушы-дәріскер Шүкенай Г.Т.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

zhumagali2005@bk.ru

Бұл мақалада I. Жансүгіровтің «Райхан» драмасындағы гендерлік лингвистика сипаттары талданып, түсіндірмелер берілген. «Райхан» драмасындағы әлі де зерттелуі тиісті нысандар көрсетілген. «Райхан» драмасының зерттелу тарихы, талдануы, тарихнамасы қарастырылып, жан-жақты талданған.

Кілт сөздер: *драма, гендерлік лингвистика, әйел, еркек, антропонимдер, туыстық атау.*

В данной статье проанализированы особенности гендерной лингвистики в драме И.Жансугурова «Райхан» и даны разъяснения. Показаны объекты, которые еще предстоит изучить в драме «Райхан». История изучения, анализ и историография драмы «Райхан» были рассмотрены и всесторонне исследованы.

Ключевые слова: *драма, гендерная лингвистика, женщина, мужчина, антропонимы, родственные имена.*

This article analyzes the features of gender linguistics in I. Zhansugurov's drama «Райхан» and provides explanations. The objects that have yet to be explored in the drama «Райхан» are shown. The history of the study, analysis, and historiography of the drama "Raykhan" has been examined and thoroughly researched.

Key words: *drama, gender linguistics, woman, man, anthroponyms, related names.*

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «Гендерлік лингвистика — сөйлеушінің жыныс айырмашылығымен байланысты тілдік ерекшеліктерді зерттейтін тілі біліміндегі бағыт», - деген анықтама беріледі. Ал ғалым Бакытжан Хасанұлы: «Гендерлік лингвистика – біз үшін жаңа ғылым, ал жаңа саланың өзіне тән мәселелері болады және аз емес. Олар:

1. Адам жынысы гендердің тілімен анықталатындығы;
2. Тіл мен жыныстың айырмашылығы, өзара байланыстылығы;
3. Әйел мен ер адам сөзінің жалпы адамдық айырмасы;
4. Әйел мен ер адамның ұлттық-этникалық деңгейдегі айырмасы;
5. Тілдің әлеуметтік жіктелуі мен қоғамның жыныстық жіктелуінің өзара байланысы;
6. Әйел мен ер адамның тілдік бірлікті қолдану айырмасы;
7. Әйел мен ер адам сөйлер сөзінде қолданылатын тілдік және бейтілдік бірліктер;
8. Әйел мен ер адам беретін мәлімет құрамындағы тілдік және бейтілдік бірліктер, т.б.», - деп гендерлік лингвистиканың қамтитын аймақтарын көрсетеді.

Гендерлік лингвистиканың зерттеу нысандарын талдау барысында драма жанрын таңдау ұтымды деп санаймыз. Драмалық шығармаларда өмір шындығы мен көркем шындық шиеленіскен тартыстар желісіне жинақталып, оқиғаға қатысатын кейіпкерлер сөзі мен іс-қимылы арқылы көрсетіледі. Сәйкесінше, драма белгілі бір кезеңдегі әлеуметтің тілдік қолданысын, ерекшелігін кейіпкерлер сөзі арқылы сол қалпында, аса өзгеріске ұшыратпай жеткізеді деуге негіз бар. I.Жансүгіровтің бес суретті «Райхан» атты драмасының гендерлік лингвистикалық сипатын талдау осы ойымызды дәлелдей түспек.

«Райхан» драмасының негізгі кейіпкерлері Райхан, Нұрай, Күлей және Имаш. Қосымша кейіпкерлер Зейнеп, Мәлике, Кекілтай. Байқағанымыздай, кейіпкерлер, негізінен, әртүрлі жастағы және сауаттылық деңгейі де әртүрлі әйелдер қауымы. Олардың тілдік

оралымдарында да өзгешеліктер болғанымен, жалпы ортақтық та бар. Отто Есперсен «Language: its Nature, Development and Origin» («Тіл: табиғаты, қалыптасуы, дамуы») атты еңбегінде: «Әйелдердің сөйлеу тілі шапшаңдығымен, эмоциялылығымен ерекшеленеді. Олар күшейту, ұлғайту мәніндегі сөздерді көп қолданады және айтайын деген ойын үзіп-жарып, толық жеткізе бермейтіндіктен, олардың тілінде грамматикалық жағынан аяқталмаған сөйлемдер орын алған», - деп көрсетеді. Бұл белгілер драмадағы Райхан мен Күлейдің сөздерінен байқалады. Мысалы: «Райхан. (басын көтеріп). **Ойбай-ай**, ағай келіп қалған екен ғой, мен дүрілдетіп жатсам...», «Райхан (долданып). **Бітсе быт-шыт болсын! Аспан жарылып жерге түссін! Жер жарылып сен түс! Құдай сені мендей қорласын!**», «Райхан. **Ауылың адыра қалсын!**», «Райхан. **Жеңеше-ау**, қаланың жасынан да кәрісі жас болатын көрінеді. **Тіпті, семьялы адамдарды да, ойбай-ау, бетім-ау.**», «Райхан. Неден сорлы болдым (өкіріп жылап жібереді). **Құдай-ау**, есімді неден алдың, **тәңірім-ау!** Неден бұл күйге салдың, **жасаған-ау!**...». Райханның бұл одағай сөздерді қолдануы «әйел тілінің» ер адам тілінен өзгеше сипатының көрінісі. Әрі долдану, өкіріп жылау секілді әрекеттер де көбіне әйел адамдарды сипаттауда қолданылады. Қазақ тілінде осыған байланысты «долы әйел», «долы әйелше сұрланып» деген секілді ұғымдар да қалыптасқан. Ал Күлейдің репликаларынан әйел адамға тән эмоциялық басымдық пен негізінен, әйел адамдардың ғана қолданатын қарғыс сөздерін, дисфемизмдерді көре аламыз. Мысалы: «Күлей. **Бар енді, жылдам алып қайт!** (Райхан шығады.) **Саған не болған ей, танымай қалғаның не? Ұят-ай...!**», «Күлей (тамсанып). **Не дейді-ау!**», «Күлей. **Бұзық қана неме. Қарашы ананың қылып жүргенін! Еркектен тоймаған неме деуші еді, енді маған келген екен ғой! Көрінсін менің көзіме. Шашын жұлып қолына берейін!**», «Күлей. **Келсін, байғұс, осында. Қайта осының келгені жақсы. Бұл үй — не үй болсын, не көр болсын!**», «Күлей. **Нұрай! Нұрайың! Негып білмей қалдың?**», «Күлей (пышақ алып Райханға тап береді). **Ә, сұр жылан! Балаңды жсырып алып тастайын!**», «Күлей. **Түу пәлекет! Түу пәлекет! Кеткеніңнен келме! Артынан топырақ шашып қалайын!**».

Халел Арғынбаев: «Қазақтағы туыстық және құдандалық жақындық жүйесінің атаулары айтушыға аталушының жасының үлкен-кішілігіне, жынысына қарай жіктеледі. Мұнымен бірге атаулар әке және шеше тарапынан туыстық, құдандалық жақындыққа байланысты жіктеледі. Айтушы ер не әйел жынысынан болуы мүмкін. Сондықтан оларға туыстарының не жақындарының арақатынасына қарай атауларда да өзгешелік болып тұрады», - дейді. Драмада осыған сәйкес әйелдер қауымына ғана байланысты қолданылатын сөздер қатарын көптеп кездестіреміз. Мысалы: жеңешетай, жеңгей, жеңеше; қыз, келіншек, кемпір; әйел, қатын, бәйбіше, тоқал; ана, шеше, апатай, кіндік шеше; қарындасым, қалқам, шырағым, жаным т.б. Берілген тізбектегі сөздердің ортақ мағыналық, қолданыстық ұқсастығы болғанымен, реңк жағынан немесе жас ерекшелік жағынан немесе туыстық атау тұрғысынан өзгешелігі бар. Мысалы, «**қыз**» деп тұрмысқа шықпаған бойжеткенді атаса, «**келіншек**» деп жаңа түскен жас келінді, жас әйелді атайды; «**жеңеше**» деп таныстығы өте жақын адамдардың арасында айтылса, «**жеңешетай**» деп жалыну, өтініш білдіру, еркелеу мәнінде жиі қолданылады т.с.с. Ал ер адамдарға ғана байланысты қолданылатын атаулар мен ұғымдардан кездестіретіндеріміз: еркек, ер, аға, шал, ерім, әке, жезде, ағалық, жігітшілік, жігіттік т.б.

Бұдан бөлек, драмада тек әйел адамдарды сипаттауда және тек ер адамдарды сипаттауда қолданатын теңеулерді, тілдік оралымдарды, ұғымдарды кездестіреміз. Мысалы: «Имаш. ...Ана жылы Адайдың **женотделі үйелмендей қара сақалды кісі** еді...», «Имаш. Түу... **Өтіп бара жатқан заман-ай! Соқтадай қыз** болып қапсың ғой...», «Күлей. Сол күнде-ақ **керіскедей қыз** болып қалған...», «Имаш. Eh-eh-eh... **Не деген бетбақ** еді? Мұны қатын қылып алмақ түгіл, азгантай жолап кеткенде мұншалық қылды; алсам не жаным қалар еді?», «**Ботакөзім Райхан!**...». Бұл мысалдардағы «**керіскедей**», «**соқтадай**», «**бетбақ**», «**ботакөзім**» деген сипаттаулар тек әйелдер қауымына қатысты қолданылса, «**үйелмендей қара сақалды**» деп ер адамды сипаттағанда ғана қолданамыз. «Имаш (үстелді

ұрып). Қысқарт! Үйтіп біреудің бүп-бүтін тұрмысына сұқсайтан болмай!», «Күлей (Нұрайға). Алып кет үйімнен албастыңды!», «Күлей. Өлі жүні түсіп, түлейін деген екен, сорлы» деген мысалдардағы ұғымдарды да, негізінен, әйелдерге қарата қолданса, ал «Райхан. Ақырын! Үріккен түйеге ұқсаған сорлысың-ау өзің!», «Райхан. Сен адам емессің, айуансың!» «Райхан. Сен жауызсың, адам емессің! Итсің!» деген мысалдардағы сипаттауларды, негізінен, ер адамдарға қарата қолданады.

Драмадағы тағы бір гендерлік ерекшеліктің көрінісі — антропонимдерге қатысты. Бұрын әке атын бір ғана ұлы иемденбеген. Сол адамның келіні, қызы, басқа да отбасы мүшелері иемденген. Мысалы: «Күлей. Танымай қалдың ба, сен? Әбекеңнің қызы емес пе?», «Күлей (тамсанып). Не деді-ау! Бірақ мына сорлыларға тым обал қылған. Кемпір, шал... Көз көрген **Имаштар еді**, қол ұшын берер депті...», «Имаш. Ертең әйелдер бөліміндегі **Семізбай қызы Нұрайға** барасың...», «Райхан. ...Мен шарасыздан шалға тигелі тұрмын да... Бірақ әзірге **Имаштың қатынымын! Имаштың баласының шешесімін!**».

Драмада соңғы бір гендерлік лингвистиканың көрінісін бейнелейтін құрал ретінде әйелдерге ғана тән, әйелдердің ғана қолынан келетін процессті айта аламыз. Ол — бала көтеру, дүниеге сәби әкелу. Осы ұғым жайында драмада азды-көпті сәттер сипатталады: «Имаш. Ауылдағы қазақ әйелінің дұрыс босанатыны бар ма? Толғатса, бақан құрады; астына қошқардың күйегін төсейді. Әйелді керген төстіктей іліп тастап, жабыла тартады. Одан әлсіреп қалған әйелді албасты, марду басты деп, айқайлап, ұшықтап, шапалақтап өздері өлтіріп алады...», «Райхан. Айттың ғой өзің... **әйелім бала көтермейді, сенен бала сүйгім келеді дедің...**» «Райхан. **Мені бұрын буаз болып көрген адамдай сөйлейсің-ау...**», «Имаш. Ол рас. Әйел, еркектің жаратылысында көп айырма бар. **Еркекке бала бітпейді. Баланы әйел көтереді. Бала біту деген аты әдемі ауру өзі. Мұны ғылым тілінде «Әйелдің биологическая трагедиясы» дейді**». Мысалдардағы іс-әрекеттерді атқарушы әйел адам болғандықтан, бұл сөздер тек әйелдер қауымына қатысты қолданылып, әйелдер мен еркектер арасындағы сөз қолданысының тағы бір ерекшелігін көрсетеді.

Ілияс Жансүгіровтің «Райхан» драмасының гендерлік лингвистикалық сипаты бұл қатармен ғана шектелмек емес. Автордың жоғарыда талданған мысалдарды не себепті сол кейіпкердің сөзі арқылы бергендігін, осы арқылы өзі өмір сүрген қоғамның қандай бейнесін, ерекшелігін көрсеткісі келгендігін, сол қоғамда қолданылған бұл сөздердің қазіргі кезде қолданыста болу немесе болмау себебін салыстыра талдау — болашақтағы міндетіміз. Бұл тақырыпты одан әрі әдебиет саласымен қатар саралай алсақ, Ілияс драмаларының тілдік құрылымын талдауға қосар үлесіміз зор болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Шоқым Г. Гендерлік лингвистика негіздері: оқулық. – Алматы: Экономика, 2012. – 190 б.
2. Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы. – 2005. Бесінші том: Пьесалар. Фельетондар. – 344 б.
3. <https://massaget.kz/profile/64033/>
4. <https://sozdikqor.kz/>

ӘОЖ 624.21/.8

ҚАУІПТІ ӨНДІРІСТЕР МЕН ҒИМАРАТТАРДЫ ЗЕРТТЕУ

Идрисова А.Е.

т.ғ.к., I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Әділхан Қ.Ә.

Студент, I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

aei_64@mail.ru, kazynaabuovna@gmail.com

Мақалада қауіпті өндірістер мен ғимараттар қарастырылған. Жұмыстың нәтижелері «Қауіпті потенциалды технологиялар» пәннің тақырыптарын зерделеу кезінде қолдануға ұсынылады. Қауіпті өндірістер мен ғимараттарға металлургия өнеркәсібі, химиялық өндіріс, туннельдер, домналық және мартенді пештер, қазандық қондырғылары, көпірлер және тағы басқалар жатады. Бұл өндірістер мен ғимараттардың қауіптілігі олардың бұзылу мүмкіндігімен байланысты, нәтижесінде төтенше жағдайлар, апаттар туындайды, сондықтан қауіпті өндірістер мен ғимараттарды, соның ішінде көпірлерді зерттеу маңызды міндет болып табылады.

Кілт сөздер: сынақ, технология, қауіпсіздік.

В статье рассматриваются опасные производства и сооружения. Результаты работы рекомендуются для использования при изучении тем дисциплины «Потенциально опасные технологии». Опасные производства и сооружения включают металлургическую промышленность, химическое производство, туннели, доменные и мартеновские печи, котельные установки, мосты и многое другое. Опасность этих производств и сооружений связана с возможностью их разрушения, вследствие чего возникают чрезвычайные ситуации, аварии, поэтому важной задачей является исследование опасных производств и сооружений, в том числе мостов.

Ключевые слова: испытание, технология, безопасность.

The article discusses hazardous industries and facilities. The results of the work are recommended for use in studying the topics of the discipline «Potentially dangerous technologies». Hazardous industries and structures include the metallurgical industry, chemical production, tunnels, blast furnaces and open-hearth furnaces, boiler installations, bridges, and more. The danger of these industries and structures is associated with the possibility of their destruction, resulting in emergencies and accidents, so an important task is to study hazardous industries and structures, including bridges.

Key words: test, technology, security.

Кіріспе. Қауіпті өндірістер мен ғимараттарға металлургия өнеркәсіптері, химия өндірісі, туннельдер, домналық және мартенді пештер, қазандықтар мен көпірлер жатады.

Жұмыстың мақсаты: Өндірістер мен ғимараттардың қауіптілігін және құрылысын зерттеу, Жетісу облысы Үштөбе қаласының аймағында салынған көпірдің сипаттамасын жасау, «Қауіпті потенциалды технологиялар» пәнін зерттеу кезінде қолдануға ұсыну.

Металлургия саласы металдарды кендерден алу химиялық негіздерін, физикалық және технологиялық жағдайларды, кендерді өңдеу және ұнтақтау, керекті тазалыққа дейін металдарды балқыту, қазіргі машина жасау және құрылысқа керекті қорытпаларды зерттейді.

Химиялық технологиялар органикалық және бейорганикалық заттардың технологиялары болып бөлінеді. Өндірісте бейорганикалық заттардан органикалық заттарға жататын өнімдер алынады, мысалы, аммиакпен екі тотықты көміртегінен карбамид өндіріледі. Органикалық және бейорганикалық заттардың өндірісі тығыз байланысты, бір химиялық өндірісте қосылуы мүмкін. Органикалық заттарды гидрлеу, хлорлау, гидрохлорлау, нитрлеу, сульфаттау үрдістері үшін бейорганикалық заттар қолданылады.

Қауіпті өндірістер мен ғимараттардың қауіптілігі олардың бұзылуы мүмкіндігімен байланысты. Бұзылған кезде төтенше жағдайлар, апаттар, катастрофалар пайда болуы мүмкін, сондықтан қауіпті өндірістер мен ғимараттарды зерттеу маңызды мәселелерге айналды.


Қауіпті ғимараттарға жылугенераторлық қазандық қондырғылар және көпірлер жатады. Қазандық қондырғы – бұл күрделі жылутехникалық құрылғылар кешені, пайдалы отынның химиялық байланыстық энергиясын жұмыс дененің жылыту энергиясына айналдырады. Жұмыс денелерге ыстық су немесе су буы жатады, сондықтан қазандық қауіптілігі жоғары нысан болып табылады.

Жылугенераторлық қондырғы қайнардан жылу энергияны тұтынушыларға, үйлерге, қоғамдық үймереттерге, өндірістерге жеткізу үшін жылыту желілер қолданылады. Бұл желілер құбырлар жүйелерінен тұрады. Бұл жүйелер адамдардың қалыпты көңіл күйі мен өндірістік процестердің тиімді жүзеге асуына қажетті микроклиматтық және санитарлық-гигиеналық шараларды қамтамасыз етеді.

Туннель - өлшемдерінің бірі (ұзындығы) басқа екі өлшемнен (ені мен биіктігі) едәуір асып түсетін көлденең немесе көлбеу жерасты құрылысы. Туннель автомобильдер немесе пойыздар, судың қозғалысы (гидроэлектростанциялардың туынды туннельдері, кәріз коллекторлары), қалалық желілерді төсеу туннельдер және т.б. болады. Метроның негізгі бөлігі туннельдер түрінде жасалынады.

Туннельдер табиғи кедергілерді жеңу үшін (мысалы, тау астындағы туннельдер), жолды қысқарту үшін (айналадағы жолдың орнына тау арқылы өтетін туннель), қозғалыс уақытын қысқарту үшін (паромның орнына туннель) салынады. Су кедергілерінің астындағы туннельдер көбінесе көпірлер салынатын көпірлердің орнына салынады.

Туннельдың технологиялық схемасы 1 суретте көрсетілген (1 сурет).



Сурет 1 – Туннельдің технологиялық схемасы

1 - бұрғылау порталының қондырғысы; 2 - якорь; 3 - сегмент; 4 - шашыратылған орталық қабат; 5 - автомобильге орнатылған шашыранды бетон жағуға арналған қондырғы; 6 - өлшеу құралдары орнатылған арба; 7 - механикаландырылған қалып; 8 - туннельдің тұрақты төсемі

Туннельдің шығатын жерлерінің жанында орналасқан бөлімдер порталдар деп аталады.

Туннель салу үшін жер қыртысында жасанды қуыс қажет. Тұрақты жыныстарда өндіріс әдетте бекітусіз қалады, тұрақсыз жыныстарда олар уақытша тірек салады, оның негізгі элементтері рошпандар, содан кейін қаптамалар. Қаптау туннельдің маңызды элементі болып табылады, ол айналадағы тау жыныстарының қысымын қабылдайды және туннельді гидроокшаулауды қамтамасыз етеді

Көпірлер табиғи немесе жасанды кедергілерден өту үшін жол үстіне төселетін инженерлік құрылыс болып табылады [1].

Көпір салудың мақсаты: жол жүргіншілерге пайдалану және су каналдан дұрыс өту үшін, ескіріп қалған көпірді бұзып, оның орнына жаңа көпір салу.

Көптеген металды көпірлерде қорап тәрізді тірек құрылымдары бар. Инженерлер көпірдің басынан аяғына дейін осы қораптардан өтіп, дәнекерлеу сапасын, бұрандалы қосылыстарды, бояу сапасын тексереді.

Жетісу облысы Үштөбе қаласының аймағында «Алматы жолдары» жауапкершілігі шектеулі серіктестікпен (ЖШС) жөнделген көпірдің құрылысы мен салыну тәжірибесі күрделі болып табылады.

Үштөбе каналының үстінен өтетін көпірді жөндеп салу 2020 жылдың маусым айынан қараша айына дейін жүргізілді. Көпірден жеңіл және ауыр көліктер, жүк көтергіш машиналар өту үшін ыңғайлы және ұзақ мерзімге шыдайтын көпір салынды. Құрылыстың жобалық ұйымы – «Каздоринновация» ғылыми-зерттеу және жобалық жауапкершілігі шектеулі серіктестік. Техникалық байқау – «ИПЦ Альянс» жауапкершілігі шектеулі серіктестік. Жөнделенетін көпір орналасқан жолдың техникалық категориясы III.

Материалдар мен әдістер

Үштөбе каналының үстінен өтетін көпірді тексеру көпірдің дизайнын визуалды тексеруден басталды. Көпір қорабының ішіне немесе қораптардың арасына деформация датчиктері орнатылды. Сенсор көпір металына күшті магниттер арқылы бекітілді және екі нүкте арасындағы қашықтықты микронның оннан бір бөлігіне дейін өлшенді. Көпір жүктелген кезде металл созылады немесе қысылады.

Барлық құрылғылар орнатылғаннан кейін сынақтар, алдымен статикалық жүктемеден басталды. Көпірге тиелген самосвалдар (әрқайсысы 20-дан 40 тоннаға дейін) өткізілді. Өлшеу көпірдің әр өткелінде жасаланды. Самосвалдардың салмағындағы металды көпір аралығының ортасындағы иілу аралықтың ұзындығының 1/400 жетуі мүмкін, бұл жүз метрлік аралық үшін 25 сантиметрді құрайды. Құрылғының жадынан басқа, ауытқу мөлшері сынақ журналында жазылды. Содан кейін көпірдің динамикалық сынақтары өткізілді. Біріншіден, әр түрлі жылдамдықта бір жүк тиелген самосвалдың өтуі кезінде көпірдің тербелісі өлшенді. Содан кейін тақтаның көмегімен самосвал жылдамдықпен секіретін жолдың біркелкі еместігі еліктелінді.

Сынақ нәтижелері бойынша көпірдің пайдалануға жарамдылығы туралы шешім қабылданды. Тексерулер мен сынақтар көпірдің бүкіл пайдалану мерзімінде жүргізілді. Мұндай тәуелсіз бақылау көпірлерді қауіпсіз етуге мүмкіндік береді.

Негізгі бөлім

Көбінесе көпірлер өзеннің ағысына қарама қарсы жалғанады, бұл кез келген көпірдің құру процесін айтарлықтай жеңілдетеді. Аспалы көпірге арқандар, крандар, экскаваторлар қолданады. Көпірдің жан-жақтарында жаяу жүргіншілерге тротуарлар салынады. Тротуар өлшемі 0,5 м кем болмауы қажет. Оған рельстері тасталу қажет [2].

Үштөбе каналының үстінен өтетін көпірдің ұзындығы 45 м, биіктігі 12 м (2 сурет).



Сурет 2 – Үштөбе каналы көпірінің салынған көрінісі

Көпірдің құрылысын жасауға 30 жұмысшы, 2 бригадир және 1 жүктекті бөлінді. Көліктен 2 КАМАЗ, 2 грейдер, 3 экскаватор т.б. берілді. Көпір салу алдында каналды

жауып, жердің бетін тегістеп, іргесін қалаудан басталды. Құрылыс материалдардан цемент, темір, ағаш, керамикалық тастар, силикаттар, гравий т.б. заттар қажет.

Көпірдің құрылысы техникалық байқаудың схемасы бойынша салынды. Схема бойынша 5 іргетастан, ағаштан, темірден опалка құрылды.

Бетон Жетісу облысы Талдықорған қ. қаласынан тапсырыс бойынша алынды, бетонараластырғыш миксермен тасымалданды. Алыс жерден жеткізген бетонның сапасы төмен болады, себебі бетон зауыты ерітінді отырып қалмау үшін әр түрлі қоспаларды қолдануға мәжбүр етеді. Қоспалар металды темір-бетонға берік, сапасы жақсы болуына әсер етеді. Бетонды алып құяр алдында миксер келген кезде 10 мин араластырып құю керек. Егер ерітінді отырып қалған кезде цементін грабиерін тексереді, аз болса қосады. Бұл миксердің ыңғайлылығы төбесіндегі кобрамен де құюға болады және жұмысшыларға жеңіл болып табылады.

Көпірдің төбесінде ұзындығы 10 метр болатын опалка құрылды, темірмен 8, 12, 16 арматураларынан құралған темірді тоқып құрады, содан кейін оны құйып, үстіне 20 блок тасталанды, әр блокка 4 блокплита қойылды. Оның әр қайсысы кранмен қойылды. 1 блоктын басында ілгіш болады, соған 12-лік 10 ұзынынан тастап, оған 8-дік темірмен сым темір бұралады.

Құрылыс жұмыстарға арнайы киімдер, құрал-жабдықтар берілді. Әр құрылған жерлерінің сапасын техникалық байқау келіп тексерді.

Бетон құйылғаннан кейін үстіне асфальт төселенді және оған сызықтар сызылды, ескерту белгілері қойылды. Екі қырына регилдер тасталанды, екі қырына жаяу жүргіншілер жүретін жол салынды.

Үштөбе каналындағы көпірдің ыңғайлылығы кептелісті жояды және адамдардың жүруіне, көлік жүргізушілерге ыңғайлы болады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қауіпті өндірістерді және ғимараттарды техникалық регламент және техникалық байқау негізінде талданды. Қолданылатын нақты нәтижелер бойынша жұмыста берілген мәліметтерге ұсыныс жасалынды. Өндірістің, ғимараттың қауіптілігі, Жетісу облысы Үштөбе каналындағы көпірдің жөнделініп салынуы бірінші рет қарастырылды. Қауіпті ғимараттарды, олардың ішінде көпірді қауіпсіз құру және пайдалану шаралары, жұмыс нәтижелері осы салада құрылыс жүргізіп жатқан мекемелерде пайдалану үшін, «Қауіпті потенциалды технологиялар» пәннің тақырыптарын зерттеу кезінде қолдануға, сонымен қатар мамандықтарына сәйкес оқу орындарының оқу процесіндегі пәндерде пайдалануға ұсынылады.

Қорытынды

Жұмыстың тақырыбына сәйкес келетін техникалық байқау талаптары қарастырылды. Зерттелген тәжірибелік жаңалықтар жұмыстың мәніздылығына ғылыми-тәжірибелік анықтама береді. Сонымен қатар, «Алматы жолдары» жауапкершілігі шектеулі серіктестікпен салынған қауіпті нысанға жататын көпірдің жөндеу тәжірибесі жүргізіліп, тәжірибелік сынақтан өтіп, жоғары технологиялық тиімді екендігіне анықтама берілді.

Қауіпті өндірістер мен ғимараттардың құрылысы, зияндылығы, қауіпсіздік шаралары анықталды. Зерттеудің міндеттері толық шешіліп, қорытындылар қолдануға дейін енгізіліп, жұмыстың алға қойылған мақсаты орындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Эльтерман В. М. Строительство мостов и туннелей. – М.: Химия, 2010. – С. 155.
2. Беляев М.П., Гнеушев М.И., Глотов Я.К., Шамов О.И.. Справочник строительства мостов и туннелей. - М.: Стройиздат, 2015. – С. 19.

ӘОЖ 541.124

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ЖЕТІСУ АУМАҒЫНДАҒЫ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ САЯСИ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАҢЫЗЫ

Кулахмет Ә.

Магистрант, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

aika_16_09_91@mail.ru

Ерте кезеңнен басталған Шығыс пен Батыс өркениетін жалғазған Ұлы Жібек жолы адамзат тарихында ерекше рөл атқарды. Оның негізгі тармақтары Жетісу және Оңтүстік Қазақстан арқылы өтті. Сауда жолы бойында қала мәдениеті ерекше дамыды және көптеген қалалар бой көтерді. Мақалада Ұлы Жібек жолының маңызы мен Жетісу жеріндегі қалалар тарихы жан-жақты қарастырылады. Әсіресе археологиялық тұрғыда зерттелген еңбектерге басымдық беріледі.

Кілт сөздер: Жетісу, Мауереннахр, Ұлы Жібек жолы, шахристан, рабад, өркениет.

Великий Шелковый путь, соединивший Восточную и Западную цивилизации с раннего периода, сыграл особую роль в истории человечества. Его основные ветви проходили через Жетысу и Южный Казахстан. По торговому пути городская культура развивалась необычно, и многие города были застроены. В статье подробно рассматривается значение Великого Шелкового пути и история городов Семиречья. Особенно предпочтение отдается работам, изученным в археологических формах.

Ключевые слова: Жетысу, Мауереннахр, Великий Шелковый путь, шахристан, рабад, цивилизация.

The Great Silk Road, which connected Eastern and Western civilizations from an early period, has played a special role in the history of mankind. Its main branches passed through Zhetys and Southern Kazakhstan. Along the trade route, urban culture developed in an unusual way, and many cities were built up. The article examines in detail the significance of the Great Silk Road and the history of the cities of Semirechye. Preference is especially given to works studied in archaeological forms.

Key words: Zhetysu, Maueren nahr, the Great Silk Road, shahristan, rabad, civilization.

Ұлы Жібек жолы – әлемдік өркениет тарихындағы неғұрлым елеулі жетістіктердің бірі. Керуен жолдарының тарамдалған жүйесі Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуропа мен Азияны кесіп өтіп, ерте дүние мен орта ғасыр дәуірінде сауда байланыстары мен Батыс пен Шығыс мәдениеттері арасындағы тілдесуінің маңызды құралы қызметін атқарды. Жолдың неғұрлым ұзақ үзігі Қазақстан мен Орта Азия арқылы өтті.

Ұлы Жібек жолының пайда болу тарихы. Тарихи жолдың жібек саудасына байланысты «Жібек жолы» атанғаны түсінікті. «Ұлы» сөзінің қосылуы жолдың кең-байтақ Шығыс өлкелері мен Батыс өлкелерін байланыстырып жатуынан. Сондықтан «Ұлы Жібек жолы» болып тарихқа енді.

Қазақ халқының тарихында Қазақстан территориясы арқылы өтетін Ұлы Жібек жолының экономикалық, мәдени маңызы ерекше. Өйткені, Қазақстан Шығыс пен Батыс мәдениетінің өзара ықпалдасуы мен өзара байытылуының жолындағы байланыстырушы көпір болса, Ұлы Жібек жолының бағыттары мен тармақтары халықтар мен елдерді біріктіріп, олардың мәдениетін жақындатты. Ұлы Жібек жолы адамзат эволюциясына ықпал еткен көптеген жаңалықтарды сыйлады. Сондықтан да, Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар тарихының зерттелу дәрежесін айқындап, болашақта зерттелуі қажет мәселелерін зерделеудің бүгінгі таңдағы сұраныспен де байланысты екендігі күмән туғызбайды. Бүгінгі таңда тәуелсіз елімізде туризмді дамыту маңызды саланың бірі болып

отыр. Сол себепті де, Ұлы Жібек жолының тарихын, оның ескерткіштерін зерттеп, бүгінгі күн талабына, туризмнің сұранысына сай етудің де маңызы зор.

Солтүстік-Шығыс Жетісуда урбанизация оңтүстік аудандарға қарағанда біршама кеш жүрді. Себебі, қалалық тұрақтар тек XII ғасырда қарқынды түрде отырықшылыққа көше бастағанымен байланысты. XI-XII ғғ. үлкен қалалардың қатарына Қойлықты (Талдықорғанға жақын 45 га жерді алып жатқан қала) жатқызуға болады. Екі Оғыз (Эквиус) Шеңгелдіде орналасқан. Қалған қалаларды үлкен қалалар қатарына жатқызуға болмайды. Мысалы, Талғар қаласы небәрі 7 га жерді ғана алып жатыр. Бұл жерлерде Шу өңіріндегі қалалар сияқты шахристан, рабадқа бөлінбейді, ал қалғандары хандардың бекіністері болған оларды қала деп атау өте қиын. Іле аңғарында орналасқан ірі қалалардың бірі Ақ-Там 4 га жерді ғана алып жатыр [1, 205 б.].

Талас және Жетісу өңіріндегі қалалардың халықтары саны жағынан Азиядағы орталық қалаларына жол берді дейді. Тараз қалаларында шахристан (15 га) 2,5 мың болуы мүмкін, халық көп тұратын орталық және шығыс рабад (60 га), әр га 100-ден есептегенде 6-мыңдай адам, батыс рабад (27 га) 1500 тұрғын, бәрін қоса есептегенде 10 мыңнан аса адам. Баласағұн біршама халқы көп болған қалаға жатады (Ақ-Бешім деп те атады). (Бұл авторда Бернштам деректеріне сүйеніп, Ақ-Бешімді Баласағұнмен шатастырады). Шахристан (20-2 I га) 3 мың адам, Шығыс рабад (75 га) – 7,5 мың адам және қоршалмаған рабадта 2-3 мың адам деп Өзбекстанда орналасқан қалаларда Бұхарада XIII-X ғғ. 18 750 адам, Самарқандта X ғ. 75-85 мың тұрғын, Термезде 33-35 мың адам тұрады деп салыстырады [1, 207 б.].

IX ғ. араб жаулап алушыларынан кейінгі Орта Азия Иран мен Жерорта теңізі аймағымен экономикалық және мәдени байланыстар орнатуына байланысты Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан қалаларының тез өсіп, бой көтеруіне ықпал етті.

Жетісу қалаларының ішінде ең көп зерттелген, орта ғасырлық деректерде де көп жазылған қала ол Тараз қаласы. Ал Алматы, Талғар, Қойлық, Құлан қалалары жайлы Кеңестік зерттеулер жоқтың қасы. Сондай зерттеу еңбектерінің бірі А. Бернштам «Прошлое района Алма-Ата» деген 1948 жылы шыққан еңбекте Алматы жайлы жан-жақты терең болмаса да біршама деректер келтіріледі. Енді соған кеңірек тоқталатын болсақ: Қазір Алматы қаласы орналасқан аймақта б.д.д. III-II мың жылдықта адамзат баласы өмір бастаған. Бұған дәлел Алматы қаласының Қашғар көшесінің № 42 үйінен табылған тереңдігі 1,5 м қатпарлары. Бұл осы жерде табылған қатпарлар ертеден адам сүргенін дәлелдейді. Олардың ұрпақтары, қола дәуірінің тайпалары, былайша айтқанда б.з.д. II-I мың жылдықта осы аймақта өте жиі орналасқандар. Ұзынағаш ауылында және Алексеевкада табылған қола дәуірінің ескерткіштері бұны нақтылай түседі [2, 35 б.].

Алматы қаласы б.д.д. III мың жылдықтың ортасында сақтардың отырықшы аймағы болды. Тарих сахнасына б.з.д. III ғ. шыққан сақтардың орнын басушы, солардың қорғандарының жанына өздерінің тұрғын үйлерін, сақтардың мәдениетін дамытып жалғастырушы үйсіндер ұзақ уақыт осы аймақты мекендеді.

Алматының ежелден келе жатқанын «Горный гиганттан» табылған үйсіндердің қорғанынан көруге болады: Осы жерде үйсіндердің үнемі тұрғанын дәлелдейтін күнделікті қолдануға қажетті заттар, ыдыс-аяқ, от жағатын орындар табылған. Бұл табылған тұрақ осы аймақтағы отырықшылықтың басталғаны жөніндегі талас тудырмайтын құжаттардың бірі, кейіннен осы жерде Алматы пайда болды.

Қытай деректерінде және археологтар тапқан материалдық мәдени ескерткіштер көрсеткендей үйсіндер сақтардан қарағанда Қытаймен саяси және мәдени байланысты дамыта түскен.

Үйсіндерде алтыннан әдемі әшекейлер жасау жақсы дамыды. Жоғары мәдениеттің көрінісі ретінде Қарғалыдан табылған 25 жастағы алтын әшекейлер тағылған жас әйелдің денесі еді. Бұл әшекейлер тағылған жас әйелдің денесі еді. Бұл әшекейлер түйелердің кескіні келтірілген жүзік, адам пішінде жасалған сырға, неше түрлі тастардан (бирюза) – жабайы аңдар мен құстардың кескіні келтірілген әшекейлер табылды.

Бейбітшілік кезеңінде жетісу аймағы Маураннахрмен жақсы қарым-қатынаста болды. Бұндай қарым-қатынас Қараханидтар тұсында дами түсті.

Ал Жетісу қалалары осы уақытта гүлдене түсті. Ескі қалалар ұлғайып, жаңа қалалар пайда бола бастады. Қалалар сауда жолдарының бойында болды. Бұл жол Шу өзенінің аңғарымен Харран Джуван қаласы арқылы, Қордай асуы арқылы, ІлеАлатауына қарай Алматы аудандарына келгенде немесе Талғардың жанында екіге бөлінеді. Біреуі Есік, Түрген, Шелекке кетіп оңға бұрылып Сюгатин жазығы арқылы Кеген – Нарынқолға шықты; ал тағы біреуі Іле өзені Шеңгелді және Быжы өзенінің жазығы арқылы Көксу және Қаратал жазығымен Қойлыққа Талғардан кетті.

Монғол жаулап алушылары Жетісу өңірінде жермен айналысудың соңғы нүктесін қойды. Жермен айналысу мәдениетінің қалдықтары Алматы облысында орта жоғарғы Іле ағысында сақталды. Іленің төменгі ағысындағы жермен айналысуы тек бірінші жылдары ғана сақталды, бұл туралы Қытай саяхатшылары Е-Люй-Чу-Цай (1219 ж.) және Чан-Чунь (1221 ж.), Рубрук (1253 ж.). Чжан Дэ (1259 ж.) жермен айналысу мәдениеті толығымен жойылып, отырықшылықтың да жойыла бастағанын айтады. Рубрук бұл жөнінде: «Жоғарғы аталған жерлерде көптеген қалалар болған, бірақ олардың көбі татар- монғолдар жаулап алушылығы кезінде құртылды».

Жер игеру мәдениетінің құлдырауымен Жетісуда қалалық өмір де тоқтады. Кейбір қалалар ғана өмір сүруін тоқтатпады, олардың қатарында – «Талғар қаласы» және ежелгі «Алматы».

Темірдің әскерлері бірнеше рет Алматы арқылы Шарынға (1370-1389 жж.) өткен. Бірақ ол қаланың өсіп-дамуына ешқандай жағдай жасаған жоқ. Қытайға шабуыл жасау үшін уақытша жасанды түрде ғана ұстап тұрды. Бұл жерлердің Әмір Темір экономикалық және мәдени қалдықтарын жойып, өзінің Қытайға жорық жасар алдында сол қанатын қауіпсіздендірді. Темірдің жорықтары туралы жазған мағлұматтарда ешқандай қалалардың аты көрсетілмеген.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологиялық экспедициясы Ақтөбе ескерткішін 1974 жылдан бастап зерттеп келе жатса, соның белсенді қазушылардың бірі М. Елеуов келтірген тұжырымдарына У.Х. Шәлекенов қарсы пікір айтады. М.Елеуов 1) Ақтөбе Түрік керуен жолынан 45 км. Қашықтықта жатқанын айтқан. Тасөткелдегі Тасқаланы М. Елеуовтың өзі қазды. Бұл солтүстік Ұлы Жібек жолындағы тарихи өткел және сол жердегі қала. Ол Ақтөбенің солтүстік шетімен жалғасып жатыр. Солай болса, бұл қала әйгілі сауда жолында орналасқан; 2) Баласағұнның төңірегіндегі әдебиеттерде көрсетілген қалалардың жоқ екенін тілге тиек еткен. Бұл қаланың төңірегіндегі қалалардың көп болғанын айтқан деректер бар. Бірақ, олардың аттары аталмаған. Тек, Баласағұнның төңірегіндегі тарихи жер атаулары М. Қашқариде бар. Қазіргі кезде Ақтөбенің төңірегіндегі Қырғызстан және Қазақстан жерлерінде қалалардың орындары көп. Олардың кейбіреулері: Қарақыршын, Қырықүй, Соқлық, Степное және т.б. 3) XIII ғ. басында Ақтөбе өмір сүруін тоқтатқанын айтқан. Біздіңше де 1210 жылы Гурхан (Қарақидандар) кезінде қирап, одан кейін де бүлінген күйінде жасаған. Бірақ, бұдан кейін Баласағұн астана болмаған. Бұл кезде Қарақидандарды Шыңғысхан тарапынан жаулап алғаны баршаға мәлім. Оның Баласағұнды (1218) билегені тарихнамаларда бар. Ұзақ жылдар бойы Ақтөбедегі археологиялық қазбаларға және ел арасынан жиналған ономастикалық деректерді жинауда куә болған маман – археолог М. Елеуов, кейбір құнды деректерді еске алмағанын түсіну қиын. Ақтөбенің төңірегінде табылған тарихи жерлерді Бұрананың төңірегіне кім алып барып орналастырар екен. Бұндай жерлерді Қырғызстан жерінен табу екіталай деп қатал сын айтады [3, 175 б.].

1974 жылы С.М. Киров (қазіргі әл-Фараби) атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологтары Ақтөбені көріп, оның үлкен қала екендігіне көздері жетіп, осы жылдан бастап Ақтөбеде археологиялық қазбалар жанданды. Сол жылы ұйымдастырылған университеттің археологиялық экспедициясы (УАЭ) жоспарлы түрде әр жылы зерттеу жұмыстарын Ақтөбе қонысында жүргізіп келеді.

Ақтөбенің жалпы көлемін анықтау үшін 1980 жылы мамырдың 5-де самолетпен масштабы 1:2000 аэрофотосы түсіріліп, қала орны анықталды. Сурет сапалы түсірілген. Оны зерттеп, бір жүйеге, тәртіпке (системаға) келтіріп, Ақтөбенің картасы жасалды. Осы картада Ақтөбенің орталық жерінің көлемі 70 шаршы шақырым екені көрсетілген. Қала ормен бірнеше рет қоршалған. Әсіресе, Ақтөбенің батыс жағының бекінісіне көп көңіл бөлінген. Ордың сыртынан ені 8-10 метр су жүйесін жергілікті тұрғындар Дода (рудың аты) тоғаны деп атайды. Одан аққан су егістік жерлерді суарумен қатар, қаланың қорғаны да болғанға ұқсайды. Қала бірнеше қабат ормен қоршалған. Оған қоса саздан соғылған қорғандуал бар. 700-800 жылдай қирап жер астында жатса да, биіктігі 4-5-6 метр және ені 18-20 метрлік бұл дуал жақсы сақталған. Жалпы картада көрсетілген қорғанның ұзындығы 52 шақырым (карта). Қалаға кіретін бірнеше қақпалар (дарбазалар) болған. Бекіністің текішінде ғана емес, оның сыртында да көптеген қала тұрғындарының мекен еткені байқалады. Олардың қоныстары үлкенді-кішілі төбелер болып қазіргі дейін сақталған. Ол төбелердің арасында табиғи төбелер кездеспейді, барлығы да қоныстардың қалдығы. Бұл тәрізді төбелер көп. Олардың аралары 25-80 метр қашықтықта орналасқан. Бекіністің ішіндегі және сыртындағы сансыз төбелер қоныстардың орны болып, олар бір-бірімен тығыз байланыста екені анықталды. Ол қоныстардың қатарында тұрғындардың қора-қопсылары, бау-бақшалары және тұрмысқа қажетті құрылыс орындары салынған. Қаланың тұрғындары үй-жайларын қазіргідей көшенің екі жағына салған [3, 182 б.].

Жетісудың солтүстік-шығысындағы ортағасырлық қалалардың бірі Талғар қаласына 1978 жылдан бері Қазақ КСР Ғылым академиясының Ш. Уәлихановатындағы Тарих, археология және этнография институтының Талғар археологиялық отряды Іле Алатауының солтүстік бөктеріндегі ортағасырлық аса ірі ескерткіш болып саналатын – ортағасырлық Талғар қаласының орнында қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. 1978-1983 жж. Қаланың орталық бөлігі қазылды. Ол жерден екі көше мен 12 үйдің орны ашылды. 1986 жылдан бері Талғардағы қазба жұмыстары жалғасты, тағы да 2 мекен-жай ашылды, осы қазбадан 26 қалашық пен 8 елді-мекен табылды. 1990-1993 жж. Қазба жұмыстардың барысында көптеген заттар табылды. 1994 жылдан бері қазба жұмыстарына америкалық ғалымдар, Германия, Жапония, Израил зерттеушілері қатыстырыла бастады [4, 57 б.]. Бұл экспедицияның барлығын Т.В. Савельева басқарған. Біздің осы қала жөніндегі қарастырғалы жатқан еңбегіміз Т.В. Савельева және К.М. Байпаков, К. Чанг үшеуінің бірігуімен 2005 жылы шығарған «Средневековые города и поселение северо-восточного Жетысу» атты зерттеу жұмысы болып табылады. Бұл еңбек ұзақ жылдар бойы археологиялық зерттеулер барысында жинақталған материалдар негізінде ортағасырлық дәуірдегі солтүстік-шығыс Жетісудың қалалары мен қоныстарының дамуы, олардың құрылыс ісінің сипаты, транзиттік сауданың өсуі, Ұлы Жібек жолы бойымен мәдениет дәстүрлері мен діни наным-сенімдердің таралуы жайлы түсінік беріледі.

IX-XIII ғғ. Талғар Алматы, Шелек, Қаялық сынды ірі қолөнер орталықтары қалыптасады. Қазба жұмыстары нәтижесінде мыс өңдеу, қыш ыдыс пен шыны даярлайтын, әсіресе темір бұйымдар жасайтын өндіріс орындары анықталды. Алматыда теңге шығаратын сарай жұмыс істеді.

Көршілес елдермен және көршілес халықтармен Ұлы Жібек жолымен байланысқан мұндағы қала мәдениеті – Евразиядағы мәдениеттер мен өркениеттер жүйесінің арасындағы өзіндік ерекшелігі бар өркениеттің ошағы болған [5, 5 б.].

Талғар қалашығы Алматы қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 25 км. Қашықтықта орналасқан. Қала Талғар өзенінің оңтүстігінде, Іле Алатауының етегінде орналасқан. Қаланың алып жатқан аумағы, солтүстік-шығысы – 300 метр, солтүстік-батысы – 298 метр, оңтүстік-батысы – 280 метр, оңтүстік-шығысы – 302 метр, барлығы 9 га. Жерді алып жатыр. Талғар қаласының алып жатқан территориясы туралы жоғарыда келтірілген А.М.Беленицкий бастаған авторлар 1973 ж. 7 га деп келтіреді. Бұл жерде шындыққа жанасатыны Савельеваның тұжырымы, себебі Беленицкий бастаған авторлар Талғар

туралы жанама ғана мәліметтер келтіреді. 1978 ж. Бастап қазіргі уақытқа дейін аталған мәселемен айналысып келе жатқан Савельеваның қате кетуі мүмкін емес.

Бұл еңбекте авторлар Солтүстік-Шығыс Жетісу өңіріндегі ірі қалалармен қатар ұсақ қалаларға да анықтама беріп зерттеген. Олардың қатары 60-тан асады, бұлардың қатарына VIII-X ғғ. жататын Талғар, Шелек, Дүнгене, Антоновская, Сүмбені жатқызуға болады.

Талхир қаласы. Алдымен X ғасырдың соңғы жылдарында белгісіз автор жазып қалдырған парсы тіліндегі географиялық шығарма «Худуд-эл-Әлем» («Әлем шекаралары») еңбегінде кездеседі. Көрнекті шығыстанушы В.В. Бартольд пікірінше: «Белгісіз автордың Орта Азия географиясы бойынша түпкілікті білімі болған. Әсіресе, ол өзінің замандастарына қарағанда, Орта Азияның шығыс бөлігі туралы анағұрлым білген».

Аталған шығармада ертеде ержүрек, батыр халық – түркілер мекендеген Тонг және Талхир қалаларының аттары аталады. Бұл елді-мекендер жікілдер мен қарлұқтардың шекарасында, Ыстықкөлге жақын маңда орналасқан делінген.

Талхир (Талхиз). Бұл атау қаншама ғасырларды басып өтіп бізге жетіп отыр. Сол сияқты Талғар (топонимі) да – өте көне сөз. Екі түбірден құралған бұл атаудың «ғар» бөлігі үнді еуропа тіліне жатады және «тау» деген мағынаны береді [4, 56 б.].

Анықталып отырғандай, қала VIII ғасырдың аяғы мен IX ғасырда салына бастаған да, X ғасыр мен XIII ғасырдың басы аралығында жақсы өмір сүрген. Бұл кезеңде ол аса ірі экономикалық, саяси және мәдени орталыққа айналады. Онда ұсталық, қыштан, шыныдан, сүйектен бұйым жасау, металл өңдеу кәсіптері қанат жайған. Құрылыс ісі ерекше орын алған. Мұның бәрін қала орнынан табылған деректер толық дәлелдейді. Олардың ішінде ұсталардың құрал-саймандары: төстер, ожаулар, сонымен қатар темірден құйып жасалған соқа тістері, балта, пышақ, таға, шынжыр секілді түрлі-түрлі бұйымдар бар. Қазба жұмыстары кезінде әсіресе күйдірілген саздан жасалған бүтін ыдыстар, көбінесе олардың сынықтары жиі табылады. Олардың ішінде дән сақтайтын 200 литрлік үлкен ыдыстар да, жасыл және қоңыр құймамен боялған шырақтар да бар. Саз балшықтан ұсақ ыдыс-аяқ, жылқы мүсіндері сияқты балалар ойыншықтары да жасалған [5, 125 б.].

Сүйектен бұйым жасау ерекше өркендеді: түрлі әшекейлер, түймелер мен доғабастар жасалды. Қала орнынан сүйектен жасалған шахмат фигуралары да табылды.

Талғар батыс пен шығысты жалғастыратын керуен жолдарының қиылысында тұрды, сол себепті де бұл жерден орта шығыста жасалған аса көркем металл бұйымдар табылды. Атап айтқанда, сондай олжалардың бірі – қанатты сақтар бейнесі бейнеленген мыс табақша.

Қаланы қарлұқтар, жікілер, тұхсилер, үйсіндер, дулаттар сияқты түркі тілдес тайпалар мекендеген.

X-XI ғасырларда қала тұрғындары мұсылман дінін қабылдады. Мұны қазған кезде өз орнынан да, қаланың оңтүстік шетіндегі тау етегінде орналасқан қалалық бейіттен табылған мұсылмандар қабірлері айғақтайды. Дегенмен қала тұрғындарының тұрмыс-тіршілігінде де, жерлеу рәсімдерінде де шаманизммен, көк пен жерге табынумен, жануарларға сыйынумен байланысты сипаттар әлі де болса сақталып қалды. Мәселен, ит сүйегі жерленген қабір табылды, ал итті киелі санау көптеген түркі тілді халықтар мен тайпаларға тән нәрсе. Атап айтқанда, Алтай мен Сібірді мекендеген түркі тайпаларында соңғы кезге дейін итті жерлеу дәстүрі сақталған. Оны төбе басына, биік жерлерге қоятын болған. Бұл арада ит те, өз қызмет еткен адамдардың өлгеннен кейін баратын жеріне, о дүиеге барады деп саналады.

Талғардың тіршілік тынысы Жетісуда XIII ғасырдың басында моңғолдар жаулап алғаннан кейін әлсірей бастайды. Мұнда негізінен мал шаруашылығы үстем бола бастады, егіншілік пен қала өмірі құлдырап, XIII ғасырдың екінші жартысында қала өмір сүруін тоқтатты [6, 131 б.].

Автор бұл жерде ешқандай өз тұжырымын келтірмейді. Тек қала туралы мәлімдеме жасайды.

Жетісу өңірі туралы еңбектердің көбі Тараз, Ақтөбе, Талғар, Құлан, Мерке қалаларына арналған, қазіргі уақытта жан-жақты, терең зерттеле қоймаған қалалар

қатарына өзіміздің ірі орталықтарымыздың бірі Алматы қаласын жатқызуға болады. Қала әлі де өз тарихын ішіне бүгіп жатыр. Алматыны зерттеп ғылыми еңбек шығару болашақтың, яғни біздің еншімізде.

Мәдени мұраларды зерттеу, сақтау және оны қолданудағы бетбұрыс бүгінгі Қазақстанның алдында тұрған маңызды міндеттер мен қатар мәдени мұрамызды дамыту мәселесі 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» атты мемлекеттік бағдарламасы жасалғаннан кейін арта түсті.

Қазіргі уақытта көптеген қалаларда зерттеу жұмыстары қолға алынып, жүргізіліп жатыр. Мұндай археологиялық ескеркіштер қатарында Антоновка (Қойлық), Талғар (Талхир), Ақыртас, Жуантөбе (Усбаникент), Қараспан (Қарасман қаласы), Отырартөбе (Отырар), Сауран, Жайық қалалары бар.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 208 б.
2. Бартольд В.В. О христианстве в Туркестанском крае // Сочинение. – Т. 2. – 1963. – С. 64-79.
3. Байпақов К., Алдабергенов Н.О. Оtrar. – Алматы, 2005. – 169 б.
4. Байпақов К.М. Қазақстанның ежелгі қалаларының энциклопедиясы. – Алматы: Аруна, 2005. – 316 б.
5. Байпақов К.М., Сенигова Т.В., Чанг К. Средневековые города и поселение Северо-Восточного Жетысу. – Алматы, 2005. – 188 с.
6. Байпақов К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. – Алматы, 1998. – 216 с.

ӘОЖ 541.124

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНА АРНАЛҒАН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН ҮЛГІЛЕРІ

Кунежанова М.Б.

Магистрант, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) Джакыпбекова М.Т.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.
madeka_kaznu@mail.ru

Мақалада қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында дидактикалық ойын үлгілерін қолданудың тиімділігі зерттеледі. Зерттеу барысында оқушылардың оқу әрекетін белсендіруге, сөйлеу дағдыларын дамытуға және танымдық қызығушылығын арттыруға бағытталған екі заманауи педагогикалық әдіс – Scenario-Based Learning (SBL) және Reflective Learning Circles қолданылды. Зерттеу 2024–2025 оқу жылы ішінде 5–6 сыныптың 63 оқушысы қатысқан мектепте жүргізілді. Эксперимент нәтижелері оқу жетістіктерінің айтарлықтай артқанын көрсетті: тиімділік өсімі индексі (EGI) сәйкесінше 50.95% және 47.81% құрады. Бұл көрсеткіштер дидактикалық ойындардың оқыту сапасына, оқушылардың эмоционалдық қатысуына және тілді меңгеру процесінің тиімділігіне оң әсер ететінін дәлелдейді.

Кілт сөздер: дидактикалық ойындар, қазақ тілі, оқыту әдістемесі, оқу мотивациясы, сөйлеу дағдылары.

В статье рассматривается эффективность использования дидактических игровых моделей на уроках казахского языка и литературы. В рамках исследования применялись два современных педагогических метода, направленных на активизацию учебной деятельности учащихся, развитие речевых навыков и повышение познавательной мотивации: Scenario-Based Learning (SBL) и Reflective Learning Circles. Эксперимент был проведён в 2024–2025 учебном году в общеобразовательной школе с участием 63 учеников 5–6 классов. Полученные результаты показали существенное повышение учебных достижений: индекс прироста эффективности (EGI) составил соответственно 50,95% и 47,81%. Эти данные подтверждают положительное влияние дидактических игр на качество обучения, эмоциональную вовлечённость учащихся и эффективность процесса овладения языком.

Ключевые слова: дидактические игры, казахский язык, методика обучения, учебная мотивация, речевые навыки.

The article explores the effectiveness of using didactic game-based models in Kazakh language and literature lessons. The study employed two modern pedagogical approaches—Scenario-Based Learning (SBL) and Reflective Learning Circles—aimed at enhancing students' engagement, developing speaking skills, and increasing cognitive motivation. The experiment was conducted during the 2024–2025 academic year at a general education school with the participation of 63 students in grades 5–6. The results demonstrated a significant improvement in learning outcomes: the Efficiency Growth Index (EGI) reached 50.95% and 47.81%, respectively. These findings confirm the positive impact of didactic games on teaching quality, emotional involvement, and the overall effectiveness of language acquisition.

Key words: didactic games, Kazakh language, teaching methodology, learning motivation, speaking skills.

Білім беру мазмұнын жаңарту және құзыреттілікке негізделген тәсілді енгізу жағдайында оқушыларды оқу үдерісіне белсенді тартуға ықпал ететін тиімді педагогикалық құралдарды іздеу айрықша маңызға ие. Рухани-адамгершілік бағдарларды, көркемдік

талғамды және ұлттық бірегейлікті қалыптастыратын пән ретінде қазақ әдебиетін оқытуда сын тұрғысынан ойлау, эмоционалдық интеллект және коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған әдістерді қолдану аса маңызды. Мұндай әдістердің бірі – дидактикалық ойын үлгілері [1, 706 б].

Ойын түріндегі оқыту формаларын қолдану қазақ әдебиеті сабақтарын анағұрлым интерактивті, мазмұнды және мотивациялық етеді. Ойын арқылы оқушылар тек көркем шығармалардың мазмұнын меңгеріп қана қоймай, кейіпкерлерге талдау жасауға, жағдаяттарды интерпретациялауға, моральдық ұстанымдарды салыстыруға белсенді түрде қатысады, осылайша оқыған мәтінге деген жеке көзқарасы қалыптасады. Бұл, әсіресе, цифрлық орта [2, 43 б] мен дәстүрлі білім беру форматына қызығушылықтың төмендеуі жағдайында өте өзекті.

Зерттеудің мақсаты – қазақ әдебиеті сабақтарының тиімділігін арттыруға ықпал ететін дидактикалық ойын үлгілерін теориялық тұрғыда негіздеу және практикалық тұрғыда әзірлеу.

Зерттеу нысаны – жалпы білім беретін мектептегі «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім беру үдерісі. Зерттеу пәні – әдебиет сабақтарында оқушылардың оқу әрекетін белсендіруге арналған құрал ретінде дидактикалық ойын үлгілері.

Зерттеу болжамы – егер қазақ әдебиеті сабақтарында дидактикалық ойын үлгілері мақсатты әрі жүйелі түрде қолданылса, онда бұл оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, әдеби материалды меңгеру сапасын жақсартуға және пәнге тұрақты қызығушылық қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеу әдістері: педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді теориялық талдау, озат педагогикалық тәжірибені жинақтау, педагогикалық модельдеу, сондай-ақ ойын үлгілерін енгізу жағдайында оқушылардың оқу әрекетін бақылау.

Зерттеудің күтілетін нәтижесі – мектеп бағдарламасындағы қазақ әдебиеті мазмұнына бейімделген дидактикалық ойын үлгілерінің жүйесін әзірлеу және оларды білім беру үдерісіне тиімді енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар дайындау.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің қазіргі даму кезеңі білім мазмұнын жаңартуға, құзыреттілік пен тұлғаға бағытталған тәсілдерді енгізуге, тәжірибеге бағытталған оқытуды күшейтуге ұмтылысымен сипатталады. Көптілді білім беру кеңістігін қалыптастыру жағдайында қазақ тілін мемлекеттік тіл, этносаралық қатынас құралы және мәдени мұра ретінде тиімді оқыту мәселесі [3, 56] айрықша мәнге ие болып отыр. Осы орайда оқытудың инновациялық әрі нәтижелі әдістерін іздеу қажеттілігі өзекті бола түсуде. Мұндай әдістердің бірі ретінде оқушылардың білім беру үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз ететін, пәнге деген қызығушылығын арттыратын, сондай-ақ тұрақты тілдік және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін дидактикалық ойындар қарастырылады.

Қазіргі заманғы түсінік бойынша дидактикалық ойын – бұл белгілі бір құрылымы, мақсаты, ережесі бар және оқу мазмұнын ойын әрекеттері арқылы меңгеруге бағытталған арнайы ұйымдастырылған оқу әрекетінің түрі [4, 76]. Дәстүрлі оқыту әдістерінен айырмашылығы – дидактикалық ойын оқушыны ақпаратты пассивті қабылдаушы емес, белсенді қатысушы, зерттеуші, коммуникатор ретінде [5, 1486] таниды. Өзара белсенді әрекет, еркін өзін-өзі көрсету және эмоционалдық үн қосу жағдайында оқытылатын тілге, оның ішінде қазақ тіліне деген қызығушылықтың қалыптасуына қолайлы орта пайда болады. Бұл, әсіресе, орыс немесе басқа тілде оқытатын мектептерде ерекше маңызды.

Дидактикалық ойындарды қолданудың өзектілігі қазіргі цифрландыру мен жаһандану жағдайында дәстүрлі оқыту тәсілдерінің тиімділігі жиі төмендеп бара жатқанымен де байланысты [6, 9116]. ХХІ ғасыр оқушылары визуалды, интерактивті және динамикалық ақпарат ортасында өмір сүреді, бұл олардың ақпаратты қабылдау мен өңдеу тәсіліне тікелей әсер етеді. Осыған байланысты қазақ тілін оқыту қазіргі заманның талаптарына жауап бере алатын, оқушының қызығушылығын сақтайтын, танымдық белсенділігін арттыратын және

функционалдық сауаттылықты қалыптастыратын әдістемелерге сүйенуі тиіс. Дидактикалық ойын – оқыту, дамыту және тәрбиелеу әлеуетін өз бойына үйлестіретін, сабақ құрылымына тиімді енгізілетін, жаңа парадигма жағдайында білім беру мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін оқытудың тиімді формасы [7, 206].

Сонымен қатар, тілді меңгеру – бұл тек грамматикалық ережелер мен сөздік қорды жаттап алу ғана емес, ол – тілдік дүниетанымды қалыптастырудың, халықтың мәдени-этнолингвистикалық ерекшеліктерін түсінудің күрделі үдерісі. Ойын арқылы оқушы тілді бейформалды жағдайда, еркін әрі табиғи түрде игеріп, мәдени мазмұнмен танысады, сөйлеу үлгілерін меңгереді, сабақта жасалған шынайы тілдік ортаға енеді. Репродуктивтік тапсырмалардан ерекшелігі – ойын оқушыға таңдау жасауға, қателесуге, қайта көруге, диалогқа қатысуға, сөйлеу жағдаяттарын интерпретациялауға мүмкіндік береді. Мұндай әрекеттер тілді шынайы өмірде қолдануға қажетті нақты тілдік құзыреттілікті қалыптастырады. Осылайша, ойын әдісі когнитивтік және эмоционалдық-құндылықтық салаларды табиғи түрде біріктіріп, оқушы тұлғасының жан-жақты дамуына жағдай жасайды.

Дидактикалық ойындарды қолдану әсіресе бастауыш және негізгі орта буындарда өте маңызды, себебі дәл осы кезеңде тілдік сана негізі қаланып, болашақта тілді меңгеруге деген ұстанымдар қалыптасады [8, 4176]. Ойын барысында тек тілдік емес, сонымен қатар метапәндік құзыреттер де дамиды: серіктестікте әрекет ету, талдау жасау, шешім қабылдау, стандартты емес жағдаяттарда әрекет ету. Бұдан бөлек, ойын сөйлеу қатесіне байланысты мазасыздық деңгейін төмендетіп, оңтайлы өзін-өзі бағалауды қалыптастырады, ойлау икемділігін және коммуникативтік бейімделгіштікті дамытады. Бұл қасиеттер қазақ тілін екінші немесе бөтен тіл ретінде меңгеріп жатқан әртүрлі деңгейдегі оқушылар үшін өте маңызды. Дидактикалық ойын әрбір оқушыға өз қабілетін көрсетуге, өзін тыңдатуға және мойындатуға мүмкіндік бере отырып, бастапқы мүмкіндіктер теңсіздігін азайтады [9, 14866].

Қазіргі зерттеулер де ойын технологиялары оқу материалын терең меңгеруге, ұзақ мерзімді жадты белсендіруге, тілдік сезімді дамытуға және тілдік шығармашылыққа ынталандыруға ықпал ететінін дәлелдеп отыр. Осы қасиеттердің бәрі дидактикалық ойынды тек көмекші құрал емес, тіл үйрету жүйесінің негізін құрайтын элемент ретінде қарастыруға толық негіз береді, әсіресе қазақ тілі кейбір мектептерде екінші немесе бөтен тіл ретінде оқытылатын жағдайда.

Осылайша, дидактикалық ойындар – тек интерактивті жұмыс түрі ғана емес, сонымен қатар қазақ тілін оқытудағы маңызды әдістемелік құрал. Ол оқушыны жеке тұлға ретінде оқытуға тартады, әрекетке негізделген тәсілді жүзеге асырады, сөйлеу ортасын құрып, тұрақты оқу мотивациясын қалыптастырады. Дұрыс әдістемелік ұйымдастыру барысында дидактикалық ойын жоғары оқу нәтижелеріне қол жеткізуге, пәнге деген оң көзқарас қалыптастыруға, негізгі құзыреттерді дамытуға және оқыту үдерісін заманауи талаптарға бейімдеуге мүмкіндік береді [10, 1936]. Бұл, өз кезегінде, рухани-адамгершілік дамуға, азаматтық бірегейлікке және көптілділікке бағытталған ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру жағдайында ерекше маңызды. Қазақ тілін оқыту тәжірибесіне дидактикалық ойындарды енгізу – өзекті ғана емес, сонымен қатар болашағы зор ғылыми-педагогикалық зерттеу бағыты болып табылады.

Бұл зерттеу 2024–2025 оқу жылы ішінде Талдықорған қ. қалалық №8 жалпы білім беретін мектебінде жүргізілді. Зерттеуге қазақ тілін ана тілі ретінде оқитын 5–6 сыныптың 63 оқушысы қатысты. Жұмыстың мақсаты — қазақ тілін оқытуда дидактикалық ойын үлгілерін қолданудың тиімділігін анықтау, сонымен қатар олардың оқу мотивациясына, сөйлеу белсенділігіне және тілдік материалды меңгеру деңгейіне ықпалын бағалау болды. Зерттеуде бұған дейін біздің бірлескен жобаларда қолданылмаған екі заманауи педагогикалық әдіс пен бір статистикалық талдау әдісі пайдаланылды.

Сценарийлік оқытуға негізделген модельдеу әдісі (Scenario-Based Learning – SBL) – бұл оқушыларды арнайы құрылған ойындық немесе өмірлік сценарийлерге қосу арқылы жүзеге асатын белсенді оқыту әдісі. Онда оқушылар өздері меңгерген білімдерін

проблемалық жағдаяттарды шешуге қолданады. Бұл әдіс тіл үйрету барысында аса тиімді, өйткені ол шынайы коммуникативтік жағдайларды қайта жаңғыртуға және сөйлеу, тыңдау, тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Әдіс алғаш рет Gibbons, S. & Brewer, G. (2010) еңбектерінде ғылыми негізделіп, «сценарий арқылы контекстік оқыту» шынайы өмірге жақын дағдыларды қалыптастыруда маңызды екені атап көрсетілген. Осы зерттеу аясында оқушылар «сұхбат», «дүкендегі диалог», «көмек сұрау» сынды оқу ойындары форматындағы тілдік сценарийлермен жұмыс істеді. Бұл әдіс дидактикалық мақсаттарды ойын әрекетімен тиімді біріктіруге мүмкіндік беріп, оқушылардың жоғары белсенділігін және тұрақты сөйлеу тәжірибесін қамтамасыз етті.

Ойын арқылы рефлексиялық үйрену шеңбері әдісі (Reflective Learning Circles) Reflective Learning Circles — бұл дидактикалық ойын кезеңінен кейін оқушылардың топтық кері байланыс арқылы алған білімдерін талдап, тәжірибені саналы түрде ұғынуға бағытталған заманауи оқыту әдісі. Бұл әдіс 2000-жылдардың басында педагогикада дамып, Moon, J. (2004) еңбектерінде егжей-тегжейлі сипатталған. Ғалым рефлексияның білімді терең меңгеруге, сыни ойлауды дамытуға және оқушының нәтижеге қалай жеткенін саналы түсінуге ықпал ететінін айтады. Біздің зерттеуімізде бұл әдіс әрбір ойын сабағынан кейін қолданылды: оқушылар шеңбер бойымен өз әсерлерімен бөлісіп, сөйлеу қиындықтарын талдап, қолданылған грамматикалық немесе лексикалық құрылымдарды атап өтіп, өз прогресі туралы қорытынды жасады. Бұл тәсіл тек тілдік тәжірибені ғана емес, сонымен қатар метапәндік дағдыларды – өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау, уәждеу және сөйлеуді саналы түсінуді дамытты.

Статистикалық талдау. Оқыту тиімділігі өсімінің индексі (Efficiency Growth Index – EGI). Дидактикалық ойындарды қолданудың тиімділігін сандық тұрғыда талдау үшін оқыту тиімділігі өсімінің индексі (Efficiency Growth Index – EGI) қолданылды. Бұл индекс бастапқы деңгеймен салыстырғандағы оқу нәтижелерінің салыстырмалы жақсаруын анықтауға мүмкіндік береді. Есептеу формуласы келесідей:

$$EGI = \frac{P_2 - P_1}{100 - P_1} \times 100$$


мұндағы:

P_1 – дидактикалық ойындар қолданылмастан бұрын, бастапқы кезеңдегі оқушылардың орташа балы,

P_2 – ойын әдістері енгізілгеннен кейінгі оқушылардың орташа балы

Бұл талдау бастапқы деңгейі жоғары болған жағдайларда да деректерді бұрмаламай, білімнің өсімін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді. Әдістеме педагогикалық ықпалдардың тиімділігін талдау контекстінде Marzano, R. J. (2009) ұсынған білім өсімі моделінің негізінде бейімделген. Біздің зерттеуімізде тиімділік өсімі оқушылардың бірдей жағдайларда өткізілген кіріс және қорытынды диагностикаларының нәтижелері негізінде бағаланды. Диагностика жазбаша тапсырмалар, тесттер және ауызша жауаптардан құралды.

Қазақ тілі сабақтарында дидактикалық ойын үлгілерін енгізудің тиімділігін бағалау мақсатында 5–6 сынып оқушылары арасынан жасы, дайындық деңгейі және саны жағынан ұқсас бақылау және эксперименттік топтар құрылды. Бақылау тобында оқыту ойын сценарийлері қолданылмай, дәстүрлі бағдарлама бойынша жүргізілді, ал эксперименттік топта сценарийге негізделген оқыту моделін (Scenario-Based Learning, SBL) қолдану жүзеге асырылды. Эксперимент басталмас бұрын екі топ та қазақ тілін меңгерудің бастапқы деңгейін анықтауға бағытталған кіріспе тестілеуден өтті. Әдістеме үш ай бойы қолданылғаннан кейін қорытынды тестілеу жүргізілді, оның мазмұны бастапқы диагностикаға сәйкес болды. Нәтижелер 1-суретте көрсетілген:



Сурет 1 – Зерттеу нәтижелері

1-суреттен алынған деректер екі топта да нәтиженің жақсарғанын көрсетеді, алайда эксперименттік топта өсім айтарлықтай жоғары болды, бұл SBL әдісінің тілдік материалды меңгеру сапасына оң әсерін көрсетеді.

Талқылау кезеңінде эксперименттік топтағы оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі жоғары болғанын, ойын сценарийлеріне негізделген тапсырмаларды орындауға қызығушылықпен кіріскенін және сөйлеу әрекетінде жоғары белсенділік танытқанын атап өткен жөн. Ойын процесіне эмоционалды түрде тартылу қазақ тіліне деген оң көзқарастың қалыптасуына, тілдік кедергінің жойылуына және түрлі коммуникативтік жағдайларда тілді қолдануға деген сенімділіктің артуына ықпал етті. Грамматикалық ережелерді абстрактілі меңгеруден оларды нақты жағдаяттарда қолдануға көшу тұрақты сөйлеу дағдыларын қалыптастырып, сөздік қорды кеңейтуге және грамматикалық құрылымдарды саналы түрде қолдануға жағдай жасады.

SBL әдісі қазақ тілін оқытуда әрекеттік және коммуникативтік тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік берді, себебі оқу үдерісіне кіріктірілген ойын тек мотивациялық база ғана емес, сонымен қатар өмірлік жағдаяттарға жақын сөйлеу тәжірибесін қамтамасыз етті. Сонымен қатар, оқушылар мұндай оқыту форматының «көбірек ұнағанын», «қызықтырақ болғанын» және «сөздер мен тіркестерді жақсы есте сақтауға көмектескенін» атап өтті, бұл әдістің эмоционалдық-психологиялық әсерін көрсетеді. Бұл сапалық бақылаулар тиімділік өсімі индексі есептеу арқылы алынған сандық деректермен де дәлелденді.

Статистикалық талдау нәтижелер келесідей болды:

Оқытудың өсуін объективті бағалау үшін келесі формуланы қолдана отырып, тиімділіктің өсу индексі (EGI) есептелді:

$$EGI = \frac{P_2 - P_1}{100 - P_1} \times 100$$

Эксперименттік топ үшін мәндерді ауыстырайық:

$$P_1 = 63,1, P_2 = 81,9$$

$$EGI = \frac{81,9 - 63,1}{100 - 63,1} \times 100 = \frac{18,8}{36,9} \times 100 \approx 50,95\%$$


Осылайша, эксперименттік топтағы оқыту тиімділігінің өсім индексі (EGI) 50.95%-ды құрады, бұл қазақ тілін оқытуда Scenario-Based Learning әдісін қолданудың жоғары нәтижелілігін айқын көрсетеді. Салыстырмалы түрде, бақылау тобында жүргізілген есептеулер $EGI = 10.1\%$ мәнін көрсетті, бұл дидактикалық ойын үлгілерінің дәстүрлі әдістерге қарағанда білім беру мақсаттарына қол жеткізудегі басымдығын дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері қазақ тіліне оқыту үдерісіне ойын сценарийлерін енгізу оқушылардың білім деңгейінің артуына ғана емес, сонымен қатар коммуникативтік сенімділігінің, оқу мотивациясының және тілге деген жалпы көзқарасының жақсаруына ықпал

ететінің көрсетіп отыр. Бұл Gibbons және Brewer (2010) еңбектерінде баяндалған тілдік оқытудағы контекстік модельдеудің жоғары тиімділігі туралы теориялық тұжырымдарды растайды және бұл бағыттағы болашақ тәжірибелік әзірлемелерге жол ашады.

Зерттеудің негізгі кезеңдерінің бірі – қазақ тілін оқыту үдерісінде ойын арқылы рефлексиялық үйрену шеңбері әдісін (Reflective Learning Circles) енгізудің тиімділігін анықтау болды. Осы мақсатта жасы, оқу үлгерімі және тілдік дайындығы бойынша ұқсас бақылау және эксперименттік топтар құрылды. Бақылау тобы дәстүрлі әдістеме бойынша, ойын формалары мен кейінгі рефлексияны қолданбастан оқытылды, ал эксперименттік топта әрбір ойын сабағы рефлексиялық шеңбер форматымен аяқталды. Бұл форматта оқушылар өздерінің ойын және тілдік тәжірибесін талдап, қиындықтарды анықтап, қолданған тілдік құрылымдарды саналы түрде түсініп, жеке қорытындыларын сөзбен жеткізді.

Эксперименттің ұзақтығы үш айды құрады. Диагностикалық шаралар кіріспе және қорытынды бақылау жұмыстарын қамтыды. Төменде осы бақылау нәтижелері келтірілген.



Сурет 2 – Бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерін салыстыру

2-суретке сәйкес алынған деректерді талдау көрсеткендей, ойын арқылы рефлексиялық үйрену шеңбері әдісі (Reflective Learning Circles) оқушылардың оқу жетістіктерін арттыруда айтарлықтай оң әсер берген. Бұл әдіс жүйелі түрде қолданылған эксперименттік топта экспериментке дейінгі орташа балл 61,3%, ал енгізілгеннен кейін 79,8% құрап, 18,5 пайыздық тармаққа абсолюттік өсім көрсеткен. Ал дәстүрлі әдіспен оқытылған бақылау тобында бұл өсім небәрі 4,8 пайыздық тармақты құрады (60,7%-дан 65,5%-ға дейін).

Оқушылардың бастапқы дайындық деңгейін ескеруге мүмкіндік беретін оқыту тиімділігінің өсім индексі (EGI) әдісі неғұрлым объективті көрініс береді. Эксперименттік топта EGI 47,81% болды, бұл — оқушылардың әлеуетімен салыстырғанда білім деңгейінің шамамен жартылай жақсарғанын көрсетеді. Ал бақылау тобында бұл көрсеткіш 12,21% болып, эксперименттік топтың нәтижесінен төрт есе төмен. Бұл айырмашылық Reflective Learning Circles әдісі тек балл өсімін ғана емес, сонымен қатар оқу материалының сапалы меңгерілуін қамтамасыз ететінін дәлелдейді. Мұндай меңгеру — ақпаратты саналы қайта өңдеуге, түсінуге және өзіндік бақылау дағдыларының дамуына негізделеді.

Сабақ барысында оқушылардың белсенділігі бойынша да оң динамика байқалды. Сандық мониторинг сөйлеу әрекеттерінің саны, пікірталасқа қатысу және тапсырмаларды өз бетінше орындау деңгейін тіркеуді қамтыды. Эксперименттік топтағы оқушылар бақылау тобымен салыстырғанда 35%-ға көп ауызша реплика айтқан, ал жазбаша тапсырмаларды орындау барысында өз қатесін өз бетімен түзету деңгейі 28%-ға артты. Бұл — рефлексиялық тәсілдің метапәндік дағдыларды (талдау, өзін-өзі түзету, уәждеу) дамытудағы тиімділігін дәлелдейді.

Сонымен қатар, зерттеу соңында жүргізілген оқушыларға сауалнама нәтижелері бойынша эксперименттік топтың 93,7% қатысушысы ойыннан кейінгі талқылау форматы жаңа сөздер мен құрылымдарды жақсы түсініп, есте сақтауға көмектескенін атап өтті. Ал бақылау тобында мұндай оң пікір тек 48,3% оқушыдан тіркелді.

Осылайша, сандық мәліметтер Reflective Learning Circles әдісінің жоғары тиімділігін нақты дәлелдейді. Бұл әдіс тек қорытынды бағаларды жақсартумен шектелмей, қазақ тілін оқуға деген ішкі мотивацияны қалыптастырады, тілдік сананы дамытады және оқушылардың өз прогресін өз бетінше бақылауына мүмкіндік береді. Мұның бәрі заманауи білім беру талаптарына және оқытудың тұрақты даму қағидаттарына толық сәйкес келеді.

Статистикалық талдау нәтижелері бойынша,

Reflective Learning Circles әдісінің тиімділігін сандық бағалау үшін келесі формула бойынша тиімділіктің өсу индексі (Efficiency Growth Index, EGI) есептелді:

$$EGI = \frac{P_2 - P_1}{100 - P_1} \times 100$$

Эксперименттік топ үшін мәндерді ауыстырайық:

$$P_1 = 61,3, P_2 = 79,8$$

$$EGI = \frac{79,8 - 61,3}{100 - 61,3} \times 100 = \frac{18,5}{38,7} \times 100 \approx 47,81\%$$

Тиімділіктің өсу индексі 47,81% құрады, бұл ойын шеңберлері арқылы рефлексивті оқыту әдісін енгізудің жоғары тиімділігін көрсетеді.

$$P_1 = 60,7, P_2 = 65,85$$

$$EGI = \frac{65,5 - 60,7}{100 - 60,7} \times 100 = \frac{4,8}{39,3} \times 100 \approx 12,21\%$$

Осылайша, эксперименттік топтағы өсім бақылау тобының көрсеткіштерінен үш есе көп. Бұл оқушылардың ойын және сөйлеу тәжірибесін рефлексивті талдауға жүйелі түрде қосылуы тілдік дағдыларды дамытудың және жалпы оқу үлгерімінің күшті құралы деген гипотезаны қолдайды. Зерттеу нәтижелері Reflective Learning Circles әдісі сөйлеуді оқыту процесінде терең хабардарлықты қалыптастыруға, материалды игеру сапасын жақсартуға, сыни ойлауды және тұрақты оқу уәждемесін дамытуға ықпал ететінін көрсетеді, бұл оны қазақ тілін оқыту әдістемесінде перспективалы бағытқа айналдырады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында дидактикалық ойын үлгілерін жүйелі түрде қолданудың жоғары тиімділігін айқын көрсетті. Scenario-Based Learning (SBL) және Reflective Learning Circles әдістерінің негізінде әзірленген ойындық модельдер оқушылардың оқу әрекетін белсендіруге, сөйлеу дағдыларын дамытуға және танымдық қызығушылығын арттыруға мүмкіндік берді. Эксперименттік топтарда алынған деректер оқыту тиімділігінің айтарлықтай артқанын көрсетті: EGI көрсеткіштері бойынша Scenario-Based Learning әдісі 50.95%, ал Reflective Learning Circles әдісі 47.81% тиімділік көрсетті. Бұл нәтижелер тек оқу үлгерімінің жақсарғанын ғана емес, сонымен қатар эмоционалдық-танымдық салада да оң өзгерістер болғанын дәлелдейді.

Ойын арқылы оқыту оқушылардың оқу материалына деген қызығушылығын арттырып, белсенді және осмысты қарым-қатынас жасауға жағдай туғызды. Ойын әрекетінде оқушылар тек тілдік бірліктерді механикалық жаттап қоймай, оларды әртүрлі коммуникативтік жағдаяттарда саналы түрде қолдануды үйренді. Сонымен қатар, рефлексия арқылы өзіндік талдау дағдылары мен тілдік сенімділік деңгейі артты. Бұл әдістердің біріктірілген түрде қолданылуы оқыту сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың тұлғалық дамуына, сыни ойлауына және эмоционалдық интеллектісіне де оң әсер етті.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда дидактикалық ойын үлгілерін кеңінен енгізу бойынша нақты әдістемелік ұсынымдар әзірлеуге толық негіз бар. Бұл тәсіл жаңартылған білім беру мазмұны мен құзыреттілікке негізделген әдіснамалық ұстанымдармен толық үндеседі және көптілді білім беру кеңістігінде қазақ тілін тиімді оқытуға жағдай жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Nosirova D. Using Didactical Games in Speaking Lessons // Modern Science and Research. – 2023. – Т. 2. – № 10. – С. 706–709.
2. Yeşiltaş E., Cevher R.A. S. Trends in research on the use of digital games in education // E-International Journal of Educational Research. – 2022. – Т. 13. – № 4. – С. 40–56.
3. Makhanova Z.K., Dmitryuk N.V., Makhanova G.B. Linguodidactic aspects of intercultural communication in the multilingual space of Kazakhstan // International Journal of Multilingualism. – 2024. – С. 1–15.
4. Körei A., Szilágyi S., Török Z. Integrating didactic games in higher education: Benefits and challenges // Teaching Mathematics and Computer Science. – 2021. – Т. 19. – № 1. – С. 1–15.
5. Vishnoi N.K. An overview on didactic games // Asian Journal of Multidimensional Research. – 2021. – Т. 10. – № 11. – С. 146–152.
6. Zuparova S.S. Using Didactic Games in Teaching Foreign Languages // Academic Research in Educational Sciences. – 2021. – Т. 2. – № 3. – С. 909–913.
7. Shukhratovich M.K. Importance of didactic games in speech development of mentally retarded children // Asian Journal of Multidimensional Research. – 2022. – Т. 11. – № 11. – С. 20–23.
8. Almalki M.E. M. Didactic games and gamification in education // International Journal of Computer Science & Network Security. – 2022. – Т. 22. – № 4. – С. 417–419.
9. Urolovich B.C. The role of didactic games in personality formation of primary class students // Miasto Przyszłości. – 2024. – Т. 48. – С. 1484–1490.
10. Kamilovna K.M., Baurjanovna M.M. The role of didactic games in the intellectual development of students based on an individual approach in the educational process // Asian Journal of Multidimensional Research. – 2021. – Т. 10. – № 1. – С. 192–195.

I. ЖАНСҮГІРОВТІҢ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ ЛИНГВОТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Қасен Е.С.

*филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а.,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

Бүгінгі жаһандану кезеңіне дейінгі алуан түрлі тарихи өзгерістер мен оқиғаларды өткерген әрбір ұлттың өзіндік тілдік ерекшелігін сақтап, бүгінге аманаттауы – аса маңызды іс. Тарихқа зер салсақ, әлемдегі кейбір ұлттардың өзі болғанымен ұлттық тілінен айырылып, рухы солып жеткені де бар. Әлбетте, бұл әлемдік саяси жағдай мен сол ұлттың тамырын тереңге жіберген әдебиетімен де байланысты болады.

Егемендігімен еңсесі биік қазақ халқының өрлік пен ерлікке толы әдебиеті сан жылдардан бері үздіксіз дамып, тілдің сақталуына ықпал етті. Академик Рабиға Сыздықша айтсақ, «қазіргі қазақ тілі – ұлттық мемлекеттік тіл, даму барысының ең жоғары сатысына көтерілген тіл»[1, 335 б.]. Алайда қазіргі деңгейге қазақ тілі бір ғасырда жетпегені анық. Бұл әр заманда өмір сүрген текті тұлғаларымыздың ел мұрасы – ауыз әдебиетін (фольклорын) көзінің қарашығындай сақтап, уақыт талабына сай дамытып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізе алуында жатса керек-ті.

Бүгінде өзінің даму арнасы мен сара жолы бар қазақ балалар әдебиеті замана бедеріне сай сан түрлі өзгеріске ұшырап, көркемдік ерекшелігі де әр кезеңде құбылып отырған. Ұлттық әдебиетіміздің тарихына зер салар болсақ, балалар әдебиеті сонау ауыз әдебиеті (фольклор) үлгілерінен тамыр алатындығын көреміз. Демек, балалар әдебиетінің бастауы осы халық ауыз әдебиетінде жатыр деп толықтай айта аламыз.

Өткен ғасырлар еншісіндегі қазақ балалар әдебиетіне қатысты жинақтарды саралау барысында Ыбырай Алтынсариннің 1879 жылы жарық көрген «Қырғыз хрестоматиясын» атауға болады. Бұл еңбекке енген ақын-жазушылардың көркем шығармалары қазақ балалар әдебиетіне бөлек тыныс, өзгеше леп әкелді. Ал XX ғасырдың алғашқы ширегінде жарық көрген шығармалардың сапасы мен сипаты, тілі мен көркемдігі тіптен бөлек. Өркениет көшіне ілесу тек білім арқылы ғана жүзеге асатындығын түсінген көкірегі ояу, көзі ашық азаматтар барлық сала бойынша арнайы ғылыми еңбектер мен жинақтарды, оқу құралдары мен оқулықтарды даярлауды қолға алды. Осы бағытта А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М.Жұмабаев, Ә. Ермеков, Т. Шонанов, Қ. Кемеңгерұлы, Х. Досмұхамедов, М.Дулатовтардың балалардың танымына арнап жазған оқулықтары қазақ білімін өркендетуге арналған сара жол еді. Осылардың қатарында балалар әдебиеті де назардан тыс қалмады. Балалар әдебиетінің жеке сала ретінде зерделеніп, қатталуы, әлбетте А.Байтұрсынов, С. Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б. Майлин, М. Әуезов, Т. Шонанов сынды қоғам қайраткерлерінің есімімен тығыз байланысты. Мысалы, 1926 жылы Қызылорда қаласынан «**Балаларға тарту**» атты еңбек мектептерінде әліп-биден соң оқылатын оқу құралы жарық көрді. Осы оқу құралының алғысөзінде Молдағали Жолдыбайұлы: «мәдениетті елдерде балалар әдебиеті бай болады. олардың балалары туғаннан бастап дегендей сурет, ойыншық, кітап сияқтылармен таныса бастайды. Бұл – баланың тәрбиесін толықтырады, баланы үлкейгендегі жұмысына даярлайды» – деген пікір айтады [2, 2 б.]. Демек, XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы балалар әдебиеті сол кезеңдегі қаламгерлердің әдебиетке, тілге деген оң көзқарасы нәтижесінде ілгеріледі деуге толық негіз бар. Әсіресе, осы кезеңдегі қазақ балалар әдебиетіне барынша үлес қосқан қаламгер – Ілияс Жансүгіров.

Ілияс Жансүгіров өзінің 1931 жылғы шыққан «Мен қалай жаздым» деген мақаласында: «Бізде балалар әдебиеті жасалмаған әдебиет. Сондықтан менің бір ойым осы әдебиеттің бізде жасалуына көмектесу еді. Бұл туралы 1929 жылы шыққан біраз еңбектерім бар: «Балаларға

базарлық», «Шәркей», «Малта», «Балаларға тарту», - дейді. Осындағы «Балаларға тарту» еңбегі бір ғана авторға тиесілі деп айта алмаймыз. Себебі, «Балаларға тарту» жинағына 11 автордың нақты саны 80 туындысы енген. Оның 38-інің авторы Ілияс деп берілген. Авторы Ілияс Жансүгіров деген 38 туындының 31-і балаларға арналған шағын өлеңдер болса (күлдіргі өлеңдер де бар), қалған 7-і «Шыбын», «Бөгелек», «Сайгелді», «Сона», «Томарша», «Қотыр торғай», «Ертегі» сынды шағын танымдық әңгімелер. Қаламгердің бұл туындыларының көпшілігі бұл күнге дейінгі жарыққа шыққан жинақтарға енбеген. Енді осыларға тоқталайық. Аталған жинаққа енген «Торпақ» өлеңінің:

*Жұмбағым да, жұмбағым,
Жорға қара торпағым,
Төскейдегі бетеге,
Теріп жеген торпағым.*

*Дүлей қалың сары қамыс,
Аралазан торпағым.
Атқа сабан салғанда,
Сығалазан торпағым.*

*Асқа, тойға мінгенде,
Жорғалазан торпағым.
Оқыра қуып кеткенде,
Қорғалазан торпағым.*

*Кешегі күн кешінде,
Бүгінгі күн бесінде,
Қара қасқа торпағым,*

Жоғалыпты қорқамын («Торпақ» өлеңінен) – деп келетін жолдары бала тіліне лайықталып жазылған. Аталған өлең құндылығы – қазақтың тұрмыс-тіршілігіне тән белгілі жағдайды бала танымына сәйкес жеткізуінде жатыр. Тіршілігі төрт түлікпен тығыз байланысты ұлттың балалары үшін торпақ бағу, торпақ міну, оқыра уақытындағы сабылыс еш таңсық емес. Өлеңдегі «аралазан торпағым», «сығалазан торпағым», «жорғалазан торпағым», «қорғалазан торпағым» тіркестері мал баққан адамның жиі қолданатын тілдік бірліктері ретінде көрініс тауып, шынайы суреттеледі. Бұл өлеңнің оңай жатталып, ел арасына жылдам сіңісуіне мүмкіндік береді.

Кеңестік құрылыстың алғашқы қиын-қыстау кезеңінде балалар әдебиеті саласында қалам тербеп, тағылымы мол туынды ұсыну – кез келген қаламгердің қолынан келе қоятын оңай іс емес. Өйткені баланың ішкі жан-дүниесіне терең бойлап, танымдық қажеттілігін сезіну ерен еңбекті қажет етеді. Ал «Балаларға тарту» жинағына енген ақын өлеңдерінің танымдық деңгейі ұлттың тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен тығыз қабысып жатыр. Оны ақынның **«Қарға, қарға, қарғалар»** өлеңінен аңғаруға болады.

Мысалы: *Қарға, қарға, қарғалар,
Қар үстіне қан тамар.
Қанды шоқи қарғашым,
Қар үстінде жорғалар.
Өзен, суда балық бар,
Балық бар деп кім айтар?
Бақылдаған бақа айтар.
Бақа бар деп кім айтар?
Бақылдаған теке айтар.
Теке бар деп кім айтар?
Бие сауған шал айтар.*

*Шал айтар деп кім айтар?
Тайға мінген бала айтар.
Бала айтар деп кім айтар?
Бала баққан қозы айтар.
Қозы айтар деп кім айтар?
Қой сауғызған күң айтар.
Күң айтар деп кім айтар?
Жылқы баққан құл айтар.
Құл айтар деп кім айтар?
Қыдыра қырды жүгірген,
Қызыл киік баласы.
Қынға салған кездіктей,
Мен атамның баласы.
Жар жағалай жүгірген,
Жасыл киік баласы.
Жанға салған кездіктей,
Мен атамның баласы.*

Біз келтірген бұл өлең жолдары түйдек-түйдегімен жосылған сөздер тізбегі ғана емес, өзара мағыналық үйлесімдегі қарапайымнан күрделі ойға жетелейтін мазмұнды жолдар. Өлеңдегі «бақаның бақылдауы», «текенің бақылдауы», «қарғаның жорғалауы» бәрі де табиғатта орын алатын табиғи құбылыстар болса, «бие сауу», «қозы бағу», «қой сауу», «жылқы бағу», «тайға міну» көшпенді қазақ тұрмысының шынайы көрінісі. Жалпы ақынның балаларға арналып жазылған өлеңдері екі түрлі мақсатқа сай жазылғанын меңзейді. Біріншісі, баланың сөйлеу тілінің жатық болуы; екіншісі, баланың танымын арттыру. Әлбетте, баланың дүниетанымын жан-жақты арттырудың тиімді жолы – қоршаған ортамен таныстыру. Әсіресе, балаға айналасындағы табиғатты таныстыру бала тілінің дамуына, сөздік қорының артуына, эстетикалық сезімінің нық қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан XX ғасырдың 20-30 жылдары бала танымы мен түсінігіне орнықты дүние ұсынуды сол кезеңде ғұмыр кешкен Ілияс Жансүгіров сынды қаламгерлер өзінің басты міндеті ретінде алғы шепке қойғаны аңғарылады. Мәселен, 1928 жылы «**Жаңа мектеп**» журналының тоғызыншы санында І. Жансүгіровтің «**Жазғытұрым**», «**Жазғы шілде**», «**Күз**», «**Жауында**» тақырыбындағы бірнеше өлеңдері жарияланады. Ақын «Күз» өлеңінің:

*Ой, балалар, балалар,
Қоңырқай күз болыпты.
Қурап жапырақ солыпты.
Ел егінін алыпты,
Ақ үзіктер жауыпты.
Ел күйекті шешіпті.
«Есепші айтты» десіпті.
Ел мектебін күтіпті.
Енді мая салыпты,
Ел күзекке қоныпты.
Қойшы қойды тоғытты.
Ауыл күзем алыпты.
Тоқтышақ тон бітіпті.
Ой, балалар, балалар,
Ойналық та күлелік.*

Енді оқуға кірелік – деген жолдарында балаларды «күйек шешу», «егін ору», «мая салу», «күзекке қону», «күзем алу» сынды тіршіліктің таусылмас

сырларымен таныстырады. Өлеңде суреттелген «құрап жапырақ солу» сынды табиғат құбылысы өлеңнің айтылу ырғағына үйлестіре беріліп, ойын баласының танымын арттырады анық. Ал ақын:

*Ой балалар, балалар!
Жылы-жылы жел соқты,
Жылғалардан су ақты.
Қаңқыл-қаңқыл қаз кепті,
Жер қарайды — қаз кепті.
Желкілдейді көкмайса,
Желіндейді мал жайса.
Ауыл көшті қыстаудан.
Әне! Апамдар қой сауған.
Құс ұясын түзеді,
Тайымды ағам күзеді.
Ел ешкісін қырқыпты,
Егіндерін жыртыпты.
Ой балалар, балалар,
Ойналық та күлелік,*

Қос басына мінелік – деген «Жазғытұрым» өлеңінде «жылғалардан су ағу», «тай күзеу», «ешкі қырқу», «қаз келу» сынды жаз мезгіліне қатысты тіркестерді бала танымына сәйкес қолданыла отырып, мезгілді шебер суреттейді. Ақынның бұл өлеңдерінің тағы бір ерекшелігі – бала тілінің жатық әрі анық болуына ықпал ететін туынды екендігінде. Ақынның балаларға арналған аталған өлеңдерінде іркіліс жоқ, бөгеліс жоқ, тілге жеңіл құрылған. Бала дүниетанымын тереңдету мақсатында ақын кейбір өлең жолдарына сауал қойып отырады. Мысалы:

*Жыл құсын көргенде:
Самалық! Самалық!
Көк құс көзін ашты ма?
Аяғын жерге басты ма?
Самалық! Самалық!
Самарқанның көк тасы,
Жібіді ме, көрдің бе?
Қап тауының көк құсы,
Жүгірді ме, көрдің бе?*

Самалық! Самалық! – деген «Жыл мезгілдері» өлеңінде ақынның көздегені – «Самарқанның көк тасы, Жібіді ме, көрдің бе?» сауал қоя отырып, баланың танымын арттыру, ой салу. Сондай-ақ бұл өлеңнен таудан аққан өзен суындай арындап аққан екпінді де байқаймыз.

Балалар әдебиеті жөнінде сөз қозғалғанда, «балалар фольклоры» туралы тіл қатпау мүлдем мүмкін емес. Себебі балалар фольклоры – барлық ұлтқа тән ерекше рухани мұра. Балалар фольклоры тілінің нақтылығымен, ойының жүйелілігімен, мазмұнының көркемдігімен құнды. Әсіресе, халықтың ғасырлар бойына ауызша айтып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген «Бесік жыры» деп аталатын өлеңі – балалар фольклорының қайнары. Онда ата-ананың балаға деген мейірімі, махаббаты ерекше көрініс табады.

Талғамы зор ақын І.Жансүгіровтің поэзиясынан баласын бесікке бөлеген ана жыры да орын алған. Ол ақынның «Бөбек бөлеу» деген өлеңінде көрініс тапқан. Ақынның:

*Бөл-бөл бөлек, бөл, бөлек
Бөлейін бері кел, бөбек.
Бедерлі бесік, төрт есік,*

Төгілте салдым төр төсек.
Бөпешім, бесік – отауың,
Отауыңа кір, бөбек.

Бөл-бөл бөлек, бөл, бөлек
Бүлдірішін – шүмек, бәйтерек
Балалы үйрек, бас бармақ,
Кішкене бөбек – бес бөлек.
Саусақайы салбырап,
Бөлене қойсын қос білек.

Бөл-бөл бөпем, бөл, бөпем,
Бөлесем жөнге көн, көкем.
Көк ала жылқы көлде екен,
Көк ала тайың сонда екен.
Торсығыңды тосайын,
Тұмсық төсей сор, көкем.

Бөл-бөл бөпем, бөл, бөпем,
Бөлейін бері кел, көкем.
Жұлдызыңды жұм, көкем,
Жуынып ерте тұр, бөпем.
Алишай атқа мін, бөпем.
Ақтан қара біл, көкем.

Бөл-бөл бөбек, бөл, бөбек,
Бөлекең қонған көк өзек.
Көк өзекте көбелек,
Көлге көк құс шүй, бөбек.
Көк өзекте көбелек,
Көбелектей күл, бөбек.

Бөл-бөл бөбек, бөл, бөбек,
Боларсың бөпем қолкөмек:
Әлпештеген ата-анаң,
Бола қалса мүгедек.
Таңайын, ұйықта, таң атсын,
Түнде оянба, түн түнек.

Бөл-бөл бөбек, бөл, бөбек,
Бөріден бөстек ки, бөбек.
Ерінбей еңбек ететін,
Еліңе бол елгезек.
Елгезек болсаң иісін,
Ендеше саған екі емшек.

Бөл-бөл бөбек, бөл, бөбек,
Бөгелмей білім біл, бөбек.
Білмесең білім бекерсің,
Елге есті ер керек,

Ер жет! Есей ертерек – деген өлеңі кішкентай бүлдіршінге өзінің жан сырын ақтарып, тәрбие беретін бесік жыры негізінде жазылған. Бұл өлеңінің құндылығы – балаға сәбилік шақтан сезімдік тәрбие беру міндеті көзделуінде. І.Жансүгіров

бұл өлеңінде «*бөпешім, бесік – отауың*» символдық және «*боларсың бөпем қолкөмек*» сынды мазмұны терең тіркестер арқылы баланың жан-жақты тәрбиеленуіне септігін тигізері анық. І.Жансүгіровтің бұл мұрасының өн бойынан тәрбие мен тәлім берудің, тағылым мен танымды кеңейтудің, ұлт пен ұрпаққа рухани нәр беретін құндылықтар жеткілікті деңгейде табылады. Әсіресе, оның ел келешегі – жас ұрпақ дүниетанымының қалыптасуына үлкен әсер ететіні даусыз. Тағы бір айта кетер жайт, өлеңдегі дауысты-дауыссыз дыбыстардың үндесе қайталануы өлеңнің экспрессивті-эмоционалдық бояуын ерекше күшейтіп, әсерлілігін арттырып тұр.

Қорыта айтқанда, ақын Ілияс Жансүгіровтің әдебиет майданындағы уақыты кеңес құрылысының алғашқы арпалысына, шиеленіскен тұсына, қайшылығы күрделі қиын кезеңіне сәйкес келді. Десе де ел ішіндегі білім деңгейін, интеллектуалды әлеуетін көтеру мақсатында аянып қалмады. Осы орайда балаларға арнап жазылған шағын өлеңдері өнеге мен тәлім-тәрбие беруге бағдар көрсететін туынды болуымен қатар, осы салада қалай жазудың және қандай мәселені көтерудің де жарқын үлгісі болары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сыздық Р. Абай шығармаларының тілі. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. Т. 1. – 384 бет.
2. Балаларға тарту. Еңбек мектептерінде әліп-биден соң оқылатын оқу құралы. Қызылорда, 1926.
3. Жансүгіров І. Өлеңдер. Көп томдық шығармалар жинағы.Т. 1.– Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2019. – 528 бет.

ӘОЖ 541.124

МЫСЫР МЕН МЕСОПОТАМИЯНЫҢ ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМДЕРІ

Қабылхамитова Е.Е.

Студент, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Ғылыми жетекші: магистр, оқытушы-дәріскер Абилов Д.А.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

elnaz_kabylkhamitova@mail.ru

Бұл мақалада екі өркениеттегі өлім мен мәңгілік өмір ұғымы, олардың өнерде бейнеленуі талқыланады.

Кілт сөздер: пирамидалар, мумификация, құдай, жер асты әлемі, санх.

В данной статье рассматривается концепция смерти и вечной жизни в двух цивилизациях и их репрезентация в искусстве.

Ключевые слова: пирамиды, мумификация, бог, подземный мир, Санх.

This article examines the concept of death and eternal life in two civilizations and their representation in art.

Key words: pyramids, mummification, god, underworld, Sankh.

Кіріспе

Ежелгі өнерде өлім және мәңгілік өмір ұғымы: Мысыр мен Месопотамия мысалдары. Өлім және мәңгілік өмір ежелгі Мысыр мен Месопотамияның мәдениетінде маңызды рөл атқарған. Бұл екі өркениеттегі діни сенімдер, дүниетаным және өнер осы ұғымдар төңірегінде өрбіген. Олардың әрқайсысында өлімді қабылдау және мәңгілік өмірге сену өзінше ерекшеленеді. Мысырда өлімнен кейінгі өмірге сенім басым болса, Месопотамияда өлімді тағдырдың өзгермейтін бөлігі ретінде қабылдау кең тараған еді.

Талдануы және нәтижесі

Ежелгі Мысырдағы өлім және мәңгілік өмір Ежелгі мысырлықтар үшін өлім – өмірдің аяқталуы емес, керісінше, мәңгілік саяхаттың бастауы. Мысырдың діни сенімдері бойынша, адам өлгеннен кейін, оның жаны қайта тіріледі және мәңгілік өмірде өмір сүру мүмкіндігіне ие болады. Бұл сенім әсіресе перғауындар мен бай адамдарға қатысты болған. Олардың қабірлерінде, мүсіндерінде және фрескаларында өлімнен кейінгі өмірге қатысты бейнелер жиі кездеседі. Мысырда өлімге дайындық маңызды діни рәсім болды. Өлген адамның рухы өлгеннен кейін қайта тірілуі үшін оның денесі сақталып, белгілі бір рәсімдер жасалуы керек еді. Осы мақсатта перғауындар мен ақсүйектерге арнап үлкен пирамидалар мен жерлеу кешендері салынған. Пирамидалар – мәңгілік өмірге дайындықтың маңызды нышаны. Пирамидалар перғауындардың қабірі ретінде ғана емес, сонымен қатар олардың өлгеннен кейінгі мәңгілік сапарының символы болды. Олардың қабірлеріндегі қабырға фрескаларында өлген адамның саяхаты, Осирис құдайымен кездесуі және ақырғы сот бейнеленген. Бұл фрескалар арқылы перғауындар мәңгілік өмірге қол жеткізеді деген сенім нығайтылған. «Өлгендер кітабы» – бұл өлген адамның мәңгілік өмірге жету үшін қажет болған дұғалар мен рәсімдер жиынтығы. Кітапта өлгендердің жәннәтқа немесе тозаққа өткенде қандай сынақтардан өтетіні, әдет-ғұрыптары және басқа да маңызды ақпараттар баяндалады. Мысырлықтар мәңгілік өмір үшін дененің сақталуына ерекше мән берген. Олар дене мен жанның тығыз байланысын мойындап, денені сақтау арқылы жанның мәңгілік өмірге жететініне сенді. Мумификация рәсімі арқылы дене сақталып, рухтың денеге оралуына мүмкіндік беріледі деп есептелді. Мумификация өнері өте күрделі болды және бұл рәсім арнайы діни қызметкерлермен орындалды. Оралған дененің үстіне түрлі рәміздер салынған. Мумиямен бірге қабірге қажетті заттар, мысалы, тамақ, зергерлік бұйымдар және өнер туындылары да қойылатын. Бұл заттар жанның өлгеннен кейінгі әлемде өмір сүруіне көмектеседі деген сенім болды. Ал, мумиялау діттегенге жеткізбейтін болса, өлген адамның денесіне ұқсас

нәрсені-оның статуясын жасау керек. Сондықтан да ежелге мысырда сәулетші "санх" деп аталды, бұл "өмірді жасаушы" деген мағына береді. Өлген адамның бейнесін жасай отырып, ол тіршіліктің өзін қайта жасайтындай еді. Мысырлықтардың өлім туралы көзқарасы тек физикалық өліммен шектелмей, оның өлгеннен кейінгі саяхатына ерекше көңіл бөлді. Олар жанның қайта тірілуі үшін әртүрлі діни рәсімдерді орындау керектігіне сенген. Бұл саяхаттың соңғы мақсаты – мәңгілік өмірді иелену. Өнерде бұл саяхат әртүрлі символдар мен бейнелер арқылы көрсетілді. Анубис – өлімнің құдайы, өлілердің қорғаушысы ретінде бейнеленген, ол өлгендерді жер асты патшалығына алып барады. Ал Осирис – қайта тірілудің құдайы ретінде әрбір адамның мәңгілік өмірге жолын ашатын басты фигура ретінде бейнеленді. Осиристің соты мен жүректі өлшеу рәсімі көптеген суреттерде кездеседі. Бұл рәсімдер арқылы адамның жүрегінің салмағы анықталып, ол мәңгілік өмірге лайықты ма, әлде жоқ па деген шешім қабылданады. Ежелгі Месопотамиядағы өлім және мәңгілік өмір. Месопотамияның өлім туралы көзқарасы Мысырға қарағанда өзгешелеу болды. Егер мысырлықтар өлімнен кейінгі өмірге үлкен үмітпен қараса, месопотамиялықтар өлімді табиғи әрі қайтарымызсыз үдеріс ретінде қабылдады. Алайда олардың да мәңгілік өмірге деген өз түсініктері бар еді. Месопотамияда өлім жер асты әлеміне өту деп есептелді, ол Эрешкигаль құдайы басқаратын қайғылы және қараңғы патшалық болды. Бұл патшалықта рухтар көлеңке ретінде өмір сүретін және олардың мәңгілік өмірі қуанышсыз әрі бақытсыз болды. Өлгеннен кейінгі өмірдің мұндай көрінісі Месопотамия халқының өлімге деген көзқарасын көрсетеді – бұл қайғылы әрі өзгермейтін шындық. Месопотамияның өнерінде өлімге қатысты бейнелер жиі кездеседі. Гильгамеш дастаны – өлім мен мәңгілік өмір туралы ең ежелгі әдеби ескерткіштердің бірі. Бұл эпос өлген адамның қайта тірілу мүмкіндігін іздеген патша Гильгамештің саяхатын баяндайды. Месопотамияда мәңгілік өмірге қол жеткізу мүмкін еместігі, бірақ оған ұмтылудың маңызды екені баса айтылған. Таммуз және қайта тірілу мифі. Месопотамия мәдениетінде өлімнен кейінгі қайта тірілуді білдіретін ерекше мифтер бар. Соның бірі – жыл сайын өліп, қайта тірілетін құдай Таммуз (Думузи) туралы миф. Таммуздың өлімі мен оның жер асты патшалығына түсуі, ал кейін көктемде қайта тірілуі табиғаттың циклдык жаңаруын білдіреді. Таммуз мифі тек табиғаттың жаңғыруын ғана емес, адамдардың да мәңгілік өмірге деген үмітін көрсетеді. Месопотамиялықтардың өнерінде Таммуздың жер асты әлеміне сапары, Иштар құдайымен бірге жүретін бейнелер жиі кездеседі. Бұл мифологиядағы бейнелер өлім мен қайта тірілудің символы ретінде қолданылды. Патша қабірлері және жерлеу рәсімдері. Месопотамиядағы патшалар мен ақсүйектердің жерлеу рәсімдерінде өлімнен кейінгі саяхат пен о дүниелік өмір туралы түсініктер айқын көрінеді. Месопотамияның патшалық қабірлерінде табылған артефактілер мен өнер туындылары өлілердің өмір сүру үшін қажет заттармен бірге жерленгенін көрсетеді. Бұл заттар жандардың өлгеннен кейінгі әлемде өмір сүруіне қажетті құралдар ретінде қолданылған. Өнер туындыларында патшалар мен құдайлардың жер асты әлеміндегі өмірі, олардың жердегі жетістіктерін көрсету үшін жасалған бедерлер жиі кездеседі. Месопотамиялықтар үшін бұл қабірлер мәңгілік өмірге өтуге дайындық ретінде қызмет еткен.

Қорытынды

Мысыр мен Месопотамияның ежелгі өнерінде өлім мен мәңгілік өмір ұғымдары терең әрі символикалық түрде бейнеленген. Мысырлықтар үшін өлім – мәңгілік өмірге апаратын қақпа болса, Месопотамиялықтар өлімді тағдыр ретінде қабылдап, мәңгілік өмірді тек құдайлар мен мифтер арқылы түсінген. Екі өркениет те осы ұғымдарды өнерде айқын көрсетіп, адам өмірінің шектеулері мен өлімнен кейінгі мәңгілікке деген сенімдерін көркем бейнелер арқылы жеткізген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Любимов Л.Д. «Ежелгі дүние өнері», Мектеп баспасы, Алматы 1980.
2. Пиотровский Б. «Искусство Древнего Востока»; Г.Робинс «Ежелгі Египет өнері».
3. Куратола Д. Месопотамияның өнері мен сәулеті.

ӘОЖ 94 (530)

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ «PADLET» ПЛАТФОРМАСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қабылхамитова Е.Е.

Студент, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Ғылыми жетекші: PhD, оқытушы-дәріскер Калиева Б.Т.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

elnaz_kabylkhamitova@mail.ru

Мақалада Padlet платформасының мүмкіндіктері мен қолдану салалары қарастырылады. Падлет платформасының тарих пәнін оқыту процесінде тиімділігі мен артықшылықтары талданады. Қазіргі заманғы білім беру технологияларын қолдану оқытуды интерактивті, ынталандырушы және танымдық тұрғыдан қызықты етуге мүмкіндік береді. Падлет платформасы мұғалімдерге және оқушыларға білім беру материалдарын ұйымдастыруға, топтық жұмысты жақсартуға және тарихи деректерді көрнекі түрде ұсынуға жағдай жасайды. Сонымен қатар, Падлет студенттердің шығармашылық дағдыларын дамытуға және бірлескен жұмыс ортасын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл платформа арқылы тарихи оқиғаларды талдау, деректермен жұмыс істеу және пікірталас ұйымдастыру мүмкіндігі арта түседі. Падлет технологиясын енгізу тарих пәнінің дәстүрлі оқыту әдістерін жаңғыртудың бірегей тәсілі ретінде қарастырылған.

Кілт сөздер: Padlet платформасы, цифрлық тақта, топтық жұмыс, цифрлық технология, шығармашылық.

В статье рассматриваются возможности и области применения платформы Padlet. Анализируется эффективность и преимущества использования платформы Padlet в процессе обучения истории. Применение современных образовательных технологий позволяет сделать процесс обучения более интерактивным, стимулирующим и познавательно интересным. Платформа Padlet предоставляет учителям и учащимся возможности для организации учебных материалов, улучшения групповой работы и визуального представления исторических данных. Кроме того, Padlet способствует развитию творческих навыков студентов и созданию среды для совместной работы. Благодаря этой платформе становится возможным анализ исторических событий, работа с данными и проведение дискуссий. Внедрение технологии Padlet рассматривается как уникальный способ модернизации традиционных методов обучения истории.

Ключевые слова: платформа Padlet, цифровая доска, групповая работа, цифровые технологии, креативность.

The article discusses the capabilities and application areas of the Padlet platform. It analyzes the effectiveness and advantages of using Padlet in the process of teaching history. The use of modern educational technologies allows for making the learning process more interactive, engaging, and intellectually stimulating. The Padlet platform provides teachers and students with opportunities to organize educational materials, enhance group collaboration, and visually present historical data. Furthermore, Padlet fosters the development of students' creative skills and contributes to creating a collaborative work environment. This platform enables the analysis of historical events, data processing, and the organization of discussions. The integration of Padlet technology is considered a unique approach to modernizing traditional methods of teaching history.

Key words: Padlet platform, digital board, group work, digital technology, creativity.

Кіріспе

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде цифрлық технологиялардың қолданылуы білім беру үдерісін жетілдіруге мүмкіндік беріп, оқушылардың шығармашылық және сыни ойлау

кабілеттерін дамытуға септігін тигізуде. Осы технологиялардың қатарында Padlet платформасы инновациялық әдістеме ретінде ерекше орын алады. Padlet платформасын қолдану тарих пәнін оқытуда білім алушылардың қызығушылығын арттырып, білім беру сапасын жақсартуға бағытталған маңызды құрал болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақала негізінде материалдар кітапхана, мақалалар және қосымша сайттардан алынды. Жұмыс барысында тарихи-салыстырмалы, объективті әдістер қолданылды.

Талдау

Padlet платформасының тарихын тереңірек қарастырсақ, ол 2008 жылы екі достың қарапайым идеясы ретінде бастау алған. Wallwisher деп аталған бұл алғашқы нұсқа пайдаланушыларға бір тақырып айналасында бірлесіп жұмыс істейтін виртуалды қабырғалар құруға мүмкіндік берді. Нитеш Гоел мен Пранава Пиюш бірігіп, платформаның интуитивті және қолдануға жеңіл болуын басты мақсат етті.

2012 жылы Padlet ресми түрде іске қосылып, халықаралық деңгейде кеңінен танымал бола бастады. Start-Up Chile акселераторы бұл жобаны алғашқылардың бірі болып қолдады. Кейінірек, 2013 жылы, Padlet Y Combinator және ImagineK12 секілді беделді акселераторлардан қолдау алды. Бұл кезеңдер платформаға жаңа мүмкіндіктер қосуға және оны кеңейтуге мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта Padlet оқытуда, топтық жұмыста және шығармашылық жобаларда кеңінен қолданылады. Оның мүмкіндіктері көптеген оқу орындарының мұғалімдері мен оқушыларына дәстүрлі оқытуды жаңаша форматта жүргізуге жол ашты. COVID-19 пандемиясы кезінде платформаның танымалдығы артқан, өйткені ол қашықтан оқыту процесінде таптырмас құрал болды.

Смирнова Марина Сергеевна, Редькина Ирина Давидовна [1] өз мақалаларында «бұл платформаның сөзсіз артықшылықтарының бірі - әр түрлі дидактикалық материалдарды пайдалану негізінде сабақ сценарийін әртүрлі әрекеттермен «толтыру» мұғалім-әзірлеуші үшін қиындық тудырмайды және көп уақытты қажет етпейді. Бұл сабақты жобалау процесін оңтайландырады» Канафина жанагүл өз мақаласында «Padlet тақтасының негізгі артықшылықтарына келесі мәселелерді көрсетсек болады: 1) Жедел кері байланыс, яғни оқушылар Padlet арқылы сабақ соңында түсінген материалдарымен бөліседі, бұл мұғалімге олардың меңгеру деңгейін бірден бағалауға мүмкіндік береді. 2) Когнитивтік байланыс, демек Padlet-ті қолдану арқылы оқушылар ақпаратты өңдеп, оны бірлескен ортада талқылайды. Бұл олардың білімін тереңдетуге және оны тиімдірек меңгеруге ықпал етеді. 3) Интерактивтілікті арттыру, бұл дегеніміз Padlet оқушыларды белсенді жұмысқа тартып, олардың оқу үдерісіне қызығушылығын арттырады».

И.В. Самсонова, Е.В. Самсонова [2] өз мақалаларында «Padlet тақтасын оқу процесінде пайдалану пәндік және метапәндік нәтижелерге (коммуникативтік, регулятивтік, жеке) қол жеткізуге көмектеседі. Оқушылар ақпаратты іздеу, іріктеу, түрлендіру, оны схемалар, суреттер түрінде визуализациялау дағдыларын жетілдіреді.

Padlet интерактивтік виртуалды тақтасын педагогтар топтық жұмыста пайдалана алады. Оқушылар топтарға бірігіп, командалық жұмыста міндеттерді бөліп үйренеді. Тақтамен жұмыс жасау жобалық ойлауды дамытады. Интерактивтік онлайн тақтаны пайдалану әртүрлі жобаларды жасауға пайдалы құрал бола алады. Padlet платформасын қолдану ақпаратты визуализациялауға, топта дистанциялық түрде жұмыс істеуге, бірақ куратор-наставник бақылауында болуға мүмкіндік береді.

Осылайша, интерактивтік онлайн тақталарды пайдалану оқытушыға әрбір қатысушының немесе оқушылар тобының жобаға қатысты жұмысын бақылауға мүмкіндік береді. Жұмыс барысында әрбір оқушы өз үлесін осы жобаны дамытуға қоса алады. Жобалық әдістерді қолданатын оқытушылар пәнді оқыту барысында тиімді нұсқаларын таңдай алады.»

Е.К. Лейбова және О.Н.Степакованың [3] пікірінше, Padlet онлайн платформасы – бұл «экранға кез келген объектілерді, файлдарды қосуға, жазбалар мен сызбалар жасауға мүмкіндік беретін қосымша. Қолдану нұсқалары: эссе, коллаж, мәтін, дыбыс, бейне, инфографика, түпнұсқа ресурстарға сілтемелер секілді мазмұндық элементтері бар презентациялар түріндегі файлдарды орналастыру»

Е.М. Белоусова [4] Padlet-ті «жеке, сондай-ақ ұжымдық жұмыс үшін тамаша құрал, әсіресе, ұжымдық жобаларды жүргізу, ұйымдастыру, бақылау және оқушыларға олардың мәселелері мен тақырыптары бойынша жұмыс істеуге көмек көрсету үшін қолдануға болатын қызықты пайдалы қызмет» деп қарастырады .

Е.В. Шпардың [5] көзқарасы бойынша, Padlet – бұл «сауалнамалар өткізу немесе мультимедиялық қабырға газеті түріндегі бірлескен жобаларды жасау үшін арналған «қабырғалар». Студенттердің белсенділігі тапсырманың өзімен, атап айтқанда, студентке маңызды немесе қызықты болып көрінген фактілер туралы қысқаша ақпарат орналастыру міндетімен қамтамасыз етіледі. Бірлескен ойлау әрекетінің нәтижесінде алынған қабырға газеті дайындық барысында студенттердің өздерімен де, сондай-ақ аудиториялық сабақ шеңберіндегі пікірталастар негізі ретінде де қолданылады»

Өз мақаласында Л.А. Рачковская [6] Padlet.com-ды «әртүрлі жаттығуларды орындау үшін оқытушы мен оқушылар пайдалана алатын цифрлық тақта» деп сипаттайды. Padlet цифрлық тақтасына оқытушы тақырыпқа байланысты материалдарды іліп, оларды кез келген уақытта жүктеу үшін қолжетімді ете алады. Сондай-ақ, ол оқушыларды материалдарды бірлесіп жинауға тарта алады. Дайындық кезеңінде оқытушы пікірталас шеңберінде өз көзқарасын білдіруге және негіздеуге, цифрлық тақтаға баяндама, презентация, интерактивті плакат жасауға, белгіленген тақырып бойынша шығарма жазуға ұсыныс жасай алады. Алынған тақтаны топ сайтына немесе блогына ендіруге болады. Осылайша, орындалған жұмысты тек оқытушы ғана емес, басқа қатысушылар да оқып, талдап, өз пікірін білдіре алады.

Зерттеу нәтижесі

Padlet – бұл ақпараттарды жинақтап, сақтауға және оқушылар мен мұғалімдер арасында интерактивті байланыс орнатуға арналған виртуалды тақта. Платформаның негізгі сипаттамалары мыналарды қамтиды: Интуитивті интерфейс: қолданушыларға оңай түсінікті және қолжетімді. Контенттің әртүрлі форматтарын қолдау:мәтін, сурет, бейне, аудио және сілтемелермен жұмыс жасау мүмкіндігі. Бірлескен жұмыс: топтық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мобильділік:платформаны әртүрлі құрылғыларда, оның ішінде смартфондар мен планшеттерде қолдануға болады.

Интерактивті және зерттеушілік әдістерді қолдау. Padlet платформасы оқушылардың тарихи материалдарды тереңірек түсінуі мен талдауына жағдай жасайды. Қолдану тәсілдері:хронологиялық кестелер мен тарихи оқиғалар карталарын құру, тарихи дереккөздерді талдау және талқылау,тарихи тұлғалардың өмірбаяндарын зерттеп, жинақтау.

Шығармашылық дағдыларды дамыту. Padlet платформасы шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың қиялын дамытуға ықпал етеді. Мысалы: Виртуалды тарихи күнделіктер құру,белгілі оқиғаларды бейнелейтін медиапроекттер дайындау,тарихи шолулар мен тақырыптық инфографикалар жасау.

Қашықтықтан оқытудағы рөлі. Padlet платформасы қашықтықтан оқыту форматында ыңғайлы және тиімді құрал ретінде танылды. Бұл платформа мұғалімдерге студенттердің оқыту нәтижелерін уақытылы бақылауға және оларға жедел кері байланыс беруге мүмкіндік береді.

Padlet платформасының білім беру жүйесіне ықпалы. Padlet-ті қолдану білім беру үдерісінің бірнеше маңызды аспектілеріне оң әсер етеді:

- Қызығушылықты арттыру: платформаның визуалды және интерактивті құралдары оқушылардың тарих пәніне деген қызығушылығын арттырады.

- Когнитивті дағдыларды дамыту: тарихи ақпараттарды жүйелеу, деректерді талдау және тұжырым жасау қабілеттерін жетілдіреді.

- Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру: бірлескен жұмыс барысында коммуникативтік және көшбасшылық дағдыларын нығайтады.

Тарих пәнін оқытудағы Падлет платформасының маңыздығын сабақты өту барысында көре аламыз. Падлет платформасын жаңа сабақ, үй тапсырмасын сұрау, қорытындылау кезінде қолданылған тиімді. Оған №4 орта мектебінде педагогикалық практикадан өту барысында көз жеткіздік. Оны төмендегі №1 және №2 суреттерден көре аласыздар



Сурет 1 – 6 а сыныбымен падлет платформасы негізінде Моғолстан.Әбілқайыр хандығы тақырыбы



Сурет 2 1 – 6 б сыныбымен падлет платформасы негізінде Моғолстан.
Әбілқайыр хандығы тақырыбы

Платформа арқылы 6 а сыныбында Қазақстан тарихы пәнінен «Моғолстан.Әбілқайыр» хандығы тақырыбы бойынша жаңа сабақ жүргізілді. Платформа арқылы хандықтардың орналасқан жерлерін, астанасын картадан көрсетіп, сәйкестендіру тапсырмаларын орындады. Padlet платформасы 6 а және 6 б сыныптарына бірдей уақытта қолданылып басталды. Алғашында оқушыларға платформамен жұмыс жасау қиынға соқты, себебі бұл платформамен бірінші рет танысты. Кейіннен екі сыныпты салыстыра келе 6 а сыныбының тарих пәніне қызығушылығы 6 б сыныбына қарағанда жоғары болды. Оны төмендегі диаграмма арқылы көруге болады.




Диаграмма 1 – 6 а және 6 б сыныптарында падлет платформасын қолданудағы салыстыру диаграммасы

Қорытынды. Padlet платформасы цифрлық білім беру құралдарының ішінде тиімді және инновациялық технология ретінде тарих пәнін оқытуда жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді. Платформаның артықшылықтары, атап айтқанда интерактивтілік, қолжетімділік және көпфункционалдылық, оны қазіргі заманғы білім беру үдерісінде қажетті құралға айналдырады. Цифрлық технологияларды тиімді қолдану білім беру сапасын жақсартудың стратегиялық бағыттарының бірі ретінде қарастырылуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ахметова Г.Б. (2021). Цифрлық технологияларды оқытудағы рөлі. – Алматы: Білім баспасы.
2. Азанова А.Е. Виртуальная онлайн-доска как платформа создания мини-проектов в условиях дистанционного обучения / А.Е. Азанова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2020. — № 13 (303). — С. 205-207. — URL: <https://moluch.ru/archive/303/68467/>
3. Белоусова Е.М. Интерактивная доска «Как понять профессора трамвая» по книге Юрия Марковича Косого «На трамвае через годы и километры». Карповские чтения: Сб. статей. Национальный исследовательский Нижегородский государственный университет им. Н.И. Лобачевского, 2017: 396 – 399.
4. Белоусова Е.М. Интерактивная доска «Как понять профессора трамвая» по книге Юрия Марковича Косого «На трамвае через годы и километры». Карповские чтения: Сб. статей. Национальный исследовательский Нижегородский государственный университет им. Н.И. Лобачевского, 2017: 396 – 39
5. Шпар Е.В. Опыт использования информационно-коммуникационных технологий в организации аудиторной и самостоятельной работы студентов-филологов. Межкультурная – интракультурная коммуникация: теория и практика обучения и перевода. Башкирский государственный университет, 2015: 425 – 431.
6. Рачковская Л.А. Организация самостоятельной работы курсантов по иностранному языку с применением электронного учебника. Карельский научный журнал. 2018; 1 (22): 57 – 60

ӘОЖ 81-114

I. ЖАНСУГІРОВТІҢ «ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫНДАҒЫ РУХАНИ МӘДЕНИЕТКЕ ҚАТЫСТЫ АТАУЛАРДЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қинаят Г.

Студент, I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. Чалтикенова Л.А.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

lyazzat.chaltykenova.59@mail.ru, GKINAAAT@GMAIL.COM

Мақалада I. Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасындағы рухани мәдениетке қатысты атаулардың этнолингвистикалық ерекшеліктері қарастырылды. Шығармаларды этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеп, зерделеу ұлттың аялық білімін көрсетіп қана қоймай, ұмыт болған салт-дәстүрлер мен халықтың ішкі мәдениетін дәріптейді. Ал тілдің нағыз табиғатын тануда аялық білімнің маңызы мен орны зор.

Кілт сөздер: Этнос, тілтаным, рухани мәдениет, болмыс, этнолингвистика

В статье рассмотрены этнолингвистические особенности названий, относящихся к рауханской культуре, в поэме И. Жансугурова «Кулагер». Этнолингвистическое изучение и изучение произведений не только отражает фоновые знания нации, но и прославляет забытые традиции и внутреннюю культуру народа. А в познании истинной природы языка большое значение и место занимают знания из сферы.

Ключевые слова: Этнос, языкознание, духовная культура, бытие, этнолингвистика

The article considered ethnolinguistic features of names related to raukhani culture in the poem "Kulager" by I. Zhansugurov. The ethnolinguistic study and study of the works not only reflects the knowledge of the nation, but also glorifies the forgotten traditions and internal culture of the people. And the importance and role of factual knowledge in recognizing the true nature of language is great.

Key words: Ethnos, tiltanym, spiritual culture, being, ethnolinguistics

Кіріспе

Көшпенді қазақтың ұлттық мәдени ерекшеліктері мен рухани бай дүниесін оның әдебиетінен көре аламыз. Халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтай алған ақын-жазушыларымыздың құнды еңбектері кешегі күн мен бүгінгі байланыстырып тұрған алтын көпір іспеттес. Осы алтын көпірдің бір баспалдағы қазақтың «жыр құлагері» атанған, сырлы сөздің сан қырлы сипатын көркем жеткізген, жер жәннаты Жетісудың жалынды тұлғасы – Ілияс Жансүгіров. Ілияс ақынның шығармашылығы қазақтың әдет-ғұрпы мен салт-санасының, мәдениеті мен әдебиетінің, бай тілінің жауһарларын, табиғатының кереметін сипаттайтын алуан түрлі жырлардың ерекше тандемі. Ақын өмірінің саналы кезеңдерін арнаған поэзиясы қара өлеңнің қасиетін танытып, ұрпағына мұра болып қалған асыл қазынаға айналып, қазақ әдебиетін жаңа деңгейге көтерген. Өзінің еңбектерінде сол заманның сипатын, ұлт тарихы мен небір күрделі тұлғалардың өмірін, қоғамдық жайттарды асқан шеберлікпен жазған. Ақынның поэмаларын сөз қадірін білген жұртшылық «поэзия түрінде жазылған роман» деп те өз бағаларын беріп жатады. Ой мен сезім қатар көрініс тапқан ақын шығармаларында халық тұрмысы мен болмысынан бөлек, туған жерінің әсем табиғатын да жырлайды. Жетісудың жеті суын, көкпен таласқан әсем тауларын, әр тасын, аң-құсын бейнелейтін «Жетісуда су суреті», «Жетісу жәндігі», «Тау суреті» сынды өлеңдері жайқалған табиғаттың кейіпін еріксіз елестетеді. Ақын поэзия мен прозадан бөлек аударма ісімен де айналысқан. М.Ю. Лермонтовтың, А.М. Горькийдің, Н.А. Некрасовтың, В.В. Маяковскийдің көптеген туындыларын қазақ тіліне аударып, А.С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романын алғаш болып қазақ тіліне толықтай аударған.

I. Жансүгіровтың қазақ поэзиясы мен прозасына қосқан үлесі шексіз. Әдебиеттің барлық жанрларын жырлаған ақын поэзиясының шыңы - поэмалары. Он беске жуық поэмалары қазақ тілінің саф алтындай сөздерін қоспасыз, кіршіксіз күйінде қолдана отырып дүниеге келген көлемді, бағалы кеніші. Солардың бірі де, бірегейі ақын өнерінің шыңырау көгі, өлең жолдарымен баяндалатын роман іспеттес туындысы – «Құлагер» поэмасы. Поэма әйгілі әнші, суырып салма ақын, тума талант иесі – Ақан сері Қорамсаұлының өміріне арналады. Сері ақынның атымен қоса аталып, бәйгенің төрін бермей шауып келетін дүлдүл жануар, Ақан сері туған баласындай мәпелеп қарайтын қанатты пырағы – Құлагер.

Поэмада қазақ халқының салт-дәстүрі, мәдениетімен қоса түрлі сезімдердің керемет көрінісі, ақынды даралап тұратын өзіндік қолтанбасы қалған. Аталмыш шығармада ұлттың әдет-ғұрпы, рухани болмысы мен бітімі, өнері мен төрт түлікті құрметтеген халықтың жылқы малына деген ерекше көзқарасын, қырағы көздердің сәйгүліктерді бірден ажыратып, айрықша күтіп баптайтынын да көрсеткен. Поэмада қазақтың рухани мәдениеті мен болмысы да өз орнын тапқан. Туынды «толғану», «туған жер» деп аталатын бөлімдерден басталады. Бұл бөлімдерде ақын көбіне табиғатты, Оқжетпес, Көкшетау, Арқаның әсемдігін, керемет таулардың паңдығын жетер шегіне жеткізіп жырлаған. Оқиға Ерейменді мекен еткен Керейдің Сағынай атты шалының асында басталады. Шығарманың трагедиялық соңы Ақан серінің сәйгүлігі Құлагердің адамдардың қара пейіл іштарлығының кесірінен өлтірілгенімен аяқталады.

Негізгі бөлім

«Құлагер» поэмасы қазақтың рухани болмысын, мәдениетін көрсететін туынды. Қазақ халқы төрт түлік үшін мезгіл сайын қолайлы орындарға ат басын тіреп, көшпенді өмір салтын ұстанған. Маусымдық көші-қон кезіндегі ел үшін көлік болған жылқы жануарын ерекше қастерлеген халқымыз оны жеті қазынаның біріне бағалап, төрт түліктің төресі деп санайтын. Көшпенді өмір салтын ұстанған ел үшін де қазақ жылқысы басты нышан болған. Жылқының алғаш қазақ жерінде қолға үйретілгені де біз үшін бұл жануардың неліктен ерекше екендігінің бір дәлелі болса керек. Халқымыз баланы бес жастан бастап атқа отыруға үйреткен. Ерте жастан ат үстінде өскен бала ерекше шабыттанып, қайратты болып ержетеді деп есептеген.

Поэмада Сағынайдың асына жиналған дүйім жұрт Ақанның «Құлагерін» көріп, «Жүйрігі жануардың қай жағында?» [1] деп сынға алады. Сонда Күреңбай қырағы көзімен Құлагердің бабы мен сынын дөп басып айтады:

Көзімнің көбеймесе бүгін ағы,
Есімнен жаңылтпаса сайтан тағы.
Егер де шын жылқыны мен танысам,
Хақ мұның қырып-жойып бәйге алмағы.

Жылқы қазақ халқының тұрмыстық өмірінен бөлек рухани болмысы мен ауызекі сөздерінде де көп кездеседі. Бұл жануарға қатысты фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтелдер тілімізде кеңінен етек жайған. «Ат — адамның қанаты», «Жылқы құлыннан өседі, ақша тиыннан өседі», «Ат үсті – әулие», «ат-тоңын ала қашты», «ат құйрығын кесісті» сынды адамның іс-әрекеттерін танытатын да сөздік тіркестер қолданылады.

Поэмада Күреңбай Құлагердің шапшандығы мен мығым болмысынан бөлек асыл тұқымды екенін де тілге тиек етеді: «маңғұлдың аты емес тұқырынған, бұл таза швед, шотлан тұқымынан...», «Қанында шығысың мен батысың жоқ, ағылшын арғымақтың шатысы жоқ..Араптың дүлдүлінің қатысы жоқ». Тарих ғылымдарының докторы Ахмет Тоқтабай арғымақтар жайлы біршама зерттеу жұмыстарын жүргізген. Ғалымның жазуынша, орыс ғалымы Фирсов: «Қазақтар "Араб арғымағы", "Ағылшын арғымағы", "Орыстың зауыт арғымағы" деп бөледі. Бұлай деп ертеректе тек парсының асыл тұқымды жылқыларын атаған. Ал қазір түркі халықтары кез келген таза қанды жылқыларды осылай

айта береді» деген. Ғалымдардың пікірне сүйене келе «арғымақ» араб пен түркімен жылқысының қазақтың кең даласының табиғатына үйлескен тұқымы десек болады.

Шығармадағы оқиғаның басы тоқсан төрт жасқа жетіп қайтыс болған Сағынайдың асында басталады:

Басталды әңгіменің былай басы,
Болды оған жетпіс, сексен жыл шамасы.
Арқада Ерейменді мекен еткен
Керейде Сағынайдың болыпты асы.

Ас беру – қазақ халқының ежелден келе жатқан ғұрыптарының бірі. Бұл салтты кейде «жылын беру» деп те атайды. Дүниеден өткен адамның құрметіне берілетін, еске алу салтының әлеуметтік астарына көңіл бөлсек, бұл айшылық алыс жерлердегі тума-туыстың, дос-жарандардың, ағайын мен бауырдың арасын суытпай, жақындастырып отыру, бір-бірінің қайғысын көтеріп, мұңдасу, өмірден өткен адамның жақсылығын еске алып, мәртебесін асырып, құрмет көрсету секілді үрдістерден туған игілікті іс екенін көрсетеді.

Осындай болып жатты ұлы жиын,
Жиынның мыңнан бірін айту қин.
Еті тау, қымызы көл деуге болар
Айтқанда тартыңқырап астың сыйын.

Қазақ салтында асты еліне елеулі, халқына қалаулы болған ер адамдардың құрметіне берген. Ас - бәйге шаптырып, күй шертіп, айтыс ұйымдастырылатын қайғыдан салтанаты басым ақтық рәсім. Бұл туралы Ы. Алтынсаринның этнографиялық очерктерінде де айтылған. «Ас тек ер адамдарға ғана беріледі; ал егер әйелдерге беріле қалса, қонақасыдан басқа жоғарыда айтқанымыздай, бәйге, күрес және де басқа қызғылықты сән-салтанаттар көрсетілмейді және үйге әйелдің қайтыс болғандығы жөнінде белгілер де қойылмайды»[1].

«Ас» сөзі өзінің этимологиясын парсы тілінен алады. Э.В. Севортян «ас» сөзі ирандық лексемадан ауысып, бастауын басқа тілден алғанымен ең алдымен түркі тіліндегі мағынасы мен қолданылуы көзге түсетінін айтқан болатын. Түркі тілдеріндегі «ас» сөзінің беретін түрлі мағынасын, тағам атаулары мен бау-бақша жемістерінен бастап, малға беретін жемнің түрлерін де атап көрсеткен.

Шығарманың шарықтау шегі ат жарысы бәйгеде көрініс табады. Ел-жұрттың Құлагердің желдей жүйріктігіне куә болып, тамсанған сәті мен кекшіл Батыраштың Ақанның жан серігіне айналған жануарға жасаған зұлымдығы.

Жаршылар осылайша кетті сарнап,
Бәйгенің болар жерін жұртқа жарлап.
Қара жер қайысқандай қалың жиын,
Қыбырлап құмырсқадай жүрді қаулап.

Бәйге - Қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан ат жарыстыратын дәстүрлі ұлттық спорт ойындарының бір түрі, ат шабысы [2]. Жалпы қазақ тілінде «бай, бәй» деген түірден басталатын сөздердің басым көпшілігіне мән берсек «бірінші, алғашқы, ең үлкен, ең биік, алып» деген мағынаны білдіреді. Мысалы, «бәйбіше» сөзінің алғашқы мағынасы байырғы қазақ қоғамында көп әйел алған ер адамның жұбайлық мәртебесі жоғары бірінші әйелі [2, 157], екінші мағынасында «жасы үлкен егде тартқан, жұрт сыйлайтын қадірлі, беделді әйел» [2, 157] деген түсініктемелер берілген. Сол секілді бәйге сөзінің басты мағынасынан бөлек екінші мағынасында «еңбекте, өнерде, спортта жеңіскерлерді іріктейтін жарыс, сайыс» [2, 158], үшінші мағынасы ретінде «жарыста озып шыққандарға берілетін жұлде, сыйлық» [2, 159] делінген. Бұлармен қоса «бәйтерек» сөзіне де «терек туысына тән ең биік ағаш» [3, 118] деген түсініктеме берілген.

Шығармадағы Батыраштың зұлымдығы оқиғаның шиеленісуі мен шешілуінің үстінде көрінеді.

Батыраш бала жастан атқа құмар,
Айқайшыл ат әперген баққа құмар.
Арам ой, атанамыс ұр-шоқпары,
Кір көңіл, сарайының батпағы бар.

Батыраштың Құлагерге жасаған қастандығы Ақанның орны толмас қайғысына айналды. Жан досы, қасындағы серігінен айырылған Ақан «Бай-бай, Құлагерім...» деп жоқтау айтады.

Көкшенің күндіріп тауын, тасын,
Күңіrentіп сай-саласын, көлдің басын.
Ат жанды, аяулы аттың иесі Ақан,
Жоқтады жуанбастан кер Құласын.

Жоқтау - қазаға ұшыраған адамның артында қалған жақын адамдарының қайғылы сарынмен айтылатын жыры [4]. Жоқтауда өмірден өткен адамның жақсылықтары мен артықшылықтары, кісілігі, ары мен ақылы сынды жақсы қасиеттері айтылады. Жоқтауды қайтқан адамның өз жұрты, қайын жұрты, тума-туыс, құда-жекжат жағынан жиналған әйел адамдар қолдарындағы шыт, орамалдарын беттеріне басып айтады. Қазақ халқының мәдениетін зерттеген Ә.А. Диваев осы тұрмыстық жыр турасында: «Қазақтың жоқтау өлеңдері – көшпелі қазақ әйелдерінің ақыл-ойын көрсетеді, жүрек сұлулығын суреттейді...» - деп бағалаған екен. Бұларға артынан зар болып қалған отбасы мен туыстары да қосылады. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының "Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең" деген өлең жолдары да осыны дәл басып айтып тұр.

Зұлымдық пен әділетсіздікке толған тар заманға сия алмаған Ақан бас ауған жаққа кетіп қалады. Тағдырдың осынау тауқыметіне төзе алмаған ақын өмірдің мәнін жоғалтқандай күйге түседі. І. Жансүгіровтың талай жылдар бұрын жазылған осы шығармасы әлі күнге дейін шешімін таппаған әлеуметтік-қоғамдық мәселені көтереді. Адамдардың осыншалықты қатыгез болуы, іштарлығы қай заманда да орны толмас қасырет пен қайғыға әкелетіндігі белгілі.

Ұрпақтар арасындағы сабақтастықты сақтауда қазақтың ауыз әдебиеті, жыр-дастандар, ертегілер мен мақал-мәтелдер маңызды рөл атқарады. Мысалы, қазақ халқы өзінің даналығы мен өмір сүру философиясын, рухани құндылықтарын ауыз әдебиеті арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізген.

Қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастыратын тағы бір маңызды аспект – оның салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Атап айтқанда, ас беру дәстүрі қазақтың рухани дүниесінің негізінде жатыр. «Құлагер» поэмасындағы асқа қатысты эпизодтар қазақтың қайғы мен қуанышта бір-біріне деген рухани қолдау білдіру дәстүрін көрсете алады.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері поэмада кең көрініс тапқан. Айтыс, астың берілуі, тұлдау, жоқтау, қаралы көш, құн төлеу сынды дәстүрлік атаулардың этнолингвистикалық жүктемесі өте жоғары.

«Құлагердің өліміне арнап ас берілуі» – бұл көшпелі халықтың ертеден келе жатқан еске алу, қадір тұту дәстүрінің бір көрінісі.

«Қаралы көш», «тұлдау» – ат бауырын жазбай тұлдануы, яғни иесінің қазасына байланысты атқа жасалатын салттық әрекеттер, терең этномәдени мәнге ие. Сол сияқты, қазақтың жылқыға деген ерекше көзқарасы әрбір қазақтың тұрмысында көрініс табады. Мысалы, жылқының тағамдық маңызы, оны қастерлеу және оған деген ерекше қамқорлық қазіргі күнде де сақталған. Осы тұрғыда «Құлагер» поэмасында жылқының құндылығы мен қазақ қоғамының оны қалай бағалағаны айқын көрсетіледі.

Поэмада бақсы, аруақ, құмалақ ашу, бата беру, қарғыс айту, алас тарту сияқты рухани тәжірибеге қатысты атаулар жиі кездеседі. Мысалы:

«Қайтып бақсы көрінбей, үні өшкендей...» – бұл жерде бақсы бейнесі арқылы сол кезеңдегі халықтың аруаққа сену, емшілік, тылсым күштерге табыну секілді наным-сенімі аңғарылады.

«Ат иесі аруақ!» – аруаққа сиыну, оны құрметтеу ұлттық дүниетанымның негізі ретінде көрінеді.

Қазақтың рухани мәдениетінің маңызды салаларының бірі — музыка мен поэзия. Поэмада Ақан серінің бейнесі арқылы ұлттық саз өнері мен сөз өнері қатар көрініс табады. Ақан сері – тек әнші емес, халықтың мұңын, қуанышын күймен, өлеңмен жеткізген рухани көшбасшы.

«Күмбір-күмбір күміс күй», «Өуезбен аңыраған ән» секілді тіркестер – музыканың тек эстетикалық қана емес, емдік, рухани әсері бар екендігін көрсетеді.

Ақанның Құлагерге арналған жоқтауы – поэтикалық жоқтау дәстүрінің классикалық үлгісі.

Поэмада кездесетін географиялық атаулар мен кісі есімдері де қазақтың тарихи, рухани, әлеуметтік болмысын көрсетеді. Арқаның даласы, Баян тауы, Ақан сері, Батыраш есімдері белгілі бір тарихи-мәдени кеңістіктің өкілдері ретінде көрінеді.

Поэмада қолданылған метафоралар, эпитеттер, халықтық танымға негізделген тұрақты тіркестер де этнолингвистикалық мазмұнға бай. Мысалы, «Көк аспанға қарап еді – бақсыдай» деген жолдарда бақсы бейнесі арқылы қазақтың мифологиялық санасы көрініс табады.

Жылқының символикасы қазақ халқы үшін тек мал ретінде бағаланбайды, ол сондай-ақ еркіндіктің, батырлықтың, жан-жақтылықтың, өмірдің мейірімділігін білдіреді. Ақынның Құлагердің бейнесін жоғары бағалауы оның ұлттың ішкі мәдениетін дәріптегені мен халқына деген құрметін көрсетеді.

Қорытынды

Қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрі, туған жерге деген махаббат, отбасы құндылықтары сияқты салттар бүгінде ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Осы салттардың ұрпақ бойына сіңуі, ұлттық бірегейлікті сақтау мен нығайту үшін маңызды. Сонымен қатар, «Құлагер» сияқты шығармалар қазақтың рухани байлығының байрағы болып, ұлттық сананы жаңғыртуға ықпал етеді.

Жылқының поэтикалық сипаттамасы арқылы ақын қазақ халқының мәдениетінде сол жануардың орны мен рөлін ашып көрсетеді. Атап айтқанда, жылқының жүйріктігі мен батырлықтың символы ретінде бейнеленуі қазақ әдебиетінде маңызды орынды иеленеді. Бұл шығармашылық элемент ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшелігін, сондай-ақ ұрпақтар сабақтастығын білдіреді.

Қазақтың ұлттық символдары – оның дүниетанымының, мәдениетінің, рухани құндылықтарының бейнелері болып табылады. Жылқы бейнесі, қазақтың қазақы құндылықтары мен ұлттық ерекшеліктерін білдіретін маңызды символ болып табылады. Сонымен қатар, Құлагердің образында халықтың мінезі мен ұлттық идеалдары, сол заманның батырлығы мен еркіндігі сипатталады. Ақынның осы бейнені таңдауы қазақтың мәдениетіне деген үлкен сүйіспеншілігін және оның рухани қазынасын сақтауға деген ниетін көрсетеді. Мұндай бай мәдениет халықтың рухани болмысын, оның өмірлік ұстанымдарын, салт-дәстүрлерін айқындайды. Әдебиетте көрініс тапқан әрбір ұлттық символ мен бейне – бұл ұлттың өткенін құрметтеп, болашағына сеніммен қарауының айқын белгісі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ы. Алтынсарин «Кел, балалар, оқылық». – Алматы: Атамұра, 2014. – 168 бет.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том. / Құраст.: Б. Сүйеркұлова, Т.Жанұзақ, О.Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. - 744 б.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
4. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. - Алматы: "Сөздік-Словарь". 1997.- 368 б.

ӘОЖ 9 (571) 333.16

БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОНЫ ТАРИХ САБАҒЫНДА ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Құсайнова Ғ.Е.

Студент, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Ғылыми жетекші: т.ғ.к. Сантаева К.Т.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

galiyakusainovaa06@gmail.com

Мақалада Блум таксономиясының білім берудегі маңызы және тарих сабағында тиімді пайдалану жолдарын көрсетеміз. Блум таксономиясы қарапайым дағдылардан күрделіге көшіп, оқу процесін құрылымдауға көмектеседі. Дәстүрлі білім беру жүйесінде Блум таксономиясының бастапқы екі деңгейіне назар аударылса, қазіргі заманауи білім беру жүйесінде Блум таксономиясының алты сатысының барлығына көңіл бөліп, оны ашып көрсетеді.

Кілт сөздер: Блум таксономиясы, модель, сыни ойлау, синтез, бағалау.

В статье обсуждается важность таксономии Блума в образовании и способы ее эффективного использования на уроках истории. Таксономия Блума помогает структурировать процесс обучения, переходя от простых навыков к сложным. В то время как традиционная система образования фокусируется на первых двух уровнях таксономии Блума, современная система образования фокусируется и раскрывает все шесть уровней таксономии Блума.

Ключевые слова: Таксономия Блума, модель, критическое мышление, синтез, оценка.

The article discusses the importance of Bloom's Taxonomy in education and how to effectively use it in history lessons. Bloom's Taxonomy helps to structure the learning process, moving from simple skills to complex ones. While the traditional education system focuses on the first two levels of Bloom's Taxonomy, the modern education system focuses and reveals all six levels of Bloom's Taxonomy.

Key words: Bloom's Taxonomy, model, critical thinking, synthesis, evaluation.

Кіріспе

Бүгінгі таңда заманауи білім беруде мектеп оқушыларын оқытып қана қоймай, болашақ түлек тұлғасын тәрбиелеу мәселесі өзекті. Бұған жету үшін мұғалім оқушыға толық дайын ақпарат бермеуі керек. Оқушы болашақта алған білімін өмірде, кәсіпте және т.б. қолдана алуы үшін оны іріктеп алуды және түсінуді талап ететін ақпаратты алу әдістерімен таныстыру қажет. Осыған байланысты мұғалім сабақта оқу-тәрбие үрдісін жаңа білімді жинақтаған оқушылардың іскерліктері, тақырып бойынша алған білімдерін көрсете алуы, өз ойын жеткізе білуі, белгілі бір болжамдарға күмән келтіретіндей етіп құрылымдау керек. Мұғалім сабақта оқушылардың іс-әрекетін қалай ұйымдастыру керектігін түсінуі және олардың не және не үшін істеп жатқанын түсінуі керек. Олар алған білімдері туралы айта білу, жаңа білімді өткен тәжірибемен байланыстырып, күнделікті өмірде қолдана біледі.

Негізгі бөлім

Оқу-тәрбие іс-әрекетінің әдістері мен тәсілдері қандай болуы керек? Бұл туралы 1950 жылдары Чикаго университетінің психологы Бенджамин Блум ойлаған. Оқыту мен тәрбиелеудің арнайы әдіс-тәсілдері болмаса, халықтың өзі бағындырған, атақ-даңқы шыққан биікке жетуі екіталай деп есептеді.

Бенджамин Блумның зерттеулері оны кейін көрнекті болған адамдарда дарындылықты дамытатын білім беру және оқыту әдістерінің үлгісін жасауға әкелді. Бұл модель «Бенджамин Блумның таным деңгейлерінің таксономиясы» деп аталды және оны кейіннен Б.Блум бастаған американдық ғалымдар тобы педагогикалық тәжірибеде қолдануға ұсынды [1, 85 б.].

Блум таксономиясы – бұл білім беру саласында оқушылардың танымдық дағдыларын жүйелеу және дамыту үшін қолданылатын модель. Таксономия оқыту процесін құрылымдауға, сабақтың мақсатын нақты белгілеуге және оқушылардың ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Таксономияның мақсаты – үш бағыт (танымдық, эмоционалдық, психомоторлық) жағынан оқушыларды оқыту [2, 58 б.]. Блум пирамидасы – білім беру мақсаттарының иерархиялық өзара байланысқан жүйесі. Әрбір деңгей белгілі бір ойлау дағдыларын дамытуды қамтиды (қарапайымнан күрделіге дейін) (1-сурет). Б.Блум таксономиясы алты негізгі бөлімді анықтайды: білім, түсіну, қолдану, талдау, синтез және бағалау. Мұғалімнің міндеті – сабақты оқушылардың интеллектінің барлық түрлерін олардың әрқайсысында белсенділікке ынталандыратындай етіп жоспарлау.



Сурет 1 – Блум таксономиясы

Таксономия оқыту ретін құрайтын ойлаудың алты деңгейін қамтиды:

1. Білімділік – Ақпаратты, оқу материалын есте сақтау мен қайталау (репродукция)
2. Түсіну – ақпаратты өз сөзімен түсіндіру. Мысалы: мәтінді қайталау, терминнің мағынасын түсіндіру.
3. Қолдану – Оқу материалын жаңа жағдайлар мен ситуацияларда қолдану. Мәселен, ережелерді, түсініктерді, заңдарды, теорияларды, қағидаларды қолдана отырып қандай да бір проблеманы шешу.
4. Талдау – Оқу материалын құрамдас бөліктерге жіктеп, олардың арасындағы байланысты анықтау, талдау, түсіну.
5. Синтез – Оқу материалын шығармашылық тұрғыдан жаңа мазмұның құрастыру. Мысалы: эссе жазу, жоба әзірлеу.
6. Бағалау – сыни бағалау, дәлелді пайымдау. Мысалы: реформалардың тиімділігін талдау, кітапқа шолу жасау [1, 86 б.].

Кесте 1 – Блум таксономиясы деңгейлеріне сәйкес сұрақтар құрастыру үлгісі [3, 89 б.]:

Ойлау деңгейі	Сұрақтар үлгілері
Білу	Не? Кім? Қашан?
Түсіну	Не...үлгісі болып табылады?...не тұспалданады?...басқаша қалай түсіндіруге болады?...бұл үлгі боп табыла ма? Мен мұны өз сөзіммен сипаттай алам ба?
Қолдану	Бұл қалай пайдаланылады? Бұл немен байланысты? ... қандай жағдайларда?
Талдау	Неге? Қалай? ... себебі не болып табылады? Қорытынды үшін не нәрсе дәлел? ... себебі қандай? ... бір-бірімен қалай үйлеседі?
Жинақтау	Егер бұл іске асатын болса, осыдан кейін не болады? Теорияның болжамы іске аса ма? Алынған ақпарат негізінде қандай қорытынды жасадым? Бұл онымен қалай байланысты?
Бағалау	Бұл жақсы ма және неліктен? Бұл қисынды ма және не себепті ?

Педагогикалық практика барысында, Блум таксономиясын тарих сабағында қолдандық. Блум таксономиясын қолданбас бұрын, алдымен баланың жас ерекшелігін ескердік. Әрине,

Блум таксономиясы кез келген сыныптарда, яғни әр түрлі деңгейдегі білім беру жүйесінде қолданыла алатыны сөзсіз. Бірақ, 5-9 сынып аралығындағы оқушыларға бұл әдісті енгізу тым күрделі болар деп есептеп, өз тәжірибемізде Блум таксономиясын 10-сынып оқушыларына қолдандық. Бұл жастағы оқушылардың танымдық қабілеттері жоғары болғандықтан, олар әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды тиімді меңгеріп, сыни ойлау дағдыларын дамытуға ыңғайлы болады деп, «Қазақстанның тәуелсіздік алған кезеңі: Оқиғалар мен салдары» тақырыбына Блум таксономиясын қолдандық. Осы сабақтың мақсаты – 10-сынып оқушыларына Қазақстанның тәуелсіздік алу процесіндегі негізгі оқиғаларды таныстырып, олардың себеп-салдарын түсінуге, тарихи құжаттар мен деректерді талдауға, сонымен қатар сыни тұрғыдан бағалауға үйрету. “Блум таксономиясы” әдіс ретінде болғандықтан, енді әр деңгейге қандай тәсіл қолданғанымызды қарастырайық.

1. Білу (Knowledge) деңгейі. Бұл деңгейдің мақсаты: Тәуелсіздік алу кезеңіне қатысты негізгі даталарды, оқиғаларды, тұлғаларды есте сақтау. Блум таксономиясының бірінші деңгейін қолдануда интерактивті слайдтар мен хронологиялық лента құрастыру тәсілдерін қолдандық.

2. Түсіну (Comprehension) деңгейінің мақсаты: Тәуелсіздік алу процесінің маңызын түсіндіру және оқушылардың оқығанын өз сөзімен жеткізу. Оқушылардың өз түсініктерін талқылап, тәуелсіздік алғаннан кейінгі саяси және экономикалық өзгерістерді өз көзқарастарымен сипаттау үшін «Қазақстан тәуелсіздігі неге маңызды болды?» деген сұраққа қысқа жазбаша рефлексия алдық. Сонымен қатар бұл деңгейде топтық талқылауды қолдануға болатын еді, бірақ қысқаша рефлексияны уақытты тиімді үнемдеу үшін алған болатынбыз.

3. Қолдану (Application) деңгейі. Бұл деңгейде тарихи деректер мен құжаттарды практикалық түрде қолдана білу үшін, «Тәуелсіздік декларациясы» үзіндісін оқып, оның қазіргі Қазақстанның дамуына әсері туралы оқушылар арасындағы пікірталас жүргіздік.

4. Талдау (Analysis) деңгейінің мақсаты: Тәуелсіздік алғанға дейінгі және кейінгі кезеңдерді салыстыра білу, себеп-салдарын анықтау. Деңгейдің мақсатына жету үшін салыстырмалы талдауды қолдандым. Оқушыларды «Flippity.net» сайты арқылы топқа бөлдік. Әр топ тәуелсіздік алғанға дейінгі және кейінгі саяси-экономикалық жағдайларды салыстыру кестесін толтырды.

5. Жинақтау (Synthesis) деңгейіне көптеген жобаларды жасауды (виртуалды музей, тарихи газета, презентация және т.б.) қолдануға болатын еді, алайда 45 минуттық сабақта оның бәрін алдын-ала дайындамай жүзеге асыру мүмкін емес болғандықтан, “кейс-стади” тапсырмасын қолдандық. «Кейс-стади» тапсырмалары оқушылардың аналогиялық ойлау қабілетін дамытады [4, 7.5-тарау]. Әр топқа тәуелсіздік алғаннан кейінгі белгілі бір кезеңдегі мәселелерді талдау тапсырмасы беріледі. Мысалы, 1991 жылдан бастап елдің саяси-экономикалық трансформациясына қатысты нақты проблемалық жағдайды зерттеу. Негізгі сұрақтар: 1. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы қиындықтар қандай болды?; 2. Жаңа мемлекеттік құрылымды қалыптастыру барысында қандай саяси-әлеуметтік кедергілермен бетпе-бет келді?; 3. Экономикалық реформаларды жүргізу кезінде қандай негізгі мәселелер туындады?; 4. Оқиға аясында мемлекет дамуының артықшылықтары мен кемшіліктері қандай? Әр топ осы сұрақтарға сәйкес талдау жасап, шешімдер мен нәтижелерін ұсынды.

6. Бағалау (Evaluation). Бағалау деңгейінің мақсаты: Оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту, оқыған материалды бағалау және талдау. Тарих сабағында бағалау деңгейіне қолданылатын негізгі әдіс-тәсілдер мыналар: дебат (пікірталас), эссе жазу, SWOT талдау, «ыстық орындық» және т.б.

1. Дебатта оқушылар екі топқа бөлініп, бір топ белгілі бір тарихи шешімнің оң әсерін, ал екінші топ оның кемшіліктерін дәлелдейді.

2. Эссе жазу тәсілінде оқушыларға белгілі бір тарихи оқиғаның маңыздылығы туралы жеке көзқарастарын дәлелдермен негіздеп, шағын эссе жазу ұсынылады.

3. Сабақта қолданған тәсіл- SWOT талдау. Оқушылар тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстанның дамуын күшті (Strengths), әлсіз (Weaknesses), мүмкіндіктер (Opportunities),

қауіптер (Threats) тұрғысынан талдап көрсетулері керек болды. Бұл тәсіл тарихи оқиғалар мен олардың салдарын құрылымдық түрде бағалауға мүмкіндік береді.

4. «Ыстық орындық» әдісі: бұл жерде бір оқушы «тарихи тұлға» рөлін ойнайды (мысалы, Н.Назарбаев немесе сол кездегі белгілі саясаткерлердің бірі). Қалған оқушылар оған тәуелсіздік жылдарындағы шешімдер мен олардың салдары туралы сұрақтар қояды.

Блум таксономиясының «бағалау» деңгейінде қолданылатын тәсілдердің барлығы оқушыларға тек тарихи ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны сараптауға және тарихи оқиғаларға объективті баға беруге көмектеседі, сонымен қатар сабақта игерілген білім, ептілік сияқты дағдылардың дәрежесін анықтайды[5, 113 б.].

Осылайша, Блум таксономиясы бойынша сабақ жүргізу әр деңгейде оқушылардың танымдық қабілеттерін жүйелі түрде дамыта отырып, олардың тарихи оқиғаларды түсініп, қолдануға, талдап, жаңа көзқарастар қалыптастыруға және өз пікірін дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Тарихты оқытуда Блум таксономиясын қолдану оқу-тәрбие процесін кезең-кезеңімен, логикалық және терең мағыналы етеді. Хронологиялық оқиғаларды жай жаттап алудың орнына, оқушылардың аналитикалық ойлауы дамиды, білімдерін жаңа жағдайда қолдануға үйренеді, өзіндік пікір қалыптастырады.

Біріншіден, бірінші деңгейлерде (білім және түсіну) тестілеу, даталармен жұмыс, диаграмма құру және материалды қайталау сияқты дәстүрлі әдістер тиімді. Олар әрі қарай талдау үшін берік білім базасын құруға көмектеседі.

Екіншіден, қолданбалы деңгейде рөлдік ойындар, тарихи қайта құру және шығармашылық тапсырмалар сияқты интерактивті әдістерді енгізу маңызды. Бұл студенттерге ақпаратты есте сақтауға ғана емес, сонымен қатар онымен практикалық түрде жұмыс істеуді үйренуге көмектеседі.

Үшіншіден, аналитикалық әдістер (тарихи дереккөздермен жұмыс, салыстырмалы талдау, «детектив» әдісі) оқушыларға себеп-салдар байланыстарын жақсы түсінуге, оқиғаларға әртүрлі көзқарастарды көруге және олардың салдарын бағалауға көмектеседі.

Төртіншіден, синтез деңгейі білімді шығармашылықпен қолдануды қамтиды: тарихи сценарийлерді әзірлеу, эссе жазу, жобалар мен презентацияларды құру. Бұл әдістер сыни ойлауды дамытады және аргументтік көзқарасты қалыптастыру қабілетін дамытады.

Соңында, ең жоғарғы деңгейде – бағалау – пікірталас, «тарих соты» әдісі қолданылады, бұл студенттерге тарихи процестердің маңыздылығы туралы пайымдауға, жеке тұлғалардың іс-әрекетін талдауға және әртүрлі дәуірлерді салыстыруға көмектеседі.

Сонымен, Блум таксономиясын қолдану тарих сабақтарын мазмұнды, тартымды және нәтижелі етеді. Оқушылар фактілерді жаттап қана қоймайды, олар тарихты түсінуге, қорытынды жасауға, өз ұстанымдарын дәлелдеуге, алған білімдерін өмірде қолдануға үйренеді. Бұл бүгінгі және болашақты түсіну үшін қажет өткенге жан-жақты және тұтас көзқарасты

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы. – Астана. 2014. – 188 б.
2. Абдикаримова Г.А., Өнербаева З.О. Бағалаудың өлшемдік технологиялары пәні бойынша оқу құралы (2 басылым) . Алматы, 2021. – 154 б.
3. Бағалаудың өлшемдік технологиялары. Оқу құралы/ Р.А.Набуова, А.М.Жубандыкова. – Алматы, 2019. – 260 б
4. Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. – 608 бет. [Электрондық формат]
5. Мұханбетжанова Ә. Педагогиканы оқыту әдістемесі. Оқулық. – Алматы, ЖШС РПИК «Дәуір», 2011ж. – 368 бет.

UDC 373.3

THE IMPORTANCE OF FINE ARTS EDUCATION IN PRIMARY GRADES: A NEW PARADIGM OF CREATIVE LEARNING

B. Kystaubaeva

Teacher-lecturer, Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan

N. Gaziz, N. Nurkyzy

Students, Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan

botik8181@mail.ru, gaziznurdina@gmail.com, nurai.nurkyzy@mail.ru

This article explores the transformative potential of fine arts education as a foundational component of a new paradigm in creative learning for primary grade students. Emphasizing the integration of visual arts, music, drama, and dance, the study highlights how arts education fosters creativity, divergent thinking, cognitive development, and emotional intelligence. Drawing on historical perspectives and recent empirical studies, the authors argue that fine arts serve as catalysts for critical thinking, problem-solving, and self-expression, especially during early developmental years. The paper also underscores the importance of equitable access to arts education, particularly in culturally and socioeconomically diverse contexts.

Key words: visual arts, primary school students, art education, creativity.

Осы мақалада бастауыш сынып оқушыларына арналған шығармашылық оқытудың жаңа парадигмасының негізін құрайтын бейнелеу өнері білімінің түрлендіргіш әлеуеті қарастырылады. Бейнелеу өнері, музыка, драма және биді біріктірудің маңыздылығын айта отырып, зерттеуде көркемдік білім креативтілік, когнитивтік даму және эмоционалдық интеллектті дамытуға қалай ықпал ететіні көрсетіледі. Авторлар тарихи көзқарастар мен заманауи эмпирикалық зерттеулерге сүйене отырып, бейнелеу өнері сыни ойлаудың, мәселелерді шешудің және өзін-өзі білдірудің катализаторы ретінде қызмет ететінін дәлелдейді. Сондай-ақ мақалада көркемдік білімге тең қолжетімділіктің, әсіресе мәдени және әлеуметтік-экономикалық жағынан әртүрлі жағдайларда, маңыздылығы атап көрсетіліп, көркем өнерді бастауыш білім беру бағдарламасына тиімді енгізу үшін педагогтер тарапынан жүйелі қолдау қажеттігі айтылған.

Кілт сөздер: бейнелеу өнері, бастауыш сынып оқушылары, көркемдік білім, креативтілік.

В этой статье рассматривается преобразующий потенциал образования в области изобразительного искусства как основополагающего компонента новой парадигмы творческого обучения для учащихся начальных классов. Подчеркивая интеграцию изобразительного искусства, музыки, драмы и танца, исследование подчеркивает, как художественное образование способствует развитию креативности, когнитивного развития и эмоционального интеллекта. Опираясь на исторические перспективы и недавние эмпирические исследования, авторы утверждают, что изобразительное искусство служит катализатором критического мышления, решения проблем и самовыражения. В статье также подчеркивается важность равного доступа к художественному образованию, особенно в культурно и социально-экономически разнообразных контекстах, и содержится призыв к системной поддержке со стороны педагогов для эффективного внедрения искусств в основную учебную программу начального образования.

Ключевые слова: изобразительное искусство, младшие школьники, художественное образование, креативность.

The integration of the visual arts into primary education represents a potentially transformative approach to fostering creativity and holistic development in young learners. While the importance of creativity is widely recognized, its systematic and purposeful integration into

classroom practice remains a significant challenge [1]. Arts education encompasses a range of disciplines, including visual arts, music, drama, and dance, and provides opportunities for children to express themselves, explore their imaginations, and develop critical thinking skills [2]. Historically, figures such as Horace Mann advocated for the inclusion of visual arts and music in schools, recognizing their potential to enhance learning and broaden the curriculum. John Dewey further emphasized the positive correlation between arts education and cognitive development, influencing curricular decisions and paving the way for the integration of the arts into education [3]. Furthermore, engagement with the arts enhances observational skills and encourages the development of unique interpretations, extending its impact far beyond aesthetic appreciation. Therefore, it is imperative to consider how visual arts can be effectively integrated into primary education to unlock the creative potential of young learners and prepare them for the challenges and opportunities of the 21st century.

Creativity involves the production of novel, original, and valuable outcomes for individuals and society. Fine arts education nurtures creativity by providing children with opportunities to explore, experiment, and express themselves in a variety of artistic mediums. Exposure to the fine arts from an early age can shape creative abilities, especially during critical developmental year. By encouraging children to think outside the box, fine arts education promotes divergent thinking, problem solving, and innovation [4]. The creative process often involves challenging existing norms and conventions, encouraging children to question assumptions and explore alternative perspectives. In addition, the arts promote cognitive and affective development, contributing to the overall cultivation of creativity in children. Creativity is not limited to artistic expression, but can be applied to various fields, including science, technology, engineering, and mathematics. Arts experiences provide a space for children to engage with materials, ideas, and emotions in unique ways that foster self-expression, imagination, and critical thinking. By providing opportunities for children to explore different artistic mediums, art education helps them discover their unique talents and passions.

Fine arts education enhances cognitive development by stimulating different brain regions and cognitive processes. Participation in visual arts activities improves spatial reasoning, visual perception, and attention to detail. Music education has been shown to improve auditory processing, memory, and language development. In addition, arts education promotes critical thinking, problem solving, and decision-making skills. Exposure to the fine arts develops skills such as critical thinking and problem solving, which are essential for academic and practical success. Exposure to the arts develops skills such as critical thinking and problem solving that are essential for academic and life success. Through engagement in the arts, children learn to analyze, interpret, and evaluate information, leading to more nuanced and sophisticated thinking. The arts provide a unique way for learners to acquire and demonstrate knowledge. In addition, integrating the arts with other subjects, such as science and math, can enhance learning and understanding across disciplines. Instrumental music training uniquely influences a wide range of cognitive abilities. Participation in activities such as music stimulates cognitive function and enhances sensory and motor skills (Miendlarzewska & Trost, 2014) [5].

Art education supports social and emotional development by providing opportunities for children to express their emotions, build empathy, and develop social skills. Creating art can be a therapeutic outlet for children to process and express complex emotions. Music, dance, and theater activities promote collaboration, cooperation, and communication among children. Collaborative projects and performances cultivate social skills, promote teamwork, and develop leadership skills. Fine arts experiences provide a safe and supportive environment for children to take risks, experiment with different roles, and develop their sense of identity. In addition, arts education promotes cultural awareness, appreciation, and understanding. In addition, exposure to diverse art forms from different cultures broadens children's perspectives and promotes tolerance and respect for others. In addition, music education has been linked to improved executive function, which is critical for self-regulation and academic success (Villamizar, 2021) [6]. Fine arts cultivate skills such as communication, collaboration, and problem solving, preparing children for future success.

Effective integration of the arts into the elementary curriculum requires a holistic and interdisciplinary approach. Fine arts can be integrated into various subjects, such as language arts, mathematics, science, and social studies, to enhance learning and engagement. Classroom teachers and arts educators often work together toward common educational goals. Integrating music education into the classroom encourages students to engage deeply with musical ideas (Culajara, 2021) [7]. Arts integration involves carefully planned lessons that connect arts goals and activities to those in other subjects. For example, students might create artwork inspired by a historical event or compose a song about a scientific concept. Such efforts facilitate deeper learning and promote a more holistic and meaningful educational experience. In addition, incorporating technology into arts education can foster creativity and innovation. Technology can provide access to new artistic tools, resources, and platforms for collaboration and sharing. Finally, integrating the arts into the elementary curriculum requires a collaborative effort involving teachers, administrators, parents, and community members.

In summary, the arts play a critical role in fostering creativity, enhancing cognitive development, supporting social and emotional development, and promoting a well-rounded education for children in the elementary grades [8].

By recognizing the transformative power of the arts, educators and policymakers can create a new paradigm of creative education that empowers children to reach their full potential. While it remains unproven that early participation in music is directly responsible for producing productive and well-rounded individuals, it is important to recognize the broad benefits of music and the arts by focusing on holistic educational views rather than solely on quantifiable test scores.

Current literature highlights the positive effects of integrating the arts into other subjects. Integrating the arts into other subjects, such as science and math, enhances learning and understanding across disciplines. Exposure to the arts develops skills such as critical thinking and problem solving that are essential for academic and career success [9]. Arts integration involves carefully planned instruction that links goals and activities in the arts with those in other subject areas [10]. Classroom teachers and arts educators often work together toward common educational goals. Integrating the arts into other subjects, such as language arts, mathematics, science, and social studies, enhances learning and engagement [11].

While arts integration can involve carefully planned instruction that links goals and activities in the arts with those in other subjects, there are also legitimate concerns about this approach. Integrating the arts into other academic subjects may not always increase learning and engagement, as it can take valuable instructional time away from core subject matter. Classroom and arts educators may not always be able to effectively collaborate toward common educational goals, as their priorities and expertise may not always align. In addition, the integration of the arts into subjects such as math and science could be perceived as diluting the depth and rigor of these disciplines. There are arguments that the fine arts should be taught as distinct, stand-alone subjects to ensure that students receive a comprehensive and coherent arts education.

Exposure to different art forms from different cultures broadens children's perspectives and promotes tolerance and respect for others [12]. By recognizing the transformative power of the arts, educators and policymakers can create a new paradigm of creative education that empowers children to reach their full potential [13]. Arts as content can become a mediator for understanding and fostering peace. Arts integrated with a subject can enhance student learning in both the subject and the art form.

Integrating the arts with other academic subjects can enhance student learning and understanding in both the art form and the core subject. This interdisciplinary approach allows students to explore connections, apply creative skills, and develop a deeper mastery of content. Music and arts education can empower young people by fostering personal growth, collective recognition, and self-esteem.

Music education has been linked to improved executive function, which is critical for self-regulation and academic success. Collaborative projects and performances cultivate social skills,

foster teamwork, and develop leadership abilities. Arts experiences provide a safe and supportive environment for children to take risks, experiment with different roles, and develop their sense of identity. A STEAM approach can encourage and stimulate students' abstract and logical thinking skills [14]. While a STEAM approach can encourage and induce students' capacities in the area of abstract and logical thinking [15], there are concerns that integrating fine arts with other academic subjects may not always enhance learning and engagement.

The integration of fine arts into subjects such as mathematics and science has been a subject of debate, with some arguing that it could potentially dilute the depth and rigor of these disciplines. In support of the notion that fine arts instruction should be delivered as discrete, stand-alone subjects, proponents argue that this approach ensures that students receive a comprehensive and coherent arts education.

The integration of music education in the classroom has been shown to encourage students to engage deeply with musical ideas.

Furthermore, the integration of fine arts education fosters cultural awareness, appreciation, and understanding. The arts represent a domain of cultural experience that is both discernible and amenable to teaching, research, and attainment.

This research employed a mixed-methods approach to investigate the impact of integrating fine arts into the primary grades curriculum. This methodological combination is advantageous in producing a more comprehensive and nuanced understanding of the research problem by leveraging the strengths of both quantitative and qualitative methods.

Quantitative data was collected through standardized assessments to measure academic achievement in subjects such as reading, writing, and mathematics. The qualitative component entailed the conduction of classroom observations, student interviews, and teacher focus groups, which were utilized to capture the richness and complexity of the lived experiences of students and teachers within the integrated arts program. The integration of music education in the classroom fosters students' profound engagement with musical concepts. The selection of teachers was based on their experience and expertise in integrating fine arts into their teaching practices.

In conclusion, the integration of fine arts into primary grades could be a promising paradigm for creative education. The integration of art therapy into the ninth-grade English classroom of an urban high school has the potential to contribute to a reduction in drop-out rates, an improvement in school performance, and an enhancement in students' attitudes about school, family, and self. Fine arts experiences have the potential to nurture critical thinking, problem-solving, and communication skills, which are vital for success in the 21st century. By providing opportunities for self-expression, collaboration, and cultural awareness, fine arts education has the potential to empower children to reach their full potential and become engaged, responsible citizens (Valdivia et al., 2021) [16]. It has been suggested that arts education can positively impact self-image and quality of life in economically and culturally deprived communities. Furthermore, increased participation in the arts may contribute to addressing the achievement gap between students from low- and high-income backgrounds. Strong leadership and support are essential for effectively implementing changes in the curriculum that benefit students. It is essential for educators, policymakers, and stakeholders to recognize the value of fine arts education and prioritize its integration into the primary grades curriculum. It has been suggested that arts-based interventions can encourage more invested and engaged participation in the learning process [17]. Participation in the fine arts may be associated with increased critical consciousness. Engagement in the arts has the potential to contribute to personal growth, collective recognition, and self-esteem, which can in turn support the empowerment of young people. The fine arts can be harnessed in human service to meet human needs and address social issues by encouraging innovation and creativity. It has been suggested that the arts may foster resilience through the development of person-level protective factors, such as self-efficacy, improved emotional regulation, social skills, and coping skills. Arts integration has the potential to broaden young people's imagination, empowering them to co-create new scenarios for transformative change.

REFERENCES:

1. Hayes, D. (2004). Understanding creativity and its implications for schools. In *Improving Schools* (Vol. 7, Issue 3, p. 279). SAGE Publishing. <https://doi.org/10.1177/1365480204048930>
2. Kanematsu, H., & Barry, D. M. (2015). Creativity and Its Importance for Education. In *Intelligent systems reference library* (p. 3). Springer Nature. https://doi.org/10.1007/978-3-319-19234-5_1
3. Culajara, C. J. (2021). Competency Level of MAPEH Teachers in Teaching Performing Arts Based on K to 12 Curriculum in Secondary Public Schools. *Instabright International Journal of Multidisciplinary Research*, 3(2), 23. <https://doi.org/10.52877/instabright.003.02.0036>
4. Torrance, E. P. (1984). The Role of Creativity in Identification of the Gifted and Talented. *Gifted Child Quarterly*, 28(4), 153. <https://doi.org/10.1177/001698628402800403>
5. Miendlarzewska, E. A., & Trost, W. J. (2014). How musical training affects cognitive development: rhythm, reward and other modulating variables [Review of How musical training affects cognitive development: rhythm, reward and other modulating variables]. *Frontiers in Neuroscience*, 7. *Frontiers Media*. <https://doi.org/10.3389/fnins.2013.00279>
6. Villamizar, C. A. D. (2021). The Importance of Music Education in the Development and Performance of Executive Functions. <https://doi.org/10.20944/preprints202102.0195.v1>
7. Gullatt, D. E. (2008). Enhancing Student Learning Through Arts Integration: Implications for the Profession. In *The High School Journal* (Vol. 91, Issue 4, p. 12). University of North Carolina Press. <https://doi.org/10.1353/hcj.0.0001>
8. Bautista, A., Yeung, J., McLaren, M. L., & Ilari, B. (2022). Music in early childhood teacher education: raising awareness of a worrisome reality and proposing strategies to move forward. In *Arts Education Policy Review* (Vol. 125, Issue 3, p. 139). Taylor & Francis. <https://doi.org/10.1080/10632913.2022.2043969>
9. Faulkner, P. (2020). The Great Promise of a Community-Engaged Arts Education: Analysis and Recommendations.
10. Fernandez, M. (2022). Evaluation of Arts-Based Performance Tasks in Hybrid Classes. *JPAIR Institutional Research*, 19(1), 130. <https://doi.org/10.7719/irj.v19i1.840>
11. Sakre, T., & Sugianto, H. (2020). Art-Based Community in Surabaya as an Alternative Art Learning Media for Student. <https://doi.org/10.2991/assehr.k.200321.034>
12. Deng, Z. (2021). An Analysis of the Possible Significance of Music Education on the Practice of a Performer. *Advances in Social Science, Education and Humanities Research/Advances in Social Science, Education and Humanities Research*. <https://doi.org/10.2991/assehr.k.211011.027>
13. Guo, X. (2023). Thoughts and Countermeasures on Humanities Education in Colleges and Universities. In *Frontiers in Educational Research* (Vol. 6, Issue 4). <https://doi.org/10.25236/fer.2023.060403>
14. Barkhordari, M., Nasrabadi, H. B., Heidari, M. H., & Neyestani, M. R. (2016). The Importance of Art-Based Curriculum in Peace Education. In *Review of European Studies* (Vol. 8, Issue 4, p. 220). Canadian Center of Science and Education. <https://doi.org/10.5539/res.v8n4p220>
15. Piila, E., Salmi, H., & Thuneberg, H. (2021). STEAM-Learning to Mars: Students' Ideas of Space Research. In *Education Sciences* (Vol. 11, Issue 3, p. 122). Multidisciplinary Digital Publishing Institute. <https://doi.org/10.3390/educsci11030122>
16. Valdivia, I. M. Á., Velasco, M. M., & Humanes, P. R. (2021). Linking curriculum content to students' cultural heritage in order to promote inclusion: an analysis of a learning-through-the arts project. *International Journal of Inclusive Education*, 27(13), 1487. <https://doi.org/10.1080/13603116.2021.1900425>
17. Beagle, A. (2021). Creative Interventions: Integrating Arts-Based Approaches in a University Access Programme. In *Education as Change* (Vol. 25). Unisa Press. <https://doi.org/10.25159/1947-9417/8688>

ӘОЖ 821.512.122-1

«ҚАЗАҚТЫҢ БАРШАСЫН, ҚОЛДАСЫН АЛАШЫ»

Қожағұлов С.Қ.

Ф.ғ.к., І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.
Sailau.24@mail.ru

Мақалада І. Жансүгіровтің әдеби мұрасында алаш рухы дәріптелетіні атап өтілген, оның өлеңдері мен поэмалары, идеялық-танымдық таланты, ақынның ағартушылық күрестегі жанқиярлығы, оның ұстанымы, балаларға арналған ауызша халық әдебиеті үлгілерін жинаудағы еңбегі, әншілердің, ақындардың, композиторлардың мұрасын жинақтауы, алаш зиялыларының еңбегіне қосқан үлесі нақты мысалдармен дәлелденген.

Кілт сөздер: Алаш, әдеби мұра, лирика, поэма, ағартушы-демократ, империя, отарлау, репрессия.

В статье отмечено, что в литературном наследии И.Жансугурова воспеваются дух алашей, его стихи и поэмы, его идейно-тематический талант, самоотверженность в просветительской борьбе поэта, его позиция, его заслуги в сборе образцов устной народной литературы для детей, наследия певцов, поэтов, композиторов вклад в труд алашских интеллектуалов доказан на конкретных примерах.

Ключевые слова: Алаш, литературное наследие, лирика, поэма, просветитель-демократ, империя, колонизация, репрессия.

The article notes that the literary heritage of I. Zhansugurov praises the spirit of Alash, his poems and poems, his ideological and thematic talent, dedication in the educational struggle of the poet, his position, his merits in collecting samples of oral folk literature for children, the heritage of singers, poets, composers contribution to the work of Alash intellectuals proved by concrete examples.

Key words: Alash, literary heritage, lyrics, poem, enlightener-democrat, empire, colonization, repression.

Әдебиет – ұлт өмірінің шежіресі. Басқаша айтсақ, ұлт тарихы мен әдебиет тарихы біте қайнасып жатады. Ғасырлар тоғысында, аласапыран өзгерістер мен төңкерістер тұсындағы қазақ әдебиетіне олжа салған, жыр Құлагері атанған, эпикалық жанрдың өрісін жаңаша мазмұнда дамытқан, лирикалық өлеңдері мен этнопоэтикалық толғаулары арқылы өзіндік өрнек қалдырған ақын, ұлтымыздың біртуар перзенті, көсемсөзші, ағартушы, қоғам қайраткері, жазушы, ақын - Ілияс Жансүгіров өмір сүрген қилы кезеңнің ақиқатына да көз жіберу қажет.

Ақын өмір сүрген кезең – ХХ ғасырдың бас кезі – Ресей топырағындағы дүр сілкіністердің, азаттық, теңдік үшін бас көтерулердің, арпалыстардың кезеңі болды. Алаш жұрты сол кездегі тарихи жағдайдың аласапыранынан, саяси күштердің қақтығысының салдарынан қолдау таппаса да ел болуды, жеке мемлекет құруды мақсат тұтты.

Ілияс өмір сүрген уақыттағы дүрбелеңдер оның дүниетанымы мен көзқарасына, азаматтық, ақындық тұлғасының қалыптасуына, шығармаларының мазмұны мен тақырыптық-идеялық арқауына зор әсер етті, із-таңбасын салды. Ілияс поэзиясының бастауынан-ақ алаш зиялыларының бастамасына үн қосу, ағартушылық идеясына атсалысу, ұлтты ояту бағыты айқын көрініс тапқан. Ақын шығармаларында үлкен бір арна жасаған қазақтың өнері әні мен күйі туралы. Хақ сөйлеп, ақиқатты айтып өткен ақиық ақынның «Әншіге», «Бұлбұлға», «Жанды сөз» сияқты өлеңдерінен бастау алған тақырып «Күй», «Күйші», «Құлагер» сынды теңдесі жоқ эпикалық туындылар туғызғаны анық.

Нәтижелер мен талқылаулар

Алашты оятқан Абай поэзиясының игі әсерінен желі тартқан, «ояну дәуірі» аталған кезеңде алаш көсемдері А. Байтұрсынов «Маса» болып ызыңдып, М. Дулатов «Оян қазақ» деп ұрандап жатқанда, Ілияс та:

Өнерге ұмтыл, өнерді біл, замандас!
Қамдан жатпа, заманыңнан хабарлас!
Ынта салсаң, білім туын қолға алсаң
Теңдік тиер, ешкім күйе жаға алмас [1,38] – деп өз үнін қосты.

Ілиястың алғашқы қызметі Жетісудағы халық ағарту жұмысына араласудан басталған-дықтан, «Жастар», «Жалпы жасқа», «Жас бұлбұлдарға», «Жастар ұраны, «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Күзде» деген өлендерінде жас буындарды өнер-білімге үндеді. Сыншыл реалистік, ағартушылық- дидактикалық бағытта елдің артта қалушылығын сынай отырып, отаршылдық езгіге қарсы Ілияс та, асқақ арманын, еліме еңбек етсем деген мақсатын:

Оқығанда кім болам? Жанарыңа нұр болам. Оқығанда кім болам?, Аулыма ай, күн болам, - деп түйеді [1,207]. Сегіз аяққа» ішкі мазмұнымен де сыртқы формасымен де еліктеген ақын 1915-16 жылдар шамасында жазған өлеңінде:

Ашылар ма көз,
Іс болар ма сөз,
Көп көксеген күн туып,
Дауыл жел айдап,
Жауын сел қайнап,
Өз еркінше жүр қуып
Алу үшін теңдікті,

Сағынамыз кеңдікті [1,42 б] - деуінің астарындағы отарлық езгіден құтылуды «көп көксеген күнді», теңдікті аңсаудың тап тартысына қандай қатысы бар?

Теңдік, елдік тақырыбының отаршылдыққа қарсы бүкіл әлем әдебиетінде ертеден келе жатқан ізгі үрдіс екенін елемей ұшқары пікірлерге ұрынып жатамыз. Шынжырлаулы тағдыр-империялық құрсау тудырған тағдыр тәлейі. «Молданың мінәжатындағы» «жиһан жүзін кәпір алды», «асты мұсылман, басы кәпірлер» тәрізді тіркестердің де айтпақ ойының астарында ащы мысқыл, сарказм жатқаны айқын. Кеңестік үстемдік педанттық коммунистік идеяға сәйкес келе бермеген өлендерді «бүлікшіл өлең» деп қаралады.

О. Асқар «Жансүгіровтің жарияланбаған жырлары» атты мақаласында «Сөйтіп он тоғызыншы жылдары ақынның өз қолымен жазылып, «Айрықша басылуын өтінем» деп газетке ме, журналға ма, әйтеуір бір баспа орнына ұсынылған... бұл өлендер енді міне менің алдымда жатыр» деп ақынның «Сәулем», «Толқын», «Сөздің де сөз болған соң жүйесі бар...», «Шын үміт», «Қиял өмір», «Кісілік пен хайуандық» атты бұрын жинақтарда жарияланбаған өлендерді жариялады. «Шын үміттің» - жарияланбауының басты себебі түсінікті. 2018 жылы 28 мамырда «Әдебиет kz» порталында жарияланған Шынар Жеңісқызының «Ілияс Жансүгіровтің жарияланбаған өлендері турасында» атты мақаласында «Шын үміт» өлеңі берілген:

Ендігі іс өзінде
Ал енді Алашым,
...Ел болсын, жасасын,
Ел көзді ашарсың.
Қазақтың баршасын,
Қолдасын Алашы.
Окумен оңдалып,
...Ашылсын санасы.
Көрсетіп жарықты,

Жасатсын алашы [2, 207 б] - деп жырлаған ақынның алашылдығы, өлеңнің басылмауына басты себеп болса, нәубет жылдарында «ұлтшылдығына» тағылған айыптар болғаны да ақиқат. Айшықтың соңғы тармағындағы «Жасатсын алласы» деген тіркестің текстологиялық түйткілі бар сияқты. «Қазақтың баршасын, Қолдасын Алашы» - деп басталған шумақты ақын «Жасатсын алласы» - деп түйіндемесе керек-ті. Алашқа арнап өлең жазып, алашты қолдап жүрген ақынның өлеңіндегі текстологиялық түйткіл өлеңнің мағынасына да

үйлеспей тұрғандай. Ілияс мұрасына мұқият текстологиялық талдауды тек «Жалын» журналының 2010 жылғы 9-санында жарияланған К. Әбдіқалықтың «Ілияс Жансүгіров шығармаларының текстологиясы» [3, 207 б] мақаласынан басқа кездестірмедік.

Ілиястың азамат соғысы мен кеңестік кезеңнің алғашқы жылдарында жазған "Жел" өлеңіндегі "жел" «дауыл», «толқын» тәрізді бейнелі ойлар Мағжан поэзиясындағы алаштық символикалық сипатта. Ілияс осы кездерде романтикалық пафосты, символдық тұспал өлеңдерді көп жазды. І. Жансүгіров шығармашылығына қатысты сындар көрігін қыздырған, астарлы ой, тұспалды «тап басып таныған» Құлмырза Өтепов: «Дала», «Күйші» поэмаларындағы жазушының әдісі қате» деген пікір айтып, бұл поэмаларда реализмнен гөрі символика басым деген дұрыс қорытынды жасайды да Ілияс поэзиясында ұлттық, елдік, мемлекетшілдік идеяны символистік тұспалмен бергенін айыптайды.

Өзгеге ұғындырмас өзі бұзбай,
Сыншыдан сақта құдай сортаң тұздай.
Шатасқан шалдуардан жиіркенем,

Елімнің ескісінен сөз айтқызбай [4,309 б] - деп шамырқанған ақын астарлап айтса да, тұспалдап айтса да «андыған жау алмай қоймайтыны» бесенеден белгілі еді. Күйші халықтың қабырғасын сөгіп, шұрайлы жерін, малын матап алып, батырын байлап, арын "жайлаған", кешегі "ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама" заманы қайта туып келе жатқан, қазақ сахарасы түгелдей атқа мініп, атой салар күннің туғанын:

Күңіреніп "Асанқайғы" күй толғанды,
Желмая желе жортып жерді шалды.
Алатау, Алтай, Арқа, Қырды, Сырды

Аралап, қоныс таппай күй зарланды, [4,175 б.] - деп тұспалдап жеткізген. Демек, күйші жігітіміз бұл үзіндіде бұған дейін оған беріліп келген бағадан бойы асып, аруақтанып, ел бастаған, ел қамын жеген едігелерше "желмая мініп", жұтаған жұртын бекіністерімен шошытып, жалмап келе жатқан - отаршыл орыс империясынан сақтануға шақырады.

Әдебиет тарихына қосылған тыңғылықты жиналаған қомақты еңбектердің ұлт мәдениеті үшін маңызы айрықша болғанымен, салпаңқұлақ ізшілдер үшін «ұлтшыл» деп айыптаудың көзіріне де айналды.

Тамсантқан әніменен кәрі, жасын,
Демейміз елге Ақанды сөз қылмасын.
Әңгіме Ақан емес, Құлагер ғой, [4, 319 б]

Осынан бастамақшы ек сөздің басын,— деп, меңзеген ойдың астарында империялық идеологияға, отаршылдық саясатқа қарсылық идеясын ішімізден шыққан «көзі ашық тыңшы-сыншылар» аңғармай қала алмады. Отаршылдықты аяусыз сынаған Ақан мұрасының «зияндығын жазбай таныған», «тапқырлығы мен талантына» табынған белсенділер «олжаларын» жедел жариялауға, ақынды қаралауға білек сыбана кірісті.

Әдебиеттанушы ғалым, профессор А. Ісімақова: «Күй», «Күйші», «Құлагер» поэмалары 30 жылдардағы қазақтың көңіл күйін, оның тәуелсіз рухты аңсағанын бейнелеген классикалық туындылар», «...Құлагердің бәйгеден озып келе жатқанда дұшпанның қолынан мерт болуы, жүйрік сәйгүліктің адам қолынан қиянатқа ұшырауы кеңес заманының сырын әшкерелеуге арналған меңзеу»- дейді [5,416 б].

«Дегенмен де, бұған дейінгі қалыптасқан дәстүрдің қарқынымен идеология уысына сыймайтын дүниелер жатқандығын» профессор Б. Ыбырайым әділ пайымдайды [6,19 б].

1925 жылғы 18 мамырда Қазақстанда Пролетар-шаруа жазушылардың Қазақ ассоциациясы (ҚазАПП) құрылды. ҚазАПП жаңа социалистік әдебиет жасау ісін қолға алды. ҚазАПП қызметінде қазақтың ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті дәстүрлерін жоққа шығару көзқарасы барған сайын белең алып, ауыз әдебиетінен мейлінше сусындаған

ақынның ауыз әдебиеті мұраларын жинаудағы, жариялаудағы, фольклорлық дәстүрді дамытудағы еңбегі де қаралаудың құралына айналды.

«Зар заман» өкілі Албан Асанның мұрасының алғаш жиналып, қатталып, қағаз бетіне түсіп, зерттелуінде тікелей Ілиястің ізденіс іздері жатыр. Жетісуда 1916 жылы болған көтеріліс жөнінде деректер жинау үшін ұйымдастырылған комиссия құрамында 1926 жылы Қарқара жайлауына барған сапарында Албан Асан Барманбекұлы жайлы әңгімелерді М.Байпақұлынан жазып алып, 1926 жылы «Асан туралы» деген мақала жазады. «Тезек төре мен Бүйемайдың», «Тезек төре мен Бақтыбайдың», «Құлмамбет пен Түбек ақын» айтыстарын жазып алып, айтыс ерекшеліктері мен көлеміне қатысты тың деректер береді. 1934 жылы «Жас қазақ» журналында жаңылпаштарды, 1926 жылы «Жаңа мектеп» журналында «Албан Асан мен Бөлтірік шешеннің» сөздерін жариялады. Қазақ әдебиетінің тағы бір қормалы мұрасы билік, шешендік сөздерден 100 беттік көлемді жинақ дайындап, 1935 жылы Сүйінбай ақынның толғаулары мен айтыстарын жинап, Фатима Ғабитовамен бірге «Сүйінбай ақын» атты кітап шығарады. Ақын қазақтың өткен әдебиеті мен жаңа әдебиетінің парқын түгел салыстыра пайымдады. Мұндай жан-жақтылық, ұлтжандылық – Алаш азаматтарына ортақ қасиет болатын.

Алаш зиялыларының шығармаларында еркіндікті, азаттықты, тәуелсіздікті аңсау тақырыбына Ілияс сәл кеш келгенімен астарлы ой, айналмалы жолмен орағытып, «сәулесі бар жігіттер бір ойланар» деген үмітін үзбеді. Ол азаттықты ту етіп көтерген алаш жұртының ұлылығын, рухын қобыздың сарынымен, домбыраның күмбірімен жеткізген «Күй» мен «Күйшідегі» сарыннан айқын аңдалады. «Боздаса «Бозінгенді» зарлы қобыз, Сарыны сар даланың аңыраған»-деген ишара - авторлық идеяның темірқазығы.

1935 жылы Мәскеуде шыққан «Күйші» поэмасын орыс тіліне аударған В.Рождественский: «Бұл ақынды аудару арқылы мен еркіндік сүйгіш, ақынжанды қазақ халқының жүрегіндегі өзгеше бір ғажайып қасиет барын сездім» десе, ақынды ақынның, Ілияс поэзиясының астарындағы азаттық идеясын да айқын танығаны. Ілияс ақынның поэзиясы - өз дәуірінің ақиқат үні, Ұлы даланың келешек күндерінің де ұлттық ұраны.

Ақынның «Құлагер», «Күй», «Исатай» поэмаларының, «Исатай-Махамбет» драмасының өзегіндегі алаш идеясын аңдау қиын емес. Ілияс ұлы даланың тәлейлі тарихын поэтикалық пайыммен эпикалық кеңістікке шығарған, ұлттық рухтың, өнер киесінің сырын терең толғаған ақын. «Күйшінің» соңғы тарауында:

«Абылай Көкшетауда көшпелі хан,
Кәні, кім ондай болды ұрпағынан?
Ақ туын Абылайдың кім көтерді,
Алашта, дүниеден көшкелі хан?

Жау жорық, болды заман жұрт шулаған,
Шаң беріп әр жерден бір қиқулаған.
Абылай аруағым, ала туын

Көтерсем... көтерілер өшкен ұран...» - дейді, [7,178 б] Шумақтағы эллипсис - ұлттық рухымыздың аруақты ұранымыздың асқақтығын аңдатып тұрған тағдырлы нәқаттар.

"Күйшіні" монархияны аңсаған, ұлы орыс халқының бауырмал құшағынан қазақтарды жұлып алып, жеке билеп-төстемек болған қанішер Кенесарыны, үстем билікті адуын Ханышаны дәріптеп жазған теріс пиғылды, астары арам құлыққа жетелеген, тәрбиелік мәні тұрлаусыз, мағынасы келмеске кеткен өткен өмірді, ұлтшылдықты, ханшыл, ұлтшылдықты, байшылдықты, рушыл, діншілдікті аңсаған зиянды, арам ниетті туынды қатарына қосып, жаназасын шығарып тынды.

Ерлік пен елдікті, өнерді, ұлттық рухты толғаған поэмаларында бастан-аяқ қазақы болмыс пен оның тағдыр-талайын жыр етіп, сөз астарында Абылай мен хан Кене арқылы қазаққа келешектің бағыт-бағдарын нұсқап отырады. «Кешегі алаштың ағасының, елдің –

панасының өткен ізін, жасаған жақсылық, ерлік істерін саралап, оқыған алаштың игілігіне арнап, «...орыстың талқысына езілген қарапайым халыққа қорған болу, «көк өрім, қой көзді» жастарға бағыт-бағдар, жөн сілтеп, озық жұрттардың қатарына ұмтылдыру, даласынан пана, тауынан сая таппай шетке босқан еліне тоқтау салу, «қойдай қырылған алашының» жанына араша болу...т.с.с. толып жатқан ел тағдырын қолға алып, тойтарыс беру екендігін астарлы ойлары арқылы ұдайы айтып отырады» [8, 656 б] - Ж. Хамай.

М. Жұмабаевтың бастауымен, алаш көсемдері Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсыновтар қолдаған «Табалдырық» аталатын әдеби платформаны жазуға, «Алқа» әдеби ұйымын ұйымдастыруға 1925 жылы Мәскеуге оқуға барған Ілияс та қатысқан. Ол жайлы 1938 жылы 6 қаңтарда тергеушіге берген жауабында М. Жұмабаев: «келесі жылы ГИЖ-ға оқуға келген І. Жансүгіров оған кейбір түзетулер енгізді» [9, 656 б] деген. «Алқа» бағдарламасының басты мұраты «қазақтың өз ойын, өз сезімін, өз қиялын жырлау» болса, Ілияс та осы ұлттық мақсатқа өзінің шығармашылық мұрасымен үлесін қосты.

Қорытынды

Әрбір ұлттың әдебиет тарихында қатарынан үздік шығатын дара таланттар болады, ондай перзентін қазақ халқы біртуар деп атайды. Олар ұлттың мәдениеті мен әдебиетінің, тарихының тұтас дәуірінің келбетін де анықтайды. Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт тәрізді алаштық әдебиет майданында биік көркемдік сипаттағы дүниелерін туғызған алаш алыптарының ізін баса келген, екінші толқын С. Сейфуллин, Б. Майлин, І.Жансүгіровтер де ұлттық, алаштық ұранын, азаттық жолындағы күресте ақындық азаматтық ұстанымын, ағартушылық-дидактикалық ағымда жырға қосты. Оқыған зиялылар арасынан ел бағытын айқындап, сара жолды нұсқап, адастырмас даңғылға алып шығуға ұмтылған талантты тұлғалар шоғырында Ілиястың да тұлғасы асқақ.

Кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарында «Қуантуға ел-жұртты, асығып тез аттанғандардың» қатарынан Ілиястың да, Бейімбеттің де қызыл жалаулы жырлар жазуына себеп отар ұлттар теңдігін пролетарлық үкіметтен үміттеніп күткен, шынайы сенгендігі, адасуы емес, саясат сапырылысқан аласапыран кезеңде «шынжырлаулы тағдырлы» қалың елінің болашағына алаңдаған ақындық, азаматтық, ұлттық мұраттары еді. Тұқымы құнарлы топыраққа түсіп, өнегелі, өнерлі өскен елі, ортасы өмір мектебіне айналып, талмай ізденіп, қиыншылыққа «қарағайға қарсы біткен бұтақтай» қарсы тұрып, өнер жолын ақындықтан тапқан Ілияс Жансүгіров өз өмірін өлеңімен өрді. Шығармашылық жолын мұқият қадағалай қарап, өлеңдерін даму эволюциясымен зерлесек, алашшыл ақынның өмір жолы, өнер жолы, шығармашылық өсу жолы – бәрі-бәрі ұлтына, ұрпағына қалдырған мол асыл мұрасында тайға таңба басқандай сайрап жатыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы,-Алматы: «Қазығұрт», баспасы, 2004. Үшінші том: поэмалар.- 432 бет.
2. adebiportal.kz/kz/news/view/ilias-zansugirovtin
3. Әбдіқалық К. «І. Жансүгіров шығармаларының текстологиясы» «Жалын», 2010 ж, 9
4. Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы,-Алматы: «Қазығұрт», 2004. Үшінші том: поэмалар. - 408 бет
5. Ісмақова А. Алаш әдебиеттануы.- Алматы: «Мектеп», 2009.-560 бет.
6. Ыбырайым Б. Қазақ лирикасы.-Алм:Абай ат.ҚазҰПУ. «Ұлағат», 2013.-144 б.
7. Жансүгіров Ілияс, Көп томдық шығармалар жинағы,-Алматы: «Қазығұрт», баспасы, 2004. Үшінші том: поэмалар.- 408 бет.
8. Жүкел Хамай «Алашорда және І. Жансүгіров» «Білім шапағаты» 17.12.2010
9. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы: Екінші кітап.-Алматы: Мектеп, 2017.-656 б.

ӘОЖ 372.1

ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІҢ АТҚАРАТЫН НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Манасқызы А.

Магистрант. I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Ғылыми жетекші: PhD, оқытушы-дәріскер Абызова А.М.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

aray.manaskyzy@mail.ru

Тыныс белгілерінің атқаратын негізгі функциялары көрсетілген. Сонымен қатар тыныс белгілерінсіз жазба тілдің жағдай не болатыны, қандай қиындықтарға кездесетініміз талданған. Сөйлем мен сөйлем мүшелерін ажыратуда, Интонация мен үзілістерді көрсетуде, Эмоциялар мен көңіл-күйді білдіруде, мағынаны нақтылауда, жалпы жазбаға қарым қатынас орнатуда тыныс белгілерінің алатын орны түсіндірілді.

Кілт сөздер: тыныс белгілері, жазба тіл, интонация, контраст.

Показаны основные функции знаков препинания. В нем также анализируется, что произошло бы с письменной речью без знаков препинания и с какими трудностями мы бы столкнулись. Была объяснена роль знаков препинания в разделении предложений и частей предложения, обозначении интонации и пауз, выражении эмоций и настроения, прояснении смысла и в целом в установлении письменной коммуникации.

Ключевые слова: пунктуация, письменная речь, интонация, контраст.

The main functions of punctuation marks are shown. In addition, the situation of written language without punctuation marks is analyzed, and what difficulties we encounter are discussed. The role of punctuation marks in separating sentences and clauses, in showing intonation and pauses, in expressing emotions and mood, in clarifying meaning, and in establishing written communication in general is explained.

Key words: punctuation marks, written language, intonation, contrast.

Тыныс белгілері біздің ойымызды нақты жеткізу үшін, әрі оны мағыналық бөліктерге бөлу үшін қолданылатын шартты белгілер. Ол шартты белгілерге нүкте, үтір, қос нүкте, нүктелі үтір, көп нүкте, сызықша, тырнақша, сұрау белгісі, леп белгісі, жақшаны жатқазамыз. Тыныс белгілері – көмекші қызметті атқаратын жазу элементтері, Мәтіннің мағыналық бөлімдерін, сөйлемдерді, сөз тіркестерін, сөздерді, сөз бөліктерін бөлу және ерекшелу; сөздер арасындағы грамматикалық және логикалық байланыстардың көрсеткіші, сөйлемнің коммуникативтік түрі, оның эмоционалдық бояуы, толықтық дәрежесі қазметтерін атқарады. Мәтінді синтаксистік тұрғыдан безендіретін тыныс белгілерінің арқасында оқырмандардың оны қабылдауы мен түсінуі, ал мәтінді дауыстап айтқанда, оны интонациялық ресімдеу (атап айтқанда, семантикалық үзілістер мен логикалық екпіндерді атап өту) оңайырақ болады. Тыныс белгілерінің пайда болуы қажеттіліктен туындады. Өз ойыңды жазғанда келесі адамға нақты түсінікті жеткізілуі, әрі мағыналық ойды жеткізуге жеңіл болуы үшін тыныс белгілеріне қажеттілік туындады. Тыныс белгілері жазба тілдің анықтығын, дәлдігін және мәнерлілігін қамтамасыз ететін бірнеше негізгі қызметтерді атқарады [1. 79б.].

Тыныс белгілерінің негізгі функциялары:

1. Сөйлем мен сөйлем мүшелерін ажырату

Тыныс белгілері сөйлемдерді жеке мағыналық бірліктерге бөлуге, сондай-ақ күрделі сөйлем мүшелерін шектеуге көмектеседі. Бұл мәтінді түсінікті және түсінікті етеді. Мысалы: «Мен қалаға бардым, ал бауырым үйде қалды».

2. Интонация мен үзілістерді көрсету

Тыныс белгілері мәтіннің интонациясына, қарқынына, ырғағына әсер етеді. Олар оқырманға қай жерде үзіліс жасау, дауысын көтеру немесе төмендету және маңызды

бөліктерді бөлектеу керектігін түсінуге көмектеседі. Мысал: «Сен бұл шынымен дұрыс деп ойлайсың ба?» — сұрақ белгісі сұрақтың интонациясын көрсетеді.

3. Эмоциялар мен көңіл-күйді білдіру

Леп белгісі, сұрақ белгісі сияқты тыныс белгілері мәтінге эмоционалдық реңк беріп, автордың сезімін жеткізуге көмектеседі. Мысалы: «Мен сені көргеніме өте қуаныштымын!» — леп белгісі сөз тіркесінің эмоционалдық бояуын күшейтеді.

4. Тікелей сөйлеудің шекарасын белгілеу

Тыныс белгілері (мысалы, тырнақша, көп нүкте, сызықша) тікелей сөйлеуді ерекшелеуге және оны автор мәтінінен анық бөлуге көмектеседі. Мысалы: Ол: «Мен сені ертең күтіп аламын», - деді.

5. Мағынаны нақтылау

Тыныс белгілері сөйлемнің мағынасын нақтылау үшін қолданылуы мүмкін, мысалы, түсіндірме қосу үшін үтір, сызықша немесе жақшаны пайдалану. Мысалы: «Менің көршім—Асан кеше үйіне кеш келді». — сызықша түсініктемені ерекшелейді.

6. Сөйлемнің біртекті мүшелерінің шекарасын белгілеу

Тыныс белгілері сөйлемнің ұқсас бөліктерін бөлуге көмектеседі, мысалы, үтір, нүктелі үтір немесе сызықша. Мысалы: «Мен нан, сүт, ірімшік және ет сатып алдым».

7. Контраст немесе қарама-қайшылықты құру

Тыныс белгілері сөйлем мүшелерінің арасындағы қарама-қарсылықты немесе қарама-қарсылықты атап көрсетуге көмектеседі. Мысалы: «Ол далаға шықпады - ол үйде қалды».

8. Әсерді күшейту үшін үзілістер жасау.

Эллипс немесе сызықша үзіліс жасайды, ол драма қосуға, күдікті күшейтуге немесе айтылмаған нәрсені қалдыруға мүмкіндік береді. Мысал: «Ол оған қарап: «Мен... айта алмаймын...», - деді» — эллипс шиеленісті қосады.

9. Түсіндіру үшін көрсеткіш.

Тыныс белгілерін нақтылауды немесе түсіндіруді көрсету үшін пайдалануға болады, мысалы жақшалар немесе сызықшалар арқылы. Мысал: «Кеше сабақта (ол 2 сағатқа созылды) біз жаңа материалды оқыдық.»

Тыныс белгілері жазбаша тілді ұйымдастырудың маңызды құралы болып табылады, олар оның құрылымын анықтайды, мағына мен эмоцияны беруге көмектеседі, мәтін бөліктері арасындағы қарым-қатынасты нақтылайды және түсінуге оңай етеді. Тілде тыныс белгілері болмаса, жазбаша сөйлеудің құрылымы мен қабылдауын қатты өзгертер еді. Олай болса бірнеше аспектілерін қарастырайық:

1. Мәтінді түсіну. Тыныс белгілері сөйлемдерді, сөз тіркестерін және сөздерді ажырату үшін қызмет етеді, семантикалық екпіндерді ерекшелеуге көмектеседі, үзілістерді, интонацияны және мәтін бөліктері арасындағы қатынастарды көрсетеді. Тыныс белгілері болмаса, оқырман мәтіннің мағынасын түсіну қиынға соғуы мүмкін.

Көп мағыналылық: Тыныс белгілері жоқ мәтінде бірдей сөздер тізбегі оның қалай түсіндірілетініне байланысты бірнеше мағынаға ие болуы мүмкін. Мысалы, «Мен балаларды жегім келеді» деген сөйлемді үтірсіз балаларды жегім келеді, ал үтірмен «Мен балаларды жегім келеді» - балалардың бар екендігі туралы мәлімдеме ретінде түсінуге болады.

Түсініксіз құрылым: Тыныс белгілері болмаса, бір сөйлемнің аяқталып, екіншісінің қай жерде басталатынын түсіну қиын болар еді. Бұл әсіресе күрделі ғылыми немесе философиялық мәтіндерге қатысты мәтіндерді ұзақ және түсінуді қиындатады.

2. Интонацияға қатысты мәселелер. Сөйлеу тілінде интонация, пауза және екпін тыңдаушыларға қай сөздердің маңызды, қайсысы маңызды емес екенін түсінуге мүмкіндік береді. Тыныс белгілері жазуда да осындай қызмет атқарады. Оларсыз адам қашан үзіліс жасау керектігін, мәлімдеменің қандай эмоционалды бояуға ие болуы керектігін және күрделі сөйлемдерді қалай дұрыс қабылдау керектігін білмейді. Мысалы, сұраулы сөйлемдерде (мысалы, «Сен келдің бе?») сұрақ белгісі оқырманға оның сөйлем емес, сұрақ екенін түсінуге көмектеседі. Тыныс белгілерінсіз сұрақты мәлімдеме немесе ұсыныс ретінде қабылдауға болады [2.3126.].

3. Жазбаша қарым-қатынастағы қиындықтар. Тыныс белгілерінсіз жазу сөйлеу тіліне көбірек ұқсайды, мұнда интонация, ым-ишара және контекст екпін беруге көмектеседі. Алайда жазбаша сөйлеуде мұндай белгілер жоқ, бұл айтарлықтай қиындықтар туғызады. Мысалы: Түсініктемедегі қателер: хаттар, кітаптар, ғылыми жұмыстар және ресми құжаттар нақты құрылымның болмауына байланысты түсінбеушілік пен қателіктерге оңай ұшырауы мүмкін.

Оқудағы қиындықтардың артуы: Тіл үйренушілер, әсіресе балалар мен шетелдіктер синтаксис пен сөйлем құрылымының ережелерін меңгеруде қосымша қиындықтарға тап болады.

4. Экспрессивтіліктің төмендеуі. А.П. Чеховтың ізденуші жазушы Н.А. Хлоповқа жазған хатында тыныс белгілерінің мәтіндегі рөлі атап өтіледі, атап айтқанда адресаттың дебюттік әңгімесінде олардың кейбіреулерінің (эллипстердің) асып кетуіне және басқаларының (нүктелердің) тапшылығына назар аударылады [3.1996.]. Тыныс белгілері мәтінге мәнерлілік береді: леп белгісі эмоцияны көрсетеді, ал эллипс қиялды ынталандыра отырып, төмендеу немесе үзіліс әсерін жасай алады. Бұл белгілерсіз эмоциялар мен мағына реңктерін жеткізу қиынырақ болар еді. Мысалы, «Бұл тамаша!» деген тіркесте леп белгісі болмаса, ол өзінің жарықтығын және эмоционалдық зарядын жоғалтады, ал «Ол білмейді...» сияқты тіркестердегі эллипс өзінің жұмбақ және бұлыңғыр мағынасын жоғалтады.

5. Әдебиет пен поэзиядағы қиындықтар. Әдебиет пен поэзияда тыныс белгілері мәтіннің бөліктерін шектеуге көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар эстетикалық рөл атқарады, ырғақ, қарқын, атмосфера жасайды. Тыныс белгісі жоқ поэтикалық жолдар үндестігі мен әуенінен айыратын үздіксіз сөз ағыны болып көрінер еді. Драмада тыныс белгілерінің болмауы диалогты аз экспрессивті етеді, өйткені интонация мен үзіліс эмоция мен шиеленісті жеткізуде шешуші рөл атқарады.

6. Халықаралық коммуникациядағы мәселелер. Қазіргі әлемде жазбаша қарым-қатынас халықаралық қатынастарда, бизнесте және ғылымда үлкен рөл атқарады. Тыныс белгілері болмаса, әртүрлі елдер мен мәдениет адамдары арасында, әсіресе ресми құжаттар мен келіссөздерде анық, нақты және бір мағыналы қарым-қатынасты сақтау қиын болар еді.

7. Тілдің құрылымын өзгерту. Тыныс белгілері болмаса, тілдің өзі де осы жағдайға бейімделер еді. Бұл синтаксис пен морфологияға әсер етуі мүмкін. Мысалы, тыныс белгілерінің жетіспеушілігін өтеу үшін тіл күрделі грамматикалық құрылымдарды дамыта алады. Бұл сөз тәртібі немесе арнайы конструкцияларды қолдану арқылы сөйлемнің бөліктерін интонациялық түрде ерекшелеудің әртүрлі тәсілдері болуы мүмкін.

Қорытындылай келе, тыныс белгілері жазбаша сөйлеу құрылымында маңызды рөл атқарады, оны түсінікті, мәнерлі және түсінуге жеңіл етеді. Оларсыз жазбаша қарым-қатынас анағұрлым күрделі, түсініксіз және түсіндіруге ұшырайтын еді. Тыныс белгілері жоқ кітаптардың да басылып шығуын елестете алмаймыз. Демек, тыныс белгісі біздің өмірімізде ерекше орын алады. Тыныс белгілерінсіз экспрессивтілік төмендеп, мәтінді түсіне алмайтын едік, сонымен қатар жазушының ойын, не жеткізгісі келгенін дәл түсіну барысында, тілдің құрылымы өзгеріп, жазбаша қарым-қатынас орнатуда қиындықтар алып келер еді. Ойымызды мағыналық бөліктерге бөлу үшін, нақты, әрі дәл жеткізу үшін, жазбаша қарым-қатынас орнатуда, жазба тілде тыныс белгілерін қолданамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ерғалиев Қ.С. Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы. Оқу құралы. 3-басылымы. –Павлодар: ПМПИ баспасы, 2016. –209 бет.
2. Бектұров Ш.К. Қазақ тілі: лексика, фонетика, морфология, синтаксис: Оқуға түсуші талапкерлерге, студенттерге және оқытушы-мұғалімдерге арналған. - Алматы: Атамұра, 2006. – 336 бет.
3. Чехов А.П. Письмо Хлопову Н.А., 13 февраля 1888 г. Москва // Полное собрание сочинений и писем: В 30 т. Письма: В 12 т. / Тексты подгот. и примеч. сост. Н.И. Гитович, А.М.Малахова, Н.А. Роскина; Ред. второго тома Л.Д. Опульская. — М.: Наука, 1975. — Т. 2. Письма, 1887 — сентябрь 1888. — С. 199—201.

ӘОЖ 378:81

7-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІ СУБҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУДЫҢ РӨЛІ: БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕРІ АЯСЫНДА

Мурат А.А.

Магистрант, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және
әлем тілдері университеті, Алматы қ.
anelmurat43@gmail.com

Бұл мақалада 7-сынып оқушыларының коммуникативті субқұзыреттілігін дамытуда интерактивті оқытудың маңыздылығы қарастырылады. Қазіргі білім берудің заманауи трендтері – оқушыны білім алудың белсенді қатысушысы ретінде қалыптастыру, ынтымақтастықта жұмыс істеу, сыни ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Интерактивті әдістер арқылы оқушылардың тілдік қатысым дағдылары, өзін еркін жеткізу қабілеті және өзара түсіністік орнату білігі қалыптасады. Мақалада тиімді интерактивті стратегиялар мен олардың оқу процесіне ықпалы, сондай-ақ осы тәсілдің оқушылардың коммуникативті әлеуетін арттырудағы артықшылықтары талданады.

Кілт сөздер: Коммуникативті субқұзыреттілік, интерактивті оқыту, заманауи білім беру, оқыту технологиялары.

В данной статье рассматривается важность интерактивного обучения в развитии коммуникативной субпродуктивности учащихся 7 класса. Современные тренды современного образования направлены на формирование учащегося как активного участника обучения, сотрудничество, развитие критического мышления и творческих способностей. Посредством интерактивных методов у учащихся формируются навыки языкового участия, умение свободно выражать себя и умение устанавливать взаимопонимание. В статье анализируются эффективные интерактивные стратегии и их влияние на учебный процесс, а также преимущества данного подхода в повышении коммуникативного потенциала учащихся.

Ключевые слова: коммуникативная коммуникабельность, интерактивное обучение, современное образование, Технологии обучения.

This article discusses the importance of interactive learning in the development of communicative subordination of 7th grade students. Modern trends in modern education are aimed at the formation of a student as an active participant in education, working cooperatively, developing critical thinking and creative abilities. Through interactive methods, students develop the skills of language participation, the ability to express themselves freely and establish mutual understanding. The article analyzes effective interactive strategies and their impact on the learning process, as well as the advantages of this approach in increasing the communicative potential of students.

Key words: communicative subordination, interactive learning, modern education, teaching technologies.

Қысқашы

Қазіргі таңда білім беру саласында оқушының жан-жақты дамуына, жеке пікірін еркін жеткізе білуіне, тілдік және әлеуметтік әрекеттерге белсенді қатысуына басымдық берілуде (OECD, 2020). Осындай мақсаттарды жүзеге асыруда коммуникативті субқұзыреттілік маңызды рөл атқарады. Коммуникативті субқұзыреттілік – бұл оқушының түрлі жағдаяттарда тілдік құралдарды дұрыс қолданып, қарым-қатынас жасай алу қабілеті (Celce-Murcia, 2021). Бұл құзыреттілік оқушының тек тілдік білімін ғана емес, сонымен

қатар сыни ойлауын, эмоциялық интеллектісін, әлеуметтік бейімделу мүмкіндіктерін де дамытуды көздейді (Byram, 2020; Khalitova & Gimaltdinova, 2019). Білім берудегі заманауи трендтер бұл бағытты қолдай отырып, оқытудың интерактивті тәсілдерін белсенді түрде енгізуге жол ашады (Ghavifekr & Rosdy, 2019). Заманауи білім беру үдерісінде оқушы – білімнің белсенді субъектісі, ал мұғалім – бағыттаушы және қолдаушы рөлін атқарады (UNESCO, 2022). Интерактивті оқыту – осы жаңа парадигманың негізін құрайтын құралдардың бірі. Ол оқушы мен мұғалім арасындағы өзара әрекетке, диалогтік қарым-қатынасқа, бірлескен жұмысқа сүйенеді (Vygotsky, 2021). Мұндай әдістер арқылы оқушылар өз ойын еркін білдіруге, пікірталасқа қатысуға, өз көзқарасын дәлелдеуге және өзара түсіністікке қол жеткізуге үйренеді (Richards & Rodgers, 2020). Интерактивті оқыту оқушылардың қызығушылығын арттырып, оларды тілдік әрекетке тартуға ықпал етеді. Бұл оқыту түрі оқушылардың өзіндік ойлау қабілетін жетілдіреді, шығармашылық белсенділігін арттырады және ынтымақтастықта жұмыс жасау дағдысын дамытады. Сонымен қатар, оқу материалын өмірмен байланыстыру, проблемалық жағдаяттар тудыру, топтық талқылаулар ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі де күшейеді. Осылайша, оқыту үдерісі оқушының ішкі мотивациясына сүйеніп, олардың коммуникативті әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді.

Негізгі бөлім

Интерактивті оқыту – бұл мұғалім мен оқушы, оқушылардың өзара белсенді әрекеттесуіне негізделген әдіс (Jacobs & Ball, 2020). Бұл тәсіл оқушылардың сөйлеу, тыңдау, жазу, оқу дағдыларын табиғи жолмен дамытып, тілдік ортада өз ойын нақты жеткізуге үйретеді (Nunan, 2019). Коммуникативті субқұзыреттілікті дамытуда түрлі интерактивті әдістер, мысалы, рөлдік ойындар, пікірталас, жұппен және топпен жұмыс, ситуациялық тапсырмалар, жобалық жұмыстар тиімді нәтиже береді (Klimova, 2020). Мысалы, «дүкендегі сатып алушы мен сатушы» немесе «саяхаттағы турист пен гид» рөлдерін ойнау арқылы оқушылар шынайы сөйлесім дағдыларын меңгереді (Thornbury, 2020). Интерактивті әдістер оқушылардың қызығушылығын оятып, сабаққа деген мотивациясын арттырады (Ryan & Deci, 2020). Сонымен қатар, осындай әдістер арқылы мұғалім оқушының тілді қолдану деңгейін нақты бақылап, қажетті кері байланыс беруге мүмкіндік алады (Zhao & Lai, 2021). Цифрлық платформалар, бейнематериалдар, онлайн ойындар, тіл үйретуге арналған қосымшалар оқушыларды қызықтырып, оларды өздігінен білім алуға ынталандырады (Godwin-Jones, 2020). Бұл құралдар оқушыға өз қарқынымен жұмыс істеуге мүмкіндік беріп, оқу үдерісін икемді әрі қолжетімді етеді (Wang, 2022). Цифрлық технологиялар визуализацияны арттырып, есте сақтауды жеңілдетіп, тілді практикалық тұрғыда қолдануға қолайлы жағдай жасайды (Pegrum, 2021). Мұғалімнің негізгі міндеті – осындай құралдарды дұрыс таңдап, оқушының қажеттілігіне сай бағыт беру (Sáez-López, 2020). Оқушы мен мұғалім арасындағы серіктестік қарым-қатынас оқу сапасының артуына, оқушының дербестігі мен жауапкершілігінің қалыптасуына ықпал етеді (Anderson, 2021). Интерактивті әдістердің тағы бір артықшылығы – олар оқушылардың қызығушылығын оятып, сабаққа деген мотивациясын арттырады. Оқушылардың өз бетімен ізденуіне, шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашады. Сонымен бірге, осындай әдістер арқылы мұғалім оқушының тілді қолдану деңгейін нақты бақылап, қажетті кері байланыс беруге мүмкіндік алады. Демек, интерактивті оқыту – тек білім берудің емес, тұлғалық дамудың да қуатты құралы ретінде танылады. Заманауи білім беру трендтері оқытудың жеке тұлғаға бағытталуын, оқушының қызығушылығы мен қажеттілігін ескеруді талап етеді. Осы тұрғыда интерактивті оқыту арқылы оқушының тілдік әрекеттерге деген ынтасын ояту, оның белсенділігі мен өзіндік пікірін білдіруге деген құлшынысын арттыру мүмкін болады. Бұл әсіресе орта буын оқушылары үшін маңызды, себебі осы кезеңде тұлғалық қалыптасу мен әлеуметтену белсенді жүреді. Оқушы өзін топ ішінде еркін сезініп, пікір білдіруден қысылмай, тілдік қарым-қатынасқа

сенімді түрде араласа бастайды. Нәтижесінде, оқушы өз ойын жүйелі жеткізіп, әртүрлі коммуникативті жағдаяттарға бейімделуге дағдыланады. Сонымен қатар, интерактивті оқыту әдістері заманауи ақпараттық технологиялармен үйлескенде ерекше тиімділік көрсетеді. Мысалы, цифрлық платформалар, бейнематериалдар, онлайн ойындар, тіл үйретуге арналған қосымшалар оқушыларды қызықтырып, оларды өздігінен білім алуға ынталандырады. Бұл құралдар оқушыға өз қарқынымен жұмыс істеуге мүмкіндік беріп, оқу үдерісін икемді әрі қолжетімді етеді. Цифрлық технологиялар визуализацияны арттырып, есте сақтауды жеңілдетіп, тілді практикалық тұрғыда қолдануға қолайлы жағдай жасайды. Мұғалімнің негізгі міндеті – осындай құралдарды дұрыс таңдап, оқушының қажеттілігіне сай бағыт беру. Бұл ретте мұғалім тек ақпарат жеткізуші емес, оқу үдерісінің ұйымдастырушысы, кеңесшісі әрі серіктесі рөлін атқарады. Оқушы мен мұғалім арасындағы серіктестік қарым-қатынас оқу сапасының артуына, оқушының дербестігі мен жауапкершілігінің қалыптасуына ықпал етеді. Интерактивті және цифрлық технологияларға негізделген оқыту оқушыларды жаңа білімге жетелеумен қатар, олардың ХХІ ғасыр дағдыларын – креативтілік, сыни ойлау, ынтымақтастық пен цифрлық сауаттылықты – дамытуға мүмкіндік береді. Осылайша, коммуникативті субқұзыреттілікті дамытуда интерактивті оқытудың әлеуеті зор. Ол оқушылардың тек тілдік емес, тұлғалық және әлеуметтік дамуына да оң ықпал етеді. Сондықтан бұл тәсіл қазіргі білім беру үдерісінде негізгі құралдардың бірі ретінде қарастырылып, оның мүмкіндіктерін тиімді пайдалану – әрбір педагогтың кәсіби міндеті болып саналады. Мұндай оқыту үдерісінде мұғалім тек ақпарат көзі емес, бағыттаушы, кеңесші рөлін атқарады. Ол оқушының сөйлеу әрекетін ынталандырып, сенімді тілдік орта қалыптастырады. Тіл үйренудегі сенімділік пен қолайлы атмосфера – оқушының коммуникативті қабілетін дамытудың басты шарттарының бірі. Мұғалім оқушының жас ерекшелігі мен тілдік деңгейін ескеріп, оларға қолдау көрсетіп, әрқайсысына жеке тіл таба білуі қажет. Бұл оқушының өзін қауіпсіз, маңызды сезінуіне және пікірін ашық айтуға дайын болуына жағдай жасайды. Сонымен қатар, мұғалім оқушылардың өзара әрекеттесуін қолдай отырып, бірлескен тапсырмалар мен диалогтық жаттығулар арқылы олардың тілдік тәжірибесін кеңейтеді. Осылайша, оқушылар тек тілдік біліммен шектелмей, оны шынайы қарым-қатынас жағдайында қолдануға машықтанады. Сенімді қарым-қатынас алаңы — оқушының шығармашылығын ашуға, тілге деген қызығушылығын арттыруға және коммуникативті субқұзыреттілікті табиғи жолмен дамытуға зор ықпал етеді.

Қорытынды

Жалпы алғанда, 7-сынып оқушыларының коммуникативті субқұзыреттілігін дамытуда интерактивті оқытудың маңызы зор. Бұл тәсіл оқушыны белсенді, дербес ойлайтын тұлға ретінде тәрбиелеуге бағытталған (Byram & Wagner, 2021). Сонымен қатар, оқушы бойында өзін-өзі бағалау, серіктестікпен жұмыс жасау, тыңдау және пікір білдіру дағдылары қалыптасады (Littlewood, 2019). Интерактивті оқыту оқушылардың тілдік қана емес, әлеуметтік, эмоционалдық және тұлғалық дамуына да ықпал ететіні дәлелденіп отыр (Mercer & Howe, 2022). Білім берудің заманауи трендтері аясында мұндай әдістерді қолдану – оқушылардың тілдік, әлеуметтік және тұлғалық дамуына оң әсер етеді. Интерактивті оқыту білім беру үдерісін оқушының қажеттілігіне бейімдеп, тұлғаға бағытталған білім берудің маңызды құралына айналады. Бұл бағыт мұғалім мен оқушы арасындағы сенімді қарым-қатынас орнатып, оқу үдерісін бірлескен әрекетке негіздейді. Мұғалім мен оқушы арасындағы серіктестікке негізделген интерактивті оқыту – болашақ ұрпақтың функционалды сауаттылығын, коммуникативті қабілетін арттырудың маңызды тетігі. Сол себепті де қазіргі білім беру жүйесінде интерактивті оқыту тәсілдері кеңінен қолданылып, оқушының жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Anderson, J. (2021). Teacher leadership and digital transformation. Routledge.
2. Byram, M. (2020). Teaching and Assessing Intercultural Communicative Competence. Multilingual Matters.
3. Byram, M., & Wagner, M. (2021). Making a Difference: Language Teaching for Intercultural and International Dialogue. Foreign Language Annals, 54(2), 347–362.
4. Celce-Murcia, M. (2021). Teaching English as a Second or Foreign Language (5th ed.). Cengage.
5. Ghavifekr, S., & Rosdy, W. A. W. (2019). Teaching and learning with technology: Effectiveness of ICT integration in schools. International Journal of Research in Education, 7(2), 71–82.
6. Godwin-Jones, R. (2020). Emerging technologies: Smartphones and language learning. Language Learning & Technology, 24(2), 3–17.
7. Jacobs, G., & Ball, J. (2020). Cooperative Learning and Teaching. SEAMEO Regional Language Centre.
8. Khalitova, L., & Gimaletdinova, G. (2019). Mobile technologies in teaching English as a foreign language. International Journal of Interactive Mobile Technologies, 13(3), 125–139.
9. Klimova, B. (2020). Use of interactive methods in foreign language instruction. Procedia - Social and Behavioral Sciences, 192, 989–994.
10. Littlewood, W. (2019). Communicative language teaching: An expanded theory. Asian Journal of English Language Teaching, 29, 1–20.
11. Mercer, N., & Howe, C. (2022). Explaining the dialogic processes of teaching and learning. Learning, Culture and Social Interaction, 32, 100574.
12. Nunan, D. (2019). Task-based Language Teaching. Cambridge University Press.
13. OECD. (2020). Education at a Glance 2020: OECD Indicators. OECD Publishing.
14. Pegrum, M. (2021). Mobile Learning: Languages, Literacies and Cultures. Palgrave Macmillan.
15. Richards, J. C., & Rodgers, T. S. (2020). Approaches and Methods in Language Teaching (3rd ed.). Cambridge University Press.
16. Ryan, R. M., & Deci, E. L. (2020). Intrinsic and extrinsic motivations: Classic definitions and new directions. Contemporary Educational Psychology, 25(1), 54–67.
17. Sáez-López, J. M. (2020). Gamification and collaborative learning using Classcraft. Computers in Human Behavior, 106, 105849.
18. Thornbury, S. (2020). How to Teach Speaking. Pearson Education.
19. UNESCO. (2022). Reimagining our futures together: A new social contract for education. UNESCO Publishing.
20. Vygotsky, L. S. (2021). Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes. Harvard University Press.
21. Wang, Y. (2022). Digital learning platforms and language learner autonomy. Journal of Educational Technology Development and Exchange, 15(1), 45–61.
22. Zhao, Y., & Lai, C. (2021). The role of feedback in digital language learning environments. Language Learning & Technology, 25(1), 20–38.

ӘОЖ 342.9.07

РАМАЗАН ТОҚТАРОВТЫҢ «АБАЙДЫҢ ЖҰМБАҒЫ» РОМАН-ХАМСАСЫНДАҒЫ АҚЫННЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Мүлік Д.

Магистр, оқытушы-дәріскер, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ.

m.dauletkerey@bk.ru

Мақалада қазақ прозасына жаңалық болып енген Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасындағы Абайдың тұлғалық болмысына талдау жасалынған. Бұл туынды М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы мен қатар тұрған шығарма. Екеуінің де көтерген мәселесі бір. - Абай тұлғасы. Тек уақыттың қойған талабына байланысты көркем шындықтың құбылуында жатыр. Олай дейтініміз ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде қалыптасқан романның кең қанат жайып, проза жанрындағы елеулі ізденістер өз жемісін бергеніне осы кезеңде жазылған әр түрлі тақырыптағы романдар мысал. ХХ ғасырды ұлттық жазба әдебиетіміздің алтын ғасыры деп түрлі мазмұндағы, көркемдік сапасы жоғары шығармалардың дүниеге келуімен бағалап жүргендігіміз белгілі. Бұл кезеңдегі проза ұлт өмірінің әр қилы қырларын бейнелей отырып, көркем бейненің бай галереясын жасады. Проза жанры бүгінгі күн тақырыбы мен тарихи дәуір шындықтарын игере отырып, ұлт өмірінің шежірелі болмысын бейнелеп берді. Біздің міндетіміз «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасындағы орталық кейіпкердің тұлғалық әлеуетіне заманауи көзқараспен қарап, Абай болмысын айқындау.

Кілт сөздер: роман-хамса, тұлға, болмыс, рух, Абай әлемі, кейіпкер.

В статье сделан анализ личности Абая в романе-хамсе Р.Тохтарова «Тайна Абая», вошедшем в казахскую прозу как новинка. Это произведение представляет собой роман-эпопею М.Ауэзова «Путь Абая». У обоих одна проблема. - Личность Абая. Только в явлении художественной реальности, обусловленной требованиями времени. Так говорят, что Роман, сложившийся в первой четверти двадцатого века, получил широкое распространение, а серьезные поиски в жанре прозы принесли свои плоды, как и романы на самые разные темы, написанные в этот период. Известно, что ХХ век мы оцениваем как золотой век Национальной письменной литературы с рождением произведений различного содержания, высокого художественного качества. Проза этого периода создала богатую галерею художественных образов, отражая каждый аспект жизни нации. Наша задача-современный взгляд на личностный потенциал центральной героини романа-гаммы «Тайна Абая», выявить личность Абая.

Ключевые слова: роман-хамса, личность, существо, дух, мир Абая, герой.

The article analyzes the personality of Abai in the novel hamsa by R. Tokhtarov "The secret of Abai", which entered Kazakh prose as a novelty. This work is an epic novel by M. Auezov "The Way of Abai". Both have the same problem - The identity of Abai. Only in the phenomenon of artistic reality, conditioned by the demands of the time. So they say that the Novel, which developed in the first quarter of the 20th century, became widespread, and serious searches in the genre of prose bore fruit, as did novels on a variety of topics written during this period. It is well known that we assess the 20th century as the golden age of National Written Literature with the birth of works of various contents and high artistic quality. The prose of this period created a rich gallery of artistic images, reflecting every aspect of the life of the nation. Our task is to take a modern look at the personal potential of the central heroine of the novel-gamut "The secret of Abai", to reveal the personality of Abai.

Key words: novel - hamsa, personality, being, spirit, Abai's world, hero.

Әлемдік сахнада қазақ елінің пайда болуы мен мемлекеттік сипатқа ие болуы ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сипатынан айқындалады. Көне заманда тайпалық

деңгейде танылып, XV ғасырдан бері Қазақ хандығы болып, бір шаңырақтың астына жиналып, мемлекеттік мәртебеге ие болғандығы тарихтан аян.

Бұл қазіргі қазақ елінің ғайыптан пайда болмағандығын, өзінің меншікті тарихы, тілі мен ділі, салты мен санасы, рухани танымы болғандығын айғақтайды. Тек өмірдің бұралаң соқпақтары XVIII ғасырдан бастап, еркіндікті шектеп, кіріптарлыққа итермеледі. Үш ғасырға жуық уақытты қамтыған бодандық бұғауы алпысыншы жылдары Ә. Кекілбаев көтерген «мәңгірттікке» жетеледі. Асыра сілтеушілік кеңестік қоғамда мықтап қолға алынды. Тарихымыздың тынысын тарылтты, әдебиетіміздің өрісін келте қайырды. Қазақтылық болмыстан айырып, ұлттық мүддені өзге кеңістікке бұрғанын байқап үлгермедік. Қарсы қауқар танытып, ұлттың қамын жеген ұлт зиялылары сол жолда құрбан болды.

Тамыры тереңге тартқан бәйтеректің өзегіне құрт түсті, тамыры үзіліп, нәрсіз қалды. Тек Тәңірі қазақтың бойындағы қайсарлықтың соңғы лебін 1986 жылы желтоқсанның қақаған аязында алаш аяулыларының кеудесіне ұялатты. Қазақты қауқарсыз етпек болған алып империяның іргетасына сына болып қағылды. Сол бір қасіретті күндердің салдары тоқсан бірдің таңында ел арманын орындап, тәуелсіздік атты қасиетті ұғыммен қауыштырды.

Бүгінде Тәуелсіз Қазақстанды әлем мойындады. Өлдіге санаған рухымыз жанданды, ұлттық сипатымыз қалыптасуда. Өкініштісі ғасырлар тоғысындағы жаһандану үрдісі оянған рухтың кең қанат жаюына кесе көлденең тұрғандығы. Мәңгірттенген қоғамның оңалуы үшін жанталасу әр азаматтың парызы деп білемін. Рухани имунитетіміздің әлсіздігі, ұлттық дәруменнің жеткілікті деңгейде көрініс бермеуі, қоғамда болып жатқан келеңсіздіктердің тууына себепші болып отыр. Жапондықтар робот жасауда жетістікке жетудің жолын іздесе, біз әр азаматымыздың ұлттық болмысының қалыптасуы, толысуы жолында іздену, салдарымен күресу жолын зерделейміз. Б. Ыбырайым: «Адамзат өркениетіндегі қандай да болсын игіліктер – белгілі бір дәуірдегі қоғамның уақыт талабына орай міндеттерді жүзеге асыруына байланысты күрделі процесс екенін бүгінгі күнге дейінгі тарихи даму сан рет дәлелдеген. Ендеше іргелі де күрделі мәселелерді дәуір қажеттілігіне сабақтастыра зерттеудің маңызы зор. Міне, осы орайда ұлттық рухани қазынамызды түгендеу, асылдарымызды ардақтау арқылы мемлекетіміздің іргетасының нығаюына қажетті ұлттық құндылықтарымызды байыптау перспективасын айқындауға айнымас Темірқазық ретінде бағыт алуға айрықша көңіл бөлу – бүгінгі күннің күрделі міндеттерінің қатарында» [1] – десе, біз де ұлттық құндылықтарымызды айқындауды, ұлықтауды міндет етіп алып отырмыз.

Адам тәрбиелеуде қоғамның ұсынатын алғышарты, қайнар бұлағы болуы тиіс. Осы жолда қазаққа жол сілтейтін темірқазық өткен тарихымыздың кейіпкерлері хандар мен билер, батырлар мен ақындар болып қала бермек. Бұған Қазақ хандығының іргетасын қалаған Керей мен Жәнібектен бастап, желтоқсанда «қазақ деген затым бар» деп ұрандаған Қайраттарға дейінгі аралықтағы қазақ зиялыларын тізбектеуге болады. Сондай тұлғаларымыздың бірі, әрі бірегейі Әуезов арқылы жер жаһанға танылған Абай Құнанбайұлы. «Мыңмен жалғыз алысқан» ақынның тұлғасынан алар ғибрат орасан. Қасымжомарт Кемелұлы: «өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды,» [2] – деп, бүгінгі қоғам үшін өзектілігін жоймағандығын айғақтады. Әдебиет арнасында өзіндік қолтаңбасын қалдырған мүйізі қарағайдай ғалымдардың назар аударуы, тереңге бойлай зерттеуі, ел тұтқасын ұстаған президент тарапынан қолдау табуы қуанарлық іс.

Абайдың болмысын, тұлғалық әлеуетін, ақындық шеберлігін айқындау ғасырдан астам уақытты қамтыса да, толық танып болдық, зерттедік деп нүкте қоя алмаймыз. Себебін Абайдың тұлғалық әлеуетінің, пәлсафасының тереңдігінен іздегеніміз жөн болар.

Абайды тану Алаш зиялыларынан бастау алады. «Абайды қазақтың рухани әлеміне енгізу арқылы алаштықтар өздері де жолдарын Абай арқылы тапты» [3]. Әлихан Бөкейхан Абай өмірінен сыр шертер «Абай Құнанбаев» атты мақала жазса, А. Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» мақаласында «Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында

біз білетін ақын болған жоқ» [4] деп ақындық қуатын өлшеп берді. Әдебиетке зер сала қараған әр зерттеуші немесе әдебиетші Абайды аңдаусыз қалдыра алмады.

Ақынды зерттеген, зерделеген, ұлы әңгіме жазған бірегей жан Мұхтар Әуезов болатын. Бұл заңды құбылыс. Себебі Т. Жұртбайдың пайымдауынша Әуез немересін Абай алдына батасын алуға апарған, кейіннен ақын өлеңдерін бойына сіңіріп өсірген. Бұл Әуезовтың еркін тыныстауына себепші болғандығы анық. Тек заман ағымы заңғар жазушының қаламынан туған әр сөзге шұқшиып, саптаяққа сүт құйғандай ыңғай танытып, сабына қарауыл қойды. Нәтижесінде қаламгер ғасырлар бойы қалыптасқан әке институтының қағидасын бұзуға мәжбүр болды. Кеңестік шеңбердегі көркемдік шындық тұрғысынан алғанда «бірде-бір өтірігі жоқ, ал Тұрсын Жұртбайдың көзімен қарар болсақ, «бірде-бір өмірлік тарихи шындық жоқ» [5] көркем туындыны зерделеу зор ықыласты, терең ілімді қажет етеді.

Кеңестік кезеңдегі зерттеушілер де, әдебиет сыншылары да «Құнанбай жағымсыз, Абай жағымды» образ дегеннен танбады. Әуезовтың ғұламалығын, эпопея астарына жасырған ұлы ойларын тану Мүсіреповтей зиялылардың ғана қолынан келді. Мәселен, Ғ. Мүсірепов: «Абай» романын неше рет қайталап оқисам, сонша, әрдайым жаңа бір ой, жаңа бір көркемдік, бұрын оқығанда байқамай кеткен тереңдік табам», [4] - деп топшылайды.

Ал тәуелсіздік жылдарындағы ой еркіндігі зерттеуге өз ықпалын тигізді. Бай мен кедейдің тартысынан аулақтап, адамшылықтың, кісілік пен кішіліктің сүрлеуін іздеді. Жағымды, жағымсыз образдан талдаудан гөрі, «толық адам» концептісін ашуға ұмтылды. Абай совет адамдарының ғана емес «Абай – бүкіл адамзат игілігі. Оның поэзиясы – мәңгілік поэзиясы, даналықтың, махаббат пен адалдықтың поэзиясы» [1] екенін айғақтауға бет бұрды. Зерттеулер ағымы да толалар емес. Тағы бір қуанарлық жайт, «Абай жолын» толықтыратын «Абайдың жұмбағы» романы дүниеге келді.

Біз де жазушы Рамазан Тоқтаровтың аталған еңбегінен Абай тұлғасын айқындап көрейік. Автор кіріспесінде «Кеңестік идеология оның жауын жалғыз Оразбай, досын жарлы жақыбай, кедей табы етіп көрсетуді құп көрді. Абай «Қалың елі қазағын» өйтіп алаламаған» деп бастайды. Абай даналықтың символы іспетті. Кенесарының аузымен «Даналық – Тәңірінің пендесінің біріне көктен түсірер ерекше сыйы. қазақтың бір аяулы анасын даналыққа жүкті еткен шығар деген берік ойдамын» дегізеді. Ақынның дүниеге келуін – «психологиялық бейнелеудің бір түрі – түс көру тәсілі» [6, 28] арқылы жеткізіп, жорушының тарапынан «...Ыбырайым пайғамбарымды ауызға алғаны – ертең, не бәлкі таң қараңғысында ма екен, дүниеге аяздай әділ, Аплотондай білімді, жүрегі жұмсақ ... перзент келеді... Әумин делік» [7, 40] – деп айтқызады. Бұл ақынның болашақ болмысын нұсқағандай. Тіпті, табиғатпен үндестіре отырып, көпті көрген Бөжейге «Таң алдында теріс құбыладан бір жарық жұлдыз туып, көпке шейін жоғалмай тұрып алды. Ол көрінбей кеткен соң да артынан ақжолға болып созылған ізі қалды» [7, 53] деп айтқызса, тағы да түске жүгініп, «Жарық жұлдыз ... жерге жалбырап түсіп, көкжиек бойында жарқырап тұрып алды»-деп Қаратай арқылы айшықтай түседі. Абай мұрасының мәңгілік жасайтынын, Абай тұлғасының ұрпақ санасында жаңғыра беретінін романның басында-ақ көрсетіп береді. «Қызыл шақа нәрестенің қырқынан шықпай көз тоқтатып, шаңырақтан айырмайтын әдет тауып еді» деп бесікте құндақталған сәбидің алып тұлға болатынын қаламгерлік шеберлікпен жеткізген. Абайдың парасатты тұлға болуына ықпал еткен анасы Ұлжанның пайымы да романда сәтті көрсетілген. Онда Ұлжан: «Менің кісі танытындығым рас болса, бұл бала өскенде не жаннан асқан кемеңгер..... болады» [7, 73] деген болатын. Зере әженің де аузы дуалы «менің Абайжаным ақыл-есі кірмес бұрын кісіге әуелі екі көзін тоқтатып алып қарайтын еді. Мыйға қонатын ақыл ішке сәулемен, көз арқылы енеді. Сәуле – ақылдың азығы. Ол көңілді де бірге бекітеді» [7, 73] - деп ой түйеді. Өсе келе көкірек көзінің ашық болатынын бағамдады және бесіктегі баланың әр әрекетін игі іске балап, «Кей баланың осылай уызынан жарып, тоқтық атып туатыны болады. Ол қашанда жақсылыққа, молшылыққа көрінеді» [7, 73] деп болжайды.

Нәрестелік кезеңнен бозбалалық кезеңге дейін болашақ ұлы азаматқа тән қылық жасап, айналасын қуантып жүрді. Өзінің жетінші қарасөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі

мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады.... Біреуі білсем екен демекші. Не көрсе соған талпынып, ... көзі көрген құлақ естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» [8, 213] десе, аяғын тәй-тәй басқан сәттен бастап, жан құмары тыныштық бермей айналасында болып жатқан бар құбылысқа ынтасы ауып, әжесі мен анасынан сұрай берді. «Сырттағы ызың-шуы мол кең дүниеге қызығушылығы артқан сайын қарға адым жер мұң болып, ... тұрып жүріп кеткелі бұрынғы шектің бәрі тарылып, бұған дейін көзбен, көңілмен ғана шолып келген көгілдір нұрға біржола күмп беріп түсті де кетті». [7, 74] Бес жасында-ақ зеректігін аңғартып, «ауыл молдасынан оқып, хат таныды; ...ертегі хиссаларды зуылдатып еркін оқи берді». [7, 148] Тағы бір айта кетер мәселе, жазушы «портреттік суреттеме» [9, 166] негізінде болашақ ақынның бейнесін «дене мүшелерінің жалпы көрінісін... мәнді сипаттарды аңғарту арқылы» көрсетіп береді. «Сырт көзге бойы да, ойы да өзге көп балалардан ерек емес, жүгіргенде кеуде тұсының тұтасып қозғалмауына қарап Ұлжан апасы: Осы баламыз түбінде... өлеңші болып жүрмесін», [7, 148] - дейді

Бала Абайдың дана Абайға айналуына мұрындық болған әкесі оқуға апаратынын ескертіп, «ендігі жерде білекті емес, білімді алатын заман келе жатыр» [7, 154] деп топшылайды. Абай бойында адамшылық нәрдің ұялауына әжесі Зере мен анасы Ұлжанның тәрбиесі әсер етті. «Әлсіздің алғысы да, қарғысы да тілінде, мұрттай ұшырады. Шамаң келгенше, әлсіз нашардың бәріне қорған бола жүр, балам» - деуі, «жылы жүректің» толысуына әсер еткені анық. Абай бойына мейірім шуағының сіңуіне медреседе өткен күндері себеп болды. «Дүниеде не арзан, не қымбат екенін, байлық пен мансаптан жоғары тұратын ғаделет, шындық секілді ғазиз ұғымдар болатынын білуші ме едіңдер?», [7, 175] - деп сауал тастай отырып, парсылық шайырлардан мысал келтіріп, дүние жолында емес «Ізгілік жолында құрбан болудан өткен бейіш ісі жоқ екенін» [7, 176] ескертеді.

Шыңғыс таудың баурайындағы Құнанбай ауылына Шыңғыстың ұлы «Халқының маңдайына сыйса, ай мен күн болғалы тұрған», «таңшолпаны» [7, 160] Шоқанның келуі, Абаймен диалог құруы, оқудың мәнін түсіндіріп, «... онда адам боласың, Дүниеге көзің ашылады» [7, 161] деуі орталық кейіпкеріміздің тез есеюіне ықпал еткені анық. Оған қоса, оқуға келгенде қарсы алған Хазіреттің «Қатарыңнан жарысып озба, бойыңнан өнер шығарып оз» - деп кеңес беруі, кейіннен «Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ, Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ» [9, 60] - деуіне әкелсе керек. Ал Хазірет үйінде иін тіресе жиналған кітаптар, бала Абайдың ойына «мал, дүние һешбір мүлік емес, кітап мүлік» екенін оралтады. М.Әуезовтың «Абай жолында» да «Үстел үстінде шалқасынан ашылып жатқан кітап бір емес, әлденеше. Әр алуан тілдерде туған бұл кітаптар осы жерге оқыс келіп, қызық бас қосқан», [10, 3] - деп баяндалып, Абайдың кітаппен достығы ерекше суреттеледі.

Абайдың балалық шағынан сусындаған ертегілер, жыр-дастандар, хикаялар көкірек көзінің ашылуына себеп болғанын М.Әуезов зерттеулерінде айтылған болатын. Абай «көңіл зауығын тап басып, білдіретін болғасын» [7, 222] күй деп атайды деп қисындаған күйге де ынтасы берік болды. Қазақтың өткен дәуірінен жеткен ұлттық сипаттағы өнердің қай-қайсысына да жатырқамай қарауы, зер салуы даналыққа жетелегені анық. Абайдың өнерге ынтазарлығы айналасындағыларды сүйіндірткен. «Саржайлау» күйінің құпиясын жүрекпен сезіп, тап баса алған Абайға тәнті болған күй иесі Тәттімбет «Бағың өнермен, өлеңіңмен ашылсын» деп батасын берді.

Қазақ халқы он үш жасты – отау иесі деп өлшесе, дәл сол жаста Абай ел ісіне араласты. Бұл түгел әкесінің ықпалынан туған болатын. Абайдың елағасы болуына тұтқа болған әке тәрбиесі. «Қиянат түбі жаулыққа бастайды. Толық бітім болмайды. Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіру керек» деп ескерте отырып, қасақана дауға салып, сынай қарап отырған. Әділін айтқан әр билігіне сүйініп, қателескен жері болса ескертуді де ұмытпаған. «Әлсіз нашарды қолтығынан демеп, қорғай жүргенің – құдай алдындағы парызың. Жақсымен жағаласпай, күштімен тіреспей тыныш рахат көрмейсің» [7, 328] деп қыңыр кетіп те отырған. Бұл дала заңдылығы болса керек. «Әке балаға сыншы» деген осы болар. Қазақ салтында Әке институтының заңдылығында «қарсы шықпау керек» деген қағида жоқ. Керісінше «әке тұрып бала сөйлесе, ержеткені» деп марқайған.

Абай да әділдік жолында «Жоқ, мен алыссам сол жамандықпен, көп жаманымен алысамын. Жақсылық менің дұшпаным, ата жауым болса да үнемі қасымда, үзеңгілес қатар жүреді. Оның бағы өзімнен асып түссе де қызғанбаймын. Таяғы еттен, сөзі сүйегімнен өтіп жатсын оған кешірім жасаумен боламын», -деп алдыңғы толқыннан кетіп жатқан қатеге қарсы тұжырым айтса, әкесі «Жақсымен алыссаң, жағаң жыртылмайды. Жығылсаң, жер көтереді. Олармен алыса жүріп, өзіңнің кім екенінді танысың. Кетілген сайын қайта жетіле түсесің», - деп өмірден түйгенін ұсынады. Өке мен бала арасында тартыс қайшылығы қаншалықты тереңдесе, әкенің балаға деген сенімі соншалықты тереңдегені анық. Құнанбайдың қажы сапарынан қайтқаннан кейін Шәкәріммен болған сұқбатында «... сенің ана жүрген ағаң... Ібраһим әуелі өзін, сосын халқын бір нәпсі үшін болатын осы жаман пиғылдан арылта ма деген дәмем бар» [7, 420] – дейді. Бұл Абайдың әке алдындағы сенімін ақтағанын аңғартады. Романдағы жанама кейіпкерлердің жүрек түкпіріндегі Абай бейнесін айқындау да сәтті қисындалған.

Құнанбайдың Абаймен диалогы, Абайдың Әбішпен, Құдайбердімен, Михаэлспен, Шәкәріммен, Халиолламен, Долгополовпен диалогы басты кейіпкердің ішкі болмысын ашады. Толық адам концептісіне лайық екенін аңғартады. «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» иесі екенін дәлелдейді. Абай өмірінде «Адамнан адамның айырмашылығы – ақылына қонған сәулеге, содан туындайтын нұрлы, мейілінше таза әрекеттерге байланысты» екенін түйсінеді. Сондықтан болар жазушы Михаэлстің аузына «...өз халқыңның қамын жеу үшін туған адамсың, қоғамдық элементсің. Сол үшін мен сені туған бауырымдай жақсы көремін», [7, 452] - деп, Измайловтың аузына «сен көкірегі көрік, ақын адам екенсің», [7, 414] - деп, Отец Сергийдің аузына «Мен сіздің логикаңыздың күшіне тәнтімін, Ибраһим мырза!», - деп сөз салып, Әлихан Бөкейханның көзіне «Абайдың өзінің кеудесі тұтас сом алтыннан құйылғандай жарқырай елес бергізеді». [7, 721]

Романда Абай жолындағыдай Абай мен Құнанбайдың кейіпкер даралығы айқын көрініс береді. Кейіпкер даралығы дегеніміз «тегінде әр бейненің өзіне тән мінез, әрекетпен көрінуі ғана емес, сонымен қатар өзіндік болмыс, мұрат, таным биігіне сай сөйлей білуі де» [11, 60] Р.Тоқтаров Абай бейнесін «адамдық мінез-болмысымен жан-жақты әрі жанды танылуы, шығарма идеясына тікелей қатыстылығы тұрғысынан танымдық-эстетикалық мәні жоғары образдың ең күрделі түрі» [11, 35] типтік бейне деңгейіне жеткізген. Абайдың психологиялық портреті де «тек автордың баяндауымен жасалынбай, кейіпкер көзімен, аңдауымен» [12, 84] сәтті ашылған.

Қорыта айтқанда, Р. Тоқтаров «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы арқылы Абайдың дүниеге келуінен бастап, өмірден өткеніне дейінгі аралықты қамтып, ақын болмысын, шығармашылық тұлғасын, адамдық әлеуетін айқындаған. М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясынан алшақ кетпей, тек кеңестік қасаң қағиданың құрбаны болған ойларды аша білген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Рухани жаңғырудың негізгі кілтті – Абай ілімі <https://adebiportal.kz/kz/news/view/20136>
2. <https://sputniknews.kz/spirituality/20200109/12491147/Toqaev-Abay-maqala.html>
3. <https://qazaqadebieti.kz/1533/abaj-zh-ne-alash>
4. Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақтың бас ақыны <https://abai.kz>
5. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/19268>
6. Пірәлиева Г. Ізденіс өрнектері: Әдеби сын. Зерттеу. Сұхбаттар. – Алматы: Б.Ж. – 2001. – 776 б.
7. Тоқтаров Р. Абайдың жұмбағы: Роман-хамса. – Алматы: «Әл-Фараби», 1999. – 752 б.
8. Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге. Өлеңдер мен қарасөздер. – Алматы: Атамұра, 2014. – 228 бет
9. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1996. – 336 бет
10. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Екінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2013. 432 б.
11. Мақпырұлы С.Адамтану өнері. Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 214бет
12. Сыдықов Т. Қазақ тарихи романының көркемдік тіні. Ер-Дәулет: Алматы, 1998.

ӨОЖ 371.3:811.512.122

ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Нурланова Н.М.

Мұғалім, Еркін ауылдық округіндегі мектепке дейінгі шағын орталығы бар
№ 26 орта мектеп, Талдықорған қ.

Шыныбекова А.С.

Ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), І. Жансүгіров атындағы
Жетісу университеті, Талдықорған қ.
aizhan1574@mail.ru, maal.123.123@mail.ru

Бұл мақалада қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда интерактивті әдістерді қолданудың тиімділігі зерттеледі. Зерттеу барысында сын тұрғысынан диалогтік оқыту (CDTM) және визуалды-семантикалық белсендіру (VSM) әдістері қолданылып, олардың оқушылардың мәтінді түсіну, интерпретациялау және сөйлеу дағдыларын дамытудағы рөлі анықталды. Эксперимент нәтижелері аталған әдістердің оқу үдерісін белсенді, тиімді әрі тұлғалық дамуға бағытталған ететінін көрсетті. Зерттеу қорытындылары қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда заманауи педагогикалық тәсілдерді қолданудың ғылыми-әдістемелік негізін дәлелдейді.

Кілт сөздер: интерактивті әдістер, әдеби білім, диалогтік оқыту, визуализация, талдау дағдылары.

В статье рассматривается эффективность применения интерактивных методов в обучении казахскому языку и литературе. В рамках исследования использовались два современных подхода — критико-диалогическое обучение (CDTM) и визуальная семантическая активизация (VSM), которые способствовали развитию у учащихся навыков анализа, интерпретации и устной речи. Экспериментальные данные подтвердили, что интерактивные методы делают образовательный процесс более активным, продуктивным и ориентированным на развитие личности. Результаты обосновывают научно-методическую ценность современных педагогических стратегий в обучении родному языку.

Ключевые слова: интерактивные методы, литературное образование, диалог, визуализация, анализ.

This article explores the effectiveness of using interactive methods in teaching the Kazakh language and literature. The study applied two modern approaches — Critical Dialogic Teaching Method (CDTM) and Visual Semantic Mapping (VSM) — which enhanced students' skills in text analysis, interpretation, and oral expression. Experimental findings demonstrated that these methods made the learning process more engaging, efficient, and student-centered. The results provide scientific and methodological support for implementing innovative teaching strategies in native language education.

Key words: interactive methods, literary education, dialogue, visualization, analytical skills.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі дәстүрлі оқыту әдістерін қайта қарауды және білім алушының жеке ерекшеліктеріне бағытталған, сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға негізделген интерактивті оқыту формаларын белсенді енгізуді талап етеді [1, 1696]. Бұл қажеттілік әсіресе қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісінде ерекше өзектілікке ие, себебі бұл пәндерде оқушылардың тұлғааралық өзара әрекеті, мәтінді эмоционалды-мағыналық тұрғыдан қабылдауы және оқығанды саналы түрде ұғынуы шешуші рөл атқарады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері тілдік және әдеби құзыреттілікті қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар ұлттық өзіндік сана-сезімді, эстетикалық талғамды және сөйлеу мәдениетін дамытуға ықпал етеді [2, 284-287б]. Алайда тәжірибе көрсетіп отырғандай, дәстүрлі лекция түріндегі, репродуктивті әдістер бұл мақсаттарға қол жеткізуде әрдайым тиімді бола бермейді. Білім беру парадигмалары өзгеріп, цифрлық технологиялар кеңінен енгізіліп жатқан қазіргі жағдайда оқытуда интерактивті әдістерді – кейс-стади, дебат, кластерлік әдіс, сахналық қойылым, веб-квест және басқа да оқыту формаларын [3, 42б] қолдану ерекше мәнге ие болуда.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі оқыту материалының меңгерілу сапасын арттыру, оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету және ана тілі мен әдебиетін оқуға деген тұрақты ынтасын қалыптастыру қажеттілігімен негізделеді. Интерактивті әдістерді тиімді пайдалану оқу үдерісін анағұрлым жандандырып, қызықты әрі нәтижелі етеді. Бұл, әсіресе, қазақ әдебиетін оқытуда маңызды, себебі мұнда жай ғана мәтінді білу жеткіліксіз – оқушылардың әдеби шығармадағы мәдени, тарихи және этикалық қабаттарды терең түсінуі талап етіледі.

Осы ғылыми-зерттеу жұмысы қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда интерактивті әдістерді қолданудың тиімділігін талдауға, оқу тәжірибесінде неғұрлым нәтижелі формаларды анықтауға және олардың мектеп практикасына енгізілуінің ғылыми-әдістемелік негіздемесін жасауға бағытталған.

Қазақстандағы қазіргі білім беру үрдістері функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға, сын тұрғысынан және креативті ойлауды дамытуға [4, 18-21б] бағытталған. Бұл жағдай оқытудың қалыптасқан әдістемелерін қайта қарауды талап етеді. Осындай жағдайда, әсіресе қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда, интерактивті әдістерді енгізуге [5, 510б] айрықша көңіл бөлінуде, себебі бұл пәндер ұлттық сана-сезімді, ойлау мәдениетін және тұлғаның тілдік дамуын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Интерактивті әдістерді қолданудың теориялық негіздері гуманистік педагогика идеяларына, сондай-ақ әлеуметтік конструктивизм теорияларына [6, 47б] сүйенеді, бұл теориялар бойынша оқу үдерісі өзара әрекет, бірлескен іс-әрекет және рефлексия арқылы жүзеге асырылуы қажет.

Интерактивті әдістер – бұл жай ғана жаңа тәсілдерді қолдану емес, сабақ құрылымын жаңаша ұйымдастырудың тұтас жүйесі [7, 203б]. Мұнда оқушы енжар тыңдаушы емес, танымдық әрекеттің толыққанды қатысушысы ретінде танылады. Мұндай әдістердің көмегімен дәстүрлі сабақ шеңбері кеңейіп, оқу процесі анағұрлым серпінді, мазмұнды және эмоционалды түрде жандана түседі. Бұл, әсіресе, көркем мәтінді оқытуда маңызды, өйткені әдеби шығарма тек логикалық талдауды ғана емес, сонымен қатар эмоционалды тебіреністі, интерпретация дағдыларын, кейіпкерлерді жеке өмірлік тәжірибемен және мәдени контекспен байланыстыра білу қабілетін қажет етеді.

Дебат, пікірталас-диалог, интерактивті дауыс беру элементтерімен толықтырылған лекциялар, рөлдік ойындар, көркем мәтінді визуализациялау әдістері (мнемосхемалар, ой карталары), цифрлық жобалар мен мультимедиялық презентациялар сияқты оқыту формалары әдеби шығармалардың мазмұнын тереңірек ашуға және әртүрлі қабылдау стиліне ие оқушыларды да белсенді қатыстыруға мүмкіндік береді. Мысалы, М. Өуезовтің «Көксерек» повесін оқытуда «бейімделу» әдісін қолдануға болады: оқушылар әртүрлі кейіпкерлердің көзқарасы арқылы мәтінді талдап, эмпатия мен полифониялық талдау дағдысын дамытады.

Сондай-ақ, зерттеулер көрсеткендей, интерактивті оқыту формалары оқу материалын терең және берік меңгеруге ықпал етеді [8, 465б], себебі бұл әдістер когнитивтік қана емес, аффективтік салаға да әсер етеді. Қазақстандық мектептің билингвалды орта жағдайында қазақ тілін оқытуда интерактивті әдістерді қолдану оқушылардың мотивациясын, қызығушылығын және ана тіліне деген құрметін арттырады. Бұл көптілді ортада аса маңызды, себебі қазақ тілі тек оқытылатын пән ғана емес, сонымен қатар тұлғалық өзіндік сәйкестік пен мәдени өзін-өзі танытудың құралы ретінде сезілуі тиіс.

Осылайша, интерактивті әдістерді енгізу – тек жанашылдық үшін жасалатын қадам емес, қазіргі білім алушының қажеттіліктерінен туындайтын педагогикалық қажеттілік. Бұл әдістер қазақ тілі мен әдебиеті сабағын диалог, зерттеу және өзін-өзі жүзеге асыру кеңістігіне айналдырып, білім беру сапасын арттыруға және оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Эксперименттік зерттеу 2024–2025 оқу жылы ішінде Алматы қаласының екі жалпы білім беретін мектебінде жүргізілді. Барлығы 88 оқушы (8–9 сыныптар) қатысты, олардың ішінде 45 оқушы – эксперименттік топты, ал 43 оқушы – бақылау тобын құрады. Зерттеудің мақсаты – қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда жаңа интерактивті әдістерді енгізудің тиімділігін анықтау болды. Негізгі әдіс ретінде екі заманауи тәсіл таңдалды: Critical Dialogic Teaching Method (CDTM) – сын тұрғысынан диалогтік оқыту әдісі және Visual Semantic Mapping (VSM) – визуалды-семантикалық белсендіру әдісі. Мәліметтерді өңдеу үшін Фишер тиімділік коэффициенті (Effectiveness Coefficient by Fisher – ECF) қолданылды, ол топаралық салыстырмалы талдауға бейімделген.

Critical Dialogic Teaching Method (CDTM). Бұл әдіс Роберт Александрдың еңбектеріне (Alexander, 2006) сүйене отырып әзірленген және 2010-жылдардағы Dialogic Teaching Project шеңберінде мектептік білім беру жүйесіне бейімделген. Әдістің өзегі – сабақта көпдеңгейлі сұрақтар мен ашық пікірталастар ұйымдастыру арқылы оқушылардың аналитикалық, интерпретациялық және сөздік ойлауын дамыту.

Зерттеу аясында CDTM әдісі қазақ поэзиясы мен прозасын талдау кезінде қолданылды. Оқушылар шағын топтарда және жұптасып жұмыс істеп, авторлық стильді, мәтін астарын, идея мен мәдени ишараларды талқылады. Талқылау барысында «жеке пікір + дәйек + сұрақ» қағидаты қолданылды. Мұғалім жетекші емес, фасилитатор ретінде әрекет етіп, оқушыларды мәтінді терең түсінуге бағыттады. Бұл тәсіл оқушылардың сөйлеу белсенділігін ғана емес, рефлексия мен интерпретацияға қабілетті ана тілінде дамытты.

Visual Semantic Mapping (VSM). Бұл әдіс 2010-жылдардың басында Novak & Canas (2014) еңбектерінде ұсынылған және тақырыптар арасындағы ұғымдық байланыстарды визуалды карталар арқылы құрастыру үшін қолданылады. Қазақ әдебиетін оқыту контексінде VSM әдісі семантикалық өрістер – негізгі идеяларды, бейнелерді, мотивтерді және олардың арасындағы байланыстарды визуализациялайтын схемалар жасау түрінде бейімделді.

Оқушылар «Абай жолы», «Қилы заман» сияқты шығармаларды талдап, автордың қолданған көркемдік тәсілдерін, мәтіндер арасындағы байланыстарды және мәдени контекстерді қамтитын визуалды карталар жасады. Бұл әдіс визуалды-пространстволық ойлау стиліне ие оқушылар үшін және көлемді мәтіндерді қорытындылауда айрықша тиімді болды.

Сапалық өзгерістердің сандық бағасы үшін Фишер тиімділік коэффициенті (ECF) қолданылды. Бұл көрсеткіш бақылау және эксперименттік топтар арасындағы нәтижелердің айырмашылығының статистикалық тұрғыдан маңыздылығын бағалауға мүмкіндік береді.

$$ECF = \frac{(M_e - M_c)^2}{S_e^2 - S_c^2}$$

Мұндағы:

M_e - эксперименттік топтың орташа нәтижесі,


M_c - бақылау тобының орташа нәтижесі,

S_e^2 және S_c^2 - тиісінше эксперименттік және бақылау топтарындағы дисперсиялар (шашырау көрсеткіштері).

Егер есептелген ECF мәні Фишер кестесі бойынша берілген F-критерийдің (тиісті еркіндік дәрежелері үшін) сыни мәнінен жоғары болса, онда екі топ арасындағы айырмашылық 95% сенімділік деңгейінде статистикалық тұрғыдан мәнді деп есептеледі.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда сын тұрғысынан диалогтік оқыту әдісінің (Critical Dialogic Teaching Method – CDTM) тиімділігін бағалау мақсатында үш негізгі көрсеткіш бойынша қалыптасу деңгейлерінің өзгерістері салыстырылды: мәтінді когнитивтік

тұрғыдан түсіну, эмоциялық интерпретация жасау және сөйлеу өнімділігі. Әрбір оқушыға әдістемені енгізудің алдында және кейін арнайы тапсырмалар ұсынылды. Бұл тапсырмалар көркем мәтінді талдауға, көркем бейнелерді интерпретациялауға және өз ойын дәлелді түрде ауызша баяндауға бағытталған. Тапсырмалар оқушылардың логикалық ойлауын, сезімдік қабылдауын және қазақ тіліндегі сөйлеу дағдысын кешенді түрде бағалауға мүмкіндік берді. Нәтижелер 1-суретте көрсетілген:



Сурет 1 – CDTM әдісін қолданғанға дейінгі және кейінгі салыстырмалы көрсеткіштер (10 балдық шкала бойынша)

1-суретте көрсетілген мәліметтерге сүйене отырып, алынған деректер сын тұрғысынан диалогтік оқыту әдісі (CDTM) қолданылған эксперименттік топта айқын оң серпін байқалғанын дәлелдейді деген тұжырымға келуге болады. Егер дәстүрлі жүйе бойынша оқытылған бақылау тобында көрсеткіштердің орташа өсімі 0,5–0,6 балл шамасында ғана болса, эксперименттік топта барлық критерийлер бойынша 2,9–3,5 балл аралығында айтарлықтай өсім тіркелді. Әсіресе «эмоциялық интерпретация» көрсеткіші бойынша өзгерістер аса айқын болды. Бұл өзгеріс CDTM әдісінің ерекшеліктерімен түсіндіріледі: әдіс авторлық ұстанымды, мәтін астарын, мәдениетаралық және тұлғалық ассоциацияларды талқылауға бағытталған.

CDTM әдісі оқушылардың ойлау және сөйлеу белсенділігін арттыруда өте тиімді болып шықты. Көпдеңгейлі ашық сұрақтарды қолдану, «жеке пікір + дәйек + сұрақ» құрылымы, топтық жұмыс ұйымдастыру және мұғалімнің дәріс беруші емес, модератор ретіндегі рөлі оқушылардың аналитикалық әрі коммуникативтік қабілеттерінің дамуына ықпал етті. Мәтін төңірегіндегі рефлексивтік пікірталастар оқушылардың ана әдебиетіне деген қызығушылығын арттырып, авторлық ойды тереңірек ұғынуға мүмкіндік берді. Оқушылар тарихи-мәдени контекске сілтеме жасау, жеке пікір білдіру бастамасын өз қолына алу, дәлел келтіру сияқты дағдыларды анағұрлым белсенді қолдана бастады.


Сабақ барысында жүргізілген визуалды бақылаулар да оқушылардың қатысу белсенділігінің артқанын көрсетті: олар пікірталастарға жиірек қатысып, ауызша жауаптарының құрылымын жақсартып, мәтінді түсіну деңгейін көтере алды. Когнитивтік компонент бойынша тіркелген өсім CDTM әдісінің тек қызығушылық тудырып қана қоймай, сонымен қатар әдеби ұғымдар мен тұжырымдарды терең әрі берік меңгеруге жағдай жасайтынын көрсетеді. Деректерді статистикалық өңдеу нәтижелері төмендегідей болды:

$$ECF = \frac{(8,1 - 5,6)^2}{0,64 + 0,49} = \frac{6,25}{1,13} \approx 5,53$$

Сенімділік деңгейі 0,05 болған жағдайда еркіндік дәрежелері $df_1=df_2=42$ үшін F-критерийдің сыни мәні шамамен 1,84 болады. Зерттеу нәтижесінде есептелген $ECF = 5,53$, яғни $5,53 > 1,84$, сондықтан екі топтың нәтижелері арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан мәнді деп танылады.

Осылайша, сын тұрғысынан диалогтік оқыту әдісін (CDTM) қолдану негізгі әдеби құзыреттерді қалыптастыруда жоғары педагогикалық тиімділік көрсетті және бұл әдіс қазақ тілі мен әдебиетін оқыту практикасына жүйелі түрде енгізуге ұсынылады.

Визуалды-семантикалық белсендіру әдісі (Visual Semantic Mapping – VSM) қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда әдеби шығармаларды талдау мен интерпретациялаудың тиімділігін арттыру құралы ретінде қолданылды. Бұл әдістеме оқушыларға мәтіндегі мазмұндық түйіндерді визуалды карта түрінде бейнелеу арқылы ақпаратты құрылымдауға, жинақтауға және кең ауқымды әдеби материалды жүйелі түрде түсінуге мүмкіндік берді. Әдістің көмегімен оқушылар көркем шығарманың идеялық мазмұнын, бейнелер жүйесін, авторлық позицияны және мәдени-контекстік байланыстарды графикалық түрде көрсетіп, әдеби мәтінмен жұмыс істеудің жаңа деңгейіне шықты. Зерттеу барысында VSM әдісінің тиімділігі үш негізгі критерий бойынша бағаланды: анализдің логикалық-мағыналық тұтастығы, әдеби интерпретацияның дәлдігі және мәтінаралық пен мәдени байланыстарды анықтау қабілеті. Нәтижелер 2-суретте келтірілген:



Сурет 2 – VSM әдісін қолданғанға дейінгі және кейінгі салыстырмалы көрсеткіштер (10 балдық шкала бойынша)

2-суреттегі келтірілген мәліметтерге сүйенсек, стандартты әдістеме бойынша оқытылған бақылау тобының нәтижелері елеусіз ғана өзгерді – әрбір критерий бойынша орташа өсім 0,4–0,5 балл шамасында болды. Ал визуалды-семантикалық белсендіру (VSM) әдісімен жұмыс жасаған эксперименттік топта тұрақты және айқын өсім байқалды – барлық бағалау критерийлері бойынша 3-тен 3,6 балға дейін. Әсіресе «мәтінаралық және мәдени байланыстар» критерийі бойынша өсім аса жоғары болды, бұл VSM әдісінің мәтіндегі күрделі семантикалық деңгейлерді айқындауға мүмкіндік беретін графикалық модельдеу мен визуалды ассоциациялар орнату мүмкіндігімен тікелей байланысты екенін көрсетеді. VSM әдісі әсіресе мазмұны терең әрі көлемді шығармаларды меңгеру кезінде жоғары тиімділік көрсетті. Мысалы, М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы мен тарихи-философиялық сипаттағы «Қилы заман» повесін оқытуда бұл әдіс оқушыларға негізгі бейнелерді, мотивтерді, идеяларды ғана емес, олардың өзара байланысын, бір-біріне өтпелі өзгерістерін көруге және оларды жеке қабылдау мен мәдени кодтармен интеграциялауға мүмкіндік берді. Ақпаратты визуалды түрде бейнелеу логикалық және аналитикалық (сол жақ ми жартышарымен байланысты) ойлауды ғана емес, сонымен қатар ассоциативтік және

қиялға негізделген (оң жақ ми жартышарымен байланысты) ойлау үдерісін де белсендірді. Бұл мәтінді ұғыну процесін тұтас әрі көпқабатты сипатқа жеткізді. Оқушылардың орындаған жұмыс өнімдерін талдау барысында олардың метафоралық және символдық байланыстарды жиі қолдана бастағаны, халық мәдениетіне, тарихи контекстке, қазақ және әлем әдебиетінің басқа да шығармаларына жасалған сілтемелерді тану дағдылары артқаны байқалды. Осылайша, VSM әдісі оқушылардың көркем мәтінді терең және саналы түрде түсінуіне ықпал етіп, жай ғана ақпаратты механикалық қайталаудан алшақтатады.

Жиналған деректерді статистикалық өңдеу келесідей нәтижелерді көрсетті:

$$ECF = \frac{(8,5 - 5,1)^2}{0,81 + 0,64} = \frac{11,56}{1,45} \approx 7,97$$

Еркіндік дәрежелері $df_1=df_2=42$ болған жағдайда сенімділік деңгейі 0.05 үшін F-критерийдің критикалық мәні ≈ 1.84 болады. Зерттеу барысында есептелген $ECF = 7,97$, яғни $7,97 > 1,84$, бұл бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелері арасындағы айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан дәлелді екенін көрсетеді.

Осылайша, визуалды-семантикалық белсендіру әдісін (VSM) қолдану қазақ әдебиетін оқытуда, әсіресе құрылымдық талдау мен мағыналық визуализацияны талап ететін көлемді мәтіндермен жұмыс істеуде, өз тиімділігін дәлелдеді. Бұл әдіс оқушылардың аналитикалық, ассоциативтік және сын тұрғысынан ойлауын дамыта отырып, әдеби білімді неғұрлым тұтас әрі мағыналы меңгеруге ықпал етеді.

Қорытынды

Қазіргі білім беру жүйесі жаңа форма мен мазмұнға көше отырып, оқушылардың тек білім алуын ғана емес, олардың танымдық, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бұл үдерісте айрықша орын алады, себебі олар тек тілдік білімді ғана емес, сонымен қатар мәдени, тарихи, ұлттық құндылықтарды меңгертеді. Осы зерттеу жұмысы қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда заманауи интерактивті әдістердің тиімділігін айқындауға бағытталды және тәжірибелік мәліметтер негізінде бұл әдістердің оқыту сапасын едәуір арттыратыны дәлелденді.

Зерттеу барысында екі заманауи педагогикалық әдіс – сын тұрғысынан диалогтік оқыту (CDTM) және визуалды-семантикалық белсендіру (VSM) – тәжірибелік сабақтарда қолданылып, олардың оқушылардың әдеби талдау, мәтінді түсіну, интерпретация жасау және мәдени байланыстарды анықтау қабілеттеріне әсері бағаланды. Бұл әдістердің әрқайсысы оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын жаңа деңгейге көтеріп, оқу процесін оқушы үшін мағыналы, белсенді әрі шығармашылыққа толы етті. Әсіресе CDTM әдісі оқушылардың рефлексия жасау қабілетін, өз ойын дәлелмен білдіруін, пікірталасқа түсуін арттырса, VSM әдісі мәтінді құрылымдық әрі көрнекі түрде ұғынуға мүмкіндік беріп, күрделі көркем мәтіндерді түсінуді жеңілдетті.

Зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы мынада: интерактивті әдістердің тиімділігі нақты оқу нәтижелерімен расталды, бұл оларды мектеп тәжірибесіне жүйелі түрде енгізуге негіз бола алады. Сабақ құрылымын жаңаша ұйымдастыру, оқушыларды белсенді әрекетке тарту, мәтінді талдау дағдыларын қалыптастыру және дамыту – осының барлығы интерактивті әдістердің артықшылығы ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, бұл әдістер оқушылардың ұлттық әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, олардың мәдени кодтарды түсіну қабілетін қалыптастырады.

Зерттеу барысында алынған сапалық және сандық нәтижелер оқушылардың оқыту үдерісіне белсенді қатысуы олардың оқу жетістіктеріне тікелей әсер ететінін көрсетіп отыр. Қолданылған әдістер оқушылардың тек пәндік құзыреттіліктерін ғана емес, сонымен бірге коммуникативтік және тұлғалық дамуын да қамтамасыз етеді. Бұл факторлар қазіргі білім беру парадигмасы аясында аса өзекті болып табылады.

Қорытындылай келе, қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда интерактивті әдістерді қолдану – бұл тек педагогикалық жаңалық қана емес, сонымен қатар білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін пәрменді құрал. Зерттеу нәтижелері осы әдістерді кеңінен қолдану арқылы пәннің мазмұнын тереңдетуге, оқушылардың оқуға деген уәжін арттыруға және ұлттық әдебиетті терең қабылдайтын тұлғаны қалыптастыруға болатынын көрсетті. Болашақта бұл бағыттағы зерттеулерді кеңейтіп, әртүрлі жастағы оқушылармен және басқа әдеби жанрлармен жұмыс жасаудағы тиімділігін зерттеу ұсынылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Hafeez, M. Systematic review on modern learning approaches, critical thinking skills and students learning outcomes // Indonesian Journal Of Educational Research and Review. – 2021. – Т. 4. – № 1. – С. 167–178.
2. Tazhinova, G., Mamilina, S. Implementation of ethno-cultural education in Kazakhstan // Заметки ученого. – 2021. – № 9-1. – С. 283–289.
3. Franco, M., Esteves, L. Inter-clustering as a network of knowledge and learning: Multiple case studies // Journal of Innovation & Knowledge. – 2020. – Т. 5. – № 1. – С. 39–49.
4. Zhurakovskaya, V.M., Krivykh, S.V. Development of students' critical thinking as the development of their functional literacy // Vestnik of Samara State Technical University. Psychological and Pedagogical Sciences. – 2023. – Т. 20. – № 3. – С. 17–34.
5. Musaevna, Z.M. Effective and useful methods of teaching the Kazakh language in the Russian language audience // Editorial Board. – С. 510.
6. Lombardo, E., Kantola, J. Social constructivism // The Routledge Handbook of Gender and EU Politics. – London : Routledge, 2021. – С. 43–55.
7. Bilyk, V., Bardadym, O. V. Introduction of interactive teaching methods in modern schools // Інформаційно-комунікаційні технології в освіті. – 2023. – Т. 17. – № 2. – С. 199–209.
8. Rakhimova, G.S., Kadirova, L.V. The use of interactive methods to assess the level of assimilation of the material studied in pathological physiology // Oriental Renaissance: Innovative, Educational, Natural and Social Sciences. – 2022. – Т. 2. – № 1. – С. 463–469.

ӘОЖ 81-114

БАЙ БОЛСАҢ ХАЛҚЫҢА ПАЙДАҢ ТИСІН: АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫН ҚОЛДАҒАН МЕЦЕНАТТАР ЖӘНЕ БҮГІНГІНІҢ АТЫМТАЙ ЖОМАРТТАРЫ

Сансызбай Д.

Студент, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Ғылыми жетекші: PhD, оқытушы-дәріскер Шүкенай Г.Т.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

sansyzbajdias82@gmail.com

Бұл мақала ХХ ғасырдың басындағы «Алаш» қозғалысын қолдаған қазақ меценаттарының рөлін талдайды. Сондай-ақ, бүгінгі қоғамдағы қайырымдылық мәдениеті мен меценаттықтың дамуына шолу жасалады. Қазақ зиялыларына материалдық және рухани қолдау көрсеткен кәсіпкерлердің тарихи үлесі қарастырылып, олардың ұлттың дамуына қосқан маңызы сараланады. Сонымен қатар, қазіргі таңдағы Атымтай жомарттардың іс-әрекеттері мен олардың қоғамдық өзгерістерге әсері зерттеледі.

Кілт сөздер: Алаш қозғалысы, меценаттық, қайырымдылық, қазақ зиялылары, ұлттық элита, кәсіпкерлер.

В данной статье анализируется роль казахских меценатов, поддерживавших движение «Алаш» в начале XX века. Также рассматривается развитие культуры благотворительности и меценатства в современном обществе. Изучается вклад предпринимателей, оказывавших материальную и духовную поддержку казахской интеллигенции, и их значение для национального развития. Кроме того, исследуются современные примеры благотворительной деятельности и их влияние на общественные изменения.

Ключевые слова: движение Алаш, меценатство, благотворительность, казахская интеллигенция, национальная элита, предприниматели.

This article analyzes the role of Kazakh philanthropists who supported the «Alash» movement in the early 20th century. It also explores the development of charity and patronage culture in modern society. The contribution of entrepreneurs who provided material and spiritual support to the Kazakh intelligentsia is examined, along with their significance for national development. Additionally, the paper investigates contemporary examples of philanthropy and their impact on social change.

Key words: Alash movement, patronage, philanthropy, Kazakh intelligentsia, national elite, entrepreneurs.

Алаш қозғалысы – ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған ұлт азаттық қозғалысы. ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласында Ресейлік басқару жүйесінің күшейе түсуі, Ресейден көшіп келушілердің күрт артуы, қазақтардың құнарлы жерлерден ығыстырылуы бел ала бастады. Ендігі жерде қазақ халқының өзін-өзі сақтап қалуы үшін күресті нығайту мәселесі туындады. Бірақ зардабы көп қарулы көтеріліс жолымен емес, ұтымды саяси жолмен күрес жүргізу қажет еді. Осылайша, орыс төңкерісі жолдарында қазақ халқының мүддесі үшін күресті бастаған қазақ зиялыларының әрекеттері кейініректе Алаш қозғалысының бастамасы болды.

Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы жетекшілігімен ұлттық зиялылар ұлт азаттығы үшін саяси күрес жолдарын меңгере бастады. Олар әртүрлі қозғалыстарға, үгіт-насихат жұмыстары үшін газеттер, кітаптар шығаруды жолға қойды. 1911 жылдан «Айқап» журналы, 1913 жылдан «Қазақ», артынша «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ақжол» газеттері ұлт-азаттық күрес жолын айқындауға қызмет етті. Алаш қозғалысы қазақ елінің өзін-өзі басқару және біртіндеп дербес мемлекет құру, қазақ жеріне қонвс аударуға шек кою, адам құқығын қадір тұту, экономиканы дамыту, қазақ тілінің беделін

арттыру жолындағы күресті басты мақсат етті. Алаш қозғалысы арқасында 1917 жылы қазақ комитеттері, Түркістан автономиясы және Алашорда үкіметі құрылды. Алаш қозғалысының барлық жақтаушылары қуғын-сүргінге ұшыратылып, өлім жазасын кесілді. Жалпы Алаш қозғалысы XX ғасырдың 30 жылдарына дейін жалғасты.

Алаш зиялыларының еңбектеріне, газет-журналдардың басылуына және олардың қозғалысының таралуына қолдау көрсеткен байлар мен меценаттар көп болды. Меценат – ғылым мен өнердің дамуына ерікті және ақысыз негізде үлес қосатын және қорынан көмек көрсететін адам. Жанболат Аупбаевтың айтуынша: «аталмыш ұғым ежелгі Рим ақсүйегі Гай Цильний Меценаттан шыққан. Ол император Октавиан Августтың тұсында өз еліндегі Виргилий және Гораций сынды ақындар мен басқа да талант иелерінің талмас қамқоршысы болған. Уақыт өте келе оның, яғни Меценаттың есімі мәдениет, ғылым саласына қолдау көрсетіп, демеушілік танытқан ауқатты адамдардың екінші айқындауыш атына айналды».

Қазақстан Республикасының «Қайырымдылық туралы» заңында «меценат – меценаттық қызметті жүзеге асыратын тұлға», «меценаттық қызмет – меценаттың осы Заңға, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес ғылымды, инновацияларды, білімді, мәдениетті, өнерді, спорттық шеберлікті дамытуға, қоғам мен мемлекеттің тарихи және этномәдени игілігін сақтауға өзінің ізгілік еркі негізінде қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қызметі» деп анықтама берілген.

Меценаттық қайырымдылық көмектен әлеуметтік және мәдени мақсаттарымен ерекшеленеді. Қайырымдылықтың мақсаты – қоғамдағы әлеуметтік әл-ауқатты қамтамасыз ету, меценаттықтың мақсаты – мәдениет саласындағы кәсіби түрлердің сақталуы мен дамуын қамтамасыз ету.

Аталған кезеңдегі байлар мен меценаттардың ел жадында қаларлықтай еңбектеріне тоқталсақ: газеттер мен журналдар шығару: Алаш қозғалысының негізгі ақпараттық құралдары болған «Қазақ», «Сарыарқа», «Айқап» секілді басылымдардың басылып шығуына меценаттар демеушілік жасады. Білім беру: меценаттар қазақ жастарының оқуына жағдай жасап, шетелде білім алуына қаржылай көмек көрсетті. Қазақ даласында мектептер ашуға, оқулықтар шығаруға атсалысты.

Ұлттық мәдениетті қолдау: қазақ халқының дәстүрлері мен мәдениетін сақтап, оны дамытуға қаржы бөлген меценаттар Алаш зиялыларымен тығыз жұмыс істеді.

Алаш қозғалысына қолдау көрсетіп, арқау болған байлар мен меценаттарды атап өтсек:

«Айқап» журналының шығуына зор үлес қосқан меценат – қазақ ағартушысы, публицист және қоғам қайраткері Есенқұл Маманов. Ол XX ғасырдың басында қазақ мәдениеті мен білімінің дамуына үлкен қолдау көрсеткен тұлғалардың бірі болды. Есенқұл Маманов «Айқап» журналына қаржылай көмек көрсетіп, оның шығарылуына, қазақ халқына өзекті мәселелерді жеткізуіне мүмкіндік жасады. «Айқап» журналы (1911-1915) қазақ тіліндегі алғашқы басылымдардың бірі болып, қазақ халқының әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени өмәрә туралы материалдар жариялады. Журналдың бас редакторы Мұхамеджан Сералин болды, ал Есенқұл Маманов сияқты меценаттар оның тұрақты шығуын қамтамасыз етті.

Қаражан Үкібаев (1857-1934) – Семейдің атақты байларының бірі. Руы – арғын ішінде тобықты руынан шыққан. Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің негізін қалаушылардың бірі. Ол Алаш қайраткерлеріне қаржылай көмек көрсетіп, газеттердің шығуына демеушілік жасады. Сонымен қатар, Тобықты елдерінде ел билеу ісімен айналысқан. Қаражан 1934 жылы большевиктер қолынан қаза тапқан.

Жаһанша Досмұхамедов (1886-1938) – Орал облысы, Жымпиты болысының тумасы. Алаш қозғалысының аса көрнекті қайраткері, заңгер. Алаш зиялыларының еңбектерін насихаттауға үлес қосқан. Оның еңбегі тек саяси мәселелерге ғана емес, білім беру, мәдениет, ғылым салаларына да бағытталған. Досмұхамедов Алаш қозғалысына қатысы бар болғандықтан, 1938 жылы тұтқындалып, үштіктің шешімімен ату жазасына кесілді.

Мұстафин Сейіт-Баттал (1892-1937) – Ақмола облысы, Қызылжар қаласында дүниеге келген. Алаш қозғалысының көрнекті өкілі, қазақ байларының бірі. Ол Алаш зиялыларына қаржылай көмек көрсетіп, Алаш партиясының іс-шараларына демеушілік етті. Алаш қозғалысының сахнасында Сейіт-Батталдың алар орны ерекше.

Міне, осындай еліміздің бетке ұстар азаматтары Алаш қозғалысының жұмыстарын қаржыландырып, қазақ халқының білімін арттыруға, саяси сана-сезімдерін оятуға зор күш жұмсады. Бұл үрдісті қазіргі таңдағы әлеуметтік жауапкершілікпен айналысатын кәсіпкерлермен байланыстыру өте орынды. Алаш қозғалысы кезіндегі меценаттық пен қазіргі замандағы меценаттықтың арасында айтарлықтай ұқсастық бар. Алаш зиялыларының меценаттары қазақ қоғамының білім деңгейін көтеру, мәдениет пен өнерді дамытуға бағытталған болатын. Меценаттардың көмегімен Алаш қозғалысының идеялары насихатталып, қазақ халқының ұлттық сана-сезімі оянды. Қазіргі замандағы меценаттық та ұлттық мәдениет пен білімді дамытуды көздейді. Мысалы, «Мазмұндама», «Kitapall» сияқты баспалар әлемдік бестселлерді қазақ тіліне аудару арқылы қазақ тілді контентті көбейтуге атсалысып келеді. Олар да Алаш кезіндегі меценаттық сияқты білім мен мәдениеттің маңыздылығын түсініп, қазақ халқының интеллектуалдық дамуына үлес қосуда. Сонымен қатар, қазіргі кезде әлеуметтік желілер мен заманауи маркетинг әдістері арқылы меценаттық қолдаудың жаңа формалары пайда болуда. Қазіргі таңда Қазақстанда көптеген кәсіпкерлер әлеуметтік жауапкершілік танытып, меценаттықты жалғастырып келеді. Мысалы: әлеуметтік жобаларды қолдау: кәсіпкерлер денсаулық сақтау, білім беру, экология, мәдениет пен спорт салаларында көптеген әлеуметтік жобаларды қаржыландырады. Мысалы, Кәсіпкер Низамхан Сүлейменов Түркістан облысында 7 айда 7 мектеп салып, елімізде білім саласының дамуына өз үлесін қосты.

Қайырымдылық пен меценаттық: кәсіпкерлер тұрмысы төмен отбасыларға, жетім балаларға, қарттарға, мүмкіндігі шектеулі адамдарға материалдық көмек көрсетеді. Олар қайырымдылық қорларын құрып, олардың жұмысын ұйымдастыруға белсене атсалысады. Атап өтсек, Қазақстандағы белгілі қайырымды кәсіпкерлердің бірі – Болат Өтемұратов. Ол қайырымдылық жобалар мен ілеуметтік баспаларды қолдап жүрген танымал кәсіпкер. Оның «Болат Өтемұратов қоры» арқылы денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау салаларында көптеген жобалар жүзеге асырылып келеді. Қор әсіресе, аутизммен ауыратын балаларды қолдау, экологиялық жобаларды дамыту және басқа да қайырымдылық жұмыстарымен танымал.

Жастарды қолдау: Кәсіпкерлер білім беру саласында түрлі гранттар, шәкіртақылар тағайындап, талантты жастардың білім алуына, өзін дамытуына жағдай жасайды. Олардың бастамалары арқылы көптеген жас мамандар білім алып, өз салаларында жетістікке жетіп жатыр.

Шыңғыс Мұқан – Гарвард университетінің түлегі, әлемнің тандаулы әдебиеттерін қазақ тілінде басып шығаратын «Мазмұндама» баспа үйінің жетекшісі. Америкада негізі қаланған бұл жобаның мақсаты – ең көп оқылған, ең көп сатылған кітаптарды қазақ тіліне аударып, оларды қазақ оқырманына ұсыну. Баспа басшысының айтуынша, қазір Қазақстандағы кітап нарығы қарқынды дамып жатқан жоқ. Себебі бүгінде нарықтан нәпақасын айырып жүрген баспалар бірде бар, бірде жоқ деуге болады.

"Ақ жол" демократиялық партиясы да Алаш идеясын насихаттау мен конкурстар арқылы жастарға қолдау көрсетіп отыр. Партияның ұйымдастырған байқаулары, іс-шаралары Алаш идеясын бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен байланыстыра отырып, жастарға бағыт-бағдар беріп, оларға патриоттық рух пен азаматтық жауапкершілік сезімін дамытады және конкурстың сыйлық қоры жастардың өз идеясын іске асыруға көмектеседі. Сонымен қатар, жастарға бағытталған қолдау бағдарламалары, сайыстар мен тренингтер арқылы партия болашақ көшбасшыларды тәрбиелеуге ықпал етеді. Бұл жастардың өз елінің даму жолында азаматтық жауапкершілік алып, мемлекеттің болашағына қатысуын күшейтеді.

"Ақ жол" партиясының қолдауы арқылы ұйымдастырылатын конкурстар тек білім мен шығармашылықты дамытып қана қоймай, сонымен қатар жас мамандарға өз әлеуетін көрсетуге мүмкіндік береді. Жеңімпаздар үшін сыйақылар, марапаттар немесе кәсіби мүмкіндіктер ұсынылуы мүмкін, бұл олардың болашақта өз салаларында табысты маман болып қалыптасуына көмектеседі.

Алаш қозғалысы кезінде байлар мен меценаттардың қаржылай қолдауы қазақтың ұлттық санасының оянуына, тәуелсіздік үшін күресіне үлкен әсер етті. Бүгінгі күнде де кәсіпкерлер мен меценаттар қазақ қоғамындағы әлеуметтік жауапкершілікті көтеріп, білім, ғылым, мәдениет салаларын қолдап жүр. Бұл Алаш идеяларының бүгінгі қоғамда да өзекті екенін көрсетеді және меценаттықтың жалғасуы ұлттық дамудың бір бөлігі болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қойгелдиев М.К. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995.
2. Сұлтанбеков Ж.С. Алашорда және қазақ байлары: саяси, әлеуметтік және экономикалық байланыстары. – Алматы: Қарағанды, 2004.
3. Бекмаханов Е.Б. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20–40 жылдарында. – Алматы: Санат, 1992.
4. Досмұхамедов Ж. Қазақстанның саяси партиялары: тарихы және қазіргі жағдайы – Алматы: Арыс, 2003.
5. Аупбаев Ж. Меценат. // <https://anatili.kazgazeta.kz/news/58536>

ӘОЖ 93/94

ЖЕТІСУДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС ЖӘНЕ ТАРИХИ ЖАД: ДЕРЕКТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН МАҢЫЗЫ

Тілеубаев Ш.Б.

тарих ғылымдарының кандидаты,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

Бас директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, Алматы қ.

Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің түрлі өңірлеріндегі ошақтарына қатысты тарихи жадта сақталған түрлі мазмұндағы естелік-деректер әлі күнге дейін кең түрде ғылыми айналымға толық тартыла қойған жоқ. Ал көтеріліске қатысқан, оны көзімен көріп куә болған адамдардың айтқан естелік-әңгімелері мәселеге жаңа көзқарас тұрғысынан қарауға қажет тың мәліметтер береді. 1916 жылғы көтеріліс мәселесін жазуда халықты тарихи жадында сақталған естелік-деректердің маңызы зор екенін ескерген жөн. Қазақ қоғамында жалпы мұндай деректер тарих айту дәстүрі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған. 1916 көтеріліске байланысты тарих айту дәстүрінің сипатындағы естелік-деректерді жинақтау қазақ қоғамында 1920-1930 жылдары ұлт зиялылары тарапынан іске асырыла бастаған.

Сол кезеңдегі ұлт зиялыларының бірі Илияс Жансүгіровта оған атсалысқан, 1916 жылғы көтеріліске байланысты да ел арасынан естелік-әңгімелер жинап жазып алып қалдырған. Ол Жетісу өңірінің тарихын да жазған қайраткер [1].

1916 жылғы көтеріліске қатысты тарих айту дәстүрінде берілген мәліметтерді баяндау үрдісінде тарих айтушылар өзіндік тәсілдерді пайдаланған. Мысалы, болған оқиғаны қара өлеңге, дастан немесе естеліктерге айналдырып баяндау тәсілін қолданады. Өлеңмен өрілген тарихи мәтіндер арасында қара сөз сақталса да, оны мүмкіндігінше қарапайым сөз үлгісіне немесе белгілі нұсқадағы айтылған естелік-дерек түріне айналдырады. Мұндай естеліктер 1916 жылғы көтеріліс туралы құжаттық деректерде кездесе бермейтін тың тарихи фактілер береді және ол тақырыпты бүгінгі таңдағы қоғамдық сұраныстарға сай зерттеуге септігін тигізері хақ. Ал ол деректерді ғылыми тұрғыдан талдау арқылы жазба деректерде кездесе бермейтін тың ақпараттарды алып көтеріліс тарихын жаңа мазмұн мен сипатта баяндауға болады.

Көтерілістің алғышарттарын, басталуы мен барысын, салдарын түсіндіру жеке адамдардың естелік-әңгімелерінде, сондай-ақ сол тұста айтылған қанатты сөздер мен өлең-жырларға, дастандарға негізделген үлгілерінде кездеседі. Аталған дерек түрлерінің маңыздылығы өте зор. Бұл деректер көтеріліске қатысқан немесе оның куәгері болғаны жайында адамдардың есінде (тарихи жадында) қалыптасқан деректер.

Ал ғылымда тарихи жад мәселесін алғашқылардың бірі болып зерттеген француз әлеуметтанушысы (социологы) Морис Хальбвакс деген ғалым. Бұл ғалымның «Ұжымдық жад» («On Collective Memory») атты монографиясы ол қайтыс болған соң 1950 жылы жарық көрген. Оның еңбегі «Социальные рамки памяти» (Әлеуметтік жадтың шеңбері) деген атаумен орыс тіліне аударылып, 2007 жылы жарық көрген болатын. Ол еңбегінде «...тарихи жад әлеуметтік деңгейде коммуникативтік және әлеуметтік өзара қарым-қатынасы арқылы адамдардың жадында қалыптасады»-деген ой айтады [2].

Егерде бұл ғалымның айтқан ойына сүйенетін болсақ, онда 1916 жылғы көтеріліс туралы тарихи жадта сақталып айтылған естелік-әңгімелер, дастандар коммуникативтік және әлеуметтік өзара қарым-қатынас негізінде қалыптасқан. Жадта сақталып келген деректер бүгінгі қазақ қоғамы үшін де маңызды, рухани мәдениеттің жаңа арнада жаңғыру мүмкіндігі бар сала деп айтуға болады. Сондықтан, ғылыми зерттеулерде бұл саланың деректерін пайдалану да орынды деп есептейміз.

Қазақ халқының жадында сақталған тарихи оқиғалар мен процестерді, жеке тұлғалар, т.б. мәселелер туралы ауызша естелік айту дәстүрінің деректерін алғаш рет арнайы қарастырып,

оған ғылыми баға берген энциклопедист ғалым Шоқан Уәлиханов еді. Ол халықтың көшпелі тұрмыс салтына сай бейімделе отырып дамыған тарих айту дәстүрінің мәдениеттегі ерекше құбылыс екені туралы: «Қазақ өзінің көне аңыздары мен наным-сенім-дерін қайран қаларлық тазалықта сақтай білген. Одан да өткен ғажабы сол, байтақ даланың әр шалғайындағы, әсіресе, өлең-жырлар еш өзгеріссіз қайталанатыны. Көшпелі сауатсыз ордадағы ауызша тараған осынау үлгілердің бір-бірінен қылдай ауытқымайтыны адам айтса нанғысыз қасиет, алайда күмән келтіруге болмайтын шындық»-деген ой айтады [3].

Ел арасында сақталған мұндай деректік топтамаларға кіретін естелік-әңгімелер, дастандар қалыптасқан тарихи жағдайларды баяндауға бағытталған. Сонымен қатар көтеріліске қатысты естелік материалдардан көтерілістің басшылары, олардың тұлғалық сипаты, бітім-болмысы, сол кезеңдегі халықтың тұрмыс-тіршілігі, орыс өкіметінің өлкеде жүргізген саясаты, көтерілісті басып-жаншуына байланысты жүргізген жазалау шаралары, көтерілістің жеңілу себептері, нәтижесі мен салдары, т.б. мәселелер жөніндегі мәліметтерді байқаймыз. Мысалға, бұл естеліктер көтерілістің шығуына негіз болған алғышарттарға байланысты да жақсы мәліметтер береді. 1916 жылғы көтерілістің негізгі шығу себептерінің бірі жер мәселесі болатын. Көтеріліс қарсаңында патша үкіметі ұзақ жылдар бойы жүзеге асырған отарлық саясатының барысында орыс шаруалары мен казак-орыстар үшін қазақ жерлерін зорлықпен тартып алып, құнарлы егіндігінен, шұрайлы шабындығынан айырып негізіне мал шаруашылығымен айнылытатын көшпелі халықты тау-тасты және шөлейтті жерлерге ығыстырды.

Осы айтылған оқиғаларды көзімен көріп, куә болған жетісулық ақын Асан Барманбекұлы патшалық Ресейдің отарлық саясатының қасіретті нәтижесін өз аймағының мысалында былай деп өлеңге қосып:

«Заманың сенің тарылды.
Өр көкірек кең қоныс,
Дәуірің сенің қалған-ды.
Кең қоныстан айырылып,
Ұшып кетер жерің жоқ.
Қанатың сынып қалған-ды.
Екі көзің телміріп,

Мойныңа шынжыр салған-ды» - [4, 8 б.] деп ата қоныс, құт мекенінен айырылып, бодандықтың қамытын киген халықтың ауыр жағдайын осылай бейнелейді.

1916 жылғы көтерілістің шығуына себеп болған мәселелердің қатарында алым-салықтың көбеюі, соғысқа қажет халықтан алынған түрлі соғыс салықтары еді. 1914 жылы Ресейдің қатысуымен басталған бірінші дүниежүзілік соғыс ішкі Ресей халқының да, шет аймақтардағы «бұратана» халықтың да әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына қатты әсер еткен. Шаруашылық күйзеліп, егіс көлемі азайып, оның өнімі күрт төмендеді, мал саны кеміді. Соғыс қисапсыз көп шикізатты, азық-түлікті, малды, тағы сол сияқты материалдық игілікті қажет етті. Өлкеде жергілікті өнімдер арзан бағада қала отырып, сырттан тасымалданатын өнім қымбаттап халықтың шаруашылығы күйзеліп, әл-ауқаты нашарлай түсті. Соғыстың алғашқы үш жылында Түркістан өлкесінен өте көп мөлшерде мақта мен мақта майы, 474 мың балық, 299 мың пұт сабын, 70 мың жылқы, 13 мыңға жуық түйе, 38 пұт мың шаршы кез киіз, 441 киіз үй соғыс қажетіне жинап алынған [5, 104 б.].

Соғысқа қажетті деп саналған мұндай материалдық игіліктер халықтың еркінен тыс, күштеп алынған болатын. Халықтың мойнына ауыртпалық түсіріп жиналған бұл жағдайлар көтеріліске байланысты естеліктерде кездеседі. Ол жайында 1885 жылы туылған, Кеген ауданы Қызылту колхозының мүшесі Алдаберген Қойшыбеков 1916 жылғы көтеріліс туралы айтқан естелігінде: «Сонда «31 жас, 19 жастағы балаларды солдатқа алады» дегенді естідім. Алдабергеннің жасы 31 де, Батырхан жасы 19-да болып шықтық. Сонда естуім көтеріліс алдында еріксіз, халықтың аттарын ала бастаған. Оның артынан кешікпей солдат аламыз деген хабар естілді» - дейді [6, 1-п.].

Ал келесі бір естелік айтушы Жазылбек Серібайұлының естелік-әңгімесін былай деп тарқатады: «Патшаның герман тартысы басталғаннан қалың бұқарадан алған алымы: 1) 15-жылдың қысында әскерге деп түтінге бірден байпақ алды. 2) Кассіге құйма ақша құямыз деп болыс басына мың сомнан ақша жидырып алды. 3) Ағашты жерге тұяқты мал ұстатпаймыз деп тұяқ басына 25 тиыннан ақша жидырып алды. 4) 16-жыл апрель, май айларында герман фронтындағы әскерге керек деп киізі жаңа, ағашы жаңа, болыс басына 9-дан үй салып, болыстар арқылы Жалаңашқа жидырып алды. 5) Осы жылы ел егін айдап болған соң ел Қарқара, Ақ бейіт жайлауына барып отырған соң Қарқара жәрменкесіне ру; руға әскерге ат алушы кәмесие-төрелер келіп, пристоп арқылы барлық болыстарға бұйрық беріп Албан руының барлық жылқыларын Қарқараға айдатып алып кел деп, ат, айғыр, бие демей, кезге толғанын алдына 150, артына 100 сомнан ақша беріп, ол аттарды болыс басына мал айдаушы жігіт алып, тиісті жеріне айдатып тұрды» [7, 1-п.].

Көтерілістің шығуына түрткі болған 1916 жылғы 25 маусымында Ресей империясына қарасты «бұратана» халықтардан соғыс жүріп жатқан аудандардағы тылдың қара жұмыстарына адам алу туралы шыққан жарлығы болатын. Патша жарлығына қарсы көтеріліс Орта Азия мен Қазақстанның барлық аудандарында бір мезгілде 1916 жылғы шілде айының алғашқы күндерінде басталды. Бұл қарсылық өлкенің әртүрлі аудандарында стихиялық бас көтерулерден ұйымдасқан қарулы көтеріліске барып ұласты. Көтерілістің негізгі себебі отаршылдық езгінің күшеюі, қазақ шаруаларының жерін тартып алу әрекетінің кең өрістеуі, алым-салықтың еселеп көбеюі, ұлттық, рухани езгінің шектен тыс дәрежеге жетуі болды.

Көтерілістің басталуы мен барысына қатысты, тылдың қара жұмысына алынатын жас жігіттердің тізімінің жасалуына байланысты да естеліктерде жақсы тарихи фактілер айтылады. Ол жөнінде Алдаберген Қойшыбековтың айтқан естелік-әңгімесінде былай баяндалады: «Сол хабармен Албан Ұзақ батырдың ауылына жиналып, ақ боз бие сойып, Сұлтанәлі Кекіловты хан көтеріп, июнь айының ішінде Қарқара жәрменкесінің күн шығыс жағындағы жуан төбеге жиналды. Барлық Албан болып, тірі адамнан бір адам қалмай жиналған. Сонда Албан жақсылары: Ұзақ батыр, Тұрлықожа, Серікбай, Айтбай т.т. сондай жақсылары болып жиналған «Баланы біз жараттық, баланы солдатқа берейік, балалар үшін мал-бастан айырылып, қырылмайық» деген сөзді жаңағы болыс, билер, байлар болып айтқанда, артта тұрған кедей, қара шаруалар болып шулаған: «егер баланы береміз десең, біз біріміз қалғанша қырылып, хәм берем деген кісіні де өлтіріп өлеміз» деп шу ете түсті [6, 2-п.]. Жасалған тізімді тартып алып, жыртып тастағандары және ол тізім жойылса тылдың қара жұмысына алмайтындай ойлапқуанғандары туралы «Сонда мен, Алдаберген, Ауғанбай болыстың кеңсесіндегі жиналып отырған кісінің ішінде отырғанымда, болыс Ауғанбай мені 19 жас 31 жастағы солдатқа аламын деп жазған іспескесін алып кел деген. Сонда мен барып песірден іспескені бер десем, былдырап ұрысып, іспескені маған ұстата берген. Сонда мен іспескені бір айырып, песірді бетке ұрып, қалғанын далаға алып шығып, быт-шыт қылып айырып тастадым. Сонда халық шулап: «Құдай құтқарса, құтылдык!» деп атқа мініп, ауыл-ауылға сүйіншілеп кете берген»-деп көрсетеді [6, 3-п.].

25 маусымдағы жарлық елге тарағанда Жетісудағы Қарқара өңірінің халқы игі-жақсыларының басшылығымен Қарқара жәрменкесінің күн шығыс жағындағы Ереуіл төбеге жиналып 1916 жылғы 25 маусым жарлығына қатысты мәселені талқыға салған болатын.

Бұл туралы жиынға қатысып куә болған көтерілісшілердің бірі Ж.Серібайұлының естелігінде: - «...үш мың шамалы адамдар бас қосып, кеңес қылынды.»-деп әңгімелейді [7, 2-3 пп.].

Естелікте айтылған мәліметтерге қарағанда осы талқылаудан кейін жиынның шешімімен бірнеше адам жәрменкеде орналасқан патша әкімшілігінің өңірдегі кеңсесіне барып, ондағы отаршыл жүйенің өкілі ел ішінде «Ақжелке» аталып кеткен ұлықпенкездескен. Кездесу барысында ұлықтың қойған талабына кездесуге барған беделді тұлғалардың бірі Серікбай Қанайұлы былай деген екен: - «...Сонда Серікбай Қанайұлы жауап айтты: Көпшілік кеңесті, көпшіліктің жауабы мынау – біздер ақ патшаға қарағалы 50 – 55 жыл шамасында болған екен. Содан бері патша оқу; өнер үйретпеді. Не әскер қызметіне алып, әскер білімін үйретпеді. Қараңғы, білімсіз болдық. Құр қол ұрысқа тас сына ма? Патшаның сұраған

рабочиын бере алмаймыз – деді. Патша біздерді тәрбиелейді дейсің, біздер үшін салдырған мектебі, әртүрлі өнер – білім орындары қайсы?...» [7, 4-п.].

Қарқара көтерілісінің басшылары Ұзақ Саурықұлы, Серікбай Қанайұлы, Жәмеңке Мәмбетұлы т.б., өз пікірлерін ашық айтып, наразылық білдіріп, халықты патша жарлығын орындамауға шақырып, көтеріліске шығуға үндеген еді. Жәмеңке Мәмбетұлы: - «...Берсек бала өледі, бермесек шал өледі. Бала өлгенше шал өлсін, патша жарлығын орындамаймыз....» - деп ел мүддесі үшін ерлікпен жауына қасқайып қарсы тұрады.

Жәмеңке Қарқара қазақтары мен Ыстықкөл өңіріндегі қырғыздарының арасында ақылгөй ел ағасы атанған. Туысқан екі елдің татулығы мен достығын, бірлігі мен бейбітшілігін сақтап, нығайтуға көп еңбек сіңірген тұлға. Осындай тұлғаны отаршыл жүйенің жазалаушы жендеттері түрмеге түскен жерінде «у» беріп, ал онымен бірге түрмеде болған басқа адамдарды түрменің терезесінен оқ атып өлтірген. Ол туралы Жазылбек Серібайұлының айтқан естелігінде: «Аз күннен кейін Қарақол абақтысында «Жәмеңке Мәмбетұлы қаза болды» - десті. Оның артында 2 күннен кейін Қарақол қамау үйіндегі Албанның басты адамдарын қамау үйдің терезесінен атып, қырып тастапты. Қарқара қамау үйіндегі: Байсүгүрұлы, Қанайұлы, Қойшыбек ұлдарын Жаркентке айдап бара жатып Ақшоқының қайқысындағы жазықта бұл үшеуін де атып тастапты»-деп баяндалады [7, 4-п.].

Түрмеде болған аласапыран кезінде Ұзақ Саурықұлы, Әубәкір Сұлтанбекұлы, Жайшыбек Бектенұлы, Тұрлығожа Жансеркеұлы қашып құтылады. Қатты жаралы болған Ұзақ Саурықов жендеттердің қолына қайта түсіп, дүниемен қош айтысады. Атылғандардың ішінен Қойшыбеков Алдаберген жаралы болып, әйтеуір өлмей қалады. Кейіннен есін жиып, жаяу жүріп елге жетіп, өзгелердің қаза болғанын естіртеді.

Осы болған жағдайды, көтеріліс тарихын өлең жолдарымен бейнелеген айтылған тарих материалдарындағы мына бір ерекшеліктерге назар аударайық.

1916 жылғы көтеріліске қатысып, көтерілісті басуға келген жазалаушы әскердің қысымына шыдамай көрші Қытай жеріне ауа көшіп босқыншылыққа ұшыраған елмен бірге қиын-қыстау кезенді басынан кешкен молда Қойшыбай Қосалыұлының сол заманды бейнелеп айтқан естелік-дастанындабылай сипатталады:

«.... Қырылды Қарақолдың түрмесінде

Бастығы Жәмеңке, Ұзақ кемеңгерім.

Далада көр киімсіз, бекер қалды

Маңдайын күн шалмаған өңкей ерім» - деген болған жағдайларға

байланысты өз ұстанымын білдіреді. Сондай-ақ көтеріліс тұсында қалыптасқан халықтың ауыр жағдайын, болашаққа үміт артқан арман-тілегіндастанында былай деп баяндаған:

«Біздің жұрт баяғыдай болар ма екен?

Бірігіп Қарқараға қонар ма екен?

Ұрық туған бір жерге басын қосып,

Көңіліміз раушан боп толар ма екен?» [8, 6-п.].

1916 көтеріліске байланысты Досболов Қасқабас деген кісінің айтқан естелігі де назар аударалық. Ол кісі 1889 жылы туылған, 1958 жылы маусым айында қайтыс болған. Қайтыс боларының қарсаңында 1958 жылы қаңтар айында естелікті туған немересі Әлсейітов Манарбекке өз аузымен әңгімелеу арқылы оқушының дәптеріне жаздырып қалдырған. Немересі қазіргі уақытта Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Жаңа тұрмыс ауылында тұрады. Ұзақ жылдар бойы мал шаруашылығында бас зоотехник болып қызмет атқарған. Естелікті Манарбек ағамыз жеке архивінде сақтап келген екен. Естеліктен қазақ қоғамындағы белгілі бір тақырыпқа, тарихи оқиғаға байланысты тарихи жадта сақталған естеліктің өзіндік үлгісін көруге болады.

Аталған естелікте 1916 жылғы көтерілістің басталуы, сол кезде ел арасында қалыптасқан жағдай жайында тың мәліметтер беріледі. Ол кісі 1916 жылдың оқиғаларын естен кетпейтін оқиғалар қатарына жатқызып, ол оқиғалардың өрбу барысын сипаттап өзіндік ой-тұжырымдар жасап былай деп бастайды: - «Оқиға. Оқиға деп адамзаттың ес біліп, етек

жапқаннан кейінгі көргенінің барлығын ойлаймын өзімше. Сол оқиғаның ішінде естен кетпейтіні 1916 жылғы көрген оқиға. Естен кетпейді деген себебім мынау...» - деп көзімен сол кездері болған оқиғаларды, патша чиновниктері мен халықтың арасында болған, т.б. жағдайларды сипаттайды. Жазалаушы әскермен болған қақтығыс жайлы, олардың істеген қатыгездігі туралы: «Мақсұттың ауылына барып, жігіттерін ертіп, солдатқа «пленге» түскен адамдарды ажыратып аламыз деді. Мақсұттың ауылына келсек еркек біткеннің барлығы Жалаңаштың орысын қыруға кетіпті. Кеше сол орыстардың малын алып келді деп, ауылда қалған әйелдер айтты. Ешкімді таба алмай келген жағымызға қайта қайттық. Ондағы ойымыз орыстар қырған жерде ел барма деген еді. Қайтадан Құдырғыдағы Жасыбайдың үйіне қайтып оралдық. Келсек 4-ші ауылдың адамдарының бірсыпырасы жаралы екен, менің ағам Молдабайда солардың ішінде. Олар орыстармен шайқаста күштері жетпей барлығы қашыпты, өлсем біреуін жастана өлейін деп, бір солдаттың белінен ұстап алып аударып бастағанда солдат қылышпен қолын шаба берген екен, сүйектен түк жоқ, қарнын оқ тесіп кетіпті. Әрең дегенде келіп отырғаны екен. Сол кісілердің ішіндегі Сейдімхан дегеннің 7 жерінен найза тесіпті. Келгеннің барлығы жаралылар, олардың айтысына қарағанда бір шайқаста 47 адам қаза болыпты. Солдат кетіпті дегенді естіп, қайтадан Қарақұрсаққа бардық. 4-ші ауылдан қалған тамтығы Қарақұрсақта екен. Болған жайдың хабарын естісек біраз адам қаза болыпты, қасына 15 кісідей ертіп Ибақ солдаттың артынан қуып, қапыда оққа ұшады, қалғандары атысады. Ішінен сол атысқа қатысқан Байсейітті шешесімен бірге басын таспен мыжып кетіпті.» - деп өз көзімен көріп куәсі болған тарихи оқиғаларды еске түсіре отырып осылай әңгімелейді [9].

Жетісудағы 1916 жылғы көтеріліс қазан айының аяғында, қараша айының басында қатыгездікпен, аяусыз басып-жаншылды. Көтеріліс кезінде қажып-қалжырап, қиналған халық туған өлкесінде “барар жер, басар тауы” қалмаған соң босқын болып Батыс Қытай аумағына босып кетуге мәжбүр болды. Әрине, ол жақта оларды “құшақ жая” қарсы алған ешкім ешкім бола қойған жоқ. Керісінше “тозған қазды, топтанған қарға жейді” дегендей олардың патша жендеттерімен қалған мал-мүлкі жергілікті халықтың өкілдері, Қытай үкімет орындары тарапынан тонауға түсіп, тартылып алынған. Босқыншылыққа ұшырап Қытай жеріне кетуге себепші болған отаршыл үкіметінің жазалаушы әскерінің көтеріліс басылған кейінгі іс-әрекеттері де әсер еткен-ді. Олар көтеріліс басылғаннан кейін, оған қатысушыларды, сонымен қатар бейбіт халықты да жекелеп де, топтап та қырған болатын.

Жазалаушы жендеттердің көтерілісші халықты айуандықпен қырғынға ұшыратып, тонағанын сол оқиғаларды көзімен көрген куәгер Іргебай Дәлденбайұлының естеліктерінен көруге болады: «... орыстар қазақтарды өлтіріп Тәте деген асудағы шанышқан ағашқа байлаған, ер адамдардың астын кесіп, аузына тығып кеткен. Қарқарадан Нарынқолға келе жатқан әйелдерді өлтіріп, балаларын құшақтатып кеткен. Сол тәріздес шабуыл жасаушы казак-орыстар малды талап, үйлерді өртеп, киім-кешекті алғаннан басқаны білмеді. Өз білгендерімен іс істеді. Сонымен ел Қытай шекарасы Текес-Байынқол өзенінің бойындағы “Абылайша” жаппа үйлер тігіп, қытаймен сөйлесе бастады. Қытай ұлықтары тоғыз қара жорға, тоғыз арғымақ, он екі жамбы барсең жол беремін дейді. Бір жағынан патшаның әскері келіп қалама деп болыс – болыстан кісі келіп, Тоғай-Толағай деген. Байынқолдың Текеске құйған жерінде, қос деңнің астында сөйлетті» [4, 31-32 бб.].

Осындай ел әбігерге түскен, екі ортада не істерін білмей сергелдең болған шақта патша жазалаушылары елге “арғы бетке” өтпеу туралы талап қояды. Ол жөнінде жоғарыда аталған кісі былай деп еске алады: «...Сарыжазға мың казак-орыспен, зеңбірек құрамымен Кравченко деген пристав орыс келді. “Ел қашпасын, қашқанымен Қытай өткізбейді. Ішіндегі айыпты кісілерді ғана аламыз. Басқасына тимейміз. Өз жерлеріне барып отыра берсін. Егерде екі күннен қалса әскерге алмау жағына ерік беріледі” деген, бір-бір жапырақ қағаз келіп, елге таратты. Елдің тұқымы құрып қалса да тоқтайтын болмады. Бұл патша жендеттерінің жасаған айла-шарғысы еді. Өйткені қашқан елмен біраз дүние мүлік ары өтіп кететінін біліп қайткен күнде оны алып қалуға тырыспақ болды, сонымен бірге, бері жақта қалса “сендер көтеріліске қатысқан кінәлісіңдер” деп одан әрі қанауға салуды көздеген саясат болған еді.

Осылай шекараға жақын жерде ұйлығып тұрған елдің үстіне Қарақол уезінің қырғызының бұғы руы келіп қосылады. Осы кезде алдыңғы қойған шартқа көнбеген халықты күшпен қалдыруға тырысқан жазалаушы әскерде келіп жетеді. Екі арада тағы да қақтығыс болып қарусыз, қорғансыз халық тағы қырғынға ұшырайды. Бұл оқиға жөнінде куәгер Жазылбек Серібайұлы: «Бірнеше күн өткеннен кейін үш-төрт жүз әскері және әскер басшыларымен Кравченко келді Албан, Бұғының бірнеше көтерілісшілері Құрқақпақтың аузы, Текес суының жағасында патша әскеріне қарсы ұрыс болдыртты. Әскер зеңбіректі күшілдеткен соң көтерілісшілер шен-маңайларына бара алмайды. Күн кеш кіріп, түн болған соң Кравченко әскері Қақпаққа келіп қонады. Қолында жабдығы жоқ албан, бұғы қатын-бала мүліктерімен түнде жасырынып қашып, шекараға барады. Алдарынан Қытай әскері тосып, өткізбейді. Үріккен ел таң атқанша ат үстінде болады. ... Қазақ-қырғыздан көп адам шығын болады. Үріккен ел жолшыбай қалмаққа малын аяусыз талатып алады» - былай деп еске түсіреді [4, 32 б.].

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарихы басқа да әртүрлі әлеуметтік-саяси процестермен байланысты болған және соған қатысты естелік материалдар түрлі мазмұнда болып келеді. 1916 жылғы көтеріліс туралы мұндай көптеген тарихи жад деректері 1920-1930 жылдары ұлт зиялыларының арқасында жинақталып еліміздегі архив қорларына түскен.

І. Жансүгіровтің 1916 көтеріліс жайында куәгерлермен әңгімелесіп, елдің есінде қалған естеліктерін жазып алып қалдырғанын жоғарыда айттық. Оның бірқатары еліміздің архивтерінде сақтаулы. Мысалы, Әубәкір Сұлтанбекұлының, Алдаберген Қойшыбекұлының, т.б. кісілердің естеліктерін жазып алған [10, 128-139 бб.]. Әубәкір Сұлтанбекұлының естелігін Алаш зиялысы Телжан Шонанұлы 1936 жылы орысшаға аударған екен. Ол қазіргі кезде ҚР Президентінің архивінің қорында сақтаулы тұр [11, 1-7 пп.]. Оның естелігін «Воспоминание одного участников восстания в жаркентском уезде Аубакира Султанбекова» деген тақырыппен берген. Естеліктің бас жағында І. Жансүгіровке байланысты мынадай түсініктеме берілген: «Здесь мы даем перевод воспоминания Аубакира, записанных т.Жансугуровым лет 10 назад. Аубакир один из участников восстания, бурно разыгравшегося среди албанцев в Жаркентском уезде. Правдивость передачи фактов самим Аубакиром подтверждается песнями народных поэтов Болтрика и Етекпая, Кодек и др., подготовляемых Институтом Нацкультуры к изданию под редакцией т.Айманова.» [12, 1-п.].

Қорыта айтқанда, Жетісу өңіріндегі 1916 жылғы көтеріліс туралы, жалпы Қазақстандағы 1916 ж. көтеріліске қатысты тарихи жақта сақталған естелік-деректерді дәйекті түрде зерделеу және оны ғылыми еңбектерде пайдалану маңызды. Ол деректер халқымыздың күнделікті әлеуметтік-мәдени өміріндегі қоғамдық-саяси, экономикалық, діни, тұрмыс-тіршілік, т.б. мәселелерді дұрыс түсініп, ғылыми объективті бағалауға өзіндік септігін тигізеді деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жансүгіров І. Мақалалар. Күнделіктер. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2019. Т. 4. – 320 б.
2. Морис Хальбвакс. Социальные рамки памяти / Пер. с фр. и вступ. статья С.Н.Зенкина. – М.: Новое издательство, 2007. – 348 с.
3. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы, 1985.
4. Қарқара айбаты: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 1991.
5. Национальные движения в условиях колониализма (Казахстан, Средняя Азия, Северный Кавказ) // Материалы Всесоюзного «круглого стола». – Целиноград, аль – Фараби, 1991.
6. ҚР Орталық Мемлекеттік архиві (ҚР ОМА). 427 қор. 1-тізбе. 162 – іс.
7. ҚР ОМА. 427-қор. 1-тізбе. 154-іс.
8. ҚР ОМА. 427-қор. 1-тізбе. 166- іс.
9. Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Жүнісбай Қайыпов ауылының тұрғыны Әлсейітов Манарбектің жеке архивінен.
10. ҚР ОМА. 3-қор, 1-тізбе, 32-іс.
11. ҚР Президентінің архиві. 811-қор. 4-тізбе. 811-іс.
12. ҚР ОМА. 3-қор, 1-тізбе, 47-іс.

ӘОЖ 7.067.6

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ДЕНЕ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ ОРНЫ

Тохбай Т.

Омар Молдағожин атындағы орта мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі,
Алакөл ауданы, Қабанбай ауылы
tileuberdi8484@gmail.com

Мақалада мектепте дене шынықтыру пәні бойынша өткізілетін дене жаттығулары түрлері мен олардың пайдасы, іске асу жолдары қарастырылған. Қазіргі таңда мектеп бағдарламасында бар дене шынықтыру пәнін өткізуде аталған пәнді өткізетін мұғалімдердің басты назарда ұстауы тиіс қағидалар қамтылған. Сабақ барысында оқушылардың спорттық дене жаттығуларынсыз, денені қыздырмай спорт түрлерін ойнау мүмкін емес екендігін дәлелдеуге бағытталған. Сонымен қатар, денсаулыққа пайдалы дене қимылдарының күнделікті өмірде қолданылу ережесі де көрсетілген. Зерттеу жұмысын жазуда республикалық оқу-әдістемелік педагогикалық журналдарға жарияланған ғылыми мақалалар мен әдістемелік нұсқаулықтар және республикалық «Денсаулық» журналында жарық көрген ғылыми танымдық мақалалар негізге алынды.

Кілт сөздер: дене шынықтыру, дене жаттығулары, дене қыздыру, қимыл, денсаулық, жігер.

В статье рассмотрены виды гимнастики, проводимые в школе по физкультуре, их преимущества, пути к реализации. В настоящее время школьная программа содержит правила, которые учителя, проводящие данный предмет, должны держать в центре внимания при проведении существующей физической культуры. Занятия направлены на то, чтобы доказать, что учащиеся не могут заниматься спортом без спортивной гимнастики, без разминки. Кроме того, также показано правило использования полезных для здоровья движений тела в повседневной жизни. За основу написания исследовательской работы легли научные статьи и методические указания, опубликованные в республиканских учебно-методических педагогических журналах и научно-познавательные статьи, опубликованные в республиканском журнале «Денсаулық».

Ключевые слова: физическая подготовка, Дене жаттығулары, разминка, движения, здоровье, бодрость.

The article discusses the types of gymnastics conducted in physical education schools, their advantages, and ways to implement them. Currently, the school curriculum contains rules that teachers who teach this subject should keep in the spotlight when conducting existing physical education.

The classes are aimed at proving that students cannot play sports without gymnastics, without warming up. In addition, the rule of using healthy body movements in everyday life is also shown. The research work is based on scientific articles and methodological guidelines published in republican educational and methodical pedagogical journals and scientific and educational articles published in the republican journal "Densaulyk".

Key words: physical fitness, gymnastics, warm-up, movement, health, vigor.

Дене шынықтыру сабақтарында қолданылатын, оқушылармен бірге іске асатын денсаулыққа тиімділігі басым Дене жаттығулары жайында жазылған мақалалар жиі ұшырасады, соның ішінде денсаулыққа пайдалы жаттығулардың әсерін айқындауға бағытталған шетелдік және отандық ғылымдар үлкен үлес қосты. Ғасырлар бойы дамып келе жатқан бұл зерттеулердің әр кезеңде ұсынған өзіндік ойлары, тәжірибелер бар, соған сәйкес дене тәрбиесі болған [1, 7]. Денсаулыққа тиімді Дене жаттығулары түрлері ежелгі заманда да өзекті болған, әсіресе, Грецияда, Римде үлкен қарқынмен дамыған. Мәселен,

дәрігерлер ант беретін Гиппократты атауға болады. [2, 13]. Грек-римнің халықтық медицинасында денсаулыққа пайдалы және спортқа дайындық, сайыс алдындағы жаттығуларының пайда болуына жол ашқан, үлес қосқан, ежелгі ғалымдар (Целий, Цельс, Гален) да бар. Целий еңбектерінде пайдалы Дене жаттығуларының міндетті түрде, дене тәрбиесіне қолдану керектігін атап көрсеткен. Тоғызыншы ғасырдың соңы мен оныншы ғасырдың басында Әбу-Әли Ибн Сина да спорттық салада еңбек жазған [3, 9].

Дене жаттығулары – дене қозғалысына арналған жаттығу екенін баршамыз білеміз. Дене жаттығулары – мектепте өтілетін дене шынықтыру пәнінің (бағдарлама бойынша) алғашқы әрі өте қажетті бөлімі. Бұл – оқушылардың спорттық ойындар мен сабақ жоспары бойынша өтілетін әрекеттер үшін және өмірлік дағдыда дене бітімінің дұрыс қалыптасуына үлесі басым.

Дене жаттығулары - арнайы жаттығулар жүйесінен тұратын спорт түрі, оған қоса, адам денсаулығын нығайтуға және дененің үйлесімді дамуына үлес қосатын дене шынықтыру тәсілдері. Қазіргі таңда “Қазақстанда Дене жаттығуларының (грекше *gymnastike, gymnasio* – жаттығу жасаймын, жаттықтырамын) акробатика, көркем Дене жаттығулары және спорттық Дене жаттығулары сынды түрлері жақсы дамыған”. [4, 63].

Ізденіс барысында оқушыларды дене қыздыруға, ойынға дайындауға жеңіл атлетика мен қозғалысқа бейім ойындармен айналысуға шақырудың, дене шынықтыру пәніне деген қызығушылығын арттырудың, салауатты өмір салтын ұстану жолдарын зерделеудің жолдарын қарастырамыз.

Адам денсаулығына өте пайдалы таңғы жаттығулар — 7-8 сағаттық ұйқыдан соң дамыл тапқан дене мүшелерінің қайтадан қозғалысқа бейім болып, қалпына келтіруді тездетеді. “Ұйқы кезінде адамның орталық нерв жүйесі де тынығады. Бұл кезде жүректің соғысы азайып, тыныс алуы баяулайды, бұлшық еттері босап, организм толық демалады “[5, 17]. Ұйқыдан кейін орталық жүйке жүйе мен әртүрлі мүшелердің қызметі кезең-кезеңімен артады. Таңғы жаттығуларды орындауда қызмет атқаратын дене бұлшық еттері мен буындар жүйке талшықтарын саналы түрде белсенділікпен жұмыс атқаруға бейімдейді. Сондықтан сабақ барысында жасалатын кейбір дене жаттығуларын таңғы ұйқыдан кейін жасауға үгіттеп отырамыз. Аталған жаттығулар барысында іш құрылысымызда орналасқан негізгі мүшелердің да жұмыс істеу қабілеті жақсарып, қимылдауға қабілетті сезінген оқушының сабаққа, дүниеге деген көзқарасы, ынтасы күшейеді. Тіпті, мұғалімнің үйреткен жаттығуларын толық меңгермеген жағдайда таңғы жаттығу үшін түрлі спорттық бағдарламалардағы немесе каналдардағы, тіпті Ютуб каналындағы, инстаграм парақшасындағы спорт блогерлерінің көрсететін жаттығулар жүйесін пайдалануға да кеңес беріледі.

Жоғарыда көрсеткендей дене жаттығулары дегеніміз - дене шынықтырудың басты, маңызды бөлігі. Қандай жаттығу болса да, дене қыздыруға бағытталған қозғалыстың түгелге дерлігі дене жаттығуларын құрайды. Мәселен, дамыту жаттығулары - спорттық ойындардың бәрінде, денені қыздыруға, арнайы жаттығуды орындау міндетінен басталады. Таңертеңгі ұйқыны ашу, денені сергектікке баулу жаттығулар жиыны - жалпы дамыту жаттығулар жиынынан құралады. Сол негізде “Дене жаттығулары бүкіл спорттың негізін қалайды” [6. 68].

Дене жаттығуларының барлық түрлері денсаулыққа пайдалы. Заманауи қоғамда біз дене жаттығуларын бірнеше түрлерге бөлеміз, оны төмендегіше топтастырамыз.

1. Емдік гимнастика
2. Ырғақты гимнастика,
3. Атлетикалық немесе спорттық гимнастика
4. Калланетика, стрейчинг т.б.

Дене жаттығуларының ішінде сауықтыру жаттығуларының адам үшін пайдасы орасан. Әсіресе, оқушыларға әсері ерекше. Сауықтыруға бағытталған жаттығулар орынды, тәртіппен орындалған жағдайда адамды сергітіп, төзімділік пен шыдамдылыққа икемдеп, қорғануға, егер сырқат болса одан тез арада құтылуына емдік тұрғыда көмек береді. Ал осы әрекеттердің дұрыс жүзеге асуы мұғалімге тікелей байланысты. “Емдік дене жаттығулары адам денесіне әсер еткенде күрделі құбылысқа сүйенеді”. [7].

Ырғақты дене жаттығулары (ритмика) - Эмиль Жак-Далькрозе жасаған музыкалық және ырғақты білім беру жүйесі. Бұл дене жаттығулары түрі ырғақ сезімін дамытумен байланысты - басқаша айтқанда, адамның жүйке және бұлшықет қызметі арасындағы үйлестіруші қызметін атқарады. Аталған дене жаттығулары түрі “ең күрделі қозғалыстарда автоматизмге жетуге көмектеседі” [8, 117].

Атлетикалық немесе спорттық дене жаттығулары - саналы түрде қозғалысқа түсу мен әр мүшені дамыту үшін (бой өсіру, бұлшық еттерді жетілдіру) қолданылады. Жоғарыдағы жаттығулар спорттық жабдықтармен орындалады. Айталық брусья, қосшоқпарлы батпандармен орындалатын жаттығулар болса, сондай-ақ, тренажорлық залдарда қолданылатын түрлі құралдармен орындалады. Бұл құралдардың түгелге жуығы мектепте бар.

Стретчинг және калланетика (созылуға арналған жаттығулар) жұмыс істеу қабілетіңізді қайта қалпына келтіреді, қимыл қозғалыс үйлесімділігі мен тепе-теңдік сезімін жақсартады. “Күнделікті созылу жаттығулары бұлшықеттерді нығайтып, қозғалысты жеңілдетеді” [9, 46].

Бірінші тоқталған жаттығулар сколиоздың алдын алады, “бұлшық ет жарақатынан қорғайды, дененің созылуын ретке келтіреді, мүсіннің қалыпты жағдайда болуына және ересек адамдарда болатын қан қысымының қалыпты болуын реттейді”[10]. Бұл жаттығу түрлерін қысқаша бейнелеп өтсек, керілу және созылу жаттығулары: екі аяқты қатар иықпен теңдестіре қояды. Екі қолды желке тұсына қойып, оң қолды жоғары серпе көтеріп, сол қолды қарсы бағытқа созады, келесі де сол қол мен оң қолдың қимыл қозғалысын алмастырып, ретпен қайталайды. Жоғарыдағы жаттығу дем алу жолдарына, тыныс мүшелерінің жұмысына оң әсер береді. Сонымен бірге қос иық пен басты шалқайта тұрып, бұлшық еттерді қимылға көшірген жөн. Жаттығу жасау кезінде әсіресе, қолды жоғары бағыттағанда саусақтың басына қараған дұрыс. Созылу сәтінде аяқтың ұшына күш түсіріп тұру арқылы жаттығуды қиындатуға болады. Жаттығу жасауда асығыстыққа жол бермей, баяу орындалуы тиіс. Қимыл: 1—2 — созылу — демді ішке, сыртқа кезегімен шығару; 3—4 — жаттығуалды қалыпқа оралу, тыныс жолындағы демді сыртқа шығару.

Дене шынықтыру сабағында дене жаттығуларын үйрету үрдісі әр оқушы өзінің қозғалу икемділіктерін тануына жол ашады, қимылдың басты мүмкіншіліктерін ашып көрсетеді. Бұл оқу міндеттерін бөлу, қозғалыстың сараптамасы мен синтезін кеңінен қолдану, қозғалысты жаңа қозғағыш әрекетіне ұштастыру және әр алуан дене жаттығуларын зерттеп үйрену арқылы жүзеге асырылады.

Дене жаттығуларында оқушыны, жеткіншекті тәрбиелеуге, салауатты өсуін жүзеге асырудың ерекше сипаты бар. Мұның бәрі тәрбиеге, тәртіпке, ұшқырлыққа баулиды, қайрат пен жігердің, мінез-құлықтың қалыптасуына, дамуына көмектеседі. Дене жаттығулары дененің дамуын қалыптастыру мүмкіндіктерін ашуға, жаттығу жасаумен айналысатындардың физиологиялық мүмкіндігіне сай жаттығуларды орындауға, дене тәрбиесінің пән ретіндегі тәрбиелік-білім беру міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Дене жаттығуларымен қалыпты деңгейде шұғылдану дене тұрқының, жинақылықтың оң ықпалда дамуына әсері басым. Дене тәрбиесі сабағында қолданыста бар дене жаттығуларының мазмұны әр түрлі: жүріс, жүгіріс, секіру, эстафеталар, сонымен қатар жаттығулар снарядтарда жаттығу (маңдайша, қырлы бөренелер, ат, шығыршықтар және т.б.). Жаттығулардың көп алуан түрлілігі, жүктемені қатаң реттеу мүмкіндігі спорттық дене жаттығуларының қолжетімділігін анықтайды [11].

Мектеп оқушылары мен балабақшадағы жас жеткіншектер үшін дене шынықтыру пәнінің басты бағыты әр жеткіншектің қимыл-әрекеттерін бақылау, әрекет икемділігін дамыту болғандықтан, жаттығулардың жиі өзгеріске ұшырап, алмасып тұрғаны абзал. Балабақшадағы 3-5 жастағы балалар үшін ұсынылған жаттығулардың біразы бүлдіршіндер үшін қиынға соғады. сондықтан қимыл жасауда жеңіл, ұзаққа созылып етпейтін, әрекеттерге жол ашамыз. Жас ерекшелігіне қарай жаттығулар тандап алынып, дене жаттығуларының орындалуын, жаттығуға тән қозғалыстың орындалу реті тұрақты

қадағалан отырған дұрыс. Оқушының қозғалыс икемділігін жетілдіру үшін төмендегі жаттығулардың нәтижелілігі басым:

- А) допты лақтырып жіберіп, қайтадан ұстап алу;
- Ә) допты бір қолдан екінші қолға кезекпен лақтырып ойнау;
- Б) жартылай және толық айналып барып, екі жаққа кезек секіру;
- В) екі аяққа алма-кезек салмақ сала отырып, еңкею қимылдарын жасау;
- Г) «жатқан күйде» қолды желкеге қарай жіберу, шалқадан жатып бір қырымен етпеттеп, қолдың көмегінсіз аунап түсу және т.б.

Осындай екі-үш жаттығу ата-аналар бақылауында болатын таңертеңгі мезгілде орындалатын дене жаттығуларында міндетті түрде орындалуға тиіс. Дене жаттығуларымен ауасы тазартылған бөлмеде, ал жаз айларында таза ауада, далада шұғылданған жөн. Киімнің де маңыздылығы бар ол жеңіл әрі ықшамды болғаны дұрыс. Дене жаттығуларынан кейін денсаулыққа қалыпты әсер ететін температурада су ішу керек.

Қорыта айтқанда, оқушылар дене шынықтыру сабағында дене жаттығуларымен үнемі айналысып, дене шынықтыруда белгілі бір дәрежеге жететін болса, ол оның өзіндік “менінің” өсуіне әсер етеді. Адам спортпен шұғылдану барысында, ең алдымен, өзінің ішкі жандүниесімен, осал тұстарымен, әлсіздіктерімен бетпе-бет келеді. Шынығу ол өзінің өмір сүруіне, дамуына, өсуіне кедергі жасап жүрген әдеттерді жеңуге көмектеседі. Сондықтан оқушылар Дене жаттығуларылық жаттығуларды күнделікті жасап тұрғаны жөн. Баршамыз салауатты өмір салтын сақтай отырып, спортпен шұғылдануға, дене шынықтыру сабағында мұғалімнің кеңесімен берілетін пайдалы дене жаттығуларын күнделікті өмірде де әдетке айналдыру маңызды. Қазіргі таңда мектептегі дене шынықтыру сабақтарында оқушылармен жаттығуларды жасауға, жасалатын жаттығулардың түрлері мен қимылдық ерекшелігін, денсаулыққа пайдалылығын сезіндіру, түсіндіру жұмыстарын мақсатты түрде жүргізу, ата – аналарға кеңес беру, мектеп қабырғасында отбасылық спорттық сайыстар өткізу, салауатты өмір салты мен қатар дене саулығын оның шынығуын насихаттау – біздің міндетіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Куаныш Т.Ш. Дене тәрбиесінің теориялық және әдістемелік негіздері. – Алматы: Атамұра. – 2005. – 85 б.
2. Аманбаев Р.Р. Дене тәрбиелеу мәдениеті ілімін оқып үйрену жөніндегі әдістік нұсқаулар. – Алматы.: Атамұра, 1991. – 41 б.
3. 5-11 сыныптарға арналған мектептің дене тәрбиесі бағдарламасы / С.И.Касымбекова, Ю.Г. Тилеугалиев, С. Тайжанов. Алматы: Атамұра, 2000. 68 б.
4. Гимнастика: Учебник / под ред. Т.А. Брыкина, В.Н.Смолевского. – М.: ФиС, 1985. – 512 с.
5. Балалар энциклопедиясы. III-том.
6. Жолымбетов Ө.Ш., Құлназаров А.К. Спорт терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2009. – 480 б.
7. Спортивная гимнастика: Учебник / под ред. Ю.К. Гаввердовского, В.М.Смолевского. – М.: ФиС, 1972. – 243 с.
8. Гимнастика с методикой преподавания: Учебник / под ред. В.М. Смолевского. – М.: ФиС, 1982. – 221 с.
9. Икіманова Г. Емдік Дене гимнастика маңызы // Денсаулық. – 2011. № 11. – 36 б.
10. Тайжанов С., Төтенбай Б. Дене тәрбиесі: Оқулық 5-класс. Гимнастика дене мүшелерінің негізгі қимылдары. – Алматы: Атамұра, 2001. – 65 б.
11. <https://stud.kz/> Сайт материалдары.

ӘОЖ 82:81-26(092)=(512.122)

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Турысбекова А.Е.

Ф.ғ.к., І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Ә. Кекілбаев шығармаларындағы ұлттық менталитет тақырыбы кеңінен қамтылып, қазақ халқының мәдениеті мен дүниетанымын терең түсінуге бағытталған. Оның шығармалары қазақ ұлтының дәстүрлерін, рухани құндылықтарын зерделейді. Қаламгердің шығармаларында ұлттық сана мен этникалық ерекшеліктердің бейнеленуі, қоғамдық өзгерістер мен тарихи кезеңдердің ұлттық менталитетке қалай әсер еткендігі жайында мол мәлімет береді. Әсіресе, қазақтың тарихи тағдыры мен ұрпақтан – ұрпаққа жалғасқан моральдық және рухани құндылықтары шығармашылықтың негізгі өзегін құрайды.

Кілт сөздер: аңыз, миф, рух, менталитет.

Произведения национального менталитета А. Кекильбаева широко освещена и направлена на глубокое понимание культуры и мировоззрения казахского народа. Его произведения исследуют традиции, духовные ценности казахской нации. В произведениях писателя подробно рассказывается о представлении национального сознания и этнических особенностей, о том, как социальные изменения и исторические периоды повлияли на национальный менталитет. В частности, историческая судьба и нравственные и духовные ценности казахов, передаваемые из поколения в поколение, составляют основу творчества.

Ключевые слова: легенда, миф, дух, менталитет.

The works of the national mentality of A. Kekilbayev are widely publicized and aimed at a deep understanding of the culture and worldview of the Kazakh people. His works explore the traditions and spiritual values of the Kazakh nation. The writer's works describe in detail the representation of national consciousness and ethnic characteristics, how social changes and historical periods influenced the national mentality. In particular, the historical fate and moral and spiritual values of the Kazakhs, passed down from generation to generation, form the basis of creativity.

Key words: legend, myth, spirit, mentality.

Тәрбиенің бастауы мен негізі – халқымыздың бай салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарында десек, Әбіш Кекілбаевтың шығармалары осы рухани қазынаның бір бөлшегі саналады. Тал бесіктен жер бесікке дейінгі адам өмірінің мәні мен мағынасы – адамның дүниетанымы, мәдениеті мен адами құндылықтары – жазушы туындыларында ұлттық болмыс арқылы көрініс тауып, салт-дәстүрмен сабақтасып өрілген. Халықтың рухани байлығын танытуда тек қоғамдық істермен ғана емес, қаламы арқылы да елге еңбек еткен қаламгердің мұрасы – қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған сүбелі үлес, сөз өнерінің шынайы жауһары.

Салт-дәстүр мен әдет-ғұрып – бір халықтың болмысын, ерекшелігін айқындайтын, ата-бабадан ұрпаққа үзілмей жеткен рухани мұра, жазылмаған дала заңы тәрізді. «Бір халықтың кім екенін білгің келсе – салтына қара» деген көне даналықтың мәні де осыны меңзейді. Шынында, жер бетінде тіршілік етіп жатқан кез келген ұлттың тұрмыс-салтынан, дәстүрлі ұстанымдарынан сол ұлттың табиғатын тануға болады. Ұлттық болмысы бар халықтың салт-сана, мұралы дағдысы болмауы мүмкін емес. Қай кезеңде, қандай деңгейде дамығанына қарамастан, әрбір халықтың тарихы осы дәстүрлер арқылы қалыптасады және ол сол елдің барша азаматына ортақ құндылық болып саналады. Бұрынғы кезеңдерде бір ұлттың ғұрпы басқаға оғаш, тіпті ескінің сарқыншағындай көрінуі ықтимал. Алайда, сол халық үшін ол – қадірлі, киелі дүние. Ғасырлар бойы жалғасқан салт-сананың бүгінге дейін жетуі – сол дәстүрге деген терең құрметтің нәтижесі. Дегенмен, қазіргі жас ұрпақ бұл жалғастықты қаншалықты сақтап жүр? Бұл – баршамыз ойлануға тиісті маңызды мәселе. [1,19-6]

Әрбір ұлт сияқты, қазақ халқының да өзіне ғана тән тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы мен өмірлік қағидалары бар. Бұл ерекшеліктер халықтың мәдениетімен қатар дамып, заман ағымына сай түрленіп, жетіліп отырды. Уақыттың озуына, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына байланысты тұрмыс салты да, дүниетанымы да жаңа сипатқа ие болып, бұрынғы дәстүрлерге жаңа мазмұн енді. Бір кездері мал шаруашылығы мен егіншілікпен қатар айналысып, дала мен қала мәдениетін қатар ұстанған қазақ елі түрлі сыртқы шапқыншылықтар мен отаршылдықтың салдарынан жазба мұраларынан, даналардың еңбектерінен айырылып, амалсыздан көшпелі тіршілікке бейімделді. Дегенмен, сыртқы қысым мен қиын-қыстау кезеңдер халықтың рухани байлығын жойып жібере алмады. Сан ғасырлық дәстүр мен тәлімді тәрбие ұрпақ санасына сіңіп, ата-баба аманатын жүрек түкпірінде сақтаған зерделі жұрт өз руханиятын жоғалтқан жоқ.

Суреткер Әбіш Кекілбаев – көркемдік әлемнің тереңіне бойлап, оны дәл әрі әсерлі жеткізуде ерекше шеберлікке ие эпикалық жазушы. Оның табиғи дарыны мен кең құлашты қаламгерлік қуаты, сондай-ақ әлемдік әдебиеттің тұнығынан мейлінше молынан нәр алған шығармашылық тәжірибесі – шығармаларынан анық аңғарылады. Ол жеткізген ой, ол өрнектеген көркемдік әлем бүгінде тек Әбіш Кекілбаевтың шығармашылығына ғана тән ерекшелік болып қалмай, жалпы қазіргі қазақ әдебиетінің, ұлттық өнер мен рухани дамудың биік бір белесі, айқын айғағына айналды.

Әдебиет қай кезеңде де өткен оқиғаларды негіз етеді. Ал келешекті болжап, болжау – ғылымның еншісіндегі міндет. Сол себепті әдебиетті жай оқиғалар тізбегі емес, сол оқиғалардан кейін туындайтын терең толғаныс деуге болады. Басқаша айтқанда, әдебиет – дерек емес, деректен кейінгі пайым. Бұл – сананың шынайы танымға ұласуының бір көрінісі.

Әбіш Кекілбаев – өнер мен өмірдің ішкі заңдылықтарын тереңнен зерделеп, оны көркем түрде бейнелеуді мақсат еткен қаламгер. Осы жолда ол тың көркемдік әдіс-тәсілдерге сүйеніп, суреткерлік шеберлігін шыңдады. Кекілбаевтың шығармашылығы қарапайым баяндаудан алыстап, интеллектуалдық прозаның биігіне көтерілді. Сол себепті оның туындылары «Не болды?» деген сұраққа емес, «Неге бұлай болды?» деген түпкі себептер мен мән-мағынаға үңіледі. Яғни, жазушы уақыт талабын терең түсіне отырып, оқырманға «Қалай өмір сүру керек?» дегенді емес, «Неге өмір сүреміз?» деген терең философиялық сұрақты алға тартады.

Қазақ прозасында Әбіш Кекілбаев шығармашылығы арқылы ерекше таныла түскен көркемдік тәсілдердің бірі – авторлық, баяндаушының атынан және кейіпкердің атынан жүргізілетін сан алуан баяндау формалары. Бұл баяндау түрлерін табиғи субъективтілікпен үйлестіре отырып, жазушы адам мен адам, адам мен қоғам, адам мен адамзат арасындағы күрделі де терең байланыстарды ашып көрсетеді. Мұндай көркемдік шешімдер оқырманның таным көкжиегін кеңейтіп, рухани дүниемізді байыта түседі. Сонымен қатар, автор мен кейіпкердің ішкі толғаныстарын, монологтарын сезімге толы, эмоциялық қуатпен өрбіту – Кекілбаевтың жиі қолданатын, жоғары деңгейге жеткізген көркемдік әдістерінің бірі. Бұл тәсіл – адам жан-дүниесінің ең терең, ең нәзік иірімдерін әсерлі жеткізуге мүмкіндік беретін күрделі әрі көркем құрал ретінде ерекше назар аударуға лайық.

«Күй» повесін Әбіш Кекілбаев Абыл күйші аруағына арнаған көркем ескерткіш ретінде жазған. Шығармадағы басты идея – бейбітшілік пен адамгершілікті дәріптеу, осы жолдағы күресті суреттеу. Жазушы бұл терең тақырыпты күй өнерінің тылсым құдіреті арқылы ашып береді. Повеске қатысты талай жылы пікірлер айтылып, түрлі талдаулар жасалды. З. Кедрин өз мақаласында 18–19 ғасырларда өмір сүрген Абыл күйші туралы музыка зерттеушісі А. Жұбановтың, ақын Ә. Тәжібаевтің және жазушы Ә. Кекілбаевтың еңбектерін салыстыра отырып ой түйеді. Өзге әдебиетшілер мен сыншылар да бұл аңызға негізделген повесті түрлі қырынан қарастырып, оның көркемдік деңгейі, тілі, қолданылған әдеби тәсілдері мен жазушының шеберлігі жайында жан-жақты пікір білдірді.

Геодезист Сырым Қақпақты жерін картаға түсіру мақсатында аттанғанымен, ол жерден ешқандай нақты белгі таба алмайды. Ақыры Түркіменнің Қосаба деген елді мекенінен Құрбан

есімді көнекөз қарияны жолықтырып, оның көмегімен қағаз бетіне алғашқы нұсқаларын түсіруге кіріседі. Сырым Қақпақтының картасына «Қанжар жаныған», «Қол қырылған» сияқты атауларды енгізе бастағанда, бұрын үнсіз жатқан дала тіріліп, жан біткендей күй кешеді. Құрбан қарияның естеліктері арқылы шегініс тәсілімен өрбіген оқиға желісі терең мазмұнымен оқырманды баурап алады. Бұл шығарма туралы М. Сқақбаев: «Әбіш Кекілбаевтың Құрбан қария бейнесін дәл суреттеуі тегін емес. Оның бойында шежіре шерткен данагөй қарттардың үні бар», – деп бағалаған болатын. [1,3-6], - деген еді.

Қазақ халқының «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген даналық сөзі аруаққа құрмет көрсету, марқұмдардың рухына құран бағыштап, дұға жасау сынды терең тәрбиелік мағынаны білдіреді. Осы ұлттық түсінік Әбіш Кекілбаевтың «Күй» повесінде де көрініс табады. Мәселен, шығармада былай деп суреттеледі: «Құрбан қария алыстан моланы көре қалса, көлікті тоқтатып, жерге түседі. Артынша үшеуі зиратқа қарай бет алады. Құрбан қауымның құбыла жақ шетіне барып, дұға оқиды. Содан кейін зираттан бір уыс топырақ алып, қымыздық шыққан ескі қабірдің үстіне қояды. Кейін көлікке жеткенше артына бұрылып қарамайды, тіпті тіс жарып сөйлемейді». Бұл көрініс – қазақы дүниетанымдағы аруаққа деген құрметтің көркем бейнеленуі, өліге деген ізеттің айқын белгісі.

Әбіш Кекілбаевтың «Бәсеке» повесінде ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ұлттық дәстүрлеріміздің бірі – құда түсу рәсімінің көрінісі айшықты түрде көрсетіледі. Шығармада осы дәстүрдің мәні мен маңызы тереңнен ашылады. Құда түсуге келген қонақтың сөзінде: «Пенденің ең үлкен арманы – ұрпақ сүю, баласының өсіп-өнгенін көріп, сол баланың өз ұрпағын тәрбиелегенін көру – бұл тек біздің ғана емес, бүкіл адамзаттың табиғи жолы. Бұның бәрі он сегіз мың ғаламның жаралуымен тығыз байланысты», – деп үлкен бір философиялық ой айтылады. Ол өзінің сөзін құран оқығандай ұзақ әрі мұқият айтады: «Ұл – ұрпақ, қыз – өріс» деген даналықты алға тартады. Қыздың ата-анасына қимас екенін, оның бір кездері жат жұртқа барса да, өз бауырын жалғыз қалдырмайтынын тілге тиек етеді. Көк сақал бұл ойларды ұзақ талдап, қыз ұзату мен бала беру мәселесінің қаншалықты ауыр екенін түсіндіреді. Осылайша, Әбіш Кекілбаевтың шығармаларында құда түсу, қыз ұзату және басқа да дәстүрлер мен салт-жоралғылар терең философиялық мәнмен, нәзік суретпен көрсетілген.

«Бәсеке» повесінде автор қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, соның ішінде қыз ұзату рәсімін ерекше шеберлікпен суреттейді. Ұмыт бола бастаған халықтық қолөнер бұйымдары мен әшекейлері де оқырманды таңғалдырады. Алпыс үйдің арасындағы «бәсекеге түсетін» жігіттердің барлығы да нағыз сайдың тасындай таңдаулы. Осылайша, жер қайысқан күйеу балаларды сынақтан өткізіп, мықтыларын марапаттап, әлсіздерін күлкіге айналдыру жарысы қызықты оқиғаға айналады. Бұл жерде өлкенің биі, байы, төресі болып жүргендердің арасында есірік Есеннің болуы да кездейсоқ емес. «Бір құлағы шұнақ, бір көзі әпірейіп, аспанды санап жүретін, малдан басқа нәрсе көрмей, мүлдем тоқырап қалған» Есеннің осы бәсекеге қатысуы жазушының суреттеуінде ерекше орын алады. Қырықтың қырқасына таяп қалғанымен, әлі үйленбеген оны естілік емес, керісінше есірік үміт пен алаңнан артық ештеңе сүйреп әкелгендей. Есеннің бұл жарысқа деген үміті күлкілі болып көрінгенімен, байдың сараңдығы мен астамшылық пиғылы үшін Алланың әділеті өз сөзін айтады.

Тағы бір тұста автор түркімендер мен қазақтардың салт-дәстүрлерін салыстыра отырып, ас беру рәсімін былайша суреттейді: «Алты тұтқын бір сәтке болса да қайғыны ұмытып, түркімендердің асын қалай өткізетініне қызыға қарап тұрды. Қазақтардағыдай ас үстінде ешқандай ашық-шашықтық жоқ. Қазақтың асындағыдай қарқ-қарқ күлкі, өжекең дауыстар, көкке ұшқан ән, тартылған күй жоқ. Қыз-келіншектердің жиылып, белдеріне шаркыт буып, жерге сыймай желпініп жүрген жігіттер де көрінбейді. Үйлер қатарынан тігілмеген, шолпылары сылдырлаған қыздар да жоқ. Шапса шаң жұқтырмас арғымақтар да қаңтарулы тұрған» [2,62-6]. Бұл тұстан біз қазақ халқының қонақжайлылығы мен кеңпейілдігін, дарқан көңілін басқа халықтардың салттарымен салыстырып көрсететіндей ерекше ұлылық пен кеңдікті сезінеміз.

Әлем әдебиетінде мифтер мен аңыздарды қолдану – көркем әдебиеттің ажырамас бөлігі, әрі бұл үрдіс көптен бері орын алып келеді. Шығыс әдебиетінде аңыз бен мифтерсіз оқиғалар суреттелмейді, дамымайды деуге болады. Қазақ қаламгерлері арасында да Әбіш Кекілбаев, Оралхан Бөкеев, С. Санбаев сияқты жазушылар аңызға жиі жүгінген. Ә.Кекілбаевтың аңызды көркемдік шешім ретінде қолданғаны, оның шығармашылығына тән ерекшеліктерінің бірі. Мысалы, оның «Күй», «Ханша-дария хикаясы», «Бәсеке», «Шыңырау» сияқты туындылары аңыздық негізде жазылғанымен, шын өмірде болған оқиғаларға негізделген. Ә. Кекілбаевтың «Күй» повесі – адамгершілік, батырлық, өнер мен рухтың құдіретін тереңдей суреттейтін туынды болып табылады. Бұл шығарманың атауының өзі ерекше мәнге ие, себебі оқиғаларды күй арқылы баяндау жазушыға шығармашылық қиындықтар туғызған. Мысалы, «Нар идірген» күйінің құдіреті жайлы айтқанда, күйдің адамның ғана емес, тіпті андардың да тағдырын өзгертуі, қиындықтарды жеңуі айтылады. Әрбір күйдің тарихы мен мағынасы терең, әрі ерекше.

Суреткер Ә. Кекілбаев – көркемдік мақсатты айқын қою мен оны дәл орындауға дағдыланған эпикалық жазушы. Оның біз қарастырып отырған шығармалары «Не болды?» деген сұрақты қарастырмайды, керісінше, «Неге олай болды?» деген мәселелерді терең зерттейді. Ол өмір сүрудің мәнін сұрақ қою арқылы қарастырады. Осылайша, уақыт, заман және сол заманның қалыптастырған кейіпкерінің ұлттық бейнесі айқындалады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сыдықов Т. Өңінде тұлпар мінгендер. – Алматы: Арыс, 2004. – 317 б
2. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 1999 – 399 б.
3. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғалым, 1999.-2006.

ӘОЖ 821.512.122

ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МҰРАЛАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Тұрағалды Г.Х.

Магистрант, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.
abayevich93@mail.ru

Мақалада педагогтардың, психологтардың, фольклортанушы ғалымдардың зерттеулері негізге алынып, фольклорды мектеп оқушыларына рухани-адамгершілік тәрбие беру құралы ретінде қарастырылған. Автор фольклор жанрларының бірін оқыту барысында мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағытталған эксперименттік зерттеудің нәтижелерін сипаттайды. Фольклордың педагогикалық қызметтері сан алуан: ол халықтың білімге деген көзқарасын және оның мүмкіндіктерін, міндеттерін мен мақсаттарын білдіреді.

Кілт сөздер: білім, рухани-адамгершілік тәрбие, рухани-адамгершілік қасиеттер, қазақ ауыз әдебиеті.

Статья основана на исследованиях педагогов, психологов, фольклористов и рассматривает фольклор как средство духовно-нравственного воспитания школьников. Автор описывает результаты экспериментального исследования, направленного на развитие духовно-нравственных качеств школьников в процессе обучения одному из жанров фольклора. Педагогические функции фольклора многообразны: он выражает отношение народа к образованию, его возможностям, задачам и целям.

Ключевые слова: образование, духовно-нравственное воспитание, духовно-нравственные качества, казахская устная литература.

The article is based on the research of pedagogues, psychologists, folklorists and considers folklore as a means of spiritual and moral education of schoolchildren. The author describes the results of experimental research aimed at the development of spiritual and moral qualities of schoolchildren in the process of learning one of the genres of folklore. Pedagogical functions of folklore are diverse: they express the attitude of the people to education, its possibilities, tasks and goals.

Key words: education, spiritual and moral education, spiritual and moral qualities, Kazakh oral literature.

Адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі қай уақытта да өзекті болды. Әртүрлі тарихи дәуірлер мен өмір кезеңіндегі адамдар үшін адамгершілік пен құндылықтардың әртүрлі категориялары бірінші орынға шығады. Психологтар мен педагогтар үшін тұлғаның жалпы құрылымындағы адамгершіліктің рөлі мен орны басты мәселелердің бірі болып табылады. «Ұлттық тәрбие жастардың (жеке тұлғаның) ұлттық сана-сезімі, мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасатыны» белгілі [1, 78 б.].

Қазіргі әлемдік педагогикада тәрбие дегеніміз – алға қойған мақсатқа жетуге әкелетін тәрбиешілер мен оқушылардың тиімді әрекеттесуі. Балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеті және білім берудің әлеуметтік тапсырысының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақ қоғамының рухани-адамгершілік нығаюында басты рөл білімге берілген. Рухани-адамгершілік даму және білім беру тұжырымдамасы жалпы білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандартын (МЖМБС) әзірлеу мен енгізудің әдістемелік негізі болып табылады. Ол жеке тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесінің мақсаттары мен міндеттерін, негізгі ұлттық құндылықтар жүйесін, оның рухани-адамгершілік дамуы мен тәрбиесінің принциптерін көрсетеді.

Білім алға қойылған мұратқа жетуге бағытталуы қажет. Қазіргі ұлттық тәрбие мұраты - өз елінің бүгіні мен болашағы үшін жауапкершілікті түсінетін қазақ қоғамының адамгершілікті, шығармашыл, құзыретті азаматы.

Рухани-адамгершілік даму негізгі ұлттық құндылықтардан тұрады: тәрбие мен әлеуметтену. Бұл құндылықтар мәдени және отбасылық дәстүрлерде сақталады және ұрпақтан жаңа ұрпаққа беріледі. Осы құндылықтарға сүйене отырып, адам кез келген жағымсыз әсерлерге қарсы тұра алады.

«Халық педагогикасының мақсаты бірнеше ғасырға созылған халық тәжірибесіне сүйене отырып, болашақ ұрпақты, өмірге дайындау, өнер-білімге баулу, бүкіл елдің қамын ойлау сияқты ең жоғарғы адамгершілік, имандылық қасиеттерге тәрбиелеу. Халық педагогикасының негізіне халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халық ойындары, тәжірибелері т.б.» жатады [2, 254 б.].

Білім мен тәрбиенің бірлігі нәтижесінде ғана ұлттық қасиеттерді жас ұрпақтың бойына сіңіру жүзеге асады. Мұндай кешенді қарастырылған оқу әрекеті ұлттық құндылықтарға негізделуі шарт. К. Оразбекова зерттеу еңбегінде «болашақ қоғамымыздың құрылысшыларын тәрбиелейтін дарынды, парасатты, мәдениетті, жан-жақты дамыған жеке тұлғаларды қалыптастырудың негізгі шарты ұлттық тәрбие екендігін атап көрсетті [3, 124 б.].

С. Қалиев өзінің «Қазақ этнопедагогикасындағы тәрбие мен оқытудың ғылыми-педагогикалық негіздері» атты зерттеуінде ұлттық ойлаудың ерекшеліктерін, қазақ халқындағы балаларын тәрбиелеудің психологиялық және педагогикалық ерекшеліктерін ашады (бұл ой өрнегінің дәлділігі, туған жерге деген сүйіспеншілік, Отанның ар-намысын қорғау, мейірімділік, қонақжайлылық, ата-аналарға, ана тіліне құрметпен қарау, жастардың тапқырлығы мен ой ұшқырлығы, оны жас кезінен импровизацияға дайындау, халық батырларының, өнер шеберлерінің, жырау ақындарының еңбегіне жоғары баға беру). Ауызша халық шығармашылығының мәні мен тәрбиелік мүмкіндіктерін анықтайды (мақал-мәтелдердің, аңыздардың, дидактикалық қарасөздердің, ұлттық ойындардың, тұрмыс-салт жырларының және т.б.). Қазақ халық педагогикасы принциптерінің ғылыми педагогика принциптерімен идеялық үндестігін ашады, әр баланың жас ерекшелігі, психологиялық және жеке ерекшеліктерінің маңыздылығы туралы айтады; отбасындағы үлкендерді үлгі тұту, тәрбиенің үздіксіздігі, жүйелілігі, балалардың дүниетанымының қалыптасуына ұжымдық әсер ету, педагог пен тәрбиеленушілер арасындағы ынтымақтастық принциптерін сақтау туралы айтады [4, 16 б.].

Мектептегі рухани-адамгершілік тәрбиенің міндеті – мұғалім қоғамның әлеуметтік міндетті талаптарын әрбір оқушының жеке құндылықтарына: парыз, ар-намыс, ар-ождан, ізеттілікке айналдыруы қажет. Демек, білім берудің міндеттерін анықтаған кезде мұғалім оның алдында оқушының жеке тұлғасы деген ұстанымға сүйену керек, яғни бұл тұлғаның жан-жақты дамуын, оның әлеуметтенуін, оқушының мәдениетін, белсенділігі мен мінез-құлқын, интеллектісі мен жалпы мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз ету қажет.

Мектеп оқушысын рухани-адамгершілікке тәрбиелеу ең алдымен оқу процесінде жүзеге асырылады. Сабақ – әртүрлі ұжымдық әрекеттер мен тәжірибелер өтетін орын, онда адамгершілік қарым-қатынас тәжірибесі жинақталады. Сабақта мектеп оқушылары өз бетінше әрекет етуге дағдыланады, оны сәтті жүзеге асыру үшін олар өз күш-жігерін басқалардың күш-жігерімен салыстыра білуі, сыныптастарын тыңдауды және түсінуді, өз білімін басқалардың білімімен салыстыруды, өз көзқарасын қорғауды, көмектесуді және көмекті қабылдауды үйренуі керек. Сыныпта мектеп оқушылары жаңа білім алу үдерісінен терең қуаныш сезімін, сондай-ақ сәтсіздіктер мен қателіктерден арылуды бірге сезінуге мүмкіндік алады.

Мектеп оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеудің қалыптасқан тәсілдері дәстүрлі түрде дайын адамгершілік тәжірибесін беруге негізделген. Заманауи мұғалімдердің алдында мектеп оқушыларының мінез-құлық, әдептілік мәселелерін шешудегі іс-әрекетін өзектілендіруге ықпал ететін ең тиімді педагогикалық технологияларды (жүйелік-белсенді тәсіл, тұлғалық-бағдарлы) енгізу арқылы баланың адамгершілік тәжірибесін байыту және рухани-адамгершілік тәжірибедегі эстетикалық мәселесі тұр.

Білім беру жүйесінің өнімділігінің бір көрсеткіші – оқушының адамгершілік дамуы, оның рухани-адамгершілік дүниесінің елеулі өзгерістері. Бұл факторлар баланың қарапайым және қиын жағдайларда тұрақты моральдық мінез-құлқында, мінез-құлқының ересектер тарапынан сыртқы бақылаудан салыстырмалы түрде тәуелсіздігінде, өз іс-әрекетінің моральдық салдарын болжай білуінде, ар-ождан, сана, іс-әрекеттердің моральдық жағын және өзін адамгершіліктің тасымалдаушысы ретінде ішкі бақылаудың пайда болуынан көрінеді.

Психологтар мектеп жасында мынадай ерекше белгілер бар екенін анықтады: сыртқы әсерлерді қабылдаудың жоғарылауы, оқушының айналасындағы барлық нәрсенің шындыққа сенуі. Бұл қасиеттер оның тағылымы мен тәрбиесінің кепілі. Дәл осы жаста рухани-адамгершілік тәрбиенің жүйелі және дәйектілігі үшін зор мүмкіндіктер бар.

Адамға әсер ету, оның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға тырысу – ғалымдардың бірнеше мыңжылдықтар бойы зерттеп келе жатқан мәселесі. Бұл кезеңде адамгершілік пен адам мінез-құлқы туралы нақтырақ түсінік қалыптасты. Психологтар әсіресе мектеп жасындағы балалардың моральдық ережелер мен нормаларды түсінуге өте бейім болатынын анықтады. Бұл тұлға дамуының моральдық негізін дер кезінде қалауға мүмкіндік береді. Мектеп жасындағы жеке тұлғаның адамгершілік дамуын анықтайтын тәрбиенің негізі – балаларда сезім мен эмоционалды сезімталдыққа негізделген гуманистік қарым-қатынастарды қалыптастыру.

Адамның рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына педагогикалық әсер етуден басқа көптеген басқа да факторлар әсер етеді, олар: әлеуметтік орта, әр түрлі іс-әрекет түрлері, қарым-қатынас, сонымен бірге жеке тұлғаның моральдық санасы әрбір жас кезеңі қалыптасуына ықпал етеді. Сондай-ақ, елімізде қалыптасқан белгілі бір әлеуметтік жағдай тұлғаның қалыптасуына өзіндік із қалдыратынын айта кеткен жөн. Өзгерістер бізді болашақ ұрпақты тәрбиелеудің жаңа жолдарын іздестірумен қатар, халық өнерін зерттеуге негізделген халық даналығының бастауларына қайта оралуға итермелейді.

Қазіргі таңда заманауи білім беру технологияларын іздестірумен қатар қазақ ауыз әдебиетіне деген қызығушылық арта түсуде. Фольклор – үлкен дидактикалық әлеуетті қамтитын тиімді де жанды құрал. Фольклорлық шығармалармен таныстыру баланың сезімін, сөйлеуін байытады, оның қоршаған әлемге деген көзқарасын қалыптастырады, жан-жақты дамуында маңызды рөл атқарады.

Қазақ ауыз әдебиетін зерттеу жас ұрпақты рухани-адамгершілікке тәрбиелеуге бағытталған. Қазақ ауыз әдебиеті – халықтың кешегі және бүгінгі рухани мәдениеті туралы терең білімнің қалыптасуына ықпал ететін мектеп жасындағы балаларды рухани тәрбиелеу құралы. Фольклордың арқасында әрбір халықтың мәдениетінде бекітілген адамгершілік және мінез-құлық мәдени нормалары мен құндылықтарын дамыту жүзеге асырылады. Ертегі кейіпкерлерін ашу және олардың іс-әрекеттерінің шындығын түсіну арқылы бала өзінің ұнататын және ұнатпайтынын оңай анықтап, адамдардың сұлулығы туралы түсініктерін игере алады. Ертегі – бұл бала үшін сиқыр ғана емес, сонымен бірге адами қарым-қатынастар, сезімдер және маңызды моральдық категориялар аймағын жасауға көмектесетін ерекше шындық.

Фольклордың маңыздылығы оның арқасында мұғалімнің баламен эмоционалды қарым-қатынас орнатуына байланысты. В.А. Сухомлинский ертегілер, әндер, тақпақтар танымдық белсенділік пен экспрессивтік даралықты тудырудың таптырмас құралы деп есептеді. Шындығында, жыр, нақыл, бесік жыры – бала еститін алғашқы өнер туындысы. Оларды танып-білу арқылы бала өзінің рухани-қиял әлемін байытып, қоршаған әлемге деген көзқарасын қалыптастырады.

Фольклор бүгінгі күні де дамып келеді. Демек, ауызша халық шығармашылығының мәселелері жіті назар аударуды қажет етеді, ал сыныптарда шағын фольклорлық формаларды пайдалану өзекті және болашағы зор. Мектепте меңгерілетін фольклор жанрлары жеткілікті түрде берілген. Халықтың бай өмір тәжірибесі, адамгершілік, әлеуметтік, отбасылық, діни көзқарастары туралы көптеген материалдар фольклор

жанрларында мақал-мәтелдерде, жаңылтпаштарда, жұмбақтарда, ертегілерде суреттеледі. Әр жанрдың өзіндік қызметі бар: тарихи құбылыстардың халықтық түсіндірмесін береді, тұлғаны қалыптастыруға қажетті моральдық әлеуетті қамтиды, адамның ой-өрісін кеңейтетін, эмоционалды көңіл-күй тудыратын материалды қамтиды.

Ертегілер – халық педагогикасының асыл қазынасы, өйткені олардың көпшілігінде педагогикалық ой-пікірлер бар. Педагог-зерттеушілер халық ертегілерінің тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, оларды педагогикалық қызметте кеңінен пайдалану қажеттігін айтты. В.Г.Белинский ертегілердің құндылығын, атап айтқанда олардың ұлтын, ұлттық ерекшеліктерін мойындады. Ол ертегіде қиял мен фантастиканың артында шынайы өмір, шынайы әлеуметтік қарым-қатынастар жатыр деп есептеді. Баланың табиғатын жақсы білетін автор балалардың фантастикалық нәрсеге деген қызығушылығы жоғарырақ, оларға абстрактілі идеялар емес, нақты бейнелер, түстер, дыбыстар қажет деп есептеді.

Өз кезегінде халық ертегілері К.Д. Ушинскийдің педагогикалық жүйесіне енді. К.Д.Ушинский балалар арасында ертегілерді танудың қайнар көзін балалар психологиясына тән халық шығармашылығының қарапайымдылығы мен стихиялылығынан көрді. «Халық ертегісінде, – деп жазды ол, – ұлы да ақын бала – халық балаларға өзінің бала кездегі армандарын айтып, жартысы болса да осы армандарға сенеді». Қазіргі кезеңде ертегінің қажеттілігі ерекше өзекті. Бала іс жүзінде сарқылмайтын үлкен ақпарат ағынына толы. Балалардағы психиканың қабылдау қабілеті орасан зор болса да, оның да шегі бар. Мұндай ағын баланы шаршатады, жүйкесін жұқартады, оның санасын маңызды емес нәрселерден тазартатын да ертегі.

Көптеген ертегілер ақиқаттың жеңіске жетуіне және жақсылықтың зұлымдықты жеңетініне толық сенімділік береді. Ертегілердегі оптимизм балаларға өте ұнайды, бұл осы органың тәрбиелік мәнін арттырады. Ертегіде ешнәрсеге қарамастан ақиқат пен жақсылық жеңеді. Ертегі не туралы айтса да, ренжіген, езілгеннің жағын алады. Адамның өмірде дұрыс жолды қайдан іздеу керектігі, бақыты мен бақытсыздығы қай жерде екенін, қателігі үшін оны қандай жаза күтіп тұрғанын, адамның хайуаннан ерекшелігін айқын көрсетеді. Ертегі кейіпкерінің әрбір әрекеті мақсатқа, түпкілікті жеңіске жетелейді. Жамандықтың өтеуі болуы керек және өтелгеннен кейін кейіпкерге сәттілікке қайтадан жол ашылады. Міне, ертегідегі көркем әдебиеттің ағымы халықтың дүниетанымының маңызды қасиетін – адам бойындағы ізгі бастаманың оған қарсы тұрғанның бәрін міндетті түрде жеңетініне деген берік сенімін білдіреді. Сыныпта әдеби оқу сабақтарында және сыныптан тыс жұмыстарда ертегілерді пайдалану шығармашылық және ынтымақтастық атмосферасын құруға көмектеседі, бұл өзіне деген сенімділік пен өзін көрсетуге деген ұмтылысты дамытуға мүмкіндік береді және оқу-танымдық қызығушылықтарын одан әрі дамыту және мектеп жұмысын жақсарту үшін ынталандырады. Бұдан шығатыны, сыныптарда ертегіні сабақта пайдалану мектеп оқушыларының тұлғалық, құндылық-мағыналық және тәрбиелік танымдық құзыреттіліктерін қалыптастырады.

Рухани-адамгершілік қасиеттердің деңгейін диагностикалау қабылданған рухани-адамгершілік тәрбие әдістерінің тиімділігін бақылау және қажет болған жағдайда түзетулер жасау үшін қажет. Олардың негізгі зерттеу әдістері бақылау, сауалнама, әңгімелесу және жеке сұхбат болды.

Зерттеуіміздің келесі, қалыптастырушы кезеңі аудиториялық және сыныптан тыс жұмыстарда жүргізілді. Балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда халық ертегілерімен, аңыз-әңгімелерімен таныстырудың маңызы зор. Бұл кезеңде фольклорды, ауызша халық шығармашылығы материалдарын (ертегілер, оларды талдау) белсенді пайдаланатын бағдарлама жасалды.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Мектеп оқушыларының ауызша халық шығармашылығымен (ертегілер) таныстыру арқылы қоршаған әлем туралы түсініктерін арттыру.
2. Балалардың сөйлеу тілін дамытуға көмектесу, олардың сөздік қорын байыту, бейнелі құрылымды және үйлесімді сөйлеу дағдыларын дамыту.

3. Балалардың адамгершілік категорияларын меңгеруіне ықпал ету: жақсылық – жамандық; еңбекқорлық – жалқаулық; жанқиярлық – сарандық; қарапайымдылық - айла; мойынсұнушылық – қыңырлық.

4. Мектеп оқушыларының мотивациялық сферасын дамытуға, ертегілердің жағымды кейіпкерлеріне еліктеуге ұмтылуын қалыптастыруға ықпал ету.

5. Балалардың ертегідегі және өмірдегі жақсы мен жаманды айыра білу қабілеттерін, адамгершілік таңдау жасау қабілеттерін дамыту.

6. Ертегінің бейнелік құрылымы мен сюжетіне байланысты балалардың сөйлеу, музыка, өнер, ойын әрекеттеріне белсенді араласуына жағдай жасау.

Біз халық ауыз әдебиеті шығармаларын тек әдеби оқу сабақтарында ғана емес, басқа сабақтарда да пайдаландық, бұл оқу пәндерін әр түрлі интеграциялауды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Мысалы, музыка, бейнелеу өнері сабақтарында ауызша халық шығармашылығы шығармалары – ертегілер, аңыздар, эпостар қамтылды.

Балаларға тарихи оқиғалардан, салт-дәстүрлерден, әдет-ғұрыптардан, ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігінен мағлұмат беретін, халықтың оқиғаларға көзқарасы мен әр түрлі өмірлік жағдаяттардағы мінез-құлық үлгісін айқындайтын туған өлкеміздің жасампаздығына да тоқталдық. Келесі кезеңде мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағытталған қазақ ауыз әдебиеті (ертегілер) негізінде әзірленген және жүзеге асырылған бағдарламаның әсерін анықтау міндеті қойылған бақылау эксперименті болды.

Мектеп оқушыларының адамгершілік қасиеттеріне қайта диагностика жүргіздік, бұл балалардың іс-әрекетіндегі сапалық өзгерістер келесідей сипатталатынын көрсетті: адамгершілік білімнің белгілі бір көлемінің артуы; өмірден алынған мысалдардың санын белгілі бір моральға сәйкес өзгерту, сапаны моральдық қолданудың мүмкіндігінің мәнділігін арттыру; талдау, сезім, өз өміріндегі және басқалардың өміріндегі халықтық дәстүрлер, өз пайымдауларының болуы.

Субъектілердің шағын бөлігі моральдық тәжірибенің белгілі бір сапалық қасиеттерін де атап өтті. Ең бастысы, оқушылар өз жауаптарына дәлел келтіріп, моральдық норманың мазмұнына жақсырақ тоқтала бастады. Моральдық таңдау жағдаяттарында моральдық проблеманы атап көрсету қабілеті артты. Іс-әрекеттерді қабылдау тек басқа адамға ғана емес, өзіне де қатысты келіссөзге айналды. Балалар ертегі кейіпкерлерімен сәйкестендіре отырып, ертегілерді қызыға оқи бастады, ертегінің сюжетін дамытып, ертегідегі оқиғалардың ықтимал нәтижелерін болжауға үйренді. Мектеп оқушылары ертегі құрастыруды ұнатады; бұл олардың тек оқу сабақтарында ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс уақытта да сүйікті істерінің біріне айналды.

Қазақ ауыз әдебиеті мектеп оқушыларын оқытуда да, тәрбиелеуде де айқын оң нәтиже беріп, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады, өмірлік оқиғаларды түсінуге үйретеді, адамгершілік қасиеттерге баулиды, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастырады деп ойлаймыз. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті шығармаларын тек оқу жұмысында ғана емес, сабақтан тыс жұмыстарда да тәрбиенің таптырмас құралы ретінде пайдаланудың маңызы зор. Мақсатты әрекетте ертегіні тек сөйлеуді ғана емес, сонымен қатар мектеп оқушыларының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру процесіне айналдыруға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бөлесев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруде кәсіби дайындау: теориясы мен практикасы. - Алматы, 2004. - 304 б.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. - Астана: Л.Гумилев атындағы ЕАУ, 1998. - 378 б.
3. Оразбекова К.А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми- педагогикалық негіздері. - Алматы, 2001. - 298 б.
4. Дүйсенбаев А.Қ. Қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. дис.: 13.00.01. - Атырау, 2006. - 155 б.

УДК 372.882

РЕКЛАМА КАК ИНСТРУМЕНТ ИЗУЧЕНИЯ ГЕРОЕВ ЛИТЕРАТУРНЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ

Чеснокова К.А.

Магистр, Жетысуский университет имени И. Жансугурова

Нұркен Ә.А.

Студент, Жетысуский университет имени И. Жансугурова, г. Талдыкорган
bolgar_k@mail.ru

В статье рассматриваются современные методы преподавания литературы, направленные на повышение интерактивности и актуальности изучения для учащихся. Особое внимание уделяется использованию рекламного контента на уроках русской литературы, что позволяет глубже погружаться в мир произведений и развивать творческое мышление и коммуникативные навыки. Рассматриваются возможности интеграции литературы с современными медиа и креативные задания, способствующие переосмыслению классических образов. Делается вывод о том, что использование рекламы в преподавании литературы помогает развивать аналитическое мышление, креативность и способность к эмпатии, делая процесс обучения более интересным и осмысленным.

Ключевые слова: методы, преподавание, литература, реклама, анализ.

Мақалада оқушылар үшін оқытудың интерактивтілігі мен өзектілігін арттыруға бағытталған әдебиетті оқытудың заманауи әдістері қарастырылған. Орыс әдебиеті сабақтарында шығармалар әлеміне тереңірек сүңгуге және шығармашылық ойлау мен коммуникативті дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретін жарнамалық мазмұнды пайдалануға ерекше назар аударылады. Әдебиетті заманауи ақпарат құралдарымен біріктіру мүмкіндіктері және классикалық бейнелерді қайта қарауға ықпал ететін шығармашылық міндеттер қарастырылады. Әдебиетті оқытуда жарнаманы пайдалану аналитикалық ойлауды, шығармашылық пен эмпатияны дамытуға көмектеседі, оқу үдерісін қызықты және мазмұнды етеді.

Кілт сөздер: әдістемесі, оқыту, әдебиет, жарнама, талдау.

The article examines modern methods of teaching literature aimed at increasing the interactivity and relevance of study for students. Particular attention is paid to the use of advertising content in Russian literature lessons, which allows for a deeper immersion in the world of works and the development of creative thinking and communication skills. The possibilities of integrating literature with modern media and creative tasks that help rethink classical images are considered. It is concluded that the use of advertising in teaching literature helps develop analytical thinking, creativity and the ability to empathize, making the learning process more interesting and meaningful.

Key words: methods, teaching, literature, advertising, analysis.

Современные методы преподавания литературы стремятся сделать изучение литературы более интерактивным и актуальным для учащихся. Этим обусловлен интерес исследователей к применению таких перспективных приёмов, как использование рекламного контента на уроках русской литературы. Основой для дальнейшего анализа этого вопроса стали исследования А.А. Ахметшиной, А.С. Кармина, А.В. Катернюк, Т.И.Павловой, О.В. Романенко, Е.Е. Смоляковой, Ю.В. Шатина, А.Г. Фроловой.

Несмотря на обилие исследований в данной области, остается недостаточно изученным вопрос об использовании рекламы как инструмента для анализа и понимания героев литературных произведений. С нашей точки зрения, этот подход не только способствует более глубокому погружению в мир литературы, но и развивает творческое мышление и навыки коммуникации.

Вполне обоснованным выглядит обращение к рекламе как к средству познания характера героя. А.А. Ахметшина утверждает, что значимой чертой коммерческой рекламы как формы социального воздействия, которая подчеркивает ее общественную важность, является её способность влиять на общество, формируя в массовом сознании систему ценностей, соответствующую принципам доминирующей в обществе идеологии [1, с. 57]. Именно эти принципы отражаются в литературных героях, каждый из которых обладает уникальным набором черт, ценностей и целей. Создание рекламной кампании, посвященной персонажу, позволяет детально исследовать его характер. Например, ученики могут создать рекламу, в которой герой продвигает продукт или услугу, отражающие его индивидуальность. Таким образом, они глубже изучают мотивы и поступки героя, его отношение к миру и другим персонажам.

Возьмем, к примеру, Гамлета из одноименной трагедии Шекспира. Какой бы продукт он мог рекламировать? Возможно, философские книги или детективные истории, ведь его характер основан на поиске истины и размышлениях. Такой подход не только делает образ героя более живым, но и помогает ученикам связать его с современными реалиями.

Имеет смысл рассмотреть творческое взаимодействие с текстом. Рекламные форматы требуют лаконичности и чёткости. Это значит, что ученики должны в нескольких словах передать суть характера героя или ключевые аспекты произведения. Такое упражнение учит их анализировать текст, выделяя самое важное, и передавать сложные концепции в доступной форме. Также необходимо учитывать некоторые приёмы, характерные для рекламных текстов. Так, А.С. Кармин отмечает важную роль глаголов и местоимений в рекламных текстах: 1) применение местоимений повышает уровень доверия к рекламе, придавая ей личностный характер и выводя её из состояния безличности; 2) в рекламе, особенно ориентированной на молодежь, часто применяются глаголы в повелительном наклонении во втором лице единственного числа, что делает такие фразы легко запоминаемыми [2, с. 284, 326].

А.В. Катернюк замечает, что реклама торговых марок активно опирается на разнообразные ценностные ориентиры, обращаясь как к общественным и нравственным идеалам (таким как любовь к ближнему, мораль, справедливость и т. д.), так и к индивидуальным материальным интересам (таким как экономия, выгода, практичность и т. д.) [3, с. 37], что отражает в рекламных слоганах. Учитель может предложить ученикам создать слоган, который отражает сущность героя. Дон Кихот мог бы рекламировать «мечту сильнее реальности», а Анна Каренина — «любовь, которая меняет всё». Такие задания помогают переосмыслить классические образы, делая их более близкими современным ученикам.

Значимым является акцентирование внимание на выборе подходящих лексических средств. С точки зрения Ю.В. Шатина, рекламные тексты насыщены заимствованной лексикой, так как реклама, являясь инструментом маркетинга, активно привносит в повседневную жизнь и поведение новые явления, ценности и модели, что неизбежно приводит к заимствованию их названий [4, с. 38].

Целесообразно также использовать возможности интеграции литературных произведений с современными медиа. Т.И. Павлова, О.В. Романенко считают, что для учителя русского языка и литературы такой подход может стать востребованным инструментом, поскольку он способствует эффективному освоению учащимися ключевых метапредметных навыков и универсальных способов деятельности. Кроме того, данный метод улучшает филологическую подготовку школьников, а также помогает им адаптироваться и развиваться в условиях насыщенной информационной среды. В процессе работы с рекламными текстами происходит формирование коммуникативных, личностных, познавательных и регулятивных универсальных учебных навыков [5, с.10].

Создание постеров, видеороликов или социальных постов требует от учащихся не только понимания текста, но и креативного подхода к его интерпретации. Современные технологии делают этот процесс увлекательным и познавательным, особенно для подростков.

Е.Е. Смолякова утверждает, что масскультурные установки оказывают особенно значительное влияние на школьников-подростков, что обусловлено их психологическими особенностями в данный период развития. Индивидуальное сознание подростков менее защищено от воздействия как положительных, так и отрицательных аспектов массовой культуры, одним из ярких проявлений которой является реклама [6, с. 67].

Поэтому представляется важным обратить внимание на сферы деятельности, привлекающие подростков. Например, можно предложить создать Instagram-аккаунт героя или записать короткий TikTok-рекламный ролик от его имени. Это не только вовлечет учеников в процесс, но и поможет им освоить навыки работы с современными инструментами коммуникации. Обращение к рекламе можно считать оправданным, что подтверждается позицией А.Г. Фроловой: «В педагогической практике реклама — один из самоценных учебных материалов, т. к. развивает у учащихся личностные качества, положительные мотивы деятельности, креативное мышление, языковое чутьё, активизирует жизненную позицию» [7, с. 556].

Из вышесказанного следует, что использование рекламы как инструмента изучения героев литературных произведений — это инновационный подход, который помогает сделать процесс обучения более интересным и осмысленным. Он развивает аналитическое мышление, креативность и способность к эмпатии. Таким образом, учащиеся получают не только знания о литературе, но и ценные навыки, которые пригодятся им в реальной жизни. Такой способ изучения литературы не просто приближает героев к современности, но и помогает увидеть вечные темы через призму сегодняшнего дня.

Современные методики преподавания литературы всё чаще опираются на интеграцию с другими дисциплинами, что способствует более глубокому пониманию текста и его связи с окружающей действительностью. В этом контексте использование рекламного контента становится не только инструментом анализа, но и средством творческой интерпретации литературных произведений.

Реклама строится на использовании выразительных языковых средств и стратегий убеждения, что делает её удобным инструментом для анализа литературных героев. Важным направлением в методике преподавания может стать сопоставление рекламных слоганов и речевых стратегий персонажей. Например, сравнение знаменитых рекламных кампаний с речами героев помогает учащимся осознать стилистику текста и способы воздействия на аудиторию.

Одним из эффективных способов включения рекламы в изучение литературы является метод сторителлинга. Ученики могут создавать сценарии рекламных роликов, отражающие характер героев и их ценности. Например, если рассматривать «Преступление и наказание» Ф.М. Достоевского, можно предложить учащимся создать рекламу юридической фирмы, в которой Родион Раскольников размышляет о границах морали и ответственности. Такой подход позволяет не только глубже понять мотивацию персонажа, но и развить навыки аргументации.

Современные технологии открывают широкие возможности для интеграции рекламы и литературы. Создание digital-контента, например, социальных сетей персонажей, может стать одним из креативных заданий. Визуальные элементы рекламы, такие как шрифты, цветовые решения, слоганы, могут быть использованы для анализа настроения и атмосферы произведений.

Примером может служить создание Instagram-аккаунта Евгения Онегина, где учащиеся публикуют посты от его лица, используя аутентичный стиль, характерный для эпохи Пушкина. Это помогает не только лучше понять личность героя, но и освоить современные инструменты медиа.

Реклама не только формирует образы, но и манипулирует восприятием аудитории. Разбор рекламных стратегий в сопоставлении с литературными текстами помогает учащимся развивать критическое мышление. Учитель может предложить задание:

проанализировать, как авторы создают образы героев через косвенные характеристики и как этот приём используется в рекламе. Например, образ Воланда в «Мастере и Маргарите» можно сравнить с образом бренда, предлагающего альтернативный взгляд на реальность.

Использование рекламных элементов в преподавании литературы открывает новые горизонты в изучении текстов. Этот подход не только делает уроки более увлекательными, но и способствует развитию ключевых компетенций: аналитического мышления, креативности, медиаграмотности. Таким образом, реклама становится не просто инструментом коммерции, но и способом осмысления литературных произведений в современной культуре.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Ахметшина А.А. Социальные факторы и социальные функции коммерческой рекламы в современном российском обществе: диссертация кандидата социологических наук, Казань, 2009. — 191 с.
